

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 1(091):130:2

Қолжазба құқығында

МЫРЗАБЕКОВ ДЖАМБУЛ ЕРГАРАЕВИЧ

**М.Х. Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі
өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары**

«6D020100 – Философия»

Философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының кандидаты,
д.м.а. Ж.А.Амиркулова
Шетелдік ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының кандидаты,
профессор Мехмет Али Домбайчы

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙТОЛҒАМДАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ НЕГІЗДЕРІ.....	14
1.1 Тарих философиясы және ұлттық тарихты саралаудың жалпы бағдарлары.....	14
1.2 Адамзат тарихының түркі дәуіріндегі тарихи тұлғалар және олардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі.....	27
1.3 Мұхаммед Хайдар Дулатидің тұлғалық болмысы мен дүниетанымының жалпы сипаттамасы	39
2 МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӨМІРМӘНДІК МӘСЕЛЕЛЕР.....	50
2.1 Дулати дүниетанымын әлемдік этикалық ойтолғам аясында зерделеу	50
2.2 Ұлттық тарих философиясын зерделеудегі Мұхаммед Хайдар Дулатидің төлтума ұстанымдары.....	61
2.3 Дулати туындыларындағы адам және оның өмірінің құндылығы туралы толғаныстар.....	76
3 МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАҢЫЗЫ.....	91
3.1 Түркі өркениеті және Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармашылық тұғырнамасы.....	91
3.2 Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық дүниетанымының қазіргі заманғыөнегелік маңызы.....	96
3.3 Түркілік руханиятты және Мұхаммед Хайдар Дулати мұраларын қайта жаңғыртудың заманауи тетіктері және перспективалары.....	102
ҚОРЫТЫНДЫ.....	112
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	116

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста түркі мәдениетінің көрнекті ойшылы Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармаларын негізге ала отырып, оның философиялық ой-толғамдарындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтарына талдау жасалды, олардың қазіргі заманғы маңызы зерделенді.

Тақырыптың өзектілігі. Түркі мәдениеті, оның адамзат өркениетіне қосқан үлесі ғасырлар бойы өзінің шынайы бағасын ала алмай, еуропоцентристік көзқарастар тұрғысынан өлшенді. Тарихты еуропоцентристік тұрғыдан баяндау әлемдік тарихтың ақиқат бейнесі ретінде қабылданды және кей кездерде шынайы тарих әдейі бұрмаланды. Біз өз тарихымыздың бірегейлігін әлемге паш етіп, ұмытылып бара жатқан тарихи мұраларды жаңғыртуға еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жол аша бастадық. Ол тек түркі халықтарының ғана емес, басқа да әлем халықтарының бүркемеленген тарихын қайта зерделеу ісінің қолға алынуымен де байланысты. Сондықтан, зерттеп отырған тақырыбымыздың өзектілігін мына түрде негіздеуге болады:

Біріншіден, XX ғасырдағы адамзат тарихын репрезентациялау, қайтадан ой сүзгісінен өткізу, әсіресе, белгілі бір халықтың ғылыми қауымдастығының міндеттерінің біріне айналды. Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде, жаһандандудың жаңа сатысы – мемлекеттердің десуверенденуі жағдайында өзін сақтап қалуға ұмтылған елдер үшін, соның ішінде, посткеңестік ел болып есептелетін Қазақстан үшін қоғамдық құрылымның барлық саласын модернизациялау өзекті болып отыр. Бұл процестің табысты жүзеге асырылуы әдетте мемлекет басшылығының оны саналы түрде ұғынып, жүйелі жүргізуіне байланысты. «Мәңгілік Ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» және тағы басқа ресми бағдарламалық құжаттар еліміздің саяси басшылығы осындай қажеттілікті жақсы түсініп отырғанының нақты дәлелі.

Модернизация, жаңғыру ісі қоғамдық сананың құрамдас бөлігі болып саналатын тарихи сананы дамытумен тікелей байланысты, себебі еліміздің әрбір азаматы өз елінің әлемдік мәдени кеңістігіндегі орнын, ұлтының тарихын, белгілі тұлғаларының өмірі мен қызметін, олардың адамзат тарихындағы рөлін танып-білмесе, ешқандай жаңғыру табысты болмайды. Осы тұрғыдан алғанда, түркі халықтарының тарихын, оның ділі мен діні арқылы қалыптасқан тұтас руханиятын зерделеудің қолға алынуы Мұхаммед Хайдар Дулатидің мұрасын қайтадан ой елегінен өткізіп, оның шығармашылық мұрасын әлемге жаңа қырынан таныстыру қажеттігін туындатты. Тәуелсіздік алғаннан кейін мұндай ізденістер толассыз жүре бастады және бұл іске философия ғылымы да айтарлықтай үлес қосып отыр. Бастапқыда «Қазақ философиясы бар ма?» деген сауалдар да қойылғаны бәрімізге белгілі. Бірақ қазақ философиясы туралы жазылған Қ. Бейсеновтің «Қазақ топырағындағы ғақлиятты ой кешу үрдістері» (1994 ж.),

М.Орынбековтың «Предфилософия протоказахов» (1994 ж.), О. Сегізбаевтың «Казахская философия XV начала XX вв.» (1996 ж.) және тағы басқа ғалымдардың еңбектері бұл сұраққа нақты жауап берді және олар қазіргі ізденістерге жол салды.

Бұл жұмыстар белгілі кезеңдерді тұтас қамти зерттеуге арналса, отандық философия біртіндеп тарихтағы жеке данышпан тұлғалардың философиялық дүниетанымын зерделеуге бет бұрды. Осы тұста, философиялық көзқарастары бұрын жеткілікті ашылмай қалған тұлғалардың, мәселен, Мұхаммед Хайдар Дулатидің идеяларын саралау қазақ философиясының бүгінгі таңдағы маңызды мәселелерінің бірі деп айта аламыз.

Екіншіден, 1991 жылдан бастап нығая түскен тәуелсіздік рухы ұлттық бірегейлікті сақтауға және одан әрі нығайта түсуге деген беталысынан бүгінгі күнге дейін айныған жоқ. Оның ішінде, ұлттық руханиятты қайта жаңғырту, ұмыт болып бара жатқан ұлттық кодымызға қайта оралу және ежелгі дүниеден қазіргі дейін ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып сақтаған құндылықтарымызды әлемге паш етіп, еліміздің әлемдік тарихи-саяси сахнадағы мәртебесін арттыру – Қазақстан ғылымының, әсіресе, қоғамдық ғылымдардың басты міндеті ретінде айқындалды. Оны жүзеге асыру мақсатында «Мәдени мұрадан» бастап, «Рухани жаңғыруға» дейінгі бағдарламалар қолға алынды және олар үзіліссіз жүргізіліп келеді. Біз зерттеп отырған тақырып та осындай стратегиялардың талаптарынан туындап отыр.

Үшіншіден, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында түркі мәдениетінің негізгі жетістіктері баяндалған еді. Ол: «Бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. ...Ең бастысы, біз ғылыми деректерге сүйене отырып, жаһандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» дей келіп, «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі» деп атап көрсетті және тарихымызда өшпес із қалдырған атақты тұлғалардың ұлы есімдерін кеңінен насихаттау ісі бойынша шараларды жүзеге асыру міндетін белгіледі. Адамзаттың ойшылдары Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150-жылдығы мен Абайдың 175-жылдығының биыл әлем деңгейінде атап өтіліп жатқандығы да осы ұсынысты жүзеге асыруға бағытталған істердің жалғасы екені күмәнсіз.

Аталған мақаладағы негізгі идеялар өткен тарихымызды қайта саралауды және толығырақ зерделеуді қажет етіп тұр. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектері түркі халықтарының шынайы тарихын бейнелейтін және түркі жұрты өкілінің туындысы екендігін ескерсек, бұл шығармаларда өткеніміздің бейнесі объективті жазылған деген сенім пайда болады. Шындығында, біздің тарих ғылым көбіне көне Қытай, араб, орыс халықтарының жылнамашыларының еңбектеріне сүйенеді. Ал аталған туындылардың авторы түркі халқының өкілі болғандықтан, бұрмалаушылықтар кездеспейді деуімізге болады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде кейбір түркі халықтарының өзара қақтығыстары да бейнеленеді. Себебі, сол дәуірде, бүкіл әлемдік тарихи сахнада Орта Азиядағы Алтын Орда мемлекетінің ыдыруынан

пайда болған ұлыстарының көршілес мемлекеттері орасан зор жауынгерлік қуатқа ие болды. Неліктен Ақсақ Темір мен Тоқтамыс бірнеше жылдар бойы жауласқан? Басқа факторларды былай қойғанда, сол дәуірде әлемде екеуіне тең келер, қарсы тұрар ешқандай күш болмады, олармен соғысуға батыста немесе шығыста ешбір мемлекеттің батылы бармады, сондықтан, Орта Азияда екі үлкен державаның айқасы бірнеше жылдарға созылды.

«Ұлы дала елі» идеологемасы, біздің пікірімізше, екі мағынада айтылады: біріншісі, бұл – кең сахараны мекен еткен, қасиетті тарихи мекенімізде өмір сүріп жатқан, тарихы терең түркі халықтарының қазіргі ұрпақтары – Қазақ елі және оны мекендейтін жергілікті ұлттардың елі. Екіншісі, жалпы Ұлы дала концептуалдық жағынан да, нақты келбеті жағынан да кең ұғым. Шындығында, Ұлы даланы біз көне ғұндар империясы билеген территория деп түсінуіміз керек. Мәселен, балбал тастар жатқан Қырым түбегі, Монғолиядағы түркілік ескерткіштер орналасқан жерлер, Ұлы Қытай қорғанына дейінгі аймақтар, солтүстігінде Сібір хандығы өмір сүрген аумақтар және тағы басқаларының бәрі – географиялық тұрғыдан алғанда, Ұлы дала жері.

Ал бүгінгі Қазақстан – сол Ұлы даланың орталығында орналасқандығы күмәнсіз және түркі халықтары ретінде өзінің жерін, көне атамекенін иеленіп қалған жергілікті халықтар ұйысқан мемлекет.

«Ұлы Дала елі» – игілікті және саяси стратегиялық дамуымызға жол ашатын, өткен тарихымыз бен қазіргі ахуалды мәтін астарында байланыстыратын, сонымен қатар, геофизикалық тұрғыдан алғанда, туған жерді, ұлы тұлғаларды қастерлеу сияқты құндылықтарды насихаттайтын үлгі екендігі даусыз.

Туған жер – түркі даласындағы ең басты материалдық құндылықтардың бірі, ал оны қорғау мен сақтау туралы идеология, сәйкесінше, отаншылдыққа баулитын рухани құндылықпен көмкеріледі. Отаншылдық рухты насихаттау көне түркілік дәстүрлерден басталады. Мысалы, тарихи аңыз деректері бойынша, парсылармен текетіреске түскен сақтардың көсемі Томирисінің оларға «әуелі біздің ата-бабаларымыз жатқан қорымдарға тиісіп көріндер, сонда біз өзіміздің кім екенімізді көрсетеміз» деп жауап бергені белгілі.

Қай заманда болмасын ел мен жерді қорғау мұраттары көне дәуірден бастап, біздің түркілік-қазақтық генофондымызда үздіксіз сақталып келген. Оны жер мәселесі төңірегінде үнемі жүріп отыратын әлеуметтік пікірталастардан-ақ жақсы байқауға болады.

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығында отаншылдық пен елінсүйгіштік нақты ресми түрде насихатталмаса да, оның еңбектері мен идеяларындағы эмоционализмдерден анық байқалады.

2017 жылдың 12 сәуірінде Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялаған болатын. Бұл – Ұлы Дала еліндегі Мәңгілік Ел мұраттарын жүзеге асырудың руханияттық астарларына байланысты ұсынылған бағдарлама. Өйткені, кез-келген мемлекет, тек экономикалық өрлеуді ғана мақсат етіп,

қоғамдық өмірдің мәдени-рухани саласының өркендеуін назардан тыс қалдыратын болса, онда ол дамудың жоғары сатысына жете алмайды.

Бұл іргелі саяси ұстанымның бірінші бөлімінде ХХІ ғасырдағы ұлттық сананың бүгінгі ғана емес, болашақ көкжиектері туралы нақты пайымдаулар тиянақталып, «...жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни, болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кегежесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық» екендігі туралы айтылған. Ұлттық код, біздің пікірімізше, биосоциогенетикалық құбылыстың трансформациялық көріністерінің нақты бейнесі. Оны салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыз, тіліміз бен дініміз, дүниетанымымыз бен қазіргі саяси-әлеуметтік бағдарымыз деп түсіндіруімізге болады.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында Жоңғария мемлекетінің түбегейлі жойылып кетуінің себе неде? Әртүрлі идеологияларды, оның ішінде, отарлау саясатын ұстанған патшалық Ресейдің де, кейіннен Кеңес үкіметінің де қазақтарға жасаған геноциді қазақ халқын осы жоңғарлар сияқты жер бетінен құпия түрде мүлде жойып жіберуге бағытталған сыңайлы.

Бірақ, қазақтың әйгілі ақыны Жұбан Молдағалиев айтқандай, «Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы» қазіргі таңда да тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүріп, өзінің жасампаздығын әлемге танытып келеді. Себебі, отаршылдар біздің ұлттық кодымызды аша алмады. Ол код тура мағынасындағы жасырын сандардың жиынтығы емес, тарихи жадыдағы сан мыңдаған жылдар бойғы сақталған архетиптермен сабақтасқан ділдік субстрат. Біз қарастырып отырған Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарихи-философиялық ой-толғамдары көне заманнан бүгінге дейін созылған ұлттық тарихи кодтың бір кесіндісі, ол да «өткеннен қабылдау – қазіргі ұрпақтарға паш ету – келешекке жолдау» қағидасын ұстанған деуімізге болады.

«Рухани жаңғыру» стратегиясының келесі бір іргелі ұстыны – прагматизм. Бұл қазіргі заманның, әлемдік өркениетке ұмтылудың нақты тәжірибелік ұстанымдарын, тиімділікті, пайдалылықты, нәтижені қолдайтын жалпы бағдар. Шындығында, осы прагматизм қазақ халқы үшін қажетсіз сияқты батыстық үлгі болып көрінгенімен, оның тиімді тұстары көп. Оның маңызын бұрынғы қазақтың да, қазіргі қазақтың да өміріндегі пайдасыз тірлікті сипаттайтын «Күлтөбенің басында күнде жиын» деген даналық сөздер арқылы түйсінуге болады. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атап көрсетілгендей, «Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасаң қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Төл тарихымызға, бабаларымыздың өмір салтына бір сәт үңіліп көрсек, шынайы прагматизмнің талай жарқын үлгілерін табуға болады. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде

тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу деген сөз. ...айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне темірқазық бола алады».

Осы ұстаным тұрғысынан алып қарасақ, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде ешқандай да артық сөз бен немесе басқа бағытта логикадан ауытқып кету байқалмайды. Бұл нені білдіреді? Бұл – сол кездегі түркі халықтарының қайнаған өмір-тіршілігі мен өмір сүруге деген тайталасы мен бәсекелестігін көрсетеді, осы бәсекелестік оларды шындап, өмірге бейімделген ұрпақтарды дүниеге әкелуге және оларды әлеуметтендіруге жеткізді.

«Рухани жаңғырудың» келесі маңызды ұстыны – ұлттық бірегейлікті тарих арқылы сақтаудың рационалды, әрі ұлттық дүниетанымызға қатысты эмоционалды қырлары мен тарихи ақиқаттар өздерінің қазіргі заманғы еуроцентристік призмаға батыл жауап бере алатындығын дәлелдеп берді.

Бірақ, жоғарыда шолу жасап өткеніміздей, түркі-қазақ халқы үшін тарих құрғақ схоластикалар мен фактологиялардан құрылмайды, ондағы әрбір оқиға келер ұрпаққа отаншылдық рухын себеді. Мәселен, XIX ғасырда өмір сүрген ойшыл ақын, «Зар заман» поэзиясының өкілі Мұрат Мөңкеұлының: «Еділді келіп алғаны, Етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны, Жағаға қолды салғаны, Ойылды келіп алғаны, ойындағысы болғаны, Үргеніш пен Бұқарға, арбасын сүйреп барғаны, қоныстың бар ма қалғаны», -деген толғаулары жай ғана тарихи айғақтардың тізбегі емес, ұрпақтарымыздың бойында намыс сезімін туғызатын идеологемалар, сөздің эмоционалды-экспрессивтік сипаттары.

Ендеше, Мұхаммед Хайдар Дулатиді әйгілі тарихшы ретінде бағалаумен қатар, түркілік өркениеттің бірегей тұлғасы ретіндегі философиялық дүниетанымын зерделеу, оның «Тарихи-и-Рашиди» атты еңбегін қайтадан таразылау шынайы тарихымызды одан әрі жандандыра, дәйектей түсуде қазіргі заманғы көкейкесті мәселелердің бірінен саналады. Сонымен қатар, бұл тұста, қазіргі интегративтік әдіснама немесе пәнаралық байланыс сияқты жаңа білімдерді негізге алатын болсақ, онда оның философиялық қырларына үңілу де қазіргі отандық философияның маңызды мәселелерінің бірі деп нық айта аламыз.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Дулати мұрасы көптеген шетелдік зерттеушілердің назарын аударды. Оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі XVI–XVII ғасырларда кеңінен тарап, көп рет көшірілді. Ол көшірмелер бүгінгі таңда Англия, Франция, Германия, Ресей, Иран, Пәкістан, Үндістан және Өзбекстан мен Тәжікстан елдерінің кітапханаларында сақтаулы. Ал ағылшын шығыстанушысы Денисон Росс еңбекті екі рет тәржімалап, алғаш рет 1895 жылы басып шығарды, екінші рет 1989 жылы Лондонда жарық көрді.

1996 жылы парсы тілінен В.М.Такстонның аударуымен Америкада басылса, орыс тіліндегі аудармасы 1996 жылы Ташкентте, 1999 жылы Қазақстанда жарық көрді. Қазақ тіліне белгілі шығыстанушы Ислам Жеменей аударып, 2003 жылы басылып шықты.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің тағы бір туындысы – «Жаһаннаме» поэмасымен біз кейін ғана қауыштық. Авторы белгісіз, ежелгі түркі тілінде жазылған туынды көптеген ғалым-зерттеушілердің, атап айтатын болсақ, Ахмет Заки Валиди, Р.К. Парму, Н.Н. Туманович, Т.И. Сұлтанов сынды ғалымдардың қызығушылығын туғызып, олар аталған поэманың Дулатиге тиесілі екендігін дәйектеп, «Тарих-и Рашиди» шығармасымен үндестігін, онда ғұламаның өмірбаяндық мәліметтерінің келтірілгендігін нақтылай отырып, дәлелдеді. Үнді ғалымы, парсы, ағылшын, орыс тілдерін жақсы білетін профессор Мансура Хайдардың тынымсыз зерттеу жүргізіп, Мұхаммед Хайдар туралы кітап жазып, ағылшын тілінде Үндістанда жариялауы айтулы оқиға болды. Оның «Мирза Мұхаммед Хайдар Дуглат в персидских источниках» атты зерттеуі орыс тіліне аударылып, Алматыда 2010 жылы жарық көрді. Мансура Хайдар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттерімен және профессорларымен 2019 жылдың қазан айындағы кездесуінде Дулатидің түркілік тегі туралы ойын жеткізді.

«Тарих-и Рашидиді» атақты Ресей шығыстанушылары В.В. Вельяминов-Зернов, В.В. Бартольд, С.Г. Кляшторный, П.П. Иванов және тағы басқа ғалымдар өз еңбектерінде кеңінен пайдаланған.

1935 жылы С.Ж. Асфендияров пен П.А. Кунте «Тарих-и Рашиди» еңбегінен үзінді жарияласа, Алматыда 1965 жылы жарық көрген «Великие ученые Средней Азии и Казахстана» атты жинақта тарихшы Н.Н. Мингуловтың «Мұхаммед Хайдар Дұғлат» мақаласы шықты. 1988 жылы өзбек ғалымдары «Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX веков» атты кітапта, ал 1969 жылы қазақстандық тарихшылар «Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков» атты жинақта «Тарих-и Рашидиден» орыс тілінде үзінді жариялады.

Батыс Еуропа шығыстанушылары Х.Джэррит, Р.Шоу, Э.Эллиот, В. Эрскайн де Үндістан тарихын зерделеу барысында ұлы ғалымның еңбегіне сан рет жүгінген.

Түркі мәдениеті мен ғылымы тәуелсіз Түркияда және басқа да түркі мемлекеттерінде бұрыннан-ақ зерттеліп келеді. Олар да түркі халқының мұраларын барынша толығырақ саралауды үнемі нысанаға алып отырады. Ал Қазақстан, шындығында, тек тәуелсіздіктен кейін ғана бұл шараларды нақты қолға алған еді. Осы тұрғыдан алғанда, Мансура Хайдар, А.Қ. Рафиқи, Али Мухаммади, А.У. Уранбаева, А.П. Каюмов, А.Джалилов, И.Б. Молдабаев, Г.Абдумажиллов, А.Нуралиев, Н.М. Маммадов, А.Бодиров, К.Б. Болатбекова, С.И. Иноятов, К.Раджабов, У.Рашидов, М.К. Қозыбаев, Ә.М. Кекілбаев, В.К. Бішімбаев, К.А. Пищулина, Әбсаттар Дербісәлі, Т.О. Омарбеков, С.Өтениязов, Қ.Б. Жарықбаев, Б.Б. Кәрібаев, Мекемтас Мырзахметұлы, М.Қ. Қойгелдиев, Ж.Дәдебаев, М. Қазыбек, А.Б. Абдуалиев, Ислам Жеменей және тағы басқа

шетелдік және отандық ғалымдар Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектеріне әрқайсысы әр қырынан азды-көпті талдаулар жасады.

Дегенмен, осылардың ішінде түркі және қазақ дүниетанымын, Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық мұрасын талдап, ғылыми зерделеген Д.К. Кішібеков, Ә.Н. Нысанбаев, Ғарифолла Есім, Ж.Ж. Молдабеков, А. Қасабек, Ж.А.Алтаев, С.Б. Бөлекбаев, Ғ.Қ.Құрманғалиева, С.Е. Нұрмұратов, Г.Ж. Нұрышева, Н.Л.Сейтахметова, А.Р. Масалимова, Б.М. Сатершинов, С.И. Оспанов, Б.М. Аташ, А.Д. Құрманалиева, Б.К. Қалыбекова, Ә.А. Құранбек, Қ. Жамалов, А.Т. Құлсариева, Ж.А. Амиркулова және тағы басқа отандық ғалымдарымызды ерекше атап өткеніміз жөн.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі мен ойшылдың мұрасына қатысты зерттеу жұмыстары кейіннен түрлі конференцияларда өз жалғасын тапты. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1999 жылы 3-4 маусымда «Мұхаммед Хайдар Дулати: ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы» деген тақырыпта халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «Қазақстан және Орталық Азия: тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері» атты Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының IV Халықаралық оқулары 2001 жылы 29-31 мамырда Тараз қаласында өтті. Екі конференцияда да Мұхаммед Хайдар Дулатидің түркілік өркениеттің ұлы тұлғасы екендігі көрсетілді.

2019 жылдың 15 наурызында Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институтында өткен «Жаңа жаһандық шындық және тарихи сананы жаңғырту мәселелері» атты халықаралық дөңгелек үстелде де тарих философиясының өзекті мәселелері жан-жақты талқыланды.

Диссертациялық зерттеудің нысаны. Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық шығармашылығы және түркілік тарихи-мәдени құндылықтар.

Зерттеу пәні. Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтары мәселесі және оның қазіргі заманғы танымдық маңызы.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – түркі даласының көрнекті ойшылы Мұхаммед Хайдар Дулати туындыларының философиялық мазмұнын ашып көрсету, ондағы түркі өркениетінің тарихи-мәдени құндылықтарын саралап, қазіргі заманғы Қазақстан үшін рухани сабақтастық деңгейін зерделеу.

Зерттеу мақсатынан туындайтын міндеттер:

1. Тарих философиясының негізгі бағдарларын сараптап, оның ішінде, ұлттық тарих философиясының өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» атты еңбегінде олардың қалай көрініс тапқандығын таразылау;

2. Мұхаммед Хайдар Дулатидің жалпы тұлғалық болмысы, шығармашылығы мен өмірін сипаттап, түркі дәуіріндегі ойшылдардың

ғақлиятты ойларының адамзат эволюциясы дамуына тигізген игі ықпалын ашып көрсету;

3. Дулати еңбектеріндегі этикалық көзқарастардың өзіндік ерекшеліктерін зерделеп, оның әлемдік этика тарихында алатын орны мен үндестік жақтарын философиялық тұрғыдан саралау;

4. Мұхаммед Хайдар Дулатидің экзистенциалдық толғауларын еуропалық экзистенциализм өкілдерінің идеяларымен салыстыра отырып зерттеу;

5. Оның философиялық ой-танымдарының қазіргі «Мәңгілік Ел» идеясы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы маңыздылығы мен ұрпақтар сабақтастығындағы өнегелік маңызын теориялық тұрғыдан тұжырымдау.

6. Түркілік құндылықтар аясында Мұхаммед Хайдар Дулатидің мұраларындағы игілікті идеяларды қазіргі заманда одан әрі жаңғырта түсудің перспективасын айқындау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

1. Қазіргі таңда философияның өзекті салаларының біріне айналған тарих философиясының маңызды түйткілдері сарапталып, оның кей тұстардағы қайшылықты жақтарына шолу жасалды, одан ұлттық тарих философиясы туралы пайымдауларды туындата отырып, түркі халқының руханиятындағы дала данышпандарының тек өмірінде ғана емес, шығармашылығында да тарихи объективтіліктің сипатталуының жолдары көрсетілді. Жазбаша тарихтың басқа көне дәуірдегі елдердегі деректерден кем түспейтін үлгілері ұсынылды.

2. Мұхаммед Хайдар Дулатидің жеке өмір жолына шолу жасай келе, оның тұлғалық болмысының әр қыры және шығармашылығының, саясаткерлігінің қалыптасуының тарихи негіздемелері сараланып, дүниеге көзқарасының негізгі ерекшеліктері ғылыми баяндалды. Оның ұлттық тарих философиясы тұжырымдалған еңбектеріндегі тарихи ақиқат туралы ойларының философиялық астарлары талданып, ғылыми дәйектелді.

3. Дулатидің жалпы адамзаттық руханияттық аясындағы адамгершілік туралы толғауларының өзіндік төлтумалылығы оның «Тарихи-и Рашиди», «Жаһаннаме» атты еңбектерінің негізінде талданып, теологиялық этиканың да нышандары кездесетіні дәлелденді.

4. Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарих философиясы туралы толғаныстарымен қатар оның идеяларындағы адам мәселесі, оның ішінде өмірдің мәні сарынындағы ой-тұжырымдары еуропалық экзистенциализм өкілдерінің пікірлерімен салыстыра отырып зерттелді, айырмашылықтары ұсынылды және оның этикалық толғауларының мазмұны талданды.

5. Ойшыл мұрасының қазіргі заманғы маңызы, «Мәңгілік Ел» стратегиясын жүзеге асыруда, әсіресе, руханият саласын, оның ішінде, тарихи-танымдық сананы жаңғырта түсудегі өзектілігі мен қажеттілігі айрықша көрсетілді. Сонымен қатар, оның «Ұлы Дала елі», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларымен үндес тұстары сараланды.

6. Жалпы түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың негіздемелері мен перспективті бағдарлары талданып, Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектеріндегі мәңгілікке бағдарланған рухани құндылықтардың ішкі мазмұны талданып, оның заманауи сұраныстарға сай келетін қырлары ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық және теориялық негізі.

Диссертация тақырыбы бойынша ізденіс жүргізуге көне түркілік дәуірдегі діл мен дүниетанымды зерттеушілердің еңбектері, оның ішінде, Мұхаммед Хайдар Дулати туралы осыған дейінгі зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдарымыздың идеялары теориялық негіз болды. Сондай-ақ, тарих, дінтану, мәдениеттану, тарих философиясы және тағы басқа ғылымдардың зерттеу бағдарлары мен ғылыми ақпараттық қорлары негізге алынды.

Зерттеу нәтижелерін алу барысында диалектикалық, ретроспективті-перспективтік және компаративистік, тарихи-логикалық, феноменологиялық, құрылымдық-функционалдық, өмірбаяндық әдістер қолданылды. Синергетика, психоанализ, типологиялық жүйелеу, герменевтика, психоанализ, демифологизация және тағы басқа әдістер де пайдаланылды. Сонымен қатар, мифологиядағы тарихнаманың шынайылығын зерделеу әдіснамасы қолданылды.

Зерттеу жұмысының деректік негізін шетелдік және қазақстандық зерттеушілердің ғылыми еңбектеріндегі мәліметтер мен ғылыми журналдардың материалдары, ғалымдарының түркі мәдениеті бойынша зерттеулеріндегі алынған тұжырымдар құрайды. Мұрағат материалдары да біз үшін нақты деректемелер берді.

Зерттеудің тәжірибелік маңызы. Зерттеу жұмысының теориялық мәселелерін Мұхаммед Хайдар Дулати мұражайларында, ойшылдың мерейтойларын мемлекеттік деңгейде өткізу барысында, тарихи тұлғалар туралы жинақ шығаруда және тағы басқа істерде қолдануға болады.

Сонымен қатар, диссертацияның негізгі тұжырымдары білім беру орындарында гуманитарлық пәндерді, атап айтсақ, философияның жалпы курсы, саясаттану, әлеуметтану, дінтану, тарих және тағы басқа мамандықтар бойынша арнайы курстарды оқытуда, жоғары оқу орындарындағы «Философия» мамандығы бойынша дәрістер жүргізуде, әсіресе, қазақ философиясының тарихын оқытуда пайдалы. Диссертациялық ізденіс барысында жинақталған материалдар қоры негізінде Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығы бойынша арнаулы курстар оқып, семинарлар жүргізуге болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

1. Жаһандану заманында өмір сүріп отырған әрбір мемлекет үшін тарихи сананы жаңғырту өзекті болып саналады. Осы істің маңызды бағыты – тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерттеу, олардың философиясын зерделеу тарих философиясынан бастау алуы тиіс. Тарих философиясы сан қилы салаларға бөлінгенімен, өзіндік ұстанымынан – объективтіліктен ауытқымауға барынша тырысады, сондықтан біз оның негізгі ұстанымдарын –

тарихи ақиқаттың дәйектілігі, тарихты баяндауда мейлінше еркін болу, субъективтіліктен арылып, объективтілікке ұмтылу және тағы басқаларын талдап, оларды ұлтымыздың тарихын зерттеуде қолдануымыз қажет. Сонымен қатар, түркі мәдениетінде ауызша мұралар ғана емес, жазбаша мәдениет, оның ішінде, жазбаша тарих болғандығы туралы құнды мәліметтер бар екенін ескеру аса маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармашылығы – түркілік жазбаша тарихтың нақты дәлелі.

2. Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмір жолы оның дүниеге көзқарасын қалыптастырды. Ата-бабасының және түркі жұртының әлемге әйгіленіп, тарихта қалуын қалаған ол антропологиялық зерттеулердің жалпы әдіснамалық-теориялық бағдарларын ресми емес болса да қалыптастыра отырып, тарихилық қағидасына сүйену арқылы жалпы тарихи бейнені анықтап алуды маңызды санады. Оның шығармашылығы мен тұлғалық болмысын қарапайым ғана айғақтар деуге болмайды, олар терең философиялық мазмұнға ие. Дулатидің тарих философиясына ұлттық тарихты зерделеудің концептуалдық негіздері болып саналатын тұлғалық, жүйелілік, ақпараттық-инновациялық, аксиологиялық, креативтік ұстанымдар тән. Сонымен қатар, ол өзі өмір сүрген ортаның талаптары аясында тарихты бейнелеудің рационалды теологиялық мәтін астарларын да пайдаланды.

3. Адамзат дамуының көне дәуірінде, орта ғасырларда және одан кейін де түркі ойшылдары оған өзіндік үлес қосып, оның материалдық мәдениет аймағында ғана емес, руханияттық кеңістігінде де айтарлықтай орын алғандығының тағы бір дәлелі – Мұхаммед Хайдар Дулатидің жалпыадамзаттық этикамен және заманауи рухани құндылықтармен үндес этикалық көзқарастары. Ол өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, түркілік моральдық төлтума категориялар жүйесін қалыптастырды және бұл жүйеде білім мен ақылды ерекше бөліп көрсетті, түркі мәдениетінің философиялық адамгершіліктің және ізгіліктік ерекшеліктерін тән мен рух эстетикасымен үйлестірді. «Тарих-и-Рашиди», «Жаһаннаме» еңбектерінен оның өмір философиясының теологиялық қырлары да жақсы байқалады.

4. Мұхаммед Хайдар Дулатидің туындылары тек мифологемдер мен тарихи деректерге ғана сүйенбейді, оның еңбектерінде іргелі философиялық мәселелелер баяндалады. Дулатидің рационалды пайымдаудыадам санасына эмоционалды-экспрессивті әсер ететін поэтикамен үйлестіру түрінде ұсынылған адамның болмысы мен өмірі туралы, әсіресе, өмірмәндік экзистенциалдық толғаныстары еуропалық экзистенциализм өкілдерінің көзқарастарымен кейде үндесетін болса, кей сәттерде оның өзіндік түркілік дүниетаным бойынша құрылған төлтума мазмұны да байқалады. Оның пікірінше, адам өмірінің жоғары құндылығы – адамның өзінде, оның құдіретті болмысында, өз күшін дамытумен қатар, бойына жақсы қасиеттер жинау арқылы кісілікке жетуде, басқаға жақсылық жасап, парыз бен жауапкершілік ережелерін қастерлеуде. Дулатидің тұжырымынша, өлім аса бір үрейлі немесе әділетсіз емес, ықтиярлы да болып келеді. Өлім қайғылы болғанымен, ол болмай қоймайтын табиғи үдеріс емес, Алланың қалауымен жүзеге асады.

5. Қазіргі заманғы еліміз ұстанып отырған перспективті даму жобалары, атап айтқанда, «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламалары, «Ұлы Дала елі» идеологемасы және тағы басқа жобалар өзінің тарихи-әлеуметтік астарымен тарихи тұлғаларымыздың еңбектерін қайта жаңғыртып, өткеніміз арқылы бүгінгі ұрпаққа олардың идеяларын паш етіп, болашаққа бой сермейтін рухани қанаттандыруға, тарихтағы қасіреттер мен әділетсіздіктерді қайталамауға келіп саяды. Аталған даму бағдарламаларын жүзеге асыруға Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасы да сүбелі үлесін қоса алады.

6. Бүгінгі таңдағы әлемдік саяси сахнадағы игі құбылыстардың бірі – түркі халықтарының өз руханияттарын қайта жаңғыртуы, оның кейбір тұстарын заманауиландырып, ұмыт болған қырларын саралауы, оны адамзатқа жеткізуі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, көне түркі халқына ортақ болған тұлғаларымыздың мұраларын қайтадан сараптап өтудің өзіндік тұтас әдіснамалық-теориялық-тәжірибелік жүйесін қалыптастыру қажет. Сондықтан «өткеннен қабылдау – қазіргі ұрпақтарға паш ету – келешекке жолдау» ұстанымын негізге ала отырып, Мұхаммед Хайдар Дулати туындыларын қайта жаңғыртудың теориялық және тәжірибелік ұстанымдарын ғылыми деңгейде жүйелеу – қазіргі қазақстандық ғалымдар жүзеге асыруы тиіс міндеттердің бірі.

Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі мен мақұлдануы.

Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері бірнеше мақалалар мен материалдарда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Хабаршысында», әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Хабаршысының «Философия, мәдениеттену және саясаттану» сериясында, халықаралық Скопус базасына кіретін «Orsion (Año 35, Regular No.90-2 (2019): 420-433) журналында жарияланды. Бірнеше мақалалар халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар жинақтарында жарық көрді.

Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасы негізінде түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын зерттеуге арналған оқу құралы республика жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде қолданылуда. (Мырзабеков Ж.Е. «Түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын зерттеу негіздері». Алматы: Эверо, 2015).

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия кафедрасының мәжілісінде (03 шілде, 2020 жыл, хаттама №43), талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әрқайсысы үш бөлімшеден құралған негізгі үш бөлімнен, қорытындыдан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ РУХАНИ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ-ТОЛҒАМДАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Тарих философиясы және ұлттық тарихты саралаудың жалпы бағдарлары

Еліміз 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бастапқазақ халқының өзіндік санасы ұлттық бірегейлікке ұмтылды. Оның объективті және субъективті алғышарттары бар. Объективті алғышарттарын мынадай ұстанымдармен бере аламыз.

Біріншіден, түркі-қазақ халқының тарих сахнасындағы өміршеңдігін адамзат эволюциясының тағдыры тағайындаған сыңайлы. Бұл – тәңіршілдік және кейіннен ислам дінін қабылдаған халқымыздың тылсым күштерден күткен нәтижесі деуге болады. Көне грек философтары Анаксагордтың «нуус» ілімі, Гераклиттің әлемдік логос туралы ойлары адамзаттың мистикалық болсын немесе алғығылыми деңгейде болсын, одан соң, ғылыми тұжырымдамалық негізінде болсын руханилықтың объективті негіздері бар екені туралы пайымдаулардың сабақтасып келе жатқан үдерісі. Оның мысалы ретінде ХХ ғасырда И.В. Вернадскийдің «ноосфера» теориясының өмірге келуін айтуға болады. Біз осындай объективтендірілген тұғырнаманы түркі-халқының рухани деңгейінің және физиологиялық сабақтастығының жалғасуының объективті заңдылығына сүйенетін ілім деп білеміз.

Екіншіден, Махмұд Қашқари өз еңбегінде айтқандай: «Менің бір тайпа қосыным бар. Оларды түрік деп атап, күншығысқа қоныстандырдым. Кейбір тайпаларға ренжісем, түріктерімді қарсы аттандырамын» деген жолдар немесе Аттиланың «құдайдың қамшысы» [13, 9 б.] деп аталуы субъективтілікті объективтендіру болса да, «рәміздік түрдегі объективті фактор» ретінде қабылдауға болатын феномен.

Үшіншіден, түркі-қазақ халқы жер бетінде үздікті-үздіксіз түрде бірнеше империялар құрды. Ол түркі халықтарының, жер бетіндегі басқа да халықтардың сияқты, объективті тағдыры десек те болады. Кезінде әлемге танымал болған қаншама мемлекет тарих сахнасынан жойылды. Мысалы, Жоңғария мемлекеті. Ал түркі халқының тарихи тағдыры өзінің болмысын сақтау үшін Мәңгіліктің сұраныстарына жауап берумен орайласты.

Мәңгілік тағдыр философиясы бойынша, біздің оғыз-қыпшақ ұлысының ойшылы Қорқыт бабамыз жеке өзінің мәңгілік өмір сүру мұраттарын ұсынғандығын ескерсек, егер де мұны жекеден жалпыға көшу индукциясы бойынша баламаласақ, ол – біздің түркі халқының мәңгілік өміршеңдігін тұспалдады деп рәміздік түрде айта аламыз.

Жоғарыда атап өткендей, субъективті факторлар түркіхалқының тарихи санасының қайта жаңғыруымен келіп үндеседі. Мысалы, тарихи айғақтар ретінде дәйектелген «батырлар институты» деп айтуға болатын құрылым Мұхаммед Хайдар Дулати жазбаларының мазмұны бойынша көне дәуірден

сабақтасып келе жатқан дәстүрді идеялық-руханияттық мазмұнда жалғастырудың және кейінгі ұрпақтардың тарихи жадында сақталуының біз үшін қолжазбалық негіздемесі тәрізді.

Түркі халқының көне дәуіріндегі тәңіршілдік сенімі, оның ішінде, аруаққа сыйыну белгілі қазақ философы С.И. Оспанов айтқандай рух, ол – рулық, әруақ – «әр уақытта» деген мағынамен орайласады [14,49б.]. Осындай мәліметтер ұлт өміршеңдігінің діни сенімдік факторларына қатысты негіздемелер ұсынуымызға мүмкіндік береді.

Әрбір мемлекетбұрынғы және қазіргі заманғы әлемдік саяси сахнада жәнәдүниежүзілік бәсекелестік алаңында өзін-өзі әйгілеу үшін ретроспективтік-интроспективтік-перспективтік бағдар құруды оңтайлы санайды. Бұл ұстаным бұрынғы тарихтың және өз халқының өткенінің игі жетістіктерін жариялауға ұмтылыс деген сөз. Қазақ халқы үшін, Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, шынайы тарихты жазуымызда біздің халқымыздың өткенінде ұялатындай ешнәрсе жоқ [15, 82б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиясын зерттеу, жоғарыда айтқан негіздемелерге сәйкес, алдымен, тарих философиясын зерделеп, одан соң ұлттық тарих философиясын ғылыми-теориялық тұрғыдан сараптауды қажет етеді. Бұл – зерттеп отырған мәселеміздің мәнін ашудың әдіснамасы.

Ендеше, бұл тұста «Тарих философиясы дегеніміз не?», «Ұлттық тарих философиясы қалай құрылады?» деген сауалдар туындайды. Философия ғылымына қарапайым анықтама берсек, ол – бүкіл болмыстың, қоғамның, адамның және оның ойлауының дамуының жалпылама заңдылықтарын зерттейтін қоғамдық ғылым. Осы түсініктемелерді негізге алсақ, философия ғылымы қоғамдық өмірдің, әлемдік құбылыстардың әрбір саласына сараптама беруі тиіс. Сол себепті философияның мынадай салалары қалыптасқандығы бәрімізге белгілі: миф философиясы, өнер философиясы, техника философиясы, ғылым философиясы, философиялық антропология, мәдениет философиясы, дін философиясы және тағы басқалары.

Осындай салалардың бірі – тарих философиясы. Философияның бұл саласы адамзаттың өткенін философиялық деңгейде сараптауға ұмтылады. Көптеген сипаттамалар мен анықтамаларды зерделей келіп, адамзат тарихын дәйектеп, шын бағамдау ілімі ретінде тарихтану мен тарих философиясының жан-жақты мағына иеленгендігін, тарихи сананың қалыптасып, нақты мазмұнын тұжырымдауда, шынайылықтың үстемдік етуінде оның тарихи кезеңдерін анықтау қажеттігін айқын тани алдық. «Тарихтың мән-мағынасын түсіну үшін оның белгілі метафизикалық тұрғыдан қарастырылатын кезеңдерін табу керек.

Ал, көшпелі түркі-монғол халықтарының тарихына үңілсек, оның басты мақсаты – көшпелілікті сақтау болды. Егер Атилла мен Шыңғыс ханды Еуропа халықтары Тәңірінің қамшысы десе, расында да, көшпенділер араласқан тұста отырықшылардың тарихы қарқынды түрде дамыған. Көшпелілер еуропалықтардың ықпалына көнбеуімен бағалы болған ұлт. Азия Еуропаның өзгесі, осы өзгешелікті сақтағанда ғана, түркі-монғол халықтарының мағынасы

сақталады. Орталық Азия Еуропа мен Азия арасындағы көпір емес, дербес ел, өзгеше өркениет. Егер «Ой сәулесі Шығыстан» дейтін тұжырымды мойындасақ, онда Орталық Азия Шығыстың темірқазығы, ежелгі бастауы» [16,457-458бб.] екен.

1996 жылы жарық көрген қазақша философиялық сөздікте тарихилық ұғымына да әртүрлі түсіндірмелер тұжырымдалған. Бірақ онда «Тарихилық», «Тарихтың объективті және субъективті факторлары», «Тарихи айналым теориясы» туралы айтылады. Сөздікте тарихилыққа заттар мен құбылыстардың қалыптасуы мен дамуынан туындайтын, тарихи өзгерістер мен құбылыстардың даму сипатын, тарихын зерттейтін фактор ретінде анықтама беріліп, «Тарихилық заттар өзгерісінің сабақтастығы түрінде өрбитіндігін мойындайды. Тарихилық ғылымның негізгі бір принциптеріне айналып, оған табиғаттың объективті көрінісін және оның даму заңдылықтарын ашуға мүмкіндіктер берді» [14,416б.], - деп сипатталады.

Ал қоғамның дамуына байланысты сөздікте әрбір қоғамның екі негізде даму шартының болатынын, объективтілік, яғни, жалпылық негізде, адамдар қызметінің бағыты мен ауқымы болса, субъективтілік даму қозғалысын халық, белгілі бір әлеуметтік топтар, партиялар, мемлекет жүзеге асыратынын айта келіп, объективтіліктің негізгі екендігі, ал, ол субъективтілік факторлар есебінен жүзеге асырылатындығы баяндалады [17,413б.].

Сонымен қатар, «Тарихи айналым теориясы – қоғамдық тарих бір кезеңді шексіз қайталаумен болады» деген пікірдің авторы – тарих философиясының негізін қалаушы Джамбаттиста Вико. XIX және XX ғасырларда философтар мен социологтар Виконың тарихтағы прогресс идеясының кейбір жағымды жақтарын жоққа шығарып, оның «адамзат әрқашан және үнемі өзінің алғашқы түпқазығына қайтып орала береді» дейтін идеясына жармасты (Фридрих Ницше, Освальд Шпенглер). Бұл теорияның қазіргі жақтаушылары – Питирим Сорокин, Арнольд Тойнби және т.б. (Қоғам дамуындағы прогресс пен регресс). Тарихи айналым теориясында тарихи процестің кейбір жақтары абсолюттендіріледі және бұрмаланады (қайталану, сабақтастық және т.б.), - деп атап көрсетілген [17,413б.].

Тарих философиясы хақында қазақ философы Г.Ж. Нұрышева өзінің мынадай әдіснамалық ұстанымдарын тиянақтап берген болатын. Ол алдымен, тарих философиясының жалпы тарих, прагматикалық тарих, сыни тарих немесе тарихтың сыны, философиялық тарихсияқты негізгі қағидаттарын ұсынып, оны бүкіладамзаттық әрекет нәтижесі, оған ел билігінде отырған басшының да мүддесінің әсері болатындығын, басшының жеке мүддесі мен ел мақсаты арасындағы диалектикалық қайшылықты үндесуінің маңыздылығына тоқталады, және тарих философиясына деген диалектикалық көзқарастың қажет екендігін жіті пайымдап, шындықтың теңдік арқылы ашылатындығын көрсетіп берді [18, 82 б.]

Осындай түсініктемелерге орай, біз бұл пікірлерді негізге ала отырып, тарих философиясына мынадай анықтама бере аламыз: «Тарих философиясы дегеніміз – бүкіл адам баласы жаратылғаннан бергі арғы тарихты және бергі

тарихты зерделеуде оның шынайы келбетін ашып көрсететін, тарихшы ғалымдарымыздың еңбектеріне сыни тұрғыдан баға беретін, сонымен қатар, тарихи оқиғаларды тұтасынан сараптайтын философиялық ілім».

Алонда, философ-ғалым Б.М. Аташ айтқандай, тарихты зерделеудің әдіснамасында қазіргі тарихшы ғалымдардың назарына ілікпейтін тұстар бар [19,496.].

Әрбір ұлт пен ұлыс тарихи даму барысында өзінің ұлттық болмысын бірегейлендіру мақсатында өзіндік ғылыми бағдарламасын ұсынған. Ғылымда интернализм және экстернализм сияқты ұлттық салаларға ажыратып алуға болатын екі бағыт бар. Мысалы, математика, геометрия, астрономия сияқты ғылымдар жалпыадамзаттық ғылымдар болып саналады. Атап айтсақ, математика ғылымында тіл қолданылмайды, дегенмен, бұл ғылымдарда ұлттық деңгейде үлгілендіру үрдісі жоқ емес. Мысалы, логикадағы есеп жаттығуларын қазақша тұрмыстық көрінісіне бейімдеу.

Ал ғылымдарды этнизациялау – тек біздің халқымыздың мәдени-рухани кеңістігіне ғана емес, бүкіл әлемге таралған үдеріс. Біздің еліміз де ұлттық болмысымыздың бірегейлігін сақтап қалу аясында өзіндік рухани кеңістігін этникалық өлшем мен бағалауды және перспективтік бағдармен жүруді жолға қойды. Бұл үдеріске ғылыми салада отандық ғалымдар да қолдау көрсетіп келеді. Мысалы, педагогика – этнопедагогика, психология – этнопсихология, философия – ұлттық философия және т.б.

Тарих философиясымен айналысушы отандық ойшылдар тарих философиясы ақиқатқа негізделуі тиіс екендігін атап көрсетті [20,48-5866.].

Осыған орай, біз, тарих философиясының ұлттық негіздемесін құрылымдайтын «Ұлттық тарих философиясын» философия ғылымының бір саласы ретінде ұсына аламыз. Ендеше, отандық ғалымдардың сыни пікірлерін басшылыққа ала отырып, ұлттық тарих философиясының жалпы бағдарлары мен негізгі тұжырымдамаларын былайша тиянақтадық.

1. Түркі және қазақ халқының өткенін баяндаудың субъективті ықпалдарын жоққа шығаруға және объективтілікке деген ұмтылыс. Мысалы, еуроцентристік көзқарастарға сүйенген тарих бойынша жазылған кейбір ақпараттарға сүйенсек, ғұндардың патшасы Аттианы Рим тарихын зерттеушілер басқыншы және шығыстан келген жабайы тайпа өкілдерінің көсемі ретінде суреттейді. Ал егер де, бұл тарихты біз сипаттайтын болсақ, Аттила Римдегі құлдық құрылысты қиратып, бұндай қоғамның ұзақ өмір сүруге болмайтындығын өз әскерінің физикалық күш-қуаты арқылы дәлелдеп берудің рәміздік көрінісі деп айтар едік. Осыдан шығатын қорытынды: ұлттық тарих философиясы бұрмаланған тарихи ақиқаттарды халықтық мәртебеге лайықтауы қажет.

2. Тарих философиясын, оның ішінде, ұлттық тарихты қайтадан шынайы негізде зерделеу әдіснамаларының бірі – Б.Т.Берлібаев сынды ғалымдар ұсынғандай, ауызша тарихқа, аңыздар мен әпсаналарға және ондағы оқиғаларға сүйену. Себебі, осы ғалымдардың пікірінше, әрбір аңыздың астарында тарихи шындық жатыр [21].

Ресейдің әйгілі ойшылы, мифтер мен аңыздардың генезисі, адам мен қоғам өміріндегі рөлі туралы тамаша туындылардың авторы А.Ф. Лосев: «миф – әрі идеал, әрі тарихи шындық» деген болатын [22,С.124]. Шындығында, әрбір аңыз, ертегі қиял-ғажайып шабыттан туған романтикалық сюжеттер тізбегінен ғана құрылмайды. Асан Қайғы, Қорқыт сияқты түркі халқының көрнекті ойшылдары жөніндегі аңыздардың астарында шындық жатыр. Қорқыт Ата – әрі аңыз кейіпкері, әрі тарихи кейіпкер. Аңыз болған Асан Қайғы сияқты бабаларымыздың жерленген мазары да табылып отыр.

Дәлелдер: Сырдарияның бойындағы 19 ғасырда орыс саяхатшылары түсіріп алған Қорқыт Ата мазарының фотобейнесі. Ал ғалым Кенжалы Толысбай осы мағлұматтардың соңғы ғылыми дәйектемелерін, Асан Қайғы мазарын өздігінше дәлелдеп берген болатын [23].

3. Әлеуметтану теориясында тарихтың субъективті мектебі деген бағыт бар екендігі бәрімізге белгілі. Онда бүкіл тарихты жеке тұлғалар жасайды деп тұжырымдалады [24,48 б.].

Осы ұстанымды негізге ала отырып, аналогиялық түрде тарихты жазған жеке тұлғалардың пікірлеріне сыни көзқараспен қарауымызға болады. Біздің тарих, жазбаша мәдениет болмағандықтан немесе кейбір жазбалар жойылып кеткендіктен немесе әлдебір теріс пиғылды ықпалдардың әсерінен әдейі бұрмаланғандықтан, өзге тарихи айғақтарға сүйенуге мәжбүр болып отырмыз. Мысалы, ғалым Қойшығара Салғараұлы өзінің «Алтын тамыр» атты еңбегінде көбінесе Қытай жазбаларына сүйенеді [25].

Мұндай үдеріс араб, Еуропа, Қытай, Ресей жылнамашыларының еңбектеріне сүйеніп, оларға сілтемелер жасау арқылы қалыптасқан ғылыми дағды деуімізге болады.

4. Дегенмен, жоғарыда айтқан үшінші тұжырымға қарсы ғылымда және ғылым этикасында объективтілікке деген ұмтылыстарда жоқ емес. Соның бірі – бұлтартпас айғақтармен дәйектелетін генетика ілімінің заңдылықтары. «Тарих генетикасы» деп атауға болатын ХХІ ғасырдағы қалыптасқан жаңа ілім – геноинженерияның бір бағыты тарихтың ақиқатын куәландырады. Мысалы, мәйіттердің сүйегіндегі генетикалық кодты алып, қазіргі заманғы адамдардың генетикалық кодымен салыстырады. Ғылыми зерттеулер нәтижесі бұрынғы және қазіргі генетикалық кодтар арасында қанша пайыз сәйкестік бар екендігін анықтай алады.

Мұндай ғылыми әдіс тарихқа байланысты ақиқаттарды және ондағы қайшылықты тұстарды шешіп беруге жәрдемдеседі. Егер қазіргі заманда көне дәуірдегі әйгілі Шыңғыс ханды әртүрлі ұлттардың болжамдауы бойынша, «ол біздің бабамыз болған» деген ғылыми дискурстердің шынайы ақиқаты ашылса, Шыңғыс ханның мүрдесі табылған уақытта, ол кімнің ата-бабасы екендігі сөзсіз дәлелденеді деп айта аламыз. Осыған орай, отанымыздың ұлттық тарихты қайта зерделеу бағдарында тарихи генетикаға сүйенеміз. Ол үшін болашақта елімізде қазақ ұлты өкілдерінің немесе басқа да түркі халқының шынайы келбетін ашқысы келетін ойшылдардың ресми түрде арнайы ғылыми институтын құруымыз қажет, және, қазіргі отандық

тарихшылар ұсынып жүргендей, жаңа ізденістер пәнаралық сипатта жүргізілуі тиіс.

5. Қазіргі заманда қоғамдық ой-санада және ғылыми дискурс аймағында сыни ойлау үрдісі белең алған. Ол позитивті (жағымды) және негативті (жағымсыз) форматтарда құрылады. Жағымсыз көріністері ғылым этикасын сақтамай, жеке басқа тиісуден бастап, оған психологиялық қысым көрсетуге дейін жетеді.

Сондықтан, қазіргі әлемде тарихты баяндау бойынша көбіне еуроцентристік, америкацентристік және қытайцентристік көзқарастардың үлгісі болып саналатын тарихи жазбалар ғана негізге алынып отыр. Демек, біз өзіміздің шынайы тарихи өмірімізді дәйектеуде түркіцентристік пиғылдарға бет бұрмауымыз керек және одан ұлттық ғылыми сана деңгейінде арылуымыз қажет. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры мақаласында өзге халықтардың мәдени-тарихи құндылықтарына да жоғары пайыммен қарап, нақты ғылыми дәйектемелер арқылы өзіндік орнымызды, тарихи үлесімізді дұрыс бағамдау қажеттігі айтылады [1].

Түркі өркениетінің адамзат дамуына қосқан үлесі айтарлықтай. «Неліктен, біз, өткен өмірімізді саралауда «күншілдік» пен «көре алмаушылық», таққа талас пен билікке ұмтылу жолдарында антигуманистік істер жасадық?» деген сауалдар, біз атап өткендей, ұлттық тарих философиясының іргелі сұрақтары болуы тиіс. Мәселен, Барақ сұлтан бір тұқымдас бола тұра, Әбілхайыр сұлтанды неліктен өлтірген? Мұндай мәселелер – ұлттық тарих философиясының сыни тұрғыдан қарастыратын интроспекциялық, рефлексиялық маңызды мәселелері.

6. Ұлттық тарихнаманы зерделеу тек қана өткен заманымыздағы соғыстарды сипаттап қана қою емес, қазіргі заманғы және болашақ ұрпақтардың санасына жағымды өнегелік үлгі қалыптастырудың деңгейімен өлшенеді. Бұл – отаншылдық сезімді қоғамдық санада қалыптастырудың психологиялық тетіктерінің бірі. Осы саяси әдіснамалық тұрғы әлемдік тәжірибеде дәлелденген.

Алайда жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында құрылған ғылыми және өнер туындылары насихат жұмыстарын жүргізуге абсолютті деңгейде сайкеле бермейтін сияқты. Мысалы, біз тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи сананы жаңғырту үшін халқымыздың өткен өмірі жөнінде бірнеше кинофильм түсірдік. Ол фильмдердің негізгі идеясы мен идеологиясына байыптап қарасақ, кейбір кемшін тұстары бар екенін байқаймыз. Атап айтқанда, «Көшпенділер». «Алтын Орда» және тағы басқа фильмдердегі оқиғалар шетелдік көрерментұрмақ, жергілікті ұлт – қазақ халқы ұрпақтарының санасында біздің халқымызда ешқандай мәдениет болмағандай, қазақ халқы жәй ғана кең далада соғыстан басқа өнер білмегендей әсер қалдырады.

Мысалы, көне дәуірдегі түркілік рухани мәдениет ошақтары – «Отырар кітапханасы», Сауран, Сайран қалаларындағы білім беру орындары, сол сияқты, зерттеуші Жанұзақ Әкіматап өткендей, қазақ даласындағы темір, мыс, қола өндіретін бұрынғы заманғы цехтар туралы айтылмайды. Бұл

негізінен алғанда, ұлттық тарих философиясының тәжірибелік ұсынысы болуы тиіс, өйткені, ғылымдағы, өнердегі тарихи туындылар үш жүз жылдан астам уақытқа созылған құлдық психологиядан арыла алмағанымыздың куәсі іспеттес.

7. Ұлттық тарих философиясын негіздеудің әлемдік ғалымдарға сүйенетіндей айғақтары бар. Л.Н. Гумилев айтқандай, түркі халқы әлемдік тарихи сахнада өзінің биіктеу деңгейін ашып көрсетті [26].

Л.Н. Гумилевтің және одан бұрын өмір сүрген Освальд Шпенглердің тұжырымы бойынша, ол өзінің «Еуропаның құлдырауы» атты еңбегінде баяндағанындай, Еуропа болашақ әлемдік қауымдастықта маңызды орынға ие бола алмайды. Сонымен қатар, оны құлдырататын алғышарттар да бар. Освальд Шпенглер біздің түркі қазақ халқының өткен руханияттық келбетіндегі ұлттық болмысымызды зерделейтін тарихи айғақтар жоқ емес, көпте, аз да емес екендігін саралай келе, жазба деректердің жоқ екендігін де баяндайды [27, С.259].

Жазба мағлұматтардың аздау болатын себебі, жаугершілік заманда ұйымдастырылған жат елдік жорықтар тек қана қалаларды қиратумен, байлықты тонаумен шектелмейді, рухани қазынаны жойып жіберіп, сол халықтың тарихи жадысын қайтадан келмеске келтірудің антиэтнизациясын жасайды.

Сол себепті, адамзат дамуының тарихи барысында түркі өркениеті қаншама рухани мұраларынан айрылды. Бұл үдеріс басқа өктемдеу халықтар үшін түркілік рухты тарих сахнасынан төмендете түсіндірудің оңтайлы тәсілі еді. Мысалы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бұрынғы басшысы, әдебиеттанушы-ғалым, академик Әбсаттар Дербісәлі тұжырымдағандай, Отырар қаласында туған және өмір сүрген, басқа да араб мемлекеттеріне қоныс аударып жүрген әл-Фараби есімді ғалымдардың саны қазіргі таңда отызға жуықтап отыр. Олардың еңбектері жоғалған, бірақ бұл ғалымдардың Фараб қаласынан өрбіген данышпандар екендігі күмәнсіз. Шындығында, бізге түркі халқының тарихи рухында жазылған еңбектердің кейбірі ғана келіп жетті.

Олар Махмұд Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі», Әбулғази Бахадүрдің «Түрік шежіресі» атты еңбектерінен бастап, кейінгі дерекнамалар арқылы жалғасын тауып келеді. «Түркі, соның ішінде, қазақ ойшылдары топтаған Шежірелердің ең бағалылары – Мұхаммед Хайдар Дулати мен Қадырғали Жалаиридін еңбектері болып саналады. Сондай-ақ, «Көшен-Қарауыл шежіресі» (18 ғасыр), «Жәңгір хан шежіресі» (1835), Шоқан Уәлиханов жазып алған «Ұлы жүз шежіресі», Абдулла Ниязовтың «Үш жүздің шежіресі», Ахмет Жантөриннің шежіресі, Г.Н. Потанин жазып алған «Мұса Шорманұлы» шежіресі, Өтей Бөжейұлының «Қазақ жұртының шежіресі», Қорғанбек Бірімжанұлының бастауымен жинақталған «Орта жүз және Кіші жүздің шежіресі» (1894), «Насабнама» сынды шығармалардың да құндылығы жоғары. Шежірені топтаудағы дерегі мол еңбектер қатарына Шәкәрім Құдайбердіұлы, Құрбанғали Халиди, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы,

Нұржан Наушабаев, Торғай би жинаған «Үш жүздің шежіресі» (Гродеков жазбасында), Диханбай батырдың «Ұлы жүз шежіресі» (Аристов жазбасында) сынды жұмыстар жатады» [28].

Қазақ халқының тумасынан бергі өмірінің тарихын баяндайтын құжаттар ресми емес болса да, шежіремен жалғасын тапты. Біз қарастырып отырған, түркілік дәуірдің бітім-болмысын тарихтың шынайы көріністері бейнеленген «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» атты туындылар осы қатарға жатады. Бұл – ұлттық тарих философиясының маңызды деректерге сүйенуге болатын объективті мәліметтері.

Біз өз тарихымызды және оның шынайы келбетін әлемге әйгілеуде осындай мұрағаттық көне дәуірлік ақпараттарға сүйене аламыз. Қайтадан философия тарихына оралсақ, француз философы Шарль Луи Монтескье айтқандай, географиялық детерминизм ұстанымы бойынша[29] – бұл пікірді кейін XIX ғасырдағы қазақ ағартушы ғалымы Шоқан Уәлиханов құптады – әрбір халық өмір сүрген географиялық орта сол халықтың мінез-құлқының қалыптасуына әсер етеді. Шоқан Уәлиханов мұрасын зерттеуші Бағила Таирова да мұны тиянақтап көрсетіп берген еді [30,19б.].

Бұдан түйіндейтін ойымыз: ұлттық тарих философиясы пәнаралық байланысқа негізделуі тиіс. Атап айтқанда, тек қоғамдық ғылымдар ғана емес, жаратылыстану ғылымдарының жетістіктеріне сүйенуді де басшылыққа алуымыз қажет деп ойлаймыз. Әлдебір зерттеушілер «география мен философияның, тарих пен географияның арасында қандай да бір байланыстар бар ма?» деп ойлауы ықтимал. Біз оған мынадай логикалық дәйектемелер келтіре аламыз.

Біріншіден, егер Мұхаммед Хайдар Дулати орыс, Еуропа, Америка, Африка немесе тағы басқа жерде туып, өмір сүрген болса, оның «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннама» еңбегі де дүниеге келмес еді. Ол өз ойын тиянақтап, жазба деректерге түсірсе де, оның мазмұны басқаша болып шығуы әбден мүмкін еді.

Екіншіден, әрбір халықтың діни сенімдері көршілес халықтармен араласып және өзара бейімделіп, кірігіп жатыр. Мысалы, көптеген жылдар бойы көршілес болған ғұндар мен қытайлардың арасындағы мифология ғана емес, діни сенімдер де ұқсас болғаны туралы айтуға болады. Нақтырақ айтсақ, Қытайдағы конфуцийшілдік сеніміндегі аспанға табыну, ата-баба салтын құрметтеу сияқты салттар біздің көне түркілік дәуірдегі тәңіршілдік сеніміндегі қағидаттарға соншалықты ұқсайды.

Мұндағы ой салатын күрделі ахуал: «Ғұндар өз сенімінің ұстанымдарын қытайлықтардан алды ма, әлде қытайлықтар ғұндардан көшірмеледі ме?» деген сауалдарды тудырады.

Бұл тарих философиясы зерделейтін және тарих ғылымы ашып беруге тиісті іргелі мәселелердің бірі. Біз, осыған орай, ұлттық тарих философиясын айқындаудың ұстанымдарын жүйелеуіміз керек. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында айтылғандай, жеті саны рәміздік бейне болып саналады. Ол сегіз, тоғыз, он, он бір болуы да күмәнсіз.

Мырза Хайдар Дулатидің еңбектері – ұлттық тарих философиясына негізделген, оның ізгіліктік және ғылым этикасына сәйкес қырлары өзіндік жоғары деңгейдегі еңбектер деп айта аламыз. Ұлттық тарихнама біз қозғап отырған мәселеге байланысты біржақты құрылмайды. Ұлттық тарихи-рухани мұрамыз жөніндегі пессимистік көзқарастар және трагедиялық жағдайларымен қатар, оптимистік ұстанымдар ретроспективасында Дулати еңбектерінің қолжазба ретінде болса да сақталып қалуы және оның заманауи қазақ тіліне тиянақты түрде аударылуы еуропалық қауымға және әлемге сенсация туғызатын дүние. Мұндай еңбектер еуропалықтардың түркі халқы тарихын қайта таразылауына өзгеше бір серпілістер береді.

Ұлттық тарих философиясы осындай еңбектерді әлемге паш етумен әйгіленеді. Аңыз бойынша, Отырардан шыққан әл-Фараби ғұлама жазған шамамен екі жүздей трактаттары белгілі, оның бізге, қазіргі заманға келіп жеткені жетпіс шақты, ал қазақ тіліне аударылғаны қырық шақты ғана екен. Демек, біз, осындай тарихи айғақтарды саралай келе, мынадай нақты түйін жасаймыз.

Біріншіден, өздігімізше болжамдасақ, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-иРашиди», «Жаһаннама» еңбектерінен басқа туындылары да болуы мүмкін. Теріс ағымдағы исламизация оның басқа еңбектерін әдейі жойған да шығар. Сондай-ақ, қатерлі соғыс жағдайында оның кейбір және басқа да түркі ойшылдарының шығармашылық туындылары сол кездегі билік тарапынан немесе бұқаралық сананың деңгейінің төмендігінің әсерінен әртүрлі жағдайларда жойылып кеткен тәрізді деп жорамал жасауымызға болады.

Екіншіден, тарихты, оның ішінде, шынайы келбетті ғылыми-теориялық тұрғыдан ашып беру үшін Дулатидің шығармаларына, олардың мазмұнына үңілуді ғана қолға алмай, сол дәуірдің тарихи мұраларын зерделеп, рухани сабақтастықты әйгілеп, сонымен қатар, әрбір дәуірдің саяси-әлеуметтік бейнесін таразылау аса маңызды. Бұл да тарих философиясының қажетті сұранысы.

Белгілі жаратылыстанушы ғалым, әл-Фараби мұрасының қазақ топырағында зерттелуінің негізін салған ойшыл Әл-Машани өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде IX ғасыр мен XIX ғасырдағы түркі қазақ руханиятындағы сабақтастықтың шынайы мәнін ғылыми теориялық тұрғыдан ашып берді [31]. Әл-Фараби мен Абайдың ұлттық тарих философиясы туралы пайымдаулары бар деп айтуға болатындай идеялары, біздің қазақ халқымыздың ділі мен дүниетанымынатән эмоционалды-рационалды сипатта құрылған және ол кейіннен де жалғасын тауып келеді. Халқымыздың дүниетанымындағы этикоцентрлік ұстанымды негізге ала отырып, біз қашанда дуалистік тұрғыдан алғанда, эмоционалдық ақиқатқа да сүйене аламыз.

Оның тарихи астарлары тереңнен тамыр тартады және бұл ұстаным Елбасы ұсынған «интеллектуалды ұлт қалыптастыру» идеясымен сабақтасып жатыр. Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп

тұжырымдағандай, біздің ұлттық тарихты зерделеуіміздің астарында тек шынайы ақиқат ғана көзделмейді, отансүйгіштіктің белгілі бір деңгейдегі параметрлері суперстраттар ретінде қосылады.

Мұндай өлшемдер, әрине, пәнаралық байланыс шеңберіндегі басқа мәселелер. Оны біз келесі зерттеу перспективамызда толығырақ ашып бере аламыз. Қазақ халқының ұлттық тарих философиясы еуроцентристік емес призма негізінде құрылса да, өзіндік тарихнамасын ұрпақтар сабақтастығымен бірегейлендіре алды. Мысалы, халқымызда қария адамдарымыз балаларға ертегі айтып, жалықпастан күндіз-түні жырлап отыратын «ертекшілер» деген арнайы әлеуметтік мәртебе болған екен. Ол халық ертегілерінің үлгілерінен, басталу ырғақтарынан айқын көрінеді [32].

Ұлттық тарих философиясының тағы бір өзіндік бір ерекшелігі – ұлтымыздың шығу тегін көне дәуірден бастап, бүгінгі күнге дейін тарқатып бере алатын әлемдегі көптеген халықтарда кездесе бермейтін – шежіре туындылары. Шежіренің, біздіңше, мынадай басты функциялары бар.

Біріншіден, шежіре ұлттық тарих философиясында ұрпақтар сабақтастығының тұтас бейнесін ашып беруге ұмтылады. Әрине, шежіре бүгінгі күнге дейін әртүрлі форматтарда құрылған. Дегенмен, олардың бәрін салыстырып қарасақ, Адам-Ата мен Хауа-анадан басталған тіршіліктің, оның ішінде, түркі-қазақ халқының ұрпақтар сабақтастығында белгілі бір деңгейде сәйкестіктер бар.

Екіншіден, шежіренің басты функцияларының бірі– өткеніміздің өн бойына сіңірілген рушылдықты, трайболизмді насихаттау емес, негізінен «жеті атаға дейін қыз алыспау» дәстүрін ұстану. Осы шежірелік дифференциациялық үлгі қандастықтар арасындағы қыз алыспау салтының жалпылама түрде ұсынылған қатаң императивті ережесі іспеттес. Мұндай салтты қазіргі таңда бүкіл әлем мойындап, оның ғылыми негіздемесін зерделеп, өмірмәнділік қана емес, экзистенциалдық құрылымдамасын ғылыми генетикалық тұрғыдан дәйектеп, оған еліктеп отыр.

8. Ұлттық тарих философиясының атаулы бір ерекшелігі – ауызша мәдениетке сүйенетіндігі. Өйткені, ауызша мәдениеттің өзіндік оңды, тиімді қырлары мол. Мысалы, танымал философ Әсет Құранбек «Қазақ мәдениетінің философиясы» атты еңбегінде өзіндік ауызша мәдениетінің ерекшеліктерін былайша тізбелеп берді: «Одан кейінгі XV ғасырға дейінгі дамыған ауызша мәдениет те түркілік рухани құндылықтарды жаңғырта түсудің, сабақтастықтың, мирасқорлықтың жарқын үлгісін паш етті. Бұл мәдениеттің, мүмкін, кемшін жақтары да жоқ емес шығар, дегенмен, біз оның жағымды тұстарын туындата отырып, оларды былайша жинақтап көрсетуді жөн көрдік:

- ауыз әдебиеті, әсіресе, ұзақ жырланатын эпостар мен сансыз көп ертегілер, мақал-мәтелдер және тағы басқаларының барлығы, түптеп келгенде, мазмұнының дидактикалық ұлттық тәрбиелік қырларын айтпағанның өзінде, формасы жағынан ақыл-ойдыдамытуға, нақтырақ айтқанда есте сақтауды шынықтырудың құралы болды. Шындығында, жазба мәдениет, тұтастай жазбалық (кез-келген нәрсені мәтіндендіріп жазып алу) адамның есте сақтау

қабілетін төмендететіндігі күмәнсіз. Ал, ауызша жаттап алу керісінше, есте сақтауды шынықтыратын мидың жаттығулары болып табылады. Міне, түркілік ауызша мәдениеттегі маңызды ұтымды тұс – қазіргіше айтсақ, көптеген ақпараттарды сақтай алатын компьютерлік жады іспеттес ми құрылымын жасап шығарғандығы десек те болады.

- ауызша мәдениет үлгілері, нақтырақ айтқанда кез-келген жыр, аңыздар, мақал-мәтелдер, күйлер және тағы басқалары, яғни, фольклорға жататындардың барлығы, нақты жазбадағы сияқты міндетті түрде одан ауытқымауғаміндетті емес. Сондықтан да кез-келген мәтін заманға лайықты, өркениет дамуына сәйкес оңай өзгерістерге ұшырап, оған бейімделе алуға аса қабілетті («мобильді-динамикалы адаптация» деп атауға болады). Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар оқылық» атты еңбегіндегі ең бірінші «Бір Аллаға сиынып» деп басталатын жол, заманның өктем талабына сай, коммунистік идеологияның бұйрығымен алынып тасталған. Міне, бұл – түркіхалықтарының ауызша мәдениетінің, жекелей алғанда, мәтіндерінің қаншалықты деңгейде сұраныстар мен талаптарға сай өзгеріп отыратындығының куәсі. Әрине, өзгергіштік, бір қарағанда, жағымды сапа болып табылмауы мүмкін, бірақ кез-келген нәрсе абсолютті емес екендігін де ұмытпауымыз қажет және өзгерістер жақсы жағына қарай, туындыны дамытып отыруға қарай бет түзейтіндігін де ескеруіміз керек.

- ауызша мәдениет – өзінен-өзі, стихиялы-жоспарлы, саналы-бейсаналы түрде, сұрыптау, іріктеуші, талдаушы, қазіргі тілмен айтсақ, кейде цензуралық қызмет атқарады және оны өзінің туындыларына жасайды, демек, ауызша мәдениеттің өзіндік санасы (мысалы, өзін-өзі сынаушылық) жетілген деп тұжырымдай аламыз. Демек, қоғамға қажетсіз, сұраныс болмаған, халықтың талғамына сай келмейтін, ділдік құндылықтарымыздан ауытқыған нәрселер өздігінен-ақ мәңгілікке ұмытылып қала береді, бейболмысқа аттанады. Олай болса, түркілік ауызша мәдениеттің барлық үлгілері халықтың талғам сүзгісінен іріктеліп-сұрыпталып шыққан озық дүниелер деп тұжырымдауымызға әбден болады. Сондықтан да, «ұялатындай», қажетсіз дүниелерді жасырып, әлек болып отырмаймыз, ондайлар өздігінен-ақ із-түссіз жоғалып кетеді. Мысалы, қазіргі таңда фольклордағы анайы болып саналатын сөздер мәтіннен алынып тасталған. Қазіргі таңда, осындай іріктеушіліктің жоқтығының салдарынан, қоғамға аса қажетті емес, тіпті кейде мүлде қажетсіз, кей сәттерде кері әсер ететін дүниелер әлдеқандай жолдармен баспадан жарық көруде немесе интернет беттерінде жариялануда.

- ауызша мәдениет өз авторларын шынайы өнер иелері мен талант ретінде тәрбиелейді. Бұл әсіресе, күй шығарудағы, өзінің төл туындысы, жырын айтудағы, айтыс өнеріндегі, мақалдап тастаудағы, билердің билік айтуындағы және тағы басқалардағы суырып салмалықтан (импровизатор) анық көрініс табады. Мысалы, өзінің толғауын қағазға жазып, оны қайта-қайта түзетіп отыруына жыршының еш мүмкіндігі жоқ, ол аяқ астынан, сол сәтте туғызуы тиіс және мінсіз болып шығуы қажет. Немесе, «Ақсақ құлан» күйінің шығу тарихы да солай, ол өмір мен өлімнің арасында, сол сәтте, терең

мағыналы болып шығуы тиіс болған. Міне, бұл бір қырынан алғанда, фольклордың мазмұнын ғана емес, оны тудырушы субъектіні де, яғни, өнер иелерін де сұрыптайды. Демек, ол сол сәтте көркем, мінсіз жаңа туындысын сыртқа шығара алмаса, онда бұл өнерді тастайды, тастамаса, оны халық та мойындамайды. Бүгінгі таңда да, өнер иелерінің арасында, мысалы, ақындарымыздың ішінде ішінара талантсыздар кездесіп қалатындығы жасырын емес, себебі, біздің мәдениетіміз қазір ауызша емес, сұрыпталу жүрмейді (айтыс өнері сияқты кейбіреулері болмаса).

- ауызша мәдениет өміршең және мәңгі, ол адамзатпен бірге жасаса алады. Егер де жазба дүниелер жоғалып кететін болса, ол халық жадысында толық нұсқалы күйінде сақталмаса, онда бұл мұралар мәңгілікке жоғалады деген сөз. Мысалы, тарихтағы Отырар кітапханасының өртенуі қаншама рухани мұраларды із-түзсіз жоғалтып жіберді. Онымен қатарлас, сәл кейіндеу пайда болған «Ақсақ құлан» күйі бүгінге дейін жетіп отыр. Демек, мынадай модель жасасақ, егер де, қазіргі компьютерлік құрылғыларға зиян келетіндей, ақпараттары тұтас жоғалатындай, ортақ желіге зиян келсе, немесе, хакерлер жалпы тұтас желіні қайта қалпына келместей қылып бұзатындай вирус ойлап тапса, онда адамзат өркениеті қаншалықты дағдарысқа ұшырайтындығын елестетудің өзі үлкен трагедия. Себебі, ондағы ақпараттар адами жадыда сақталмаған, жалпылай айтқанда, қазіргі өркениет мұралары ауызша мәдениет емес» [33,17-18бб.].

Яғни, біздің халқымыздағы ауызша мәдениетке басымдық беру салты өткен өміріміздің шынайы келбетін өзімізге тиімді жағдайларға өзгертуге прагматистік ұстанымдар бере алады. Бұл – субъективті ұлттық тарихты объективтендірудің стимулы, себебі жалған, бұрмаланған жазба тарих өзгертуге келмейді.

9. Басқа халықтарда кездесе бермейтін этикалық категория ретінде қабылдауға болатын «намыс» ұғымы түркі-қазақ халқының тарихи ар-ождан кеңістігінің негізгі субстраттарының және суперстраттарының бірі. Біздің шынайы тарихтың келбеті және рухтану феномені «намыс» атты мінез-құлық психологиясынан тамыр тартады. Сондықтан, ұлттық тарих философиясын зерделеуші қазіргі заман ғалымдары осы намыс категориясына ерекше тоқталып өтеді [34, 58-59бб.]. Демек, намыс үрдісі халқымыздың тарихи эволюциядағы намыс психофилосемасын зерттеудің алғышарттарының бірі.

10. Ұлттық тарих философиясын байыптаудың тағы бір ерекшелігі – эстетикалық қағидаттарға сүйену керек деп ойлаймыз. Пол Карл Фейерабенд айтқандай және постпозитивизм бағыты тұжырымдағандай, ғылыми және ғылыми емес білімдердің барлығын иерархияға қоюға болмайды. Бұл ағымның көрнекті ойшылдары «Салыстырмайтындық теориясын» ұсынды [35, С.1125.]. Постпозитивистік ұстанымдарға сүйенсек, біздің халқымыздың бұрынғы дәуірін саралау эстетикалық категориялармен де өлшенуі тиіс. Эстетиканың классикалық ілімдері ұсынғандай, трагедиялық та басты ұғымдардың бірі [36,21бб.].

Мәселен, қазақ халқының өткен өміріндегі тұрмыстық ғұмыр кешу сан қилы қайғылы оқиғаларға толы. Басқасын айтпағанда, кейінгі «1932-1933 жылғы ашаршылық жағдайындағы аштан қырылған миллиондаған халқымызға кім жауап бере алады?» деген іргелі сауал туындайды. Неліктен, қазіргі таңда бір адамды жаман сөз айтқан үшін он бес тәулікке қамайды, ал кезіндегі миллиондаған адамдардың өмірі үшін ешкім жауап беруге тиісті емес, бұл – тарихтың гуманистік ұстанымының іргелі философиясы.

Ұлттық тарих философиясын зерделеу тек эстетиканың «трагедиялық» категориясы бойынша ғана құрылмайды. «Комедиялық» категория біздің тарихтың шынайы өмірінде де бар. Мысалы, Қожанасыр мен Алдар Көсе феномені. Олардың жинақталған тарихи образы біздің халыққа оптимистік өмірге деген ұмтылыстың өзіндік бір үлгілерін сыйлап берген еді.

Сонымен қатар, әсемдікке ұмтылу сезімдік тұрғыдан да пайымдалды. Мысалы, Ақтамберді жыраудың:

Күмбір-күмбір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз.
Күрек тісін ақситып,

Сұлудықұғар ма екенбіз[37, 333 б.], деп басталатын толғауларын айтуымызға болады

Қорыта айтқанда, философия саласындағы тарих философиясын зерделеу барысында ұлттық тарих философиясының еуропалық үлгіге ұқсамайтын ерекшеліктерін мазмұндадық. Бұл – біздің зерттеу тақырыбымыздың жалпы әдіснамалық бағдары ретінде алынады. Сонымен қатар, бұл пайымдаулар, жалпы алғанда, ұлттық философия тарихын зерттеудің әдіснамасы ретінде де қолдануға болатындай бағдаршамдардың бірі деп айта аламыз. Себебі, көне түркі дәуіріндегі тарихтың шынайы жазылмауы қазіргі заманғы тарих философиясын қайтадан зерделеуді қажет етеді.

Дегенмен, біздің тарихымыздағы ғалымдар тарихты сипаттауды екі бағытта өрбітті деп айта аламыз: жазбаша тарих және ауызша тарих. Әрине, екеуінің арасында айырмашылықтар жоқ емес. Осыған орай, біз жазбаша тарих пен ауызша тарихтың айырмашылықтарын 1-кестеде мына түрде ұсынамыз:

Кесте1- Жазбаша тарих және ауызша тарих арасындағы айырмашылықтар

	Жазбаша тарих	Ауызша тарих
1.	Нақты айғақтарға сүйенеді	Аңыз бен әфсаналарды басшылыққа алады
2.	Авторлары белгілі	Авторлары белгісіздеу
3.	Тек рационалды түрде баяндалады	Ұлттық дүниетаным астарлары ұсынылады
1 кестенің жалғасы		
4.	Айғақтарда этикалық негіздер көрсетілмейді	Тарихи оқиғаларға этикалық ұстанымдар енгізілген

5.	Түркілік орталықтық пиғылдар жоқ	Түркі халқы туралы идеологемалар кездеседі
6.	Дін философиясы мен діни философия қамтылады	Жалпы діни сарындар басым болып келеді
7.	Кітаби ресми құжаттары бар	Халықтың ділі мен жадында сақталған

Жоғарыда көрсетілген ұстанымдар біздің отандық тарихшы ғалымдарымыздың сыни пікірлеріне ашық. Біз «Адамзат тарихының түркі дәуіріндегі тарихи тұлғалар және олардың адамзат өркениетіне қосқан үлесі» атты келесі бөлімшеде аталған мәселеге кеңірек тоқталамыз. Ол жоғарыда көрсетілген қағидаттарды белгілі бір деңгейде толықтай ашып бере алатын тұғырлар болып саналады.

1.2 Адамзат тарихының түркі дәуіріндегі тарихи тұлғалар және олардың адамзат өркениетіне қосқан үлесі

Адамзат дамуының тарихи шындығы да жеке тұлғалардың өмірі мен мақсаттарына байланысты құрылған. Тарих философиясында адамзат тарихын жеке тұлғалар ғана жасайды немесе халық жасайды деген екі түрлі пікірлерді ескерсек, біз қойылып отырған мәселені толығырақ таразылау үшін мынадай логикалық алгоритмді шешіп алуымыз қажет.

Жеке тұлға, ол – тағдыр тағайындаған немесе кездейсоқ субъект, яғни, шартты түрде – Х. Бұл субъект тарих философиясы негізінде адамзаттың тарихи тағдырын жасап беруге тағайындалған тәрізді. Бірақ кейбір тұстарда тарихи императивтер өзіндік жылнамасын бізден тыс жасай алатындай болып көрінеді.

Әрине, бұл И. Пригожин мен И. Стенгерс ұсынғандай, «Хаос пен тәртіп жүйесінің» кезектесіп келуі немесе «Өздігінен ұйымдасатын» жүйеге ұқсайды [38, 432б.].

Адамзат баласының өмірінің алдын ала жазылып қойылған фортунасы мен фатумы туралы орта ғасырдағы араб-мұсылмандық руханияттық ілім де осындай қайшылықты пікірге келді. Оларды «джабариттер» мен «кадариттер» деп ажыратты. Бұл бағыттың өкілдері адам баласының тағдыры қатаң түрде оның дүниеге келген күнінен бастап өлгенге дейін жазылған, одан ешкім де аттап өте алмайды десе, кадариттер туу хақ, өлу хақ аралығындағы өмір оның өзіне қатысты деп ой түйіндеген. Мәселен, өмір сүру тағдырына бет бұрғандар – джабариттер деп аталса, ал, адам қызметінің еркіндігін кадариттер жақтады[39].

Бұл тұста, біздің айтарымыз, әлем мен жеке адам арасындағы белгілі бір этностың тағдыры тағайындалмаған. Сондықтан, әрбір дәуірдің ойшылдарының маңдайына сол өзінің халқының өткенін сараптау тағдыры ғана жазылған десе де болады. Біз қарастырып отырған тақырып жоғарыда

аталған өзекті мәселелерге тікелей байланысты және әдіснамалық бағдарлар бере алады.

Әдіснамалық бағдардың негізгі алғышарттарын біз былайша ұсына аламыз. Біріншіден, тарих тек қана өткен жазбаларды қайталап, мәтінді өзертіп, спекуляциялау емес, оның шынайылығын қамтамасыз етіп, оны болашақ ұрпақтардың санасына сіңірумен келіп тоғысады. Біз бұл әдіснаманы феноменологиялық редукция тұрғысынан байыптасақ, заман шындығының іргелі қайшылықтарына тап боламыз. Мұны қазақ халқының ХІХ ғасырдағы «Зар заман ақындары» деп аталып кеткен ойшылдары да нақты түйсінді және оны соны ойларымен сан рет қайталап өткен еді. Мысалы:

«Ай орнынан туады,
Күн орнына батады,
Заман азып не қылсын,
Бұның бәрі адамнан» [40,256б.].

Осыған сәйкес, әрбір халықтар мен мемлекеттер «Өзіндік Менін» сақтаудың әртүрлі форматтарын құрастырады. Біз ойлағандай, тарихтағы соғыстардың жеңісі мен жеңілісі қашанда жеке тұлғалардың өмірі мен биліктегі және қоғамдық ой-пікір кеңістігіндегі беделдерге байланысты болып келді.

Түркі-қазақ халқында сол дәуірде әйгіленбесе де, кейіннен дүниежүзілік ғылыми қауымдастықта танымал ерекше тұлғалар ретінде мәлім болған ғалымдар жеткілікті немесе ұлы далада ұлы перзенттер, түркі жазуларындағы Күлтегіннен басталатын, әлемнің екінші ұстазына саналған Әл-Фараби, қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек, ұлтымызды әлемге танытқан Абайлар дүниеге келді» [1]. Ғылым тарихында қаншама көшірмелер (заманауи тілмен айтсақ, плагиаттар) болғаны жасырын емес. Араб-мұсылмандық әлемінде орта ғасырдағы Ренессанс дәуірінде әлемге әйгіленген ойшылдардың легі қалыптасты. Атап айтар болсақ, Қожа Ахмет Ясауи, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йегүнеки және тағы басқаларымұндай руханияттық кеңістіктегі дәстүрмен сабақтасып, осындай түркілік интеллектуализм кейіннен де басқа тұлғалар арқылы жалғасын тауып отырды.

ХVІ ғасырда өмір сүрген Мұхаммед Хайдар Дулати – мифтік кейіпкер емес, шынайы тарихты жазуға бет бұрған куәгер. Біз қазіргі заманда осындай рухани тұлғалар арқылы өзімізді әлемге және оның рухының рухани кеңістігіне паш ете аламыз. Араб-мұсылмандық ренессанс дәуіріндегі ғылымның дамуының ерекше үлгісі – энциклопедизм еді. Мұндай ғылыми ойлау дәстүрлерінің керемет үлгісі – әл-Фараби бабамыз. Ол – философ, бірақ физика, астрономия, медицина, музыка теориясы және тағы басқа ғылым салаларында әлемге танымал еңбектерін жариялады. Әл-Фараби – Дешті Қыпшақ даласынан шыққан, «Екінші ұстаз» атанған ұлы ойшыл. Данышпанның түркі даласында дүниеге келгендігі, Қыпшақ руынан шыққандығы аңыздан гөрі тарихи ақиқатқа сәйкес келеді. Оны отандық немесе ресейлік ғалымдар ғана емес, қазіргі заманғы шетелдік фарабитанушылар да растап отыр. Ахмет Ясауи бабамыздың қазақ даласына сопылық бағытты алып

келгендігі де тарихи айғақ. Оның іргелі идеялары – қазіргі заманауи діни толеранттықтың негіздемесі. Бірақ «Диуани Хикмет» атты кітабында ұлттық рухты серпілту идеясы аса көп байқалмайды, дегенмен, ол діни экстаз арқылы түркі халқын сезімге батыру эмоционализміне негізделген жаңаша үлгіні оңтүстіктегі қазақ жеріне еркін таратты және оны біздің халқымыздың сол өңірдегі жұрты мойындаған.

Араб мұсылмандық ренессанс дәуіріндегі түркі қазақ даласындағы ойшылдардың бірі – Ахмет Йегүнеки өзінің «Ақиқат сыйы» атты еңбегінде әлеуметтілік әділеттікті діни тұрғыдан уағыздады, сондықтан ол бүгінгі түркі халқының және қазақтардың әдебінің бастапқы тұжырымдамасы осындай идеялармен сабақтасатындай алғышарттар жасап берді деуге болады.

Ортағасырлық көркем шығармалардың ішінде ең алғаш түркі тілінде жазылған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» [41]. Осы еңбекте іргелі философиялық мәселелер көтерілген. Соның бірі – ислами дүниетанымға байланысты болып келеді. Мәтіннің түпнұсқасында Оғдүрміш пен Оғдүрміштің өзара философиялық өмірмәнділік тартысында дала кезіп, тау мен тасты аралап ғұмыр кешудің мәнсіздігі, мүмкін мәнділігі туралы да айтылады [42, 109б.].

Мұндай оқиғалар – тарихи айғақтардың тізбесі ғана емес, қоғамдық өмірдің тіршілігінің мән-мағынасын сипаттап берген өсиеттер. Өмірдің мәні туралы ойтолғамдар Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектерінде айқын көрініс табады. (Біз оған екінші бөлімде толығырақ тоқталып өтеміз). Әрине, мұндай сәйкестік кездейсоқтық емес, қажеттілік заңдылығына бағытталғандай. Шындығында, араб-мұсылмандық Ренессанс түркі халықтарының данышпандарының ілімдерінде жалғасын тапты.

Бұл өлкедегі ғылыми ойдың сабақтасуы-сабақтаспауы туралы әртүрлі ой-пікірлер қазіргі заманғы ғалымдардың дискурсы аясында жүргізілуде. Дулати еңбектерінің ғана емес, Қыпшақ өркениетінің ұзаққа созылғандығын дәйектейтін тарихи мұрағаттардың үнемі жасырын болғандығы ғылыми ізденісте біздер үшін де, басқа салалардың ғалымдары үшін де аса қиындық тудырып келеді.

Тарихи тұлғалар түркі-қазақ халқының даму эволюциясында аз емес, оларды әлеуметтанулық заманауи теорияларға сүйене отырып, былайша жіктеп көрсете аламыз. Қысқаша айтқанда, ел билеуші саяси тұлғалар, одан соң ел билігіне ықпал етуші билер мен батырлар сынды беделділер, мүмкін, олардың әлеуметтік мәртебесі бойынша биігірек тұратын немесе қоғамда өз орнын тапқан, теориялық және бұқаралық санада беделге ие болған жоғарыда айтылған ғалымдар институты. Өзінің еңбектерінде объективті тарихты сипаттап беруі Мұхаммед Хайдар Дулатиді әлем тарихшыларының назарына іліктірді. Шындығында, оның айтқандары – сол кездегі түркі халқының дамуының және перспективасының әлеуметтік шындығы. Түркі халқы ойшылдарының еңбектерін сараптау идеясына назар аударып отырғанымыздың себептері осыдан-ақ белгілі. Біздің ойымызша, Орта ғасырдағы түркі ойшылдарының идеялары кенеттен, аяқ астынан туындаған

жоқ. Олар сақтардың данышпаны – Анахарсис пен көне дәуірлік, туған-өлген жылы белгісіз, қай кезде өмір сүргендігі беймәлім Майқы бидің ой толғандыратын идеяларынан бастау алатын секілді. Осыдан халқымыздың тарихи жадында сақталған поэтикалық-философиялық үзінді «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп өрнектелгендігі бәрімізге аян.

«Көне дәуірдегі рухани тұлғалардың сабақтасқан рухы бүкіл халқымыздың тарихи эволюциясында заңдылық ретінде сақталып келеді. Біздің болжамымыз бойынша, Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты бірнеше ойшылдар болуы ықтимал. Сол бір жауынгерлік заманда қаншама медресе, қазіргіше айтсақ, университеттер сияқты оқу орындары қиратылып, мәңгілік тарих сахнасынан жойылғандығы күмәнсіз. Егер де, көне отандық тарих бейнесін модельдесек, тек қана Дулати емес, басқа да танымал ғалымдардың шәкірттері, ұстаздары оқыған, білім алған орындары туралы мағлұматтар айтылмайды. Себебі, Еуропаның және орыстың тарихшылары, ондай мағлұматтарды жасырын сақтайды немесе жойып жіберген. Кейбір аңыздар бойынша, Қорқыт ата әл-Фарабидің ең бірінші және сүйікті ұстазы болған деседі. Осыдан туындайтын тарих философиясына қатысты мәселені біз былайша құра аламыз.

Түркі мәдениетіндегі сабақтастық үдерісі туралы және сол кезеңдегі жазылған жыр-дастандар туралы Б.Ысқақов «Қорқыт ата» жырын тәржімалап, «Оғыз-наменің түркілік кеңістік тарихы туралы мол деректік материалдарға бай екендігін айта келіп, «Қорқыт ата» жырының да тарихи құндылығы туралы өз пікірін білдіреді [43].

Осы және басқа да пікірлерге сүйене отырып, біріншіден, Түркі халқы даласындағы Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты ойшылдардың әлемге және оның ғылымына үлес қосатын ойтолғамдары неліктен жоғалғандығын және оны іздеп табу тарихшылардың міндетіне жүктелгенмен, бұл салада философия ғылымы да өзіндік үлесін қандай да бір деңгейде қаншалықты қоса алады деген сауалға тап боламыз.

Екіншіден, тарихтың даму эволюциясы кей кездері ақылға сыйымсыздықпен және қателікке ұрындыратын адасумен шектелген деп есептесек, Дулати сияқты ойшылдардың еңбектерін сақтап қалу үшін басқа шетелдік ғалымдар оның қолжазбаларын көшірмелеу жағдайында мәтінді басқаша форматта өзгертуі де мүмкін. «Алтын Орда» кезеңінде таққа тайталасқан ұрпақтары жөнінде көп жазылады. Ол біз үшін күмән тудырады. Сол дәуірдегі тарихи оқиғаларды бейнелеп жазатын және оны бұрмалай алатын әлемдік тарихшы ойшылдар өздерінің еңбектері күмәнді болса да, әлемге жариялап жіберді. Ал Мұхаммед Хайдар Дулати және сол заманда өмір сүрген ойшылдар дәуірдің шынайы тарихи ақиқатын бейнелеуге ұмтылды. Осы тұста көне грек философы Аристотель «Платон менің досым, бірақ шындық одан да қымбат» деген сөзі, біз қазіргі кезде кеңінен ұстанып жүрген «сананың ашықтығы» принципі ойға оралады.

Үшіншіден, бабамыздың философиялық ойлары тарих философиясының немесе философия тарихындағы куәлардың айғағы ғана емес, ол түркі-қазақ

халқындағы эмоционалдық-рационалдық пікірлермен берілетін шынайы тарихи ақиқаттың синкретті үлгісі де бола алады. Осыған орай, сол дәуірдегі басқа да болуы ықтимал немесе жоғалған тарихи деректердің түркі халқының тарихи санасындағы жалпылама үлгісін ол паш еткен сыңайлы. Нақтырақ айтқанда, оның басқа де еңбектері сақталған болса, осындай мотивпен құрылған болар еді.

Әрине, біз өз тарихшыларымызға қашанда екі тұрғыдан баға бере аламыз. Бұл ұстаным қазіргіше айтқанда, сыни ойлау ұстанымымен байланысты. Егер де, біз, өзіміздің өткенімізді тек қана мақтаныш пафостары арқылы баяндасақ, белгілі бір уақыттарда оның шынайы келбеті ашылып қалады. Сондықтан, көп жағдайда қайталай беретін еуроцентризмнің кейіннен түркіцентризмге айналып кетпеуі тарихи әділеттілікті талап етеді.

Түркілер туралы көптеген әрқилы аңыздар бар. Орта ғасырлардағы ұлы ойшылдардың бірі, тұңғыш филолог, «Диуани лұғат-ат-түрі» еңбегінің авторы Махмуд Қашқари түркілерді ержүрек, жауынгер, әрі өте көрікті, әділетті, мейірбан жандар деп суреттейді, Адамдық болмысында жақсы қасиеттердің басым екендігін баяндайды. Ойшыл пікірінің тарихи деректер де, кейінгі қол жеткізген әлемдік жәдігерлеріміз де растайды. Түркілер өздері үстемдік еткен жерлерде жауыздыққа бармай, халықтың тұрмысын жақсарту мақсатын ұстанған. Түріктер, енді бір мәліметтерде түркілер Табиғатты ерекше құрметтеген, наным-сенімдері де соған сәйкес болып келеді. Өз кезегінде, бұл айтылғандарды басқа да түркілік әлемді зерттеуші ғалымдар жан-жақты дәйектейді. Мәселен, Альфред Вебердің пікірінше, көшпелі өмір кешкен ортаазиялық халықтар төрт дүниеге түрлі жорықтар жасап, басып алған жерлерінде қаһармандық пен өмір философиясы жайлы жыр-дастандар туғызды. Дүниенің алдамшы екендігін, қауіпқатері мол дүниеде өмір кешудің жалғандығын жан-дүниелерімен сезініп, өркениетті дамытуға өлшеусіз үлес қосты. Оның ішінде,, бүгінде ұлы даланың жеті қырына баланып жатқан жылқыны қолға үйрету, соғыс тактикасы, қылышты ойлап тауып, соғыста арбаны пайдалануы, т.б. барлығының маңызы бүгінде де дәріптелуде.

Түркілер, олардың ішінде ғұндар тайпасының ержүректілігін, сауыт-саймандар мен соғыс қаруларын жасауда өте өнерлі екендігін еуропалықтардың өзі де ерекше айтады.

Өзіндік мазмұны мен мәдени-тарихи құндылықтары терең маңызға ие түркілік өркениет – дербес, мәдениеттің ерекшесипаты мен даму тарихына ие, дүниені танудың түрліше әдіс-тәсілдері бар құрылымдық жүйе. Қазір жетпіс жыл бойы бодандықтың құрсауында болып, ұлттық негізімізден айырыла жаздаған халқымызды жастарының 1986 жылғы желтоқсанның ызғарлы күндеріндегі азаттыққа деген ұмтылысы бір серпіліп, тіуелсіздігімізге қол жеткізсек, өткенімізді ұлықтап, тәуелсіздігімізді баянды етуге сүбелі үлес қосатын көптеген ұлы тұлғаларымыздың шығармашылығы өз кезегінде ұлттық құндылықтарымызды, рухани-мәдени дәстүр-салттарымызды дәріптеуге үлкен мүмкіндіктер жасауда.

Ендеше, біз зерттеу тақырыбымызға байланысты өзіндік ұсыныстарымызды былайша тиянақтап бере аламыз.

1. Түркі, кейіннен, қазақ халқының төл дүниетанымымен сабақтасқан өзіндік ілімдерінде адам мен табиғат жүйесіндегі экологиялық ахуалдарды шиеленістірмеу жағын жіті қарастырған. Мәселен, Шыңғыс хан өзенге кір жуғандарды өлім жазасына кесетіні туралы өзіндік бұйрықтарын жариялаған еді. Осы тұста, белгілі отандық философ-ғалым, қазақтанушы Ж.Ж.Молдабековтың сезімдік байыптауларын мысалға алуымызға болады: «Қазаққа туған жердің мал-жанымен қатар торғайы да сүйкімді көрінеді. Оған құндылықтың бәрі де бірдей. Оның ыңғайға деген құмарттығы оңды жағдайда артты, сол жағдайға бейімделуінде өсті [44,59б.]. Бұдан шығатын түйін:

«Таң мезгілі еді – дей салқыны.

Есіп азаптай айды бозартқанда» [9,26б.],-деп толғанған Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыз да өзінің сайын даласына деген сүйіспеншілігін эмоционалдық тұрғыдан толғана отырып, әрбір арайлап атқан таң туралы өмір мәні туралы толғауларын түркі халықтарындағы ой-толғамдармен өзара сабақтастықта жырлағандығын көреміз. Шамамен VIII-IX ғасырларда өмір сүрген түркі-қыпшақ немесе оғыз-қыпшақ ойшылы данагөй Қорқыт бабамыз да таң уақыты туралы осы сарында: «Көкте бозторғайлар шырылдағанда [43,39б.], - деп толғайды.

Зерттеуші Арнольд Тойнби номадтық өмір сүру туралы айта келіп, көшпелілердің табиғаттан тартқан азаптарының да көп болғандығын, даланың қыр-сырын білу жолында уақыттың құлы болғандығына тоқталып, көшпелілер мен отырықшы қауымы арасында келіспеушіліктердің туындауына көптеген себептердің болғандығын айта келіп, «Сондықтан көшпелілер тарихи оқиғаларға осылай айбарлы тартылғандықтан, оларды тарихы бар қауым деуге болмайды» [45,13б.], -деп жазады.

Дегенмен, Орта Азияның кең-байтақ даласында көшпелі өркениет өз бойына дала мен қала мәдениетінің ерекшеліктерін сіңіре отырып, ұштастыра дамыды. Осы негізде ұштаса байланысқан «Дала өркениетінде» көшпеліліктен отырықшылыққа, даладан қалаға айналып, тайпалардың ортақ мемлекетке айналуы тарихи заңдылық екендігіне тоқталып, түркілерді тарихы жоқ халықтар санатына қосады. Ал, ұлы даланың ұлы перзенттерінің бірі Л.Н. Гумилев болса, түркілердің ел басқару мен әскер жүйесі тіпті Иран, Үндістан, Қытай секілді алпауыт мемлекеттерден кем болмағандығын, ішкі-сыртқы қарым-қатынаста рухани мәдениет пен дүниетанымды дамытуға ерекше назар аударғандығын атап өтеді және «Сондықтан да, өздерін қоршаған ұлы көршілерінің ортасында шаңырақ көтеріп, жерін, елін қорғап, Түрік империясы көп ғасырлар үстемдік еткен. Осы күштілігінің нәтижесінде, Қытай сияқты көршілерін батысқа қарай ұмтылуына тойтарыс беріп отырғанына тарих куә. Бұл түріктердің көршілерінен кем дамымағанын көрсетеді» [26, 5б.] – деп түркілер турасындағы жоғарыдағыдай пікірлердің терістігін дәлелдейді.

Осындай тарих философиясындағы пікірлерді еліміздегі Д.К.Кішібеков сияқты бірқатар көрнекті ғалымдар орнықты тиянақтап береді [46, 48 б.].

2. Мұхаммед Хайдар Дулатидің бір ерекшелігі – ол түркілік дүниетанымды зерделеудің ұтқыр тұстарын олардың өткен тарихымен және поэтикалық сарындарымен тығыз байланыстыра алды. Мұндай үрдіс–жалпы алғанда, ғылыми емес болса да, көнеден қалыптасқан үдеріс. Ол әрине, бүкіл түркі тарихын түгелдей дерлік меңгерген аса данышпан да емес шығар. Бірақ ол өткен мен болашақты және қазіргіні байланыстырудың өзіндік бір үлгісін жасап берді. Жоғарыда айтқандай, тарих философиясының ізденістерінде жасырынған айғақтар, кейіннен, адамзат болашағының дамуындағы ұлттар мен ұлыстардың өркендеуіне игілікті және кері ықпалын да тигізуі ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда, неміс ойшылы Георг Вильгельм Фридрих Гегельдің бүгінгі ақылға сыйымды нәрсенің ертең ақылға сыйымсыз болатындығы, себебі, оның бойында әуелден-ақ ақылға сыйымсыздық бар екендігі, ал бүгінгі ақылға сыйымсыз нәрсе ертең ақылға сыйымды болып шығатындығы, өйткені, оның бойында әуел бастан ақылға сыйымдылық бар екендігі туралы пікірімен келісеміз.

3. Ол түркі даласының тұтастық дәуірі мен ұлттар мен ұлыстардың дифференциалануы кезеңінде өмір сүргенмен, өз елінің өмір сүру бағдарларының жаршысы да бола білді. Біз қазіргі заманда баяндап жүрген Абай атамыздың қазақ халқының әлеуметтік сыншысы ретінде қабылдануының бастаулары немесе алғышарттары осы Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінен бастау алатын тәрізді. Ол өзінің «Тарих-иРашиди» шығармасында түркілік өркениетке айтар сынын батыл жеткізді. Біз оны былайша тиянақтап көрсете аламыз:

- тарихи айғақтар тек өмірлік өткіншілік қана емес, ол – болашақұрпақтар сабақ алатын үлгі іспеттес.

- ол Алтын Орданың ыдырау себептеріне талдау жасамайды, әйтсе де, сол дәуірдегі ойшылдар мен ел билеушілердің сыртқы және ішкі саясатын түсіндіріп берген өз дәуірінің ойшылы;

- осыдан туындайтын мәселе – ол сарай ақыны тәрізді тек мархабатты өмір сүрген жай ғана теоретик емес, өмір көрген, елі мен халқының сол кезеңдегі тарихи тағдырын баяндауға тағайындалған тұлға деуімізге де болады;

- ойшыл тарихты барынша бейтарап түрде баяндауға тырысады, әйтсе де, қоғамдағы зұлымдық пен әділетсіздікті назарынан тыс қалдырғысы да келмейді. Мысалы, ойшыл өзінің «Жаһаннаме» еңбегіндегі 939 бәйітінде өзінің ой-толғанысын онтологиялық деңгейде бағамдаса, мұндай философиялық дүниетаным қазіргі заман немесе Қазақ хандығы тұсындағы ойшылдардың пікірлерімен де үндесіп отырады. Мәселен, түркі ойшылы Омар Хайям өмірдің осындай маңызды тұстарын батылырақ айтқан еді:

«Сұм тағдыр!

Сұмырайларға нан бересің,

Су мен жер, үй, салтанат, сән бересің.

Бір үзім нанға зар боп жүргендер көп,

Алмаған адал жанда бар ма еді өшің?»[47].

Омар Хайям еңбектерінен романтика мен мифологиялық сарындар аса байқалмайды. Дегенмен, сол дәуірдегі оқиғалар мен адамзат өміріндегі шатшадыман экзальтациялық өмір мен трагедияларды жырлаудан да қоғамның даму бейнесін көруге болатындығы күмәнсіз.

4. Түркі философиясы мен ой-толғамдары, диалектикалық негіздемелерге сүйенсек, үздікті-үздіксіз түрде өрбіген сыңайлы. Бұл мәселе туралы ойымызды былайша жинақтап бере аламыз.

Үздіктілік, жалпы алғанда, тарихи сананың үздіктілігі ғана емес, әр түрлі тарихи оқиғаларға баға берушілердің қиынды қисындырған дәйектемелері болуы ықтимал. «Тарих немесе ұлт тағдыры қалайша қиылып қала алады?» деген сауал бәрімізді алаңдатады. Ал, үздіксіздік тереңнен тамыр тартады. Бірақ біздің бұған да екі түрлі көзқараспен қарауымызға болады. Неліктен, отандық ойшылдардың жазбалары бойынша, тарихтың үзіліп қалғаны біз үшін күмәнді ұстаным. «Тарих-и Рашиди еңбегіндегі» тарихтың үздіксіздігі туралы мәселеге біз келесі тарауларда тоқталып өтетін боламыз.

«Үздіксіздік» дегеніміз не? Бұл сауалдың қазіргі таңда қойылып отырған мәселеміздің өзектілігіне байланысты өзіндік масштабтарын құрып алуымызға болады. Әрине, бүгінгі таңда аса өзекті болып отырған «Мәңгілік Ел» идеясының тұғырына элеуметтік философия тұрғысынан шолу жасауымызға тура келеді. Жалпы алғанда, үздіксіздік, ұлттар мен этностарға қатысты алғанда, шексіз бір абсолютті идеал мен мұраттардың және ғылыми мүлтіксіз дәйектемелердің жиынтығы емес. Түркі даласындағы ойшылдардың немесе одан кейінгі жыраулар мен ертекішілердің руханиятындағы сабақтастық ұлтымыздың рухани дамуындағы үздіксіздікті дәлелдеп тұрғандай болады.

«Егер Мұхаммед Хайдар Дулати осы тарих пен өзінің өнегелік үлгілері туралы еңбектерін жазбағанда немесе ол шығармалар жойылып кеткенде, қалай болар еді?» деген сауалдың өзі трагедиялық көңіл сезімін туғызады. Данышпан ойшыл өзінің идеялары мен дүниетанымын екі бағдарда айшықтады. Оның еңбектері біріншіден, сол дәуірдің тарихи куәсі болуымен өлшенсе, екіншіден, тарихи мұралардың сабақтасуына да негізделеді.

Зерттеуші, Мұхаммед Хайдар Дулати қоғамдық қорының директоры Мұхтар Қазыбек ойшылды әл-Фарабиден кейінгі түркі жұртына ортақ жан-жақты дарын иесі ретінде бағалап, оның еңбектерінің ана тілімізге аударылып, ел игілігіне ұсынылуын тарихи оқиға, ғылыми жетістік деп санайды [48,56.].

5. Түркі даналығы қашанда тарихи шындықты насихаттауға және оның шынайы келбетін бағамдауға ұмтылды. Қазіргі ғылым философиясындағы дүниетанымды ғылыми, ғылыми емес, көркемдік таным деп ажыратқан пікірлерді басшылыққа алсақ, түркі-қазақ халқы ой-санасында қашанда көп жағдайда үшеуі қатар жүріп отырғандығының куәсі боламыз. XX ғасырдағы постпозитивизм ағымының көрнекті өкілі Пол Карл Фейерабенд баяндағандай, бұндай «рациофашизмге» жол бермеу керек. Әлемді тануда дін, миф, ғылым барлығы иерархияға қойылмайтындай қатар тұруы тиіс.

Мұндай ұстанымды біздің ата-бабаларымыз ресми емес түрде болса да, жетік меңгерген сынайлы. Сондықтан, олардың идеялары мен құндылықтық бағдарлары осындай үш тарапта өрби түсті. Мифологемдер таза сапалы болмаса да және ақиқатқа тура сәйкес келмесе де, түркі ойшылдары олардың ара-жігін ажырата білмеді деп айта алмаймыз. Түркі мифтерін зерттеуші және қазақ халқының аңыздарын зерделеуші Серікбол Қондыбай деректерге аса көп сүйене бермесе де, өзіндік идеяларын паш етті. Осыған орай, біз, Мұхаммед Хайдар Дулатидің екі масштабтағы еңбектерін талдау барысында оның шығармаларында өзіндік қолтаңба бар екеніне көзіміз жетеді. Түркі философиясын таза рационалистік бағдарға бұрып, одан еуропалық философиядағы парадигмаларды іздеу – қазіргі таңда адасу екендігі белгілі жайт. Сондықтан да, түркі өркениетіндегі, оның ішінде, руханияттық дамуындағы сабақтастықты паш ету аса маңызды түйткілдердің бірі болып отыр.

Заман ауысқан сайын ғылым мен білімнің парадигмалары да өзгере түседі. Бұл тұста, қазіргі саяси сахнадағы белсенді және ықпалды мемлекеттердің тарихы мен тарихи тағдыры маңызды мәселе емес, өйткені, XX ғасырдың орта шенінде пайда болып, кейіннен әлемдік өркениет мәдениеті саналған постмодернизм ағымы бұған куә бола алады.

Біз Дулати мұрасын зерттеу барысында оның шығармашылығындағы сабақтастықты таразылайтын болсақ, қазіргі постмодернистік сарындар мұндай үдерістерді жоққа шығаратындығы жасырын емес. Дегенмен, постмодернизм біздің соңғы тарауларымызда талдап көрсететін немесе айналып өте алмайтын мәселе.

Адамзат эволюциясындағы түркі дәуіріндегі тарихи тұлғалар және олардың адамзат өркениетіне қосқан үлесі Дулати сынды тұлғалар арқылы сақталады деген идея әлдебір пафостық немесе романтикалық сарындардың түйіндемесі емес, ол «өткен-қазіргі-болашақ» тарихтың шынайы келбеті.

Осыдан «Неліктен орта ғасырдағы араб-мұсылмандық дәуірде түркі даласынан да ойшылдар легі қалыптасты?»; «Не себепті олардың еңбектерінде тарихи оқиғалар құрылмады?»; «Тарих тегершігіндегі сабақтастықтың бізге ғылыми айғақтар арқылы жете алмай қалуының себебі не?» деген сияқты нақты логикалық сауалдар туындайды.

Бірінші бөлімшеде көрсетілгендей, тарих философиясы ұлттық саланы дифференциациялай бермейді. Сондықтан, әлем дамуы тек тарихпен өлшенбегендіктен, орта ғасырдағы түркі ойшылдары мен одан кейінгі сабақтастық тек әлемдік тарихты зерттеуші еуроцентристік негізде жазылды және оның бір өкініштісі – мұндай жазбалар адамзаттың жадысында мәңгілікке ұмытылуы да ықтимал.

Ал тарихты жазу немесе оның шынайы келбетін ашу тек түркі халықтарының ғана емес, басқа халықтардың да рухының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Осыған орай, тарихи шығармаларды өзге ұлттар тарапынан жойып жіберу бір кездердегі немесе әрқилы дәуірлердегі саясатқа байланысты тиімді болған шығар.

Саяси сахнада қазіргі таңда тәуелсіздігіміздің тұғырын иеленген сәтте, өткеніне үніліп, ретроспективті бағдар ұстанатын, реэтнизацияға беталыс алған, «Рухани жаңғыру» стратегиясын бетке ұстанған қазіргі таңдағы жергілікті ұлт – қазақ халқы өзінің ұлттық кодын әлемге жариялап қана қоймай, дәуірлер сынына төтеп берудің қауіпсіздігін арттыруға бел буған.

Түркі ойшылдарының философиясы әрбір кезең сайын жаңғырып та отырды. Бірақ басты субстраттар сақталып, суперстраттар ғана жаңаруға бет бұрды. Әрине, ол замандарда «инновация» түсінігі болған жоқ. Сондықтан да, біздің ойымызша, кейіннен, әлемде болып жатқан әрбір жаңалық еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайтындай болып көрінді. Мұны Еуропадағы Қайта өрлеу дәуіріндегі ғылыми төңкерістерге ере алмауыздан-ақ байқауға болады.

Көне түркі ойшылдары сияқты Мұхаммед Хайдар Дулати де өзіндік ақиқат идеяларын ашық білдірді. Оның еңбегіндегі тарихи толғаулар әлдебір соғыстар мен кикілжіңдердің тізбегі емес, оларды бірінші тараудың екінші бөлімінде баяндағандай, объективтілік тұрғыдан қарастыруымыз қажет.

Кең-байтақ дала төсінде өмір сүрген ата-бабаларымыз көшпелі өмір тұрмысында жүріп-ақ, киіз үй де тұрып-ақ, тұрмысқа, игілікті түрде құрылған ұлттық құндылықтарын қалыптастырды. Табиғатқа деген ерекше құрмет пен наным-сенім өмір құпиясы мен жаратылыстың сырын өздерінше тануға әкелді.

Кез-келген ұлт пен халықтың ойлау жүйесі ұлттық дамуында өзіндік орны бар, сүбелі үлес қосқан тарихи тұлғаларының есімімен тығыс байланыста болатыны дәлелденген ақиқат. Алайда, көп жылдарға созылған отаршылдық түрлі мәдени мешеулікке соқтырғаны жасырын емес. Еліміз егемендігін алғаннан бастап, өткен тарихқойнауына бойлап, мәдени-рухани мұраларымыз бен ұлы ғұламаларымызды түгендеп, ұлттық мүддемізді қорғауға ұмтылудамыз. Тек жекелеген ұлтымыз емес, әлемдік мәдениеттің, жалпы өркениеттің бастауы бола алатын асыл мәдени жәдігерлерімізді жаңаша мазмұн, мақсаттар тұрғысынан зерделеп, жан-жақты зерделеудеміз.

Ғылыми философиялық тілде атап өтсек, бұл беталыс тек ұлттық бірегейлікті сақтауға деген ұмтылыс емес, эволюциядағы қандай ұлттар мен ұлыстардың жойылуы тиіс және тиіс емес деген онтологиялық сауалдарға келіп тіреледі. Осындай ұғымды пайымдаулар түркі даласындағы ойшылдардың еңбектерінен, оның ішінде, біз қарастырып отырған тақырыптардан тамыр тартады.

Мұхаммед Хайдар Дулати әрине, кәсіби еуропалық параметрлермен өлшенетіндей философ емес, бірақ та ол түркі даласындағы данышпан ретінде өзіндік түйінді ойларын паш етті. Себебі, тарих пен адамзаттың өткені оны үнемі толғандырды. Сондықтан да, ойшыл эпсаналарды жинақтайтын шежіреші ғана емес, заман шындығын әйгілейтін тұлға ретінде тарихта қалды. Мүмкін ол, өз заманы тұрғысынан ғана ақиқатты дәйектеген шығар, дегенмен, тарих пен өмір туралы толғаныстарды ол жазба мәдениет негізінде ұсынды.

«Көшпелінің қозғалысы уақытпен үндес. Ал философияда уақыт дегеніміз – қозғалыс. Бұл қозғалыс – кеңістік ішінде ритммен жүйелі қайталанып отыратын қозғалыс. Кеңістіктегі қозғалыс – уақытты мәдени-тарихи мазмұнмен толықтыратын, дала өркениетінің бастауы. дала өркениетінде көшпелі кеңістікті кезді, кеңістікке енді, кеңістікте өсіп өнді. Дала өркениетінде төзімділік пен рух, мал мен егін шаруашылығы бірін-бірі толықтырды, өздерінің тиімді деңгейін қалыптастырды. Содан көшпелілік дала табиғатының әрқалай ауа райлық ортасына лайықты жинақы да орнықты арнасын таба түсті» [46, 146.],-деген пікірлерге байланысты түркі жұртындағы ойшылдар толғауларының мәні мен маңызын және олардың философиялық толғауларының астарын түсіну қиын емес.

Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһаннаме» дастанынтиянақтап сараласақ, кейінгі түркі дәуірі мен қазақ халқының жырауларындағы толғаулардың сарындары анық байқалады. Ол кезеңдерде Омар Хайям заманындағы «Рубайлар» деп аталған жолдардың бастапқыда ұйқастық-симфониялық жүйесі нақты құрылмаса да, кейіннен, жыраулық поэтикалық сарындармен өмірмәнділік философиялық толғаулардың шартын құрағандығы сөзсіз немесе олардың екі жоспардағы, екі кезеңдегі үндестігі мәдениеттер сұхбаттастығы арқылы дамып өрбігендігі туралы да болжамдар жасауымызға болады.

Өйткені, тарих қашанда бірізді болмайды немесе әлем мойындаған заңдылықтарға бағына бермейді. Бірақ ғылыми тұжырымдамалар мойындаған ақиқат, қазақ халқы айтқан «қандастық» ұғымы, қазіргі ғылым тілі мойындағандай, генетикалық туыстық ілім.

Қазіргі таңда лингвист ғалымдарымыз баба еңбектеріндегі тілдік туыстықты зерттеп, кейінгі қазақ тілімен ұйқас келетін тұстарын ашып беріп отыр. Ал кейбір журналист мамандар тілдік сабақтастықты көне зооэризм сеніміндегі «Авеста» кітабымен байланыстырады[50,56.].

Бізкөне дәуірдегі түркі ойшылдарының тағылымдарының негізгі бағдарларының бірі ғана емес, сабақтастық идеясының үздіксіздік қағидасы іспеттес екендігін байыптай аламыз. Дегенмен, түркі-қазақ халықтарының дала философиясы мен діни сенімдері Гегельдің «Тезис-Антитезис-Синтезис» үштігіне де ұқсас деуге болады. Тезисті бастапқы нұсқа ретінде қабылдасақ, біздің халқымыздың көне дәуірдегі алғашқы діни сенімдері осы тезистік кеңістікке сәйкес келеді. Ал антитезистер – кейінгі сенімдер, атап айтқанда, исламдық сенімнің көне дәуірдегі діни сенімдерді жоққа шығарып, өзінің тарих сахнасындағы үстемдігін жариялауы.

Сонымен қатар синтезис ислам діни мен көне дәуірдегі алғашқы діни сенімдердің бірлігін қалады. Осыдан қазіргі қазақ қоғамында өткен мен болашақтың бірлігін қалайтын, діни сенім аумағында өзіндік келісімді, зайырлы үлгіні құптайтын беталыс туындады. Егер Дулатидің діни философияға көбірек жүгінетіндігін немесе Ясауидің сопылықты уағыздайтындығын және тағы басқа факторларды негізге алсақ, ол сол

дәуірдің көрнекті туындылары болғандықтан, әрбір идея мен тарихи пікірлер алдымен алланың атауымен басталуы тиіс болған.

Бұл діни философияны немесе фанаттықты басты орынға шығару емес, өзінің идеясы мен ғылыми ой түйіндерін халықтың тарихи жадысына жеткізудің, әрі сол дәуірдегі көне түркі жұртшылығының ақпараттарды оңтайлы қабылдауының бір тәсілі де болған шығар. Немесе, тарих тегершігі мен адамзат эволюциясындағы діни сенім форматтары қашанда басты орынға шыққандығын ескерсек, біздің бабаларымыздың да мұндай тағдырдан тыс бола алмағандығы туралы пайымдауымызға болады. Түркі даласындағы ойшылдарымыз кейде дін философиясына жуықтайтын, кей сәттерде діни философиямен келіп тоғысатын түйінді ойларын паш етті. Ал кей сәттерде, еркін ой санаға негізделген идеяларын да ұсынып отырды.

Дулати –өз заманының ойшылы. Ол тарихи мұрағаттар мен ділдің сабақтастығын арнайы ойластырмаған да шығар. Дегенмен, оның дүниетанымы мен өмірі шынайы өмір туралы тақырыпты қозғауға ұмтылдырды. Оның тұлғалық келбеті келесі бөлімшелерде толығырақ ашылады.

Түркі жұртының ойшылдары, бір қырынан алғанда, руханияттық кеңістіктің тағдыры тағайындаған тұлғалар іспеттес болса, екінші бір қырынан алғанда, дала данышпандарының өзіндік ойтүйіндерімен қабысып жатыр. Ал үшінші жағынан, түркілік өркениеттің нағыз көрінісін айшықтай алады.

Түркілік өркениеттің ұлы тұлғаларының әрбірі де шығыстық мәдениеттен нәр алып, әдеби тілдің нормаларын өз толғамдарын жеткізуде сәтті қолдана алды. Осы себепті де, олардың шығармаларының баяндау мәнері, жеткізілу сарыны жатық, еріксіз елітіп, сезімге берілтеді» [51,99б.],- деп тұжырымдалған пікірлер осының айғағы. Болмаса, бұл турасында түркітанушы ғалымдардың ортақ пікірлері түркілік мәдениеттің, өркениеттік дамудың бүкіл адамзаттық дамуда маңызды екендігі, әлемдік мәдениетке үлкен үлес қосқандығына ойысады [51,93б.].

Қорыта айтқанда, түркі даласындағы ойшылдар тек өз заманындағы кемеңгерлер ғана емес, келер ұрпаққа өнегелі істерімен танымал болатын тұлғалар ретінде тарих санасында қалады. Сонымен қатар, біздің халқымыздың даналығында тек сол дәуір ғана емес, өткен мен келешекті болжамдайтын көріпкелдер мен софизмді де игерген ойшылдармен сабақтастық таныта алады. Мәселен, XIX ғасырдағы қазақ даласында өмір сүрген «Зар заман ақындары» деп аталған ойшылдар тек сол кездегі қазақ қоғамының тарихи келбетін жариялаушылар ғана емес, болашақтың үлгісін, әсіресе, руханияттық бейнесін болжамдап берушілер ретінде танымал болған. Олар өткен мен болашақтың бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін осы дүниенің ақиқат бейнесі екендігі күмәнсіз.

Сонымен қатар, түркілік рухани құндылықтардың өзіндік ерекшеліктерін былайша жіктеп көрсетуімізге болады.

Біріншіден, қазіргіше айтсақ, ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық кодты сақтау көне заманнан бүгінгі күнге дейін жалғасқан формат және солай болуы тиіс.

Екіншіден, түркі халқы тарихында этикоцентризм тек идеологиялық емес, нақты тәжірибелер бойынша жүзеге асты. Мәселен, билер немесе ауылдың ақсақалдар кеңесі дәстүрді сақтамайтындарды жазаға тартып отырған.

Үшіншіден, рухани құндылықтар жүйесі қазіргі ғылыми әдіснама негізінде тарихилық қағиданы сақтаған. Ол ауызша және жазбаша тарихи ақпараттар арқылы жүзеге асып жатты.

Төртіншіден, түркілік рухани құндылықтар ғұн-сақ заманынан жалғасып, одан кейінгі көне түркі жазба ескерткіштерімен сабақтасты, одан соң Дулати сынды ғалымдар тарихи айғақтарды анықтап берді, Отырар кітапханасында өртеніп кеткен кітаптар да – біздің рухани байлығымыз. Яғни, түркі халқында тек ауызша мәдениет қана емес, жазбаша тарихнама болғаны анық және түркі әлемі адамзатқа әйгілі ғұлама тұлғалардың отаны болғаны айқын деп қорытамыз.

1.3 М.Х. Дулатидің тұлғалық болмысы мен дүниетанымының жалпы сипаттамасы

Кез-келген халықтың дербес тарихы, мәдениеті мен пәлсапасы, өмір салтынан туындаған салт-дәстүрлер жүйесі болады. Халқымыздың да өзіндік философиялық дүниетаным кеңістігі күрделі де қауіп-қатерлі даму тарихымен үндесіп жатыр. Әрине, философия кез-келген ұлттың өркениеттік дамуымен тығыз байланысты. Белгілі бір ұлттың ұлы перзентінің қай-қайсысы болмасын ұлттық ойлау шеңбері мен дүниетаным кеңістігінен алшақ кете алмайды. Ұлы тұлғалардың өмір өнегесі мен шығармашылығында ұлттық ойлау ерекшеліктері, тілі, өмір сүру заңдылықтары, мәдени дәрежесі мен мұндалап жатады. Қайсыбір ұлы тұлғаның шығармаларын алып қарасақ та, ұлттық ойлаудың деңгейін көрсететін, әдеби, өмірмәнділік маңызы терең екендігін бағамдаймыз.

Шындығында, әрбір ұлттың, халықтың ұлттық негізі – танымал ұлы перзенттерімен байланысты. Халықтың ұлттық ойлау кеңістігін қалыптастырып, көкжиегін кеңейтетін де – сол тұлғалары екені хақ. Ұлы тұлғалар өз кезегінде қайсыбір заманда да желден ықпай, ақиқатты ту қылып, өнер мен білім-ғылымды дамытқан, адамдық болмысында имандылықты дәріптептеген, қандай қиын-қыстау уақыттарда да халқының жанынан табылып, халық та бар үмітін сол тұлғалардан іздеген, себебі көпшілік сана болашақты болжау міндетін атқаруға қауқарсыз. Кезінде данышпан ақын Абай: «Қалың елім, қазағым, қайрат жұртым, Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың»[52, 49б.], -деп қамкөңіл болғаны да жайдан-жай емес. Қазір бодандықтың құрсауынан құтылып, өткенімізді түгендеуге кіріссек те, өткеніміз жайында ақтаңдақ жайттардың ақиқатын айқындап берумен қатар, сол кезеңдердегі мәдени-рухани құндылықтарымыздың даму сипатын,

өркениеттік сана көріністері жайлы баяндайтын тарихи-философиялық мұраларымызды зерттеу, дара тұлғаларымыздың ілімдерін талдау әлі де болса назардан тысқалып келеді.

Шындығында, өткен тарихтың шежіресі, өткен дәуірдің шын ақиқаттары заманның желінен ықпай, айтарын бүкпеген, халқының шын жоқшысы болған ұлы ғұламалардың көркем шығармаларында жатыр. Мұндай мәдени жәдігерлерімізде өткен тарих шежіресі қана баяндалмай, оған қоса, тарихпен ұштасып, тоғысып жататын дүниетаным иірімдері, философиялық таным, салт-дәстүр жүйесі, батырлық пен сұлулық, тағы да басқа эстетикалық сезімдер толы болып келеді. Бүгінде, әлемдік өркениетке жалтақтап отырған ұлттық дамуымызға осыларды ой елегінен өткізіп, пайдалану қажет.

Тәуелсіз мемлекет атанып, бостандық таңы атқаннан бастап, өткен тарих қойнауына тереңдей еніп, ұмытыла бастаған мәдени мұраларымызға, тарихи ескерткіштерімізге, жәдігерлерімізге қозғау салынып, тағылымдық қырларын айқындап, жан-жақты зерделеу мақсатында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылуда. Әсіресе, елімізде қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміздің алтын қорын молайтып, рухани ескерткіштеріміздің жұмбақ сырларының ашылуына мол мүкіндіктер берді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өткенімізді ұлықтау мақсатын ұстана отырып, ұлттық мәдени-тарихи құндылықтарымызды сақтап, өскелең ұрпаққа жеткізу, өткен тарих теперішін көрген мәдени мұраларымызды жіті бағамдап, мұқият зерделеу – елімізде жүзеге асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасының негізгі ұстанымы мен қағидаты екендігіне тоқталған болатын [53].

Бұл тұрғыдан алғанда, халқымыздың тұңғыш тарихшысы атанған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» туындылары маңызды рухани мұралар болып саналады.

Тарихи мәліметтер мен ортағасырлық еңбектерге сүйенсек, өз заманының білгір қолбасшысы, алғашқы тарихшы, ғұлама М.Х. Дулатидің азан шақырып қойған есімі Мырза Мұхаммед Хайдар ибн Мұхаммед Хусейін ибн Мұхаммед Хайдар Дулати болған екен. Ойшыл 1499 жылы Ташкент қаласындағы Ұратөбе деген жерде дүниеге келген. Ата-бабасы текті шонжарлар тұқымынан шыққан. Есімінің өзінен-ақ, ғұламаның ежелгі дулат тайпасынан шыққандығын айғақтайды. Әкесі де ел билеуші болғандықтан моғолдар мен өзбек хандықтарының арасындағы шайқастардың бірінде Амударияның суына батырылып өлтірілген. Өйткені, өте қауіпті адамдардың бірі деп саналған. Ал, шешісі туралы дерек жоқтың қасы. Міне, әкесінің осындай өлімінен кейін, әкесінің сенімді қызметшілері кішкентай Дулатидің тағдырына алаңдап, оны аман қалып үшін, сырт мемлекеттердің біріне қашырып жіберуді ойластырады. Ойласа келіп, ойшылдың бөлесі, сол кездесі атағы жер жарған Үндістан мемлекетінің билеушілерінің бірі, атақты «бабыр-наме» еңбегінің авторы Бабырдың қолына жіберуді дұрыс деп табады. Бұл кезде Дулати тоғыз жаста болған. Шешесінің туған сіңлісі Хұб Нигерден туған бөлесі Бабырдың қолында ойшыл төрт жыл болады. Бұл тұрғыда, ойшылдың ғұламалық қалыптасуына, сөз күдіретінің шексіздігін танып, өз бойына даруына, ел

билеу ісінде ысылып, білгіл қолбасшы ретінде қалыптасуына, басқа да адамдық тұрғыда жетілуіне Бабырдың өлшеусіз үлесі болғандығын бізге дейінгі дулатитанушы ғалымдар да мойындап, дәлелдейді.

Ал ойшылдың өзі «Тарих-и Рашиди» еңбегінде ұлы Бабырдың қамқорлығын бір сәт те есінен шығармай, «Патшаның маған деген қамқорлығының арқасында мен басымнан өткен ауыр күндерді есіме алуыма да уақытым болмады» [5,12б.] - деп тебіренеді.

Бұл жерде, ұлы Бабырдың да сөз өнеріне өте құштар болғандығын, адамдық тұлғасы ізгілік пен мейірбандылыққа толы болғандығын ерекше айтып өткен жөн. Парасат-пайымы жоғары Бабыр Дулатиді үнемі қасынан тастамай, атқа мінудің, соғыс өнерінің қыр-сырына қанықтырады. Әрине,, бүгінде біздің қоғамға жетіспей жатқан тектілік пен кісіліктің үлкен мектебі, тарихи тағылымы осы десек, артық айтпағанымыз. Бабыр секілді еліне шын қамқор болған, жан-жақты білімдар, текті тұлғаның жанында жүріп Мұхаммед Хайдар Дулати халықпен етене болуды, оның тағдырына алаңдап, қамқор болуды түйсінеді. Әкесінің сенімді адамдары арқылы аман қалған Дулати жанашырлықтың қадірін, ел билеу ісіне араласу арқылы тектілікті бойына дарытып, қарапайымдылықтың нар үлгісін сіңірді, адами қарым-қатынас жасауды үйренді, бұл оның терең сана-сезімінің қалыптасуына ықпалын тигізді.

Бабыр секілді текті тұлғаның тарихи тағылымы мен тумысынан бойына сіңірген қабілеттері нәтижесінде Дулати де Саид ханға ұзақ жылдар адал қызмет етеді. Хан да ойшылға әскері мен хан ордасындағы істерді түгелімен тапсырады. Дулати Бадахшанға, Кәпірстанға, Кіші Тибетке жасалған шабуылдарда қолбасшылық қасиеті тіпті дараланады. Бұл жылдары ұлы Бабыр қайтыс болып, ендігі жерде Дулати сол өлкеге сұлтан болады.

Мұхаммед Хайдар Дулати сұлтандық шенінде де сырт жауларға шабуылдарды өзі бастап, тойтарыс береді. «Бәрі де басшыға байланысты» деген кішкентайынан Бабыр бойына құйған қағидаға адал болған Дулати үнемі өз істеріне есеп беріп, халықпен санасып отырды. Қоғамның рухани өмірі сол әлеуметтік рухани кеңістікте өмір сүретін барлық адамдардың әртүрлі құндылықтарын жасау, қалыптастыру, дамыту, тарату мақсатындағы қатынастардан тұратыны белгілі. Осыдан келіп, ортағасырлық ұлы тұлға Мұхаммед Хайдар Дулати ақиқатты қоғамның жоқшысы болумен қатар, мәдени құндылықтарға сүйеніп, үнемі тұлғалық өсуде болды.

Тағы да тарихи деректерге жүгінетін болсақ, әкесі ауыр жағдайда өлтірілген ғұламаның балалық шағы да қатерлі, күрделі болды. Бір жағынан жанашыр адамдар мен екінші жағынан туа бітті қайсарлық, тектілігінің әсерінен Мұхаммед Хайдар Дулати халық пен мемлекет қамқоры болып, қарапайым, жоқшылық өмір кешекн халқымен бірге болды, солардың жоғын жоқтап, мүддесін қорғады. Айналадағы қоғамдық өзгерістер мен құбылыстарға да өз тұрғысынан баға беріп, дербес көзқарасын қалыптастырды. Моғол мемлекетінің ел билеушілерінің ұрпағы болған Дулати жастай әке-шешісінен айырылса да, Бабыр мен Саидхан секілді тектілердің

жанында жүріп, тарихи өнегесін көрді, өмірдік ащы-тұщысын талай татты. Елу екі жыл өзі де ел басқарды.

Зерделей отырып, әрбір халықтың таным-деңгейінің негізгі көрсеткіші – мәдениеті, ойшыл еңбектерінің сол замандағы түркілік дүниетаным мен ойлау жүйесінің негізгі сипаттамасы екендігін, өмір сүру әдебін, көшпелі өмір салтын, әлеуметтік-саяси жағдайлардың жеткізушісі, тарихшысы ретінде М.Х.Дулатимен тең келетін тұлға жоқ екендігін пайымдаған[54,73б.] пікірді қаперде ұстай отырып, XVI ғасырдың перзенті Мұхаммед Хайдар Дулати өз заманының тарихын жан-жақты суреттегендігін аңғардық. Ғұлама күрделі де шытырман тарихты кейінгі ұрпаққа қалдыру мақсатында, түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ тарихты философиялық негізде баяндап, мәдени-тарихи құндылықтары туралы «Тарих-и Рашиди» шығармасын жазды. Кітапта баяндалатын әрбір тарихи оқиғаның қоғамдық-саяси маңызын талдап, мүмкіндігінше қысқа қайырып, анық жеткізу, сол оқиғаның мемлекет үшін маңыздылығына баға беру – кез-келгенге бұйыра бермейтіні анық. Осы орайда, Дулати өзінің шебер қолбасшы, дипломат, саясаткер екендігін көрсетті.

Белгілі қазақтанушы, философ-ғалым Жақан Молдабеков өзінің «Рухани тұлғалық – тарихтағы бір алып» деп аталатын мақаласында Дулати өмір сүрген дәуірді философиялық тұрғыда сипаттай отырып: «Бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүрген дәуірдің XV-XVI ғ.ғ. адамзат тағдырының тауқыметі асқынған кезең, рухани жұтаңдықтың дәуірі, билік пен байлық үшін күрес, атамекен жай үшін, сыртқы тартыстың шиеленісе түскен кезі, қазақ мемлекетінің құрылып, нығая бастаған тұсы болатын. Үлкен алыс-жұлыстың, ірі араздық пен табан тіресінің асқынған шағы. Өзі білмес, икемсіз тобыр өмірді де, өнерліні де қор етті. Өмір мен адам мәселесін, әсіресе адам өмірін қайта бағалауға кереғар заманның қыспағы, қолшоқпар адамның надандығы мәжбүр етті, ал тіршілік тынысын кеңейтер қасиеттер ынталандырды. Моғол мемлекеті қарапайым халыққа жәбір көрсетіп, жағдайларының жақсаруына еш мүмкіндік бермеді. Дұрыс емес әрекеттер үстем болды. Әділетсіздік, сатқындық, көреалмаушылық сияқты болмыстың құпияларын білген сайын, Мұхаммед Хайдар Дулати мемлекетті басқарудағы әрекеттер мен заңдылықтардың қыр-сырларын соғұрлым аша түсті»деп жазды [55, 182-183 бб.].

Мұхаммед Хайдар Дулати көзқарастарының негізі шығыстың мәдениетінде жатыр. Шығыстың әдебиетін, мәдениетін ерекше құштарлықпен бойына сіңірген ойшыл ең алдымен қарапайым халықтың мүддесін биік бағалап, адами болмысты жаңғырту туралы ілімді тұңғыш дамытты. Өз шығармашылығында Мұхаммед Хайдар Дулати адам болмысын жан-жақты суреттеп берді, Соның нәтижесінде ойшыл тек қазақ ұлтының ғана емес, бүкіләлемдік өркениеттің ұлы өкіліне айналды. Әрине, жастайынан жетім қалған Дулати кісілігі мен тектілігінің сыры – жақсыдан үйрену мен үлгі алу, оны жалғастыру, кейінгіге өнеге етуде жатыр. Ең алдымен, қара халыққа көмектесіп, қолынан келгенінше қайырымдылық

жасау, мейірім көрсету, өз халқының алдындағы зор жауапкершілікті жан-тәнімен сезіну Дулатидің адамдың болмысын ғана сипаттамайды, сонымен қатар, оның болашақты болжап, тани білетін көрегенділігінің, парасаттылығының қалыптасуының алғышарты болды.

Мұхаммед Хайдар Дулати халқының, жерінің алдындағы міндетін, перзенттік міндетін жоғары деңгейде атқарды. Өзінің Моғол ұлысының ең жоғары тұқымынан шыққандығын есінен шығармай, ұлттық рух пен мемлекетті өзара байланыста қарастырды және өз туындыларында бұл жан-жақты көрініс тапты. азаматтық борышынадал орындай білді.

Мұхаммед-Хайдар Дулати шығармашылығы арқылы түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын саралау мақсатында біз де ойшылдың тұлғалық қасиеттерін саралап, азаматтық болмысында тектіліктен бастау алатындығын зерделеуге жайдан-жай тоқталып отырған жоқпыз. Ойшыл тұлғасы бүгінгіміз үшін аса қажетті тектілік ұғымын, текті адамдардың қандай болуы керектігін айқындап береді. Осы тұста Ж.Ж.Молдабеков: «...Нар қалыпты, әдебі табанды азаматтардың қатары толыққан сайын халық тектілене түседі. Текті орта сыпайы да есті адамның кісілік қасиеттері мен оңды қимыл – әрекетін елеусіз қалдырмаған», - деп, тектілік ұғымына жан-жақты сипаттама береді[55, 200-201 бб.].

Әрине, қазіргі қоғамымыз үшін де, дамудың жаңаша биігіне көтерілген тәуелсіз мемлекетіміз үшін де – адам болмысының құпия сырлары, тектіліктің бастауы, адамның өмір бойы өз-өзін тәрбиелеуі, азаматтық борышты орындауда өмір қағидаларын ұстану міндеттерін зерделеудің зор маңызға ие екені анық. Аласапыран кезеңдер мен қилы замандарды басынан өткерген халқымыздың бүгінгі бейбіт таңы мен әлемдік деңгейдегі мемлекеттер санасатын ел қатарына енуі де – М.Х.Дулати сынды текті тұлғаларымыздың сындарлы еңбегінің арқасы деп санаймын.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі– өткен күндер шежіресін баяндаутын шығарма ғана емес, ауқымды мәдени жәдігер. Өз заманының лебімен тынысын дұрыс танып, көреген көңілімен келешегін болжай білген М.Х.Дулати өз шығармаларында жас мемлекетіміздің тарихына қатысты көптеген маңызды деректерді береді. Бұл өз кезегінде отандық тарих философиясының бірқатар өзекті мәселелерін шешуге сүбелі үлес қосатыны даусыз.

Орта Азияда ғұмыр кешкен басқа түркі тілдес халықтарға қарағанда қазақхалқы күрделі де мазмұнды тарихи дамуды өткерген. Ал, сол тарихты толыққанды зерделеп, тағылымы мен өнегесін кейінгі ұрпаққа үлгі етуде, сол тарихты жасаған ұлы тұлғалар шығармашылығын зерттеу өте қажет., әрі маңызды.

Тоталитарлық жүйенің қысымы мен солақай саясаттың құйтырқы зардаптарын халқымыз түрік, әзірбайжан, өзбектермен салыстырғанда, көп көрді. Егемен ел болып, еңсесін тіктеген соң, да өткен күндер ұлағаты – бүгінгінің баға жетпес байлығы екендігіне байланысты жаңа саясаи-мәдени реформалар жүргізіліп, өз орнымызды белгілеуге ұмтылуымыз да осындай

сыңаржақ пікірлердің әсері. Ешқандай тарихы, өмір сүру салтыболмаған, көшіп-қонып жүре берген ел деп бұрмағанған халқымыздың М.Х.Дулати сынды ұлы ғұламалары мен көркем туындылары арқылы әлемдік деңгеймен таласатын мәдениеті, өркениеттік дамуда болғандығымызды айғақтап бердік.

XVI ғасырда өмір сүрген ұлы ойшыл өзі өмір сүрген заман шындығын, тарихи дамуын сипаттап, түркілік өркениетке өлшеусіз үлесін қосты. Бұл, кейінгі уақытта бірқатар зерттеулерге арқау болып, ұлттық тарихтың өзекті мәселелерін шешу мақсатында әрбір қырынан қарастырылып, тұңғыш тарихшының отандық тарихымызды сипатаған тұңғыш еңбегінің маңызы ғылыми дәйектелуде. Солардың ішінде, жоғарыда айтып өткеніміздей, Мұхаммед Хайдар Дулатидің тұлғалық қалыптасуында өмірлік мектеп болған Бабыр да ойшылдың жас кезінен-ақ қырағы көңіл, зерделі пайымды болғандығын атап айтып, жан-жақты білімдар, Қазақстан ғана емес, Орта Азия, Моғолстан, сондай-ақ, басқа да ірі мемлекеттің тарихын жетік білетін, мәдениетін мойындаған, керегінше сусындаған, әрі кең ойлы саясаткер болғандығын баяндайды. Оның өз заманының ірі мемлекеттерінің тарихы мен мәдениеті туралы көп білгендігі, сара көңілі мен терең пайымы «Тарих-и Рашиди» еңбегінде айқын көрініс табады. Парсы тілінде жазылған кітапта Шағатайхандығы, Моғолстан мемлекеті мен Қазақстанда болған тарихи оқиғалар сөз етіледі. Бұл шығармасында ойшыл көптеген өзінің алдындағы оқымыстылар мен тарихшылардың, атап айтатын болсақ, Жувейни, Рашид Ад-Дин Али Йазди, Абдуразак Самарканди, т.б. тарихи деректері мен мәліметтерін кеңінен пайдалана отырып, өз еңбегінің тарихи анықтамалық ретіндегі рөлін арттыра түседі. Әрі, тарихи оқиғалар желісін баяндауда сөз құдіретін түйсініп, әдеби тіл қуаты арқылы баяндау мәнерімен де ерекшеленеді. Жалпыға түсінікті, әрі шынайы тарихи деректер негізінде жазылған еңбек түркі халықтары тарихының бастауына саналады. Кейінгі уақытта түркі өркениеті, түркі халықтарының тарих, мәдениеттану, философия, мәдениет салалары бойынша жазылған зерттеулерде де бұл еңбек басшылыққа алынып, мәдени құндылығы арттуда.

Ойшыл есіміндегі «Хайдар» сөзі «қайсар, батыл» деген мағынаны білдіреді. Мұхаммед Хайдар Дулатидің өз еңбегін «Тарих-и Рашиди» деп атауы да тегіннен-тегін емес. Яғни, парсы тілінен аударғанда, кітап «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталады.

Кітап кіріспесінде ойшыл хандар тарихын жазу туралы мақсат қойғанымен, бастауға әбден қиналғандығын, Жаратушы иенің шексіз құдіретіне бас ие отырып, кіріспесін жазады.

«Мен тақуалардың жетекшісі, әлем міскіндерінің қолдаушысы, шарифаттың негізгі хикметін және басқа ережесінің білгірі, нақыл да ақыл сөздің данасы Маулана Шарафаддин Әли Йаздидің «Зафар наме» кітабының алғы сөзін жол бастаушым әрі ақ тілекшім болсын деп сөзбе-сөз келтіріп отырмын. Шыңғыс ханнан бастап, Тоғлық Темірге дейінгі моғолдар мен моғол хандарының өмірі тарихи шығармаларда кеңінен жазылған. Бірақ Тоғлық Темірден кейінгі хандар жәйлі еш нәрсе жазылмапты. Дәлірек айтсақ, олар

туралы тарихшылар тек сөз арасында ғана атап өтіп, көңіл аударма бермеген. Сөйтіп мен бұл тарихты Тоғлық Темір ханнан бастап жаздым. Оның да үш түрлі себебі бар еді. Бірінші себебі, Тоғлық Темірден бұрынғы хандар туралы көп жазылғанымен, одан кейінгілері жайында айтылмайды. Осыдан келіп, мен тарихи кітапта жазылмаған нәрселерді қағаз бетіне түсіруге бекіндім. Тоғлық Темір ханға дейінгі белгілі тарихты қайталау «Ефраттың жағасынан құдық қазумен бірдей» еді. Екінші себебі, Тоғлық Темірден кейінгі хандардың салтанаты, мәртебесі ол жеткен өреге жете алмады: Үшінші себебі мынау – моғол хандарының ішінде исламды алғаш Тоғлық хан қабылдады. Соның нәтижесінде ол моғол ұлысын мойнына ілініп тұрған кәпірлік тұзағынан құтқарып қалды. Сондықтан да бұл тарих оның даңқты есімімен басталып, ол хақында жазылмақ» [5, 41 б.], - дей келіп, автор кітаптың кіріспесінде мынадай өзі сипаттағалы отырған Тоғлық Темір ханның ислам дінін қабылдауы, бұған дейін қанша хандар қабылдаса да, ислам дінін дұрыс ұстана алмауы, тек Тоғлық Темірдің ислам арқылы ұлылыққа бет бұруы, осыны өнеге ету арқылы сол уақыттағы Моғолстанды басқарып отырған Әбдірашид ханның құрметіне осы кітаптың арналғандығын баяндайды.

Қажеті не көп сөйлеп, уақыт алып бекерге!?

Хайдар қанша айтса да, ол өзіңе жетер ме?

Әбдірашид шаһыңның өніп-өскен ортасы,

Қап тауынан биік-ті, секілді ойдың ордасы.

Биік сенің, ей патшам, абыройың, мәртебең,

Жеткізе алмай мен соны күйіп-пісем, өртенем [5, 41б.] - дейді.

Дулатиосылайшабұл кітапты жазудағы мақсатына үлкен жауапкершілік береді, соның мүддесінен шыға алмай қалмайын деп зор еңбектенеді.

Сонымен, өз еңбегін автор екі кітапқа бөледі. Алғашқы кітапта Тоғлық Темір ханнан бастап сол кезде тақта отырған Әбдірашид хан туралы, жалпы Моғолстан мемлекетінің ішкі-сыртқы тарихи жағдайы, сол уақыттағы тарихи оқиғалар баяндалып, талданады.

Еңбектің екінші кітабы ойшылдың өз өмірлік тәжірибесі мен дүниеге көзқарасы тұрғысынан сол заманның тарихи жағдайы баяндалады.

Автордың мұндағы мақсаты–адам өмірін зерттеу арқылы халықтың қалыптасу шындығымен сол жолдағы мемлекет басқарушысының рөлін көрсету болғандығын шығарма барысынан аңғарамыз.

Мұхаммед Хайдар Дулати ғұлама ретінде мемлекет үшін тосын апаттар мен басқа халыққа қоқан-лоққы көрсетудің аса қатерлі екендігін, керісінше, ел бірілін сақтаудың қажеттігін ескертеді. Ойшыл әсіресе, «Халық не істеуі керек? Қалай күн көре аламыз? Өмір неге зұлымдықтан тазармайды?» деген сауалдарға үніліп, жан-жақты ой қорытындыларын жасайды. Ұлы данагөйдің ұлы еңбегі арқылы өмір сүрудің қаншалықты құндылығын, дүниенің алдамшы екенін, мәңгі тұрақтылыққа жетудің маңыздылығына жан-жақты тоқталады. Мұхаммед Хайдар Дулати пікірінше, мемлекет қуатты болуы үшін оны басқарып отырған хан-сұлтандардың іскер болуы шарт екендігін олардың атақты болуының да маңызды екендігін талдайды.

Бүгінгі таңда, еліміз еңсесін тіктеген уақытта ұлттық құндылықтарымыздың қай-қайсысының да тарихи бастауы мен даму жағдайы ой таразысынан өтуде. Осыған байланысты қазақ халқы да ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді жете зерделеуде бірқатар нәтижелерге қол жеткізді. Басқа елдер, яғни, орыс, өзбек, түрік халықтары секілді бізде де дулатитану ғылымына жаңаша көзқарас беріліп, бірқатар жетістіктерге қол жеткіздік. Әрбір зерттеуші пікірі арқылы «Тарих-и Рашиди» еңбегінің тарихи тағылымымен қатар, философиялық ойлары сан қырынан дәйектеліп, уақыт талабына сай маңызы артуда.

Жаңа ғасырдың алғашқы жиырма жылы да артта қалды. Жаңа ғасыр жастарының жаңаша көзқарастары батыстың даңғаза мәдениетіне көбірек иек артқызуда. Бұл өз кезегінде қоғамдық бірқатар өзекті мәселелердің туындауына әкеліп соқтыруда. Осы ыңғайда, ортағасырлық ұлы ғұламалардың қайсысының да шығармашылығы – жастарды имандылық пен ұлттық негізде тәрбиелеудің басты құралы десек, артық айтқандық емес. Оның ішінде, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Жаһаннаме» секілді тарихи-көркем туындыларының тағылымдық мазмұнын философиялық тұрғыда зерделеп, ой-толғамдарының маңызын талдау, түркілік өркениетті дамытудағы үлесін бағалау өте өзекті, әрі бұл бағытта ойшыл шығармашылығы көптеген зерттеулерге арқау болатыны анық.

Бұған қоса, бодандық құрсауында өмір сүрген халқымыздың егемендігіне қол жеткізгеннен кейінгі өмір сүру әдебі мен ұлттық рухани дамуына, мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайларында, ұлы даланың ізбасары ретінде өткенінің құндылықтарын дұрыс пайымдауда М.Х.Дулати секілді ойшыл тұжырымдарының оң әсерін тигізетіні анық.

Отандық белгілі философ-ғалым С.Е. Нұрмұратов еліміздегі рухани құндылықтарды, жалпы руханилық басты орынға шығарып, рухани тұлғалардың қазақ қоғамындағы орны мен сіңірген еңбектерінің негізгі мазмұндарына шолу жасаған еді[56,320б.]. Дулатидің рухани ілімін де Серік Есентайұлы атап көрсеткен тұрғыдан қарастыруды жалғастыру қажет екендігі сөзсіз.

Өткен тарихқа бойлап қарасақ, кез-келген халықтың, ұлттың өркениетті, қуатты елге айналуының негізі ретінде тарихы саналады екен. Көшпелі қоғамда өмір кешкен халқымыздың да азат елдің аспанындағы әрбір жеткен жетістігі – өткен күннің ұлағаты немесе рухани бастауының нәтижесі.. Мұхаммед ХайдарДулати шығармашылығының ұлттық ойлау жүйеміздің қайсыбір саласында өзіндік маңызға ие болатыны – алғашқы Қазақ хандығының құрылуы, жеке мемлекет құруға талпынған халқымыздың тарихи-қоғамдық өмір тынысы баяндалатыны.

Мұхаммед Хайдар Дулати билік пен байлық, жер мен ел тартысының әбден асқынған, ішкі және сыртқы жағдайлардың шиеленіскен, әбден күйзелген елдің ақтық қимылға көшіп, жаңа мемлекет құруға ынталы болған қиын уақытта өмір сүрді. Қиын да, қатал заманда ғұмыр сүре отырып, ойшыл ел шежіресіне қанығып, қарапайым халықпен бірге болып, ел басқарды,

жалпы адамдық болмыстың құпия сырларына бойлап, болашағына алаңдады. Өз басынан өткерген әрбір оқиғаны ой елегінен өткізе отырып, өз түйгендерін жеткізді.

Шындығында М.Х. Дулати батыл қадамға барды. Ислам дінін қабылдаған хандар туралы баяндау арқылы, сол кезеңнің тарихын, қоғамдық өмірін, мәдени-рухани жағдайын кейінгі ұрпаққа жеткізу жауапкершілігін өз мойнына алды. Осыдан кейін де ойшыл шығармашылығына деген қызығушылық күн өткен сайын артып келеді. Әрбір түркі тілдес халықтардың бәрі де өзіне етене етуге, мүмкіндігінше өз халқының ұлы перзенті ретінде ғылыми дәйектеуге ұмтылуда.

Тек түркі тілдес халықтар ғана емес, Еуропа халықтары да М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегін өткен ғасырдың басында-ақ зерттеумен айналысты.

XIX ғасырдың соңында бір кездері өзі билік жүргізген Үндістан жерінде табылған әдеби-тарихи жәдігерді ағылшын отаршыларының өзі өте құнды деп бағалап, басып шығарды. Осыдан кейін бүкіләлемге танылып, әлем зерттеушілерінің назарын аударды.

Ал, түркі халықтарына ортақ кітапты алғашқылардың бірі болып Мұхаммед Салық Қашқари мен Мұхаммед Нияз (XVIII-XIX ғ.) ұсынса, көне парсы тілінен ана тілімізге белгілі шығыстанушы Ислам Жеменей аударды. Ойшыл шығармашылығы ұлттық ойлау көкжиегімізді кеңейтіп қана қоймай, оның дамуына зор үлесін қосуда. Солай бола тұра, бүгінгі күнге дейін Мұхаммед ХайдарДулатидің философиялық ойтолғамдары туралы жүйелі ізденіс зерттеу жазылған емес. Түркі тілдес халықтардың ортақ тұлғасы, тарихшы, ойшыл М.Х.Дулатидің түркі және қазақ өркениеттерін дамытуға қосқан үлесі жан-жақты бағамдауды, жүйелі байыптауды қажет ететін мол қазына. «Жаһаннаме» поэмасын айтпағанның өзінде, «Тарих-и Рашиди» бір қарағанда тек хандар тарихы туралы көрінгенімен, кітапта адам болмысы, өмір кешу ғақлияттары, әрбір ұлттың дербес ойлау ерекшеліктері, өнері мен өнертанушылары, сөз зергерлері, мәдени-рухани даму деңгейі мен дін мәселесіне қатысты терең пайымдаулар берілген.

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығынан жекелеген халықтардың ұлттық ойлау кеңістігі, болмыс-бітімі мен өмір сүру жағдайлары айқын танылып, бүгінгі қоғам үшін қажетті, дәл керекті даму бағыттарын тани аламыз.

Бұл орайда, дулатитанушы ғалым, ойшылдың тарихи еңбегіндегі адам мәні турасында диссертациялық еңбек жазған Б.К. Қалыбекова: «Дулати шығармаларында адамгершілік, адам құндылықтары, әлем, дүние, өз замандастары туралы үлкен философиялық толғаныстар, пайымдаулар бар. Әсіресе Мұхаммед Хайдар Дулатидің әдеби тілі, кітабының мазмұны, ондағы тарихи бүкпесіз дәлелдер, автордың өз шығармасына деген үлкен жауапкершілігін, білімдарлығын, ұлылығын айқын көрсетеді. Қазақ ғалымдары үшін бұл мұраны танып білу, біздің өткен тарихымыз бен мәдениетімізді, философиялық дүниетанымымызды, әдебиетімізді, сондай-ақ

тарихымыз үшін өте қажетті [57,100б.], -деген пікірін білдірсе, ғалым Қ. Бейсенов өз ойын: «Еліміздің тәуелсіздікке бет бұрған өтпелі кезеңінде ұлттық философиялық дүниетанымды кешенді түрде зерттеу үшін қолайлы жағдайлар туып отыр. Осы мүмкіндіктерді толық пайдаланып, түркі тектес халқының етек-жеңі жиналмай жатқан философиялық санасын, көшпелі өмір салтының рухани кеңістігінде бастары қосылмай тарыдай шашырап жатқан ғақлиятты ой маржандарын жинақтап, арнайы ғылыми жүйелерге түсіре отырып, Мұхаммед Хайдар Дулати кезеңіндегі ақын-жыраулардың, ойшылдардың және т.б. философиялық сананың қайталанбас ерекшеліктеріне арқау болған рухани құбылыстар ретінде көрсету – бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Сондықтан, сол кездің өзінде де, көкірек көзі ашық, көңілі ояу, әпсаналық ой кешуге бейім тұрған М.Х. Дулати сөз өнерінің философиялық, танымдық тағылымын өте жақсы білген. Біздің заманымызға сан ғасырлар қойнауынан халық зердесі арқылы келіп жеткен шығарманың философиялық астарын ашып көрсету – бүгінгі күнгі ұлтжанды философ ғалымдардың қасиетті парызы» - дептүйіндейді[58,35 б.].

Осы келтірілген пікірлердің өзі де, Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығының, оның ішінде ұлттық тарихымыздың бастауы мен шежіресі болып саналатын «Тари-и Рашиди» еңбегінің толыққанды зерделенуі тарих философиясының да өзекті мәселелерін түйіндеп, ұлттық дамуымыздағы дәстүр мен жанашылдық, таным, уақыт пен кеңістік көріністерін бағамдауға апаратынын негіздеп отыр. Бұған қоса, ойшылдың сөз зергері ретіндегі қолтаңбасы, дербес мәнері, әдеби шығармасы «Жаһаннаме» поэмасының идеялық-көркемдік сипаты бірқатар көрнекті әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан да зерттелді. Бұл тұрғыдан алғанда, Қансейіт Әбдешұлы, Х. Сүйіншәлиев, Н. Келімбетов, Ж.Дәдебаевтың еңбектерін атауға болады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің орталық Азия тарихына арналған, XV ғасырдың ұлы ескерткіші «Тарих-и Рашиди» еңбегіне күн өткен сайын қызығушылық артуда. Еуропа жұртшылығы, Үндістан, Пәкістан, Ресей, тағы басқа түркі тілдес мемлекеттерде ерекше дәріптеліп, ойшыл ел билеген, кейіннен жерленген Үндістан жеріне бірқатар экспедициялар жүргізілді.

Біз де өз диссертациялық зерттеуімізде М.Х. Дулатидің философиялық толғамдары негізінде түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын саралауды, сол арқылы ұлттық мәдени дамуымызға баға беруді мақсат еттік.

Қорыта айтқанда, бұл тарауда жалпы тарих философиясы мен оның өзекті мәселелері талқыланып, одан соң ұлттық тарих философиясының өзіндік ерекшеліктері, әсіресе, тарихымызды зерттеудің әдіснамасы туралы тың пікірлері айтылды: мифтік оқиғалардың астарындағы тарихи ақиқаттардың болуы, басқа мемлекеттердің тарихшыларының мағлұматтарына сын көзбен қарау және тағы басқалары. Сонымен қатар, түркі жұртындағы тарихи тұлғалар мен олардың сіңірген еңбектеріне шолу жасай келе, Мұхаммед Хайдар Дулатидің түркі дүниесіндегі алар орнын байыптап, оның тұлғалық болмысы мен өмірі туралы қысқаша баяндалды. Дулатидің өмірі, бір

қырынан алғанда, жас кезінде қиындау жағдайда өтсе, есейе келе ол биік мәртебеге көтеріліп, қолбасшы, қала басшысы сияқты қызметтерге дейін көтерілгендігі оның шығармашылығымен де, тарихи тағылым алатын жақсы адамдармен тығыз байланысты екендігі жөніндегі пікірлер тиянақталды. Оның негізінен екі еңбегі белгілі: «Жаһаннаме», «Тарих-иРашиди». Әсіресе, екінші еңбегінің түркі халқының тарихын бейнелеудегі маңызы зор, айтулы еңбек екендігін, өзіндік ерекшеліктерін көрсеттік.

2 МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӨМІРМӘНДІК МӘСЕЛЕЛЕР

2.1. М. Дулати дүниетанымын әлемдік этикалық ойтолғам аясында зерделеу

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, ұлтымыздың бірегейлену үдерісін қайтадан жаңғырту қолға алынып, қазақ болмысының руханилық деңгейінің биіктігін паш ету жолға қойылып келеді. Қазіргі таңда халқымыздың руханиятын тұтастай қайта ой елегінен өткізіп, бұрынғы алынған нәтижелерді одан әрі жетілдіріп, оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеу ісінің де маңыздылығы артып отыр. Ұлтымыздың тұтас дүниетанымы сіңірілген ділімізді зерделеуде философия ғылымының өзіндік орны айтарлықтай. Қазақ философиясының тарихын зерттеу 1990-жылдардан басталып, өзінің игілікті жалғасын тауып келеді. Кейде ол әлемдік және түркілік ойшылдардың идеялары арасындағы сабақтастық тақырыбына қарай ауысып та отырады.

Қазақ философиясын сараптау қолға алынған кезде отандық философ ғалымдардың арасында да «Ұлттық философия бар ма, әлде жоқ па, болса, қай кезеңнен бастау керек?» деген сауалдар қойғандар болды. Олардың кейбірі көне түркілік сенімдердегі дүниетанымды негізге алып, оның бүгінге дейін сабақтасқан тұтас келбетін кұруды ұсынса, кейбір ғалымдарымыз қазақ философиясының тарихын әл-Фараби бабамыздан бастауды жөн санады, ал қайсібірі ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақ ойшылы Абайдан бастау алатын даналықты алға тартты. Талқылай келіп, сан түрлі пікірлердің тоғысы – қазақ философиясын кәсіби емес түрдегі даланың даналық ойтолғамы және оны көне түркілік дәуірлермен тұтастандырып, ұлттық діл ретінде қарастыруды негізге алды. Осылайша, философия тарихын зерделеу бастапқыда, белгілі бір кезеңді жеке алып қарастырды, кейіннен жеке тұлғалардың философиялық ойларын саралау негізге алына бастады.

Түркі халықтарының орта ғасырлардағы руханиятының өркендеуіне игі ықпал еткен араб-мұсылмандық ренессанс Орта Азия аймағында Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Ахмет Йегүнеки сияқты көптеген ойшылдар қауымын туғызған еді. Себебі, араб-мұсылман Ренессансы дәуірінде ғылымның дамуы әлемдік деңгейге танылды және кейінгі ғылымның өркендеуіне айтарлықтай септігін тигізді. Бұл аймақтағы ғылым дамуының мынадай өзіндік ерекшеліктерін қысқаша түрде былайша тиянақтап көрсетуімізге болады.

Біріншіден, ғылым мен мұсылман дінінің өзара үйлесімділігі биік белестерге көтерілді. Ибн-Рушдтың қос ақиқат теориясы бұл үндестіктің теориялық негіздемесі десе де болады. Сондықтан, ғылым дамуына діннің ешқандай кері әсері болмаған. Мәселен, Орта ғасыр мен Қайта Өркендеу дәуіріндегі Батыс Еуропадағы дін мен ғылымның қайшылығы ғылыми танымға барынша шектеу қоюға тырысты, схоластика, инквизиция және тағы басқаларын айтсақ та жеткілікті. Исламдық теология сипатындағы араб-

мұсылман Ренессансы кезеңінде ғалымдар да дінді жоққа шығармай, керісінше, оған барынша қолдау білдіріп отырды. Олардың көпшілігі өз еңбектерін алланың атымен бастады немесе кірістіріп отырды. Мұндай сипат кейіннен де ғалымдарымыздың еңбектерінен көрініс тапты.

Екіншіден, тек қоғамдық қана емес, жаратылыстану ғылымдарының дамуы да қатар қанат жайды. Астрономияда, физикада, медицинада әлем ғалымдарын елең еткізген жаңалықтар ашылды. Ел билеушілері бұндай ғалымдарға ерекше қолдаулар да көрсетті. Сонымен қатар, тарих, философия, әдебиет сияқты ғылым салалары да өркендей түсіп, өздерінің терең пайымдауларымен дүниежүзіне әйгіленді.

Үшіншіден, бұл дәуірдегі көптеген ғалымдардың жан-жақтылығы, біліктілігі, яғни, энциклопедизм жиі кездесті. Себебі, олар руханиятты түбірлестік ретінде түйсіне білді. Ғылым салалаларын жеке дара қарастырмай, ілім мен білімді игерген адам жан-жақты болуы тиіс деген қағида ұстанған сыңайлы. Әрине, ол дәуірде ғылыми ақпараттар қазіргіге қарағанда аз болған шығар. Әйтсе де, ғалымның жан-жақтылығы ғылым дамуындағы табиғи талант болып саналады.

Осы дәуірлерде ілім мен білімді игеруді мақсат еткен ғалымдар түркі-қазақ даласында аз болмаған. Тек бір өкініштісі, олардың кейбірінің мұралары бізге жетпеген, тіпті қайсібірінің есімдері де белгісіз болып, ұмытылып қалған, олар туралы ақпараттар жойылған немесе әлі де табылмай жатыр.

Олай болса, философиялық тұрғыдан толыққанды және жан-жақты зерттелмеген түркі және қазақ жұртының белгілі тұлғасы Мұхаммед Хайдар Дулати мұрасының дүниетанымдық астарларын ашып беру – заман талабынан туындаған ізденістердің бірі болмақ. Орта ғасырдағы, жоғарыда айтылғандай руханият пен ғылымның дамуындағы ерекшеліктеркейіннен Дулати шығармашылығынан да анық көрініс табады. Оның екі еңбегі де кең ауқымды философиялық мәселелерді толғайды және өзінің жанрлық жазылу мәнерлерімен ерекшеленеді. Біріншіден, ол, алдымен, тарихи оқиғаларды саралайды, екіншіден, поэтикалық сарынға бай, үшіншіден, онда даналық сөздер мен мағыналы идеялар қамтылып, сайып келгенде, философиялық және этикалық көзқарастары да ұсынылады.

Қазақ философы Қ. Бейсенов Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығының кейінгі қазақ даласындағы ақындық-жыраулық дәстүрдің дамуына негіз болғандығын, оның идеялары философияға толы екендігін айта келе, өмірміндік толғамдарының философиялық астарын ашып көрсетудің қазіргі заманғы маңыздылығын атап өтеді [58,46б.].

Сонымен қатар, Мұхаммед Хайдар мырза ислам дінінің қағидаттарын да ескеріп отыратын діни-философиялық пікірлерін де ұсынады, сондықтан да кітапта тарихи мәліметтермен қатар, географиялық ерекшеліктерге, діни дүниетанымға қатысты көптеген мағлұматтар жетерлік» [59,20б.].

Дулати еңбектеріндегі этика терең мазмұнды қамтитын және өзінен бұрынғы, кейінгі моральдік құндылықтарымен сабақтасатын ұстанымдарды, халқымыздағы түркі-қазақтық дүниетанымның бастаулары мен философияның

негізгі қағидаттарын – әлемдік үйлесімділік, этикоцентризм, өмірдің мәні, антропология мәселелерін қамтиды.

«Қалай айтқанмен де, түркі жұртына ортақ ойшыл-ғұламалардың философиялық түйіндеулері халық жадына сіңіп кеткен діни-ар-ождандық ойлардан бастау алатынын [60,83 б.] талдап, тұжырымдалған пікірлер де осының айғағы.

Ғалым Б.К.Қалыбекова бұл тұста өз ойын ойшылдың этикалық еңбек жазбағандығын, тек тарихи оқиғаларды суреттеу барысында кемел ақыл, зерделі пайымы арқылы этикалық тұжырымдардың көптеп кездесетіндігіне қатысты бағамдайды[61,106б.].

Белгілі фольклортанушы, академик С.А. Қасқабасов та жыраулардың М.Х.Дулати секілді өз заманының саяси-әлеуметтік жағдайын, халықтың зарын жырлай отырып, өмір туралы ой-толғамдарының берілгендігін, өмірмәнділік түйіндеулерінде адам қасиеттеріне байланысты ғылыми түсініктердің айтылғандығын жазады [62,8б.]. Ал, белгілі дулатитанушы ғалым Ислам Жеменей: «осы айтылған ғұлама пікірінің Мырза Хайдар шығармашылығына да түгелдей қатысы бар. Өйткені, XVI ғасырда өмір сүрген Асан Қайғы да, Қазтуғанда, Шалғезде–Мырза Хайдардың замандастары, ұлысы басқа болғанымен, ұлты бір қандастары. Оларда Мырза Хайдар Дулат секілді Өз Жәнібекхан, Ораз-Мұхаммед сынды қазақ хандарымен Ноғай әмірлерінің сарайы маңында тіршілік етіп, әміршісі мен заманының күрделі де келелі мемлекеттік маңызды тақырыптарын сөз етті» [63,11б.],-деп пайымдайды.

Бұл пікірдің ақиқаттығына Дулатидің еңбектері мен мен жыраулар шығармашылығына компаративістік талдау жасау арқылы көз жеткізуге болады. «Жырау дегеніміз кім?» деген сұраққа философиялық тұрғыдан анықтама берген ғалым Г.Ж.Нұрышеваның пікіріне сүйенсек, «Жыраудың қоғамдық деңгейі ақыннан биік. Оның көздегені жеке адамның, немесе рудың мүддесі емес, ел мүддесі. Оның шығармашылығында басты орын алған халықтың саяси, мәдени және шаруашылық жағдайы, ел бірлігі, тұтастығы, басқа елдермен қарым-қатынасы (қазіргі тілмен айтсақ, дипломатия) және жеке адам мен тұтас халықты тәрбиелеу мәселесі болды» [34, 206 б.].

Дәл осындай кезінде хан-сұлтандарға ақылшы болып, ел билеу ісіне араласқан жырауларға тәнсіпаттарды Дулатидің бойынан көре аламыз. Дулати де, жыраулар сияқты жанашыр адамдарының арқасында ажал құрсауынан қашып шығып, қайсар, көреген тұлға ретінде қалыптасты, кейіннен ел басқарып, өзіне зор сенім артқан хандарға адал қызмет етті.

Мырза Хайдар Дулати ең алдымен ел басқарушының тұлғалық қасиеттеріне ерекше назар аударады, «Тарих-и Рашидиді» жазуының да басты мақсаты осы деп түсіндіреді: «Мен патшалықты басқару ережесіне жөнінде кітап жазайын деп мәлімдеймін» дейді [5, 376 б.].

Дулатидің пікірінше, басшының міндеті – «қарауындағы елінің әлсіздері мен қара тобырларының», «кедейлері мен нөкерлерінің» қамын ойлау, оларға қорған болу. Осындай ел басшысының үлгісі ретінде Әмір Әлішердің қызметін

сипаттап, «[Әлішер] қолынан келгенінше мұқтаждардың талап-тілегін орындайтын әрі ғалымдарға қамқорлық жасайтын. Иелігінен түсетін барлық табысын қайырымдылық жолына сарп ететін», - дейді [5, 227 б.]. «Басшының міндеті – халықтың тірегі бола білу» деген идея жыраулар поэзиясының негізгі идеясы екені белгілі.

Жығылғанды тұрғызсаң
Жылағанды жұбатсаң,
Қисайғанды тұрғызсаң
Тәңіріңнің үйі бәйтолла

Сұлтан келіп, қарсы алдында жасапты! [3, 126 б.] – деген Шалкиіз жыраудың ойлары Доспамбет, Жиёмбет, Бұқар және тағы басқа жыраулардың, олар тарих сахнасынан кеткен соң олардың ісін лайықты жалғастырып:

...Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,

Суығына тоңбаса – деп толғаған Дулат сынды ақындардың жырларынан байқалады [3, 175 б.]. Яғни, Мұхаммед Хайдар Дулати мен қазақтың жырау-ақындарының этикалық көзқарастарының арасында ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан, осы күнге дейін жеткен сабақтастықтың бар екені күмәнсіз.

Ендеше, біз ойшылдың этикалық көзқарастарының өзіндік ерекшеліктері мен төлтумалылығын былайша жинақтап көрсетуімізге болады.

Біріншіден, Дулатидің этикасы көп жағдайда діни мұсылмандық этикадан тамыр тартады немесе онымен астасып келеді. Ол өзінің адамгершілік ұстанымдарын діни қағидаттармен бекітіп, дәйектеп отырды. Себебі, VII ғасырда Арабия жерлерінде пайда болған ислам діні кейіннен, басқа да халықтарға, оның ішінде, Орта Азия жерлеріне кең тарап, түркілік руханияттық кеңістік осы мұсылмандықты қабылдап, өздерінің идеялары мен ойларын, дүниетанымын байыптауда, қайта зерделеуде бұл діннің негізгі қағидаларын мойындаған еді. Осы үрдіс Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүріп тұрған кезеңде де, оның өзі өмір сүрген өлкесінде де маңызын жоғалтпай, одан әрі өрістей түскен еді. Әрине, оны қазіргі кезеңде белең алып отырған діни фанатизммен, іргелі радикалды фундаментализммен шатастыруға болмайды. Сондықтан, ол өз заманына сай түркі халықтарына оңтайлы діни этиканың кейбір ұтқыр тұстарын паш ете білді. Жалпы алғанда, оның адамгершілік туралы пайымдауларының негізі – исламдық ұстанымдармен астасып жатты. Ол түркілік мораль мен діни моральді ажыратпады, керісінше, олардың кіріге алатын тұстарын жетік пайымдады.

Дулатидің пікірінше, өзгермелі, аумалы-төкпелі дүниедегі мәңгілік нәрсе – Алла ғана:

Жоғалмайтын ештеңе жоқ әлемде, ешкімде,
Тек құл ғана қалады орынында көштің де,
Адам-фәни, өтеді айналасын қан қылып,

Дүниеде бір ғана, Алла ғана мәңгілік! [5, 487 б.].

Осы ойын ол «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһаннаменің» әрбір тарауында еске салып отырады десек, артық емес. Адам әрбір ісінде Аллаға сеніп, барлық істерде оған үміт артуы тиіс, себебі фәниде Алладан басқаның бәрі жойылатындығына сенімді Дулатидің тұжырымдауынша, адам ақыл-ойы арқылы Алланы іштей де, тілге ала отырып та мадақтаудан таймай, бос сөзден аулақ болуы керек, бұған Алла риза емес. Осы тұста Дулатидің діни этикасы оның діни онтологиясымен ұштасып жатқанын атап өту қызықты деп ойлаймын. Оның пікірінше, адамның жаратылуы төрт негізден өтетіні ақиқат. Біріншісі – бір Жаратушының құдіретімен жоқтан бар болып, жаралғандығы, екіншісі оның мәңгілік еркі өзіне бағынышты болмауы, үшіншісі – барлық жаратылыстың өткінші екендігі болса, соңғысы – бір Жаратушының хақ екендігі, оған шүкірлік етудің қажеттігі [5, 445 б.]. Осыған ұқсас тұжырымды Орта ғасырдың христиан философтарының құдайдың бар екендігінің дәлелдерінен байқаймыз. Яғни, Мұхаммед Хайдар Дулатидің діни онтологиясы дүниенің жаратылысы туралы әлемдік деңгейдегі ілімдерден еш кем түспейді екен.

Дулатидің ойынша, осы төрт негіз бір Жаратушыға тіреледі және Жаратушы ешкімге тәуелсіз. Ол адамның бар болуына қажетті нәрселерді: сезім күшін, ақыл-ойын, ішкі жан дүниесін және тағы басқаларды сыйлайды. Осыны түсініп, ұғынған сайын адамның жаратушыға деген құштарлығы арта түседі, өткіншіден мәңгі, кемелді ажыратуға қабілеті күшейе түседі.

Зерттеушілеріміз де әл-Фараби өзінің философиялық ойларын ғылыми тілде жазғандығын, Баласағұн – көркем тілмен жеткізе білгендігін, Йасауи, Баласағұн, Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектеріндегі даналық ойларын Құран, Хадистерден өрбіткендігін, алланың атымен бастап, Пайғамбарларға сәлемін сұрай отырып, Алланы мадақтаудан бастайтындығын атап өтеді [64,111б.]. Ойшылдың теологиялық этикасының орталық түсініктерінің бірі – имандылық. Ж.Ж. Молдабеков Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларында мұсылмандық, имандылық, сауаптылық, тәубешілдік, рақымдылық және т.б. құндылықтар жайлы көбірек айтылатындығы туралы ой тұжырымдайды[65,7б.].

Имандылық туралы айтатын болсақ, сөздіктерде имандылық ұғымына мынадай анықтама беріледі: «Имандылық – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі-бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш қадыр-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік, кісілік белгісі. Мұсылмандық дүниетаным бойынша иман иманнан пайда болады. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни, имандылық – Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез»[16,210б.].

«Тарих-и Рашиди» туындысында бейнеленген мына бір оқиға иманның шынайы мәнін ашып береді. Яғни, кітаптың «Хақжолындағылар тарихы» деп аталу себебін де ойшыл осы оқиғамен байланыстырады. Тоғылық Темір ханның ислам дінін қабылдауына Шейх Жамалиддин себепші болады. Хан иттеріне харам шошқаның етін беріп жатып, Шейх Жамалиддинге «Ей, тәжік,

сен жақсысың ба, әлде мына ит жақсы ма? Деп сұрайды. Сонда тәжік Шейх Жамалиддин «кімде иман болса, сол жақсы» деп бұйыра жауап береді [59,226.].

Шошқа етін жеу иттер үшін харам емес, сондықтан да, оларда жақсы және жаман деген дихотомиялар жоқ. Ал, адам өзінің иманы арқылы өзге адамдармен және имансыздығы арқылы хайуанаттармен, тіпті кез-келген жануарлармен салыстырғанғанда ғана жақсы болып шығады.

Бұл еңбектің келесі бір бөлімінде бұл ахуал мен дүниетаным былайша нақтылана түседі: «Тоғылық Темір ханның шетте жападан жалғыз тұрғанын көрген Шейх Жамалиддин оның қасына келеді. Хан мұңлы жүзімен «Адамды иттен артық ететін не нәрсе» екендігін сұрағанда, шейх тағы «иман» деп айтады [59, 25 б.].

Бұл жерде ит арнайы жеке ит емес, жалпы хайуанаттардың образдық жиынтық бейнесі, сондықтан айуаннан адамды ажырататын басты белгі осы иман болмақ. Дулатидің тұжырымынша, имандылық әділеттілікпен және игілікпен байланысты, сондықтан имандылық Алла жолын ұстанған ел билеуші патшаның ажырамас қасиеті болуы тиіс. Бұл ойлар кітапта шын патшаның жалған дүние-байлықтың жетегіне ермейтіні, қарамағындағы халқына имандылығы арқылы жұмақ жасайтыны» [5, 377 б.], деп беріледі. Сонымен қатар, Мырза Хайдар Дулати иманы бар адамның сөзіне құлақ асып, оны орындаған адамның бұ дүниедегі де, о дүниедегі де істері жөнді болады деген ойды жеткізеді. Дулатидің бұл ойы қазіргі заман адамына пайдалы екені сөзсіз.

Бұл сауалдардан біз, мынадай нақты және ұтқыр логикалық ойлау жүйесін байқай аламыз. Яғни, бұл жердегі «жақсы» түсінігі адамгершілік сапалармен тікелей байланысты болып отыр. Иманы бар адамның адамдық сапалары бар, ал иманы жоқ адам жақсы адам бола алмайды. Тіпті, имандылық параметрі тек адам баласына ғана емес, хайуанаттармен де салыстырылып барып айтылады. Иманы жоқ адам хайуаннан да төмен, өйткені, хайуанаттарға иманды болу бұйырмаған, ал адамзат баласына ол тумасынан тағайындалған, сондықтан иманды болу – парыз. Яғни, адам болудың адамдық болмысы осы иманға тікелей байланысты деген тұжырым жатқандығын аңғарамыз. Кейіннен, қазақ қоғамында иманды болу ұғымы өзінің арнасын кеңейтіп, жалпы адамгершілік деген сияқты түсінікке қарай ойысқан еді [66, 46 б.].

«Иман» қазіргі қазақ халқының этикалық шешімдерінде де орнықты категория болғандықтан, жоғарыда айтылған ойға сүйене отырып, біз оны былайша қысқаша түсіндіріп бере аламыз: «Иман – ділімізде тарихи қалыптасқан, жалпы адамгершілік қағидаттарының концептуалды атауы ретінде сақталып келе жатқан ислам дінімен сабақтасқан императив». Қазір қазақ халқында ұлттық моральға қатысты «иманды», «иман жүзді», «имани гүл» сияқты жағымды ұғымдар бар. Имандылық, қазақтың түсінігінде, адамның екі дүниеде де ажырамас қасиеті. Адам өмірден өткенде «иманды болсын», «иманы жолдас болсын», «иманы саламат болсын» деп көңіл айту да осы ойды білдіреді.

Екіншіден, ойшылда этика тарихы емес, оның теориялық мәселелері қарастырылды және ол эстетикалық құндылықтарға қатысты түрде баяндалды. Әсіресе, жалпы Шығыс этикасына тән пайымдаулар – адамның ішкі жан дүниесі сұлулығы мен мінез ерлігі туралы пайымдаулар жиі кездеседі.

Ғалым Б.К.Қалыбекова бұл ерекшелік туралы: «Дүниетанымның бір бөлігі, негізі халық мәдениеті болса, одан ойшылдың көзқарасы, ар-ождан мұраты, саяси мақсаты осыдан нәр алды, ал Шығыс мәдениеті оның дүниетанымын адамның өзін-өзі танып-білуімен, айналадағы ортаға эстетикалық көзқараспен толықтырылды. Өйткені, Шығыс мәдениетінде философиялық адамгершілікке, ізгілікке айрықша мән берілді», -деп тұжырымдаған болатын [61,196.].

Батырлық қашанда ақылмен, парасатпен, айлакерлікпен, ептілікпен, қимылдық тактикамен ұштасып жатуы тиіс. Автордың «түйсік» деп жинақтап беріп отырғандығы да осы қасиеттер, ал батырлық пен қуат сөзсіз қажетті сапа. Ойшыл, түйсікті бірінші орынға шығарады. Мәселен, Аристотель өзінің «Алтын аралық» ұстанымында игіліктілік қашанда екі шеттің аралығында болуы тиіс деп санайды: мырзалық – ысырапшылдық пен сараңдықтың аралығы, батырлық – қорқақтық пен көзсіздіктің аралығы[67]. Мұндай ойды әл-Фарабидің этикалық ілімінен де молынан кездестіреміз.

Одан соң Дулати түйсік пен батырлықтың, жалпыласақ, рух пен тәннің эстетикалық үйлесімділігін қалайды. Мәселен, шығыстық жекпе-жек өнерінде де осы тән мен рухтың бірлігі басты орынға шығарылады [68,166.].

Дегенмен, Дулати бұл тұста ақыл басты орынға шығарылуы тиіс екендігі туралы өз ойын әрі қарай былайша сабақтайды:

«Семсерменен бірді-жүзді сиретер,
Ақылмен бір қосынды күйретер» [59,296.].

Бұл сарын қазіргі таңда: «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген қазақ мақалымен ұғымдық жуықталған формада өрнектеледі.

Бұл қазақ дүниетанымындағы сабақтастық пен руханияттың уақыт пен кеңістік бойынша құрылған тұтастығының дәлелі бола алады. Сонымен қатар, сол дәуірдегі ұрыс өнерінің жалпы жобасын білдіретін ұстаным деуімізге де болады. Түркі халықтарындағы соғыс техникасы тек физикалық күшпен, әскер санының көптігімен ғана емес, тамаша стратегиялық жоспарлармен жүйелі түрде де жүзеге асқандығын дәйектейтін пікірлерді де айғақтай түседі.

Мұхаммед Хайдар Дулати бұл ойын әрі қарай былайша өрбітеді: «Дұрыс ақылмен шара қолданған кезде, Шағыл теңіздей жүз қосыннан ерекше». Автордың этикасы мен ерлік, батырлық эстетикасы, келесі кезекте, қайтадан ақылға қарай ойысады. Бұл жердегі идея, әрине, өзінен бұрынғы және кейін де кездесетін соғыс техникасы туралы болып отыр.

Немесе, «Сахибқыранның көрген түсі және ондағы жақсылық нышаны және оның Илияс Қожаханмен шайқасамдеген ниеті туралы тарау» деп аталатын бөліміндегі «Оның жүрегін жарқын жеңіс сәулесімен нұрландырады,сонымен бірге, көктің құпиясы онда орын алады, әрі ғайып істерінің пердесі оның санасында қателіктерден бұрын ашылатын етті.

Сондай-ақ, ғайып әлемінің қақпасынан адамдық рухы келешектің ахуалын жүзеге аспастан бұрын көре алатын болсын» деген идеяларын саралап қарасақ [5,60б.], көріп отырғанымыздай, мұндай бір-ақ сөйлемдегі эстетика мен этикалық мағынаға толы еш жерде кездесе бермейтін поэтикалық мәнердегі сөздер аудармашыға байланысты болғанмен, түпнұсқаға барынша жақындатылғандығы күмәнсіз: «нұрлы ішкі айнасы», «жарқын жеңіс сәулесі», «зерделеу нұры», «нұрландыру», «көктің құпиясы», «ғайып істерінің пердесі», «санасының назары», «қателік пердесі», «ғайып әлемінің қақпасы», «адамдық рухы» және тағы басқалар.

Үшіншіден, ойшылдың өзіндік бір шығыстық, оның ішінде, түркілік моральдік категориялар жүйесі қалыптасты деп айтуымызға болады. Зерттеуші ғалым Б.К.Қалыбекова оның туындыларындағы адам мәселесін зерттей келе, Дулатидің философиялық өзіндік төлтума ұғымдар жүйесін жинақтап көрсетеді. Атап айтқанда, оның ішінен К.Бейсенов атап көрсеткен терең ақыл, имани сезім, адамгершілік, кеңпейілділік, мейірімділік, әділдік, әділеттілікті жақтау, мінез-құлық, кісілік пен тектілік, махаббат, намыс, төзімділік, сабырлылық, зұлымдық, тәртіпке бағыну секілді этикалық категориялар жүйесін бөліп айтуымызға болады [58, 124б.].

Мәселен, намыс категориясы орыс және басқа тілдерде кездеспейтін қастерлі этикалық, ерлікке қатысты алғанда эстетикалық төлтума ұғымдарымыздың бірі деп айта аламыз.

Философия ғылымдарының докторы, профессор Г.Ж. Нұрышева намысты – өмірмәнділік ең маңызды мәселе деп бағалап, әсіресе қазақ халқы үшін намыс категориясы ең жоғары шектегі адами қасиеттердің бірі екендігін, қазақтың өмір сүру салты мен намыстың біте қайнасып жатқандығын атап көрсетеді [34, 193 б.].

Әрине, бұл жерде түркі сөздерінің грамматикалық өзгерістерге ұшырауы немесе қазіргі аудармашылардың тілдік шеберлігіне қатысты берілуі өз алдына бөлек мәселе. Дегенмен, жалпы дүниетанымдық бағдар мен ойшылдың айтайын деген ойының негіздері түсінікті.

Төртіншіден, Дулатидің көзқарастары өзіне дейінгі түркі ойшылдары, әсіресе, Қожа АхметЯсауи, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йегүнеки сынды орта ғасырларда өмір сүрген түркі даласындағы тұлғалардың этикалық көзқарастарымен сабақтас. Ойшыл ұсынған этикалық көзқарастар мен ұғымдар жүйесі олармен үйлесімді.

Ислам философиясын зерттеуші ғалым К.Х. Хаджикова дұрыс атап көрсеткендей, «Ахмед Йегүнекидің замандасы болған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасында тұжырымдалған өмір онтологиясына назар аударатын болсақ, онда тағы да экзистенциалдық түсініктердің ортағасырлық ойшылдың шығармашылығында негізгі рөл атқарғанын байқаймыз. Мәселен, Баласағұн әлемнің тылсым мән-мағынасын Әділдік, Ақыл, Бақыт және Даналық сияқты ұғымдардың көмегімен сипаттауға, тұжырымдауға тырысады [69,48б.].

«Ахмед Йегүнекидің дүниетанымына тірек болған, өзіндік өзек болған философиялық ұғымдар мен түсініктердің ретіне келетін болсақ, онда Білім, Даналық, Әділеттілік, Тіл мен Сөз қадірі сияқты құбылыстардың дүниеге көзқараста негізінен қолданылатынын аңғарамыз» [70, 21б.],-деп пайымдаған ғалым С.Аймұратовтың ұстанымдарына сүйенсек, жоғарыда айтылғандай, этикалық дүниетаным арасындағы сабақтастықты аңдай аламыз, аса мән берілген этикалық категориялардың ғасырлар бойы жалғасқан үндестігін көреміз.

Ақылды құрмет тұту – халқымызда көне тарихи жадыдан сақталып келе жатқан игі құбылыс. Қазақ хандығы тұсындағы тапқырлық пен шешендік өнер осының айғағы. Бүгінгі таңдағы тәуелсіз Қазақстандағы рухани-мәдени даму стратегиясындағы «Интеллектуалды ұлт қалыптастыру» саясаты да білім мен ақылға басымдылық беруге арналған. Әрине, көне жаугершілік замандарда физикалық қуат пен ақылдың дуализмі басты құндылық ретінде бағаланды. Бұл құндылықтар кейде бір тұлғаның бойынан да табылып отырды. Мәселен, Жиренше шешен, Жиёмбет жырау, Сырым батыр және тағы басқа көрнекті тұлғалардың әрі ақыл иесі, әрі күш-қуат иесі болғандығы баршамызға белгілі.

Бесіншіден, оның этикалық сарындары тек қара сөздер түрінде емес, поэтикалық формада да, афоризмдер түрінде де көрініс тапқан болатын. Шындығында, мұндай баяндау мәнері де көне түркілік дәуірден бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан өнегелік туралы толғамдар жүйесі. Мәселен, қазіргі заманда да қолданылып жүрген поэтизмнің түрлері, оның ішіндегі, терме жанры осының айғағы. Себебі, Батыс дүниетанымында көп жағдайда этиканы философиялық деңгейде ғылыми кәсібилендіру негізге алынса, түркілік өмірмәнділік таным-түсінікте поэтикалық түрде ұсыну басым болып келеді. Біздің ойымызша, оның негізгі мәні – өлең жолдарының эмоционалды-экспрессивті санаға ықпал ету күшіне байланысты болса керек.

Алтыншыдан, оның этикасы тек схоластикалық ұстаным немесе өзінің құр теориясы ғана емес, ол барлық идеялары мен ойларын өмірлік тәжірибеден алған. Өйткені, ол өмірдің қиын тұстары мен игілікті жақтарын қатар көріп өскен жан болды. Егер оның деректер бойынша жазылған өмірбаянына жүгінсек, әкесі Шаш қаласының билеушісі болғанмен, бала кезінде ол Шайбан шахтың ықпалымен өлтірілуі, одан соң Ұлы Моғолдар империясының басшысы Бабырдың қолында бес жыл тәрбиеленуі, кейіннен, бірнеше соғыстарға қатысуы, мемлекет қайраткері, бас қолбасшы дәрежесіне дейін көтерілуі және тағы басқалары оның дүниетанымын, идеяларын өмірлік белестермен байланыстыра түсті. Ол өзгелер сияқты «Кеңсе ғұламасы» емес, әр түрлі саяси істерге, тіпті соғыстарға да араласқан, өмірдің шынайы келбетін қатар көрген практик-философ деп айта аламыз. Мұны халқымыздың: «Көпті білгеннен сұрама, көпті көргеннен сұра» деген қысқаша тұжырымы пайымдайды. Немесе, Асан Қайғы бабамыз айтқандай: «Ой түбінде жатқан сөз, Шер толқытса шығады». Демек, Мұхаммед Хайдар Дулатиді толқытқан шер оны өмір философиясына қарай жетелеген тәрізді.

Дулати шығармашылығында да бұл туралы терең ойлар бағамдалады:

Парасатты, тектінің, ақылдының, әділдің,
Бүкіл байлық солардың қалтасынан табылды.
Деген күннің өзінде тамшы қанға татымас,
Болмау керек безбүйрек, болмау керек, қатыбас.
Ұғып болмас жалғанның құпиясын, жұмбағын,
Жақсылардың белгілі тіршілігі жылдағы.
Өлгендерді білмеймін, қателесер тірілер,
Аттап өтер арамдар, ал адалдар сүрінер [5,166б.].

Жетіншіден, ол, әсіресе, «Тарихи-и Рашиди» атты туындысында, сол кездегі Орта Азия халықтарының шынайы тарихын, болған оқиғаларды егжей-тегжейлі баяндап, өзінің этнографиялық, психологиялық, философиялық, этикалық көзқарастарын мәтінге қоса кіріктіріп, ұсынып отырады және бұл идеялары үнемі ізгілікке қарай бағдарланады.

Мәселен, «Билеушісі жоқ жаһан, басы жоқ тән дерсің,
Басы жоқ тән, жолдағы құмнан да құнсыз дерсің»,-деп өзінің философиялық ойларын мына тарихи оқиғамен келіп сабақтастырады.

Бұл – этиканы тарих философиясынан туындатудың өзіндік бір үлгісі. Тарихтағы қасіреттер мен әділетсіздіктердің шынайы бейнесін қайта таразылау оны қайталамауды қатаң ескертіп тұрады. Шындығында, бұл түркі-қазақ халқының тарихындағы олқылықтарды қайталамауға және қайта қалпына келтіруге идеялық тұрғыдан септесе алатын терең пайымдаулардың нәтижесін бере алады.

Дулати ойшыл тек тарихи оқиғаларды айғақтармен, қолжазбалармен, өмір шындығымен реалистік тұрғыдан сипаттауды басшылыққа ала отырып, ғылыми рационалдылықты қалағанмен, эмоционализм арқылы, ол келер ұрпақтың бойына үлгі-өнегелікті сіңіруді, этикалық құндылықтарды қалыптастыруды да мақсат еткен сыңайлы. Оның «Тарих-иРашиди» еңбегінде отаншылдық рухы жатыр. Ол тарихтағы әділеттіктер мен әділетсіздіктердің шынайы мәнін ашуға ұмтылды. Себебі, тарих – әділеттілік таразысынан өмір шындығын өткізетін өлшем іспеттес. Сондықтан, тарихшы ғалым тарихты жазу арқылы бүгінгі ұрпаққа өткен мен болашақтағы ұлттың өмір сүруінің өзіндік форматтарын жасап берді деп айта аламыз.

Ол әрбір оқиғадағы сәттерге психологиялық-этикалық тұрғыдан баға бере отырып, оларға ерекше көңіл аударып, келер ұрпақтарға әділеттілік таразысын түйсіне білу туралы балама идеялар тастайды. Оның еңбегінің мазмұнында ұлттық шовинизм, түркіцентристік пікірлер де кездесе бермейді. Дегенмен, ойшыл өз халқының жаршысы екендігі туралы сезімдерін де назардан тыс қалдырмайды.

Сегізіншіден, ойшылдың этикалық көзқарастарындағы ұғымдар әрі түркі-қазақтық төлтумалықты тудырады, әрі әлемдік этикадағы категориялармен де сәйкес келеді. Сонымен қатар, оның қозғап отырған моральдік ахуалдары заманауи рухани құндылықтармен үндесіп отырады.

Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің баяндаған тарихи оқиғаларын көп жағдайда этикалық көзқарастарымен көмкереді: «Өмір Хүсейінмен хазірет

Сахибқыранның Таликанға және Бадахшанға жорығы және олардың падишахтармен бейбіт келісімге келуі жайында тарау» атты 9-тарауында сабырлылық пен төзімділік, келісімділік пен шыдамдылық жөніндегі адами қасиеттер тарихи оқиғалармен байланыстырыла қарастырылады: «Жиналысқа (мәжіліске) кіргенде, қатысып отырғандар арасынан Пулад Буга (Болат Бұға) мен Шир Баһрамды көзі шалады. Әмір Хүсейін Шир Баһам жәйліхазірет Сахибқыранға шағым айтқан сәтінде бірбеткейлікке шыдамай тұрса да, өз ашуын сақтай білу, адамшылықтың биік дәрежесін көрсететін сабырлылық жайы мазмұндалады [5,566.].

Шығарма авторының бұл үзіндісінен мәрттік пен табандылық, келісім мен достық, шыдап бағу, ашуын жұту сияқты этикалық категориялар жүйесінің түзілімін көре аламыз. Мұның бәрі қазіргі тілмен айтқанда, толеранттылық концептісін ашып беретін түсініктер жүйесі, адамзаттың заманауи тіршілігіндегі аса қажетті сапалар деуімізге де болады. Ал осы толеранттықтың құрамындағы келісімділік ғылыми философиялық терминологиялық аппаратта конвенционализм деген ұғымға, түсінушілік консенсусқа сәйкес келеді. Бұл ұғым философиялық сөздікте қоғамдық келісімге негізделген саяси бағыт ретінде қарастырыла келіп, «саяси философия ретінде – қоғамның ашықтығының, қабылданған саяси шешімдердің сапасын тексеру мүмкіндігінің белгісі деп түсінуге болады» [16,240б.],-деп тұжырымдалады. Біз бұдан Дулати еңбектеріндегі моральдік ұғымдар мен түсініктердің тек қана ұлттық төлтумалық емес, әлемдік және заманауи этикалық түсініктерге де сәйкес келіп тұрғандығын аңғарамыз.

Әрине, толеранттық, конвенционализм, консенсус және тағы басқалары кейде намыс, ұлттық бірегейлік түсініктеріне қайшы келуі ықтимал. Бірақ мұның барлығы белгілі бір жағдаяттарға, оқиғаларға, заманға байланысты түрде қолданылатын ұстанымдар. Дулати ойшыл да сол дәуірдегі заман шындығынан туындаған ойларын тарихи айғақтар арқылы кейінгі ұрпақтар сабақ алатындай деңгейде баяндайды.

Ғалым Қ. Менлибаев ойшыл танымы мен адами қасиеті хақында ойшыл еңбегінде асыл ойлардың берілетіндігін айта келіп, «М.Х. Дулати шығармаларында мұсылмандық, имандылық, сауаптылық, тәубешілдік, рақымдылық және т.б. құндылықтар жайлы айтылады» [71,56.], - деген ой түйеді.

Қорытындыласақ, Мұхаммед Хайдар Дулатидің этикасының да басқа да ойшылдар тәрізді өзіндік ерекшеліктері бар. Дегенмен, оның этикасының әлі де ашылмаған қырлары бар екендігіне байланысты аталған мәселені әлемдік философтардыңмораль туралы пайымдауларымен де салыстырып қарағанымыз жөн. Сонымен қатар, ойшылдың идеяларының кейінгі этика мәселесімен шұғылданған қазақ ғұламаларымен қалай орайласқандығын, оның тәжірибелерін қаншалықты, қандай деңгейде қолданғандығын және ұрпақтар үшінгі қазіргі заманғы маңызын толықтай саралау болашақ зерттеу аймағымыздың перспективасы болып табылады деп айта аламыз.

Еліміз ұстанып отырған «Мәңгілік Ел» Стратегиясы – «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында өрілген тарихи шындықты ашып беруге ықпалдасатын тарихи идеялық тамыр. Бұл тұста, өткеніміздің, оның ішінде, руханиятымыз арқылы өмір шындығын ашып бере алатын Мұхаммед Хайдар Дулати сынды ойшылдардың еңбектері біз үшін аса құндыақпараттар бере алады.

Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабының түркі өркениетінде терең маңызға ие болуына ойшыл дүниетанымының түркілік және шығыстық өркениеттік негізде дамуы түрткі болды. Ғұламаның ізгі мұраттары, қайсарлігі мен жігер-намысы, танымы халықтық негізден өріліп, шығыстық дүниетаным негізде қордаланды. Шығыстық мәдениет пен өркениеттің басты құндылығы – адамгершілік мұраттардан өрілетініне байланысты М.Х.Дулати ой-толғамдары да адам туралы іліммен ортақ тоғысып жатыр.

Ендеше, ойшылдың негізгі тарихи ұстанымдары бүгінгі таңда да өзінің маңызын жоймайтын тарих философиясымен үндеседі. Қазіргі заманғы тарихты зерделеудегі Ұлы даланың жеті қыры – шартты сан. Ол тек жеті ғана емес, бірнешеу болуы ықтимал. Оларды тағы да қайтадан зерделеу осы Мұхаммед ХайдарДулати еңбектерінен де табылары сөзсіз. Ол болашақ зерттеулеріміздің мақсаты болмақ.

2.2 Ұлттық тарих философиясын зерделеудегі Мұхаммед ХайдарДулатидің тәлтума ұстанымдары

Тарих философиясын зерделеуде үш түсінік бар. Алғашқы таным бойынша, тарих та, философия да жалпылық ғылым болғандықтан, ғылыми танымды жалпы сипаттау, тарихи өмірді белгілібір құрылымға шоғырландыра отырып, шолу болып саналады. Екінші түсінік бойынша, тарих философиясының міндеті шынайылықты жалпы тану болса, онда ол, әрине, жекелеген ғылымдар зерттеген бүкіл материалды, барлық бай мазмұнын өзіне қабылдап алуы керек дегенді білдірмейді. Керісінше болуы тиіс: оның жалпылығы қашанда арнайы білімнің мазмұны оның аясында азды-көпті жоғалады деген мағынадағы түйіндеумен байланысты болуы керек, сондықтан, ақырында, бұл түйіндеу одан ары зерттеудің пәні болып тек жалпы «ұстындар» ғана қалған деңгейге жетеді. Осының нәтижесінде біз тарих философиясының тағы бір ұғымына ие боламыз. Ал, тарих дегенде өтіп кеткен шынайылықтың елесін емес, осы өткен шынайылықтың бейнесін немесе тарихи ғылымды ұғына отырып, біз тарих философиясының үшінші түсінігіне ие боламыз [72, 4 б.].

Әрбір ұлттың қараңғы жолда қолда ұстайтын шамшырағы, өткені мен тағдырын дәріптейтін тарих – күрделі философиялық категория. Әрбір қоғамның, ондағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың жадысы ретіндегі тарихты философиялық негізде зерделеу – қай уақытта болмасын өте маңызды. Рухани прогресс ретіндегі тарихты зерттеп-зерделеудің концептуалды негіздеріне табиғат пен адаммен тығыз қарым-қатынаста қарастыру жатады.

Саналы адам әрекетінің нәтижесі болып саналатын тарих пен қоғам – өте тығыз байланысты болғандықтан, философиялық зерттеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Қоғамдық өмір мен тарихты талдап, түсіндіру үшін ақыл-ой мен біліктілік қажет. Тарихтың екі факторы болады: объективті және субъективті. Қоғамдық дамудың екі түрлі шарты ретінде бұл факторлар бір-бірімен тығыз байланысты және тарихи дамудың негізгі заңдылықтарын айқындайды. Демек, ұлттық тарих дегеніміз – халықтың өткен шағы туралы әмбебап ілім, қоғамдық сананың ұлттық түрі, ол табиғат-адам-қоғам арасындағы өзара заңдылықтардан, әрекеттерден туындайды. Оны зерттеп, философиялық маңызын саралаудың ұлттық дамудағы орны ерекше. Осы орайда, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады. Бұл – жай ғана әдемі афоризм емес»- дей келіп, «бүгінде төл тарихымызға оң көзқарас керек. Бірақ қандай да бір тарихи оқиғаны таңдамалы және конъюнктуралық тұрғыдан ғана сипаттаумен шектелуге болмайды. Ақ пен қара – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Бұлар өзара бірлескенде жеке адамдардың да, тұтас халықтардың да өміріне қайталанбас реңк береді. Біздің тарихымызда қасіретті сәттер мен қайғылы оқиғалар, сұрапыл соғыстар мен қақтығыстар, әлеуметтік тұрғыдан қауіпті сынақтар мен саяси қуғын-сүргіндер аз болмады. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Көпқырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек» деп айтқан болатын [1].

Ендеше, ұлттық тарихымыздың философиялық негіздері мен алғышарттарын қарастырғанда, рухани қажеттілік пен мәдени тұтастықты негіз етіп алу қажет деп есептеймін. Өйткені, тарих пен адам – бір-бірінен бөлінбейтін категориялар. Тарихтың субъективті қозғаушы күші адам болса, оның дамып-жетілуі, дүниені тануы, шығармашылық тұрғыда көрсете алуы белгілі бір тарихи дәуірде, оқиға барысында жүзеге асырылады. Ал адамның басқа адамдарсыз тіршілігінің ешқандай мән-мағынасы жоқ. Басқалармен қарым-қатынасқа түсу арқылы ғана адам тарихи даму формациясын алға жылжытып, қоғамды біртұтас ерекше құбылысқа айналдырады. Материя қозғалысының жоғары деңгейі болып саналатын қоғамды қалыптастыратын да – адамдардың еңбек әрекеттері. Демек, «Адам тарихта екі түрлі «ипостась» немесе қырда өмір сүреді. Ол – бір жағынан, тарихтың алғы шарты, екінші жағынан оның нәтижесі. Өйткені алғашқы тарихи іс-әрекеттің иесі – пенде. Оны іс-әрекетке итермелейтін негізгі күш – қоршаған ортадағы өз болмысын сақтау, ұрпақ жалғастыру, тағы басқа қажеттіліктер, оның терең тамыры өмір сүру мен дамуға жұмсалған қуаттың орнын толтыруда жатыр. Жер бетінде тіршіліктің пайда болуынан кейінгі маңызды секіріс адамның қоршаған дүниені жаңғыртуға бағытталған мақсатты еңбегінен туындайтын оған тән қажеттіліктер жүйесінің қалыптасуы десек, артық айтқандық болмас еді»[73, 140б.]– деген пікірді тарих философиясын зерттеудің негізгі анықтамасы ретінде алуға болады. Адамды белсенді іс-әрекетке итермелейтін негізгі

қажеттіліктерге материалдық және рухани қажеттіліктер, қоғамдық және жеке адам қажеттіліктері, түпкі стратегиялық, ұзақ уақытқа бағытталған, сонымен қатар, кезеңдік сәттік қажеттіліктер және адам мен қоғамның дамуынан тікелей туындамайтын, бірақ оған қажет кейбір қызығу объектілері жатады.

Ендеше, бір-бірінен бөліп алуға келмейтін, қозғаушы күші адам болып саналатын қоғам мен тарих ұғымдарының негізгі сипаттары:

– біртұтастық – элементтер мен жүйелер бір құрылымға біріктірілуі;
– өзіндік ұйымдастырушылық – ішкі күштердің дамуы мен өмір сүруіне ықпал етуі;

– динамизм – әлеуметтік құрылымдар мен формалардың қозғалып, өзгеріп отыруы;

– заңдылық – қоғамның дамуы белгілі заңдылыққа бағынуы.

Тарих философиясы дегеніміздің өзі – тарихи үдерістің мән-мағынасын, оның заңдылықтары мен қозғаушы күшін, тарихи құбылыстарды тану құрылымы туралы философиялық ілім. Тарихты адам шығармашылығы ретінде қарастыру туралы бағытты ұстанушылар да болды. Тарих философиясы терминін тұңғыш рет Франсуа Мари Вольтер қолданған. Көптеген философиялық-тарихи концепцияларда тарихи дамудың субъектісі болып адам ұғымынан бөлім алуға келмейтін «өркениет», «тарихи-мәдени типтер» де қарастырылды [74,С.109].Бұдан кейінгі ғалымдар да, осы терминнің мағынасын айқындау барысында тарихшының оқиғаны тек баяндап қана қоймай, хронологиялық жүйелілігін сақтап, ұғындыруы, ал философтардың тарихи үдерісті философиялық тұрғыда талдап, оның болмысын көрсетуі тиістігіне тоқталады[75].

Философияны зерттеуде философиялық ойдың тарихына сілтеме жасамай, тұжырымдар түйіндеу еш мүмкін емес, өйткені философия тарихы арқылы өткен күннің рухани мазмұны бізге келіп жетті.Кейінгі кездегі көрнекі теориялар мен тұтас ілімдерге негіз болған және қазіргі кезде практикалық расталған ой-пікірлер білдірген ойшылдар да тарих философиясының маңыздылығына ерекше тоқталады [76].

Философия тарихы философияның қалыптасуы мен дамуының заңдылықтарын, оның анықтайтын шарттары мен факторларын қастерлейді. Сонымен, өткен мұраларға жүгіну философияның өткен жолын бағалауға және оның болашақтағы даму тенденцияларын ұсынуға көмектеседі.Тарих философиясын зерделеуде тарихи дамудың бағыты мен заңдылықтары, ондағы адамның орны мен рөлі, тарихи үдерістегі еркіндік пен әділдіктің дамыту алғышарттары да концептуалдық негіз болып саналады екен [77]. Ал, жекелеген шығармашылық арқылы тарих философиясын түйіндеуде бұл тұғырдың субъективті және объективті негіздері таратылады.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық тарих философиясын зерттеуде түркі халықтарына ортақ тұлға Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығы төл тарихымыздан бастау алып, ұлттық болмысымызбен астасып, өмір сүру заңдылықтары болып саналатын адалдық, парасаттылық, дүниетаным тереңдігі, көркемдік ойлау қабілеті, әсемдікке құштарлықтан нәр алып,

осылардың насихатшысы болып келеді. Дулатидің философиялық дүниетанымы желісінде түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтарын талдап-таразылау, рухани маңызын ашу арқылы ұлттық тарих философиясын зерттеудің концептуалдық негіздері айқындалады.

Мұхаммед Хайдар Дулати әрбір мемлекеттің дамуын ел басшысының іскерлігі мен парасат-пайымымен тығыз бірлікте қарастырады, өзі қызмет жасаған хандардың халық алдындағы беделі мен атағын талдайды, баға береді.

Бұл тұрғыда, Дулатидің қалыптасқан шындықты көрсетуге көмектесетін ұстанымдарды шеберлікпен ұштастырғандығын көре аламыз. Адамның тұжырымдамаларды генерациялау мен таратуға табиғи қабілетінің оның дамуында шешуші рөл атқаратынына алғаш ретағылшын этологы Ричард Докинз[78] пайымдаған. Мұхаммед Хайдар Дулати да ұлттық тарихты баяндағанда, жеке және ұжымдық қызығушылықтарды үйлестіре отырып, оған прагматикалық мазмұн береді.

«Тарихты тұтастай ұғыну бізді тарихтың шегінен асырады. Бұл тұтастықты сезінудің өзі, тарихтан жоғары шарықтап, тарихты бір тұтасқа айналдыратын бірлік арқылы, сол бірлікке жетуге мүмкіндік береді. Бірақ тарихтың тұтастығына ұмтылатын тарихтан асқақтаушылық өздігінен тарих шегіндегі міндет болып қала береді. Біз бірлік туралы білмей өмір сүреміз, алайда біз осы бірліктен өсіп-өнетінімізден, біздің тарихтағы тіршілігіміз тарих беткейіне айналады, - деген пікірге сүйене отырып, тарих философиясының концептуалдық негіздерін айқындауда «Тарих философиясының тұтас концепциясы әлемдік тарих аясындағы қазіргі жағдайымызды жаңартуға, жаңғыртуға бағытталуы тиіс. Тарихи концепция міндеті – қазіргі кезеңді сезінуді, жан-жақты ұғынуды жетілдіру. Ол, өз кезегінде бізге әлемдік мәдениеттегі орнымызды танытады» [79] деген ұстанымбасты назарға алынуы тиіс.

Батыс философы Энтони Кенни өзінің «Қазіргі философияның дамуы» атты еңбегінде «Meslegim geregi bir tarihci degil bir filozofum ancak felsefe tarihinin felsefenin kendisi için büyük önemi olduğuna inanıyorum», яғни, «Менің мамандығым тарихшы емес, мен философпын, бірақ философияда тарихты философиялық зерттеу маңызды деп санаймын», - дейді [80, 126.].

Осыған орай, Дулати тарихты баяндағанда, оны философиялық ұлттық тарихты зерделеудің концептуалдық негіздері саналатын тұлғалық, жүйелілік, ақпараттық-инновациялық, аксиологиялық, креативтілікті қатар ұстанған.

Кез-келген мәдениет пен философия тірі ағза секілді үнемі өзгерістерге ұшырап, толығып отырады, дегенмен, өзіндік болмысын сақтайды. Көшпенді халқымыз материалдық құндылықтарға емес, рухани өмір мен адамгершілік құндылықтар маңызды болған. Осыған байланысты көне түркі дүниесінің белгілі өкілдерін түрліше атаймыз. Кейбіреулерін тарихшы, біреуін тілші, әдебиетші, сөз зергері дейміз, алайда философ деп атамаймыз. Өйткені, біз ол тұлғалардың философияға тікелей қатысы бар екендігін жете түсіне бермейміз. Мәселен, «Қорқыт-ата» кітабын алайық. Кітапта тек тарихи оқиғалар ғана баяндалып қоймайды, терең пәлсапалық ойлар мазмұндалады. Бүгінгі таңда,

осындай тұлғалар шығармашылығы мен еңбектерін философия тұрғысынан зерттеу өзектілігі артып келеді [81].

Дулати «Тарих-и Рашиди» еңбегінде өзі өмір сүрген кезеңдегі тарихты, хандар шежіресін, соғыс тактикасын, ең бастысы түркі өркениетінің ахуалын суреттейді. Қазақстан – көпұлтты ел ғана емес, Еуропа мен Азияның ортасында орналасқандықтан, түрлі мәдениет пен өркениеттің жалғастырушы діні болып саналады. Отырықшылық пен көшпенді мәдениеттің дара байланыс аймағы болған Отырар қаласының өзі де қала мәдениетінің бастауы болғандығы анық. Бұған қоса, Дулати шығармашылығында айқын көрінетін түркі және иран тілді халықтар мәдениетінің ықпалы, басқа да өркениеттердің әсері ұлттық философиядағы әрбір категорияны жан-жақты қырынан зерделеуді қажет етуде. Айталық, Дешті Қыпшақ құрылғаннан кейін ислам өркениеті өз үстемдігін алды. Алғашқыда тәңіршілдік ұғымдарымен ұштасқан ислам кейін өз хандығын құрғаннан кейін де ұлттық ойлау дәрежеміздің негізгі сипаты болды. Бүгінгі таңда көшпенділіктің әлемдік өркениеттегі маңызы да көптеген әлемдік философтардың зерттеулерінде талданды.

Шындығында, бір өркениет екіншіге әсер ету үшін алдымен өзінің жаңаша даму сипаты болуы тиіс. Бұл туралы көрнекті түркітанушы Садри Максуду жан-жақты зерттеулер жүргізе келіп, кереғар пікірлерге қатысты «Түркілердің қоғамдық өмір белсенділігі мен жасампаз мемлекет құра алуының өзі сол қоғамдағы түркілік өркениеттің басты жетістігі болып саналады» [82, 10б.], - деген тұжырым жасады.

Қазіргі уақытта түркілік дүниетанымның бүкіләлемдік өркениеттерге негіз болғаны пайымдалуда. Ұлан-асыр даланы мекендеген түркілер мен одақтас тайпалар қоршаған орта мен жаратылыстың құпияларын зерделеу барысында ұлы өркениеттік нәтижелерге қол жеткізді, яғни, ұлы көш қалыптастырды. Көршілес елдер мен мемлекеттермен де ортақ байланыстар жасап, протоқазақтар ұлы даланың дербес құндылықтарын жасай отырып, әлемдік дамуға, өркениеттік ізденістерге сүбелі үлес қосты. Отандық философияның көрнекті өкілі, ғұлама ғалым А.Х. Қасымжанов көшпелілер тіршілігі уақытпен тығыз байланысты болғандығын, демек, философиядағы қозғалыстың кеңістікте жүзеге асырылатындығына тоқталып: Көшпелінің санасы, тарихи жады үнемі қозғалыста, үнемі жаңғыру үстінде болды. Себебі, ол уақыт пен кеңістік ішінде қозғалыс арқылы ата қоныс жайлауларын аралаумен болды, бір-бірімен тіл табысып жатты. Топтаса бірлесіп өмір сүрудің тәсілдері мен жолдарын жетілдірді. Дүниеге, адамға деген осындай кең көзқарас, тартымды түсінік, төзімді мінез-құлық – халықтың туыстық сезімталдығын ұштады, оның дәстүрлі мәдениетінің түп-тамырын құрастырды» [83, 15б.], - деген тұжырымы арқылы ғылыми дәйектейды.

Осылай негізде зерделеніп жатқан түркілік өркениет Дулати заманынан бастау алатынын жеткіздік. Дала өркениеті немесе номадтық мәдениет атауын иеленген түркілік өркениет терең әрі жан-жақты сипатқа ие. Философиялық мазмұны мен терең маңызы әрбір зерттеуші ғалымдардың еңбегінде жаңа қырынан көрініп, жан-жақты сипат алуда. Қазақ

философиясының дамуына ерекше үлес қосқан ғалым Сәбетқазы Ақатай да көшпелі халықтар дүниетанымында руханилылықтың басты маңыз алатынын, ол белгілі бір орныққан жүйелік негізде қалыптасқандығын айта келіп, номадтық сипаттағы біртұтас мәдени құбылыс деп сипаттайды[84,280б.].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, кең-байтақ далада қоныстанған ата-бабаларымыз ұлы дала мен қоршаған орта сырларын пайымдауға, табиғаттың тылсым сырларын меңгеруге ұмтылды. Табиғаттағы әрбір жаратылысқа ерекше махаббатпен қарап, сезім дүниесын, осының негізінде жасампаз, жолбасшы өркениетті қалыптастырды. Бұған номадтық өмір сүру салты да өз игі әсерін тигізді. Бұған қатысты қазақ мәдениетін жан-жақты зерттеген ғалым Ақселеу Сейдімбек те көшпелілер мәдениетінде толып жатқан «измдердің» кездеспейтіндігін, идеал тұрақтығын, соның арқасында мыңдаған жылдар бойы сыртқа еліктеуден гөрі іштей шыңдалудың басым болғандығын, сөйтіп жалпыадамзаттық мәдениетте өзіндік дара бітімімен көзге түсетінін әлгіндей қасиеттерден іздеу керектігін» баян етеді[85,64б.].

Әлемдік өркениеттерге бастау болған түркілік дүниетаным өмірдің шынайы әсерлері мен ықпалдарынан туындады. Осылай рухани маңызы артты. Түркі жұртына ортақ ғұламаларымыздың әрбірінің философиялық ойлары мен өмір жайлы толғаныстарының дүниежүзілік руханиятта ерекше бағалануы да осының айғағы. Бұл тұрғыдан алғанда, австриялық ізденуші Эрнст Добльхофер «Бүгінгі қоғамда біз ежелгі түркілік ескерткіштерге бейжай қарай алмаймыз. Сонау VI ғасырдың өзінде-ақ, бұл халықтар дамудың жоғары шегінде болған»[86,332б.],-деген пікірді сонау 60-жылдардың өзінде-ақ тұжырымдап, мойындағанын айтсақ жеткілікті.

Кез-келген халықтың тарихы мен ұлы перзенттерін толыққанды тануда «Шежіре» сөзіне соқпай өте алмаймыз және маңызы терең. Араб тілінен аударғанда, «бұтақ, тармақ» ұғымдарын беретін ежелгі тарихы, шығу тегі мен таралуын кейінгі ұрпаққа жеткізетін шежіре барлық халықтарда бар. Мәселен, орыстардың «Повесть временных лет», «Слово о полку Игореве» туындалыра да шежірелік болып саналады. Ал, түркі тілдес халықтарға ортақ Мұхаммед Салихтың «Шайбани наме», Бабырдың «Бабыр наме», Бейбарыс пен Халдунның «Қыпшақ шежіресі», Үсман Кухистанидың «Тарих и Әбіл Хайырхани», Әбілғазының «Шежіре и түрки», Ұлықбектің «Сұлтаннар шежіресі», басқа да кітаптармен қатар, Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидидің» атауымызға болады.

Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларында жалпы тарихты баяндай отырып, Моғолстан, Орта Азияның басқа да көршілес мемлекеттерінің ішкі-сыртқы жағдайларын суреттеп, сол арқылы рухани қуаты жан-жақты философиялық ой-толғамдар тұжырымдайды. Тарихпен байланысты жасаған тұжырымдарын талдау барысында ойшыл туралы философ-ғалым Аманжол Қасабектің «Ол тарих философиясының негізін қалады» [87,174б.], - деген пікірін ескерген дұрыс деп санаймын.

Айтылғандармен қатар, «Тарих-и Рашидидің», «Жаһаннаменің» кез-келген шумақтарына да ғұламаның мұсылмандық танымы, адамдық

болмысы ислам мәдениетінің жоғары деңгейге жеткізуші ретіндегі тұлғасы айқын аңғарылады.

Дулатидің «Жаһаннаме» поэмасындабаяндалатын тарихи оқиғалар легі, баяндалу мәнері, әсіресе, араб, парсы сөздері мен сөз тіркестері жиі ұшырасатын тілдік ерекшелігі «Тарих-и Рашиди» еңбегімен үндесіп жатады. Мұны дулатитанушы Әбсаттар Дербісәліде қуаттап, былай дейді: «Поэма беташарындағы автордың бірінші жақтан баяндаған өмірбаяны» Мырза Хайдардың «екінші дәптерде жазған өмірбаянымен тікелей үндесуі, рет-ретімен оны қайталауы һәм ақынның (Мырза Хайдардың) 33-бәйітте өз басынан өткен өмірі жайлы айтуға бет бұрғанын келтіруі, осылардың бәрі де жоғарыдай тұжырым жасауымызға негіз болды [88,20б.].

Дулатидің «Жаһаннаме» еңбегін әдеби ескерткіш ретінде зерделеген ғалым, профессор Қансейіт Әбдесұлы аса жоғары бағалаумен қатар, ақындық қуатын талдайды. М.Х.Дулатидің ойшылдығымен қатар, ақын ретіндегі талантының жоғары деңгейін, эстетикалық ойлау дәрежесін, шығармадағы көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдану машығын жан-жақты көрсете келіп, сөззергері ретіндегі адамдық болмысының кілті – имандылықтан бастау алатындығын, философиялық ұстанымдары адам табиғатын таныту, өмірдің жалғандығын насихаттап, мәңгілік құндылықтарды дәріптеу екендігін ғылыми пайымдайды. «Ақын дүниетанымы, пәлсапалық ұстанымы дастанның идеялық өзегін анықтап, рухани арқауын ұстап тұр десек, қателеспейміз» [89,108б.] – деп, аса жоғары бағалайды.

Сюжеттік желісіне үнді дастандарының бірі негіз болған бұл поэма түркілік дүниетаным биігінен ой толғайтын, даналық сөз айтатын классикалық, поэтикалық шығарма ретінде асыл қазынамызға айналды. Поэманың негізгі тақырыбы – тарихи болғанымен, идеялық-философиялық мазмұны бір Жаратушыны дәріптеу, парасатты тағылым беріп, имандылыққа үндеу болып табылады. Поэманың алғашқы 114-бәйіті – кіріспе іспетті. Негізгі оқиға желісі 115-бәйіттен басталады. Кіріспеде Мұхаммед Хайдар Дулати поэманың жазылу себебін жиырма жылдан кейін «Қала- и Зафар» қаласына қайта оралғандағы қаланың жағдайының негізгі арқау болғандығын былай баяндайды:

95. Бірінің де ізін көрмедім сол кезде,

Қараңғы тартты көзіме жаһан.

96. Құлазып көңілім, ойым тым зарлы,

Қатты жыладым егіліп ұзақ.

97. Ұмыт болған, өшкен айырылысу оттары,

Тұтасты бойыма соның бәрі...

102. Жұмылмай көзім ұйқыға таңға дейін,

Жатып едім сол кез қасымда сияқты [89,210б.].

Дулати бұл қалада өткізген күндерін қайғыра да, мұндана отырып, есіне алып, жазады. Өйткені, мұнда ол жастық шағын өткізген жерін, достары мен ата-анасын сағына еске алады. Өмір талқысына ерте түскен Дулати талай тауқыметті көргенін қамыға айтады. Жүрек түкпіріндегі қайғы-мұңын жырға

қосады. Осы қайғы-қасіретінен арылу үшін осы поэмасын жазуға кіріскендігі сезіледі. Поэмада ойшыл өмірлік оқиғаларын еске ала баяндап, шығармада тарихымыз кейінгілерге жетсе екен, әрбір ұрпақ өз тегін білсе екен деген мақсат ұстанған. Поэманың негізгі кейіпкерлер – хандар, шахтар, бектер, әмірлер, жасаған іс-әрекеттері, барлығы өмірден алынған кейіпкерлер. Олар қарапайым халыққа қайырымды. Шығарма қоғамда әділеттіліктің орнауы – ел басқарушыға тікелей байланысты, өзгеге қиянат жасамаған басшы басқарса, халық жақсы өмір сүріп, береке-ынтымақ орнайды деген пәлсапалық ойды тереңдете түседі. Бұл ой поэманың 1056-1057-бәйіттерінде басшының қайырымдылығы мен қанағатшылдығынан халық байыды, басқалардың байлығына пысқырып та қарамады,оның істеріне халық еш шүбә келтірмеді, ешкім де одан қиянат шекпедідеген жолдармен берілген.

«Тарих-и Рашиди» еңбегі секілді, аталмыш поэманың да алғашқы 14 бәйіті бір Жаратушыны жырлауға арналады.

Мадақ – жаһанды жаратушыға бұрын,
Ешкімнің одан емес ісі жасырын
Қандай адамның қиялы жетер,
Ұлыстың қайсысы құпия етер?
Бәрі оның алдында бірдей болар,
Ашық болса да, түнек мекен болар.
Әлем жұртында не болса да,
Оның құдіреті онда да көрінеді.
Жаһанда не болса да жанды, жансыз болар,
Ауада ұшар, жерде жүгіріп жүрер.
Оның құдіретімен қанат қағар,

Оның құдіретімен жүгіріп қашар [89,158б.]дей отырып, ақ пен қара алмасып келетін өтпелі дүниенің жалғандығын айтып өтеді. Дулатидің пікірінше, бәрі де Алланың қолында. Ол – өте кешірімді. Егер шын тәубеге келіп, бар ниетіңмен жалбарынсаң, кешіреді, ал, оның қаһарына ұшырасаң, өмірің азапқа толы болатынын ескертіп, кез-келген адам жаман пиғылдан бойын аулақ ұстау керектігін ескертеді.

Дулати адам баласының пайғамбар айтқан жеті ауыр күнәсінің: біреуді нахақ өлтіру, адал адамдарды балағаттау, жетімнің малын нахақтан жеу, алтынның өсімін (алу) жеу, кәпірлермен соғыс кезінде бір мүмін екі кәпірден қашу, ата-ананың құқығын таптау, яғни мойынсұнбаудың ең үлкені – Аллаға күпірлік келтіру екенін атап көрсетеді [5, 377 б.]. Сондықтан, оның пікірінше, адам Алла жолына түсіп, күнәлардан бітеліп қалған жүрек алаңын тазартып, құдайға деген шынайы махаббат орнатуы тиіс.

Дулати поэмасының тереңінде тұнып жатқан тағылымды көзқарастар өзіне дейін де, өзінен кейінгі де, ұлттық танымды жете зерделеуге жол ашатын дәйекті дәнекер, байыпты байлам, тұғырлы тұжырымдар көптеп кездеседі. Олар жеке адамдарға арнау түрінде де, көпшілік оқырмандарға өмір, дүние туралы өзінің көзқарастарын, ұлағатты ұстанымдарын үлгі етіп қалдырып кетті. Адам баласының тіршілігінің тұтқасы ар-ұят екенін айтып,

рақымшылдыққа, қанағатшылдыққа үйрену керектігін ескерту арқылы әркімді өз орнын табуға шақырады. Оның пікірінше, өтпелі өмірдің байлығына қызықпайтын патша – нағыз патша, бұл фәнидегі байлықтың өзі мәңгі емес деп бірнеше рет ескертеді. Байлықтың өзі әділдік пен қайырымдылық болған кезде ғана келеді.

Аларыңды аларсың керегіңді байлықтан,
Ақылдылар әдетте сол байлықтан қаймыққан,
Сену керек дер едім осыны айтқан данаға.
Дәулетімен Карунның кете алмайсың астасып,
Сіңбес еді бойыңа жегеніңмен басқасы.
Жисаң егер тонаумен дүниені, мүлікті,
Ол ошағы болады бітпес даудың, бүліктің,
Жиғаныңнан не қалар, о да бір күн жоғалар,
Жылатқаның жылатар, тонағаның тоналар [89,159б.].

Поэмада көтерген негізгі мәселелер – қиыншылықты мойымайжену, бір-біріне мейірімділікпен қарау, өмірде өз орныңды табу, жаман әрекеттерден тазару. Яғни, жүректі жаман әрекеттерден тазарту. «Жүрек жаман әрекеттерден тазарғанда ғана, Аллаға жақындай түседі» дейді Мұхаммед Хайдар Дулати. Жүректегі Алла деп отырғаны, әр адамның ар-ұяты, санасы. Оның пікірінше, имандылық дегеніміз – адам мен адамды жақындастыратын, жақсыға үйір ететін, жаман әрекеттер жасамауға бағыттайтын қасиет.

Поэманың негізгі өзегі қаһармандардың ерлігі, батырлық қимылдары, ел басынан өткен тарихи оқиғалар, сондай-ақ, халықты бірлікке шақыру болып табылады. Бұл шығарманы халықтың тарихи санасы мен көркемдік ой-пікірі дамуының жемісі деуге болады.

Тарихшы, ойшыл Дулати көрнекті мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, ақын ретінде түркілік өркениеттің дамуына сүбелі үлесін қосқандығы жайлы «Тузуки Жаһангири» атты еңбекте: «Кашмирді Дулати билеген тұста бұл өлкеде көптеген өнер шеберлері күн кешті. Олар музыка саласында шеберлік танытты. Олардың лютнялары (ішекті аспап), цимбалдары, арфалары (ұзынша үшкілденіп жасалған саусақпен тартатын ішекті аспап), флейталары (сырнай) сол тұста көпке танымал еді. Бұрын кашмирліктерде лютняның бір-ақ түрі болатын. Әдетте олар әнді үнді музыкасының үлгілеріне ұқсатып, Кашмир тілінде хормен айтатын. Кашмирліктер қол жеткізген жетістіктері үшін, сөз жоқ, Мырза Хайдарға көп қарыздар» [90,33б.], – делінсе, үнді тарихшысы Р.К. Парму «Кашмирді билеген жылдары аталмыш елдің басқару жүйесіне реформа жасады, жаңа қалалар салдырып, моғол мәдениетінің элементтерін енгізді. Кашмирге шартараптан суретшілер мен қолөнершілерді жинатты. Олардың өз өнері мен кәсібін кашмирліктердің арасына ендіруге мүмкіндік жасады. Өзі де елдің әскери жағдайын нығайту үшін көп еңбектенді» [5,19 б.], – дей келіп, жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылығымыздың негізі болып саналатын тарихи тұлғаларымыздың тағылымдық мұраларының алдыңғы шоғырында Мұхаммед Хайдар Дулати

шығармаларының аталуы заңды. Түркі тілдес халықтарға ортақ тарихты баяндай отырып, өмірді, адамды сүюден бастау алып, жастарды ұлтжандылыққа, Отанды қорғауға, ерлік пен батырлықты дәріптеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге, адамгершілік асыл қасиеттерді насихаттауға, сана-сезімді жетілдіріп, ұлттық рухты көтеруге бағытталған.

Дулати – тек түркі дүниесіне ғана емес, Орта Азия әлеміне әйгілі, шығыс мәдениетіне өзіндік үлес қосып, із қалдырған әрі өнер әрі мемлекет қайраткері. Атақты ғұламаның өмірі де өте қиын жағдайда өтіп, көптеген шым-шытырық тарихи оқиғалармен тұспа-тұс келді. Осы тұрғыдан алғанда, Ж.Ж.Молдабеков ойшыл шығармашылығын өмірімен тығыз астасып жатқандығын, оның қайраткер, ойшыл ретінде қалыптасуына ел басқарған уақыттағы әділеттілікті ту етіп ұстануының басты себеп болғандығын, айналасындағылар ғұламаның өжеттігін, данышпандығын, көрегенділігіне ерекше бас игендігін, бүгінгі таңда М.Х.Дулати ақын-әдебиетші, тарихшы, ойшыл, кемел басшы, қоғам қайраткері ретінде ерекше мақтануымызға тиіс тұлға екендігін баса айтады [91,74б.].

Туған бабамыздың көрнекті тұлғасы мен қайраткерлік болмысы ғалымдар назарын бірден аударып, бірқатар сүбелі зерттеулердің нысанына айналды. «Тарих-и Рашиди» әрі тарихи, әрі энциклопедиялық туынды ретінде бағаланып, мәдени мәні таразылануда. Аталмыш еңбектің туған халқымыздың төл тарихы мен рухани кеңістігіндегі орны да ерекше. Түркі өркениеті болмысына қатысты терең ойлар түйінделіп, сабақтаса тұжырымдалатын шығарма ұлы ойшылдың терең білімі мен таным түсінігін айқын көрсетіп береді. Бұл туындының терең мазмұны кімді болмасын бірден баурап алып, мазмұндалатын ойлардың тарихпен байланысып, философиямен астасуының сыры неде? деген сұрақ бәрімізді ойландырады.

Мұхаммед Хайдар Дулати бар сенімі мен білімін сарқа жұмсаған хақ жолындағы тарихтың танымдық-тәрбиелік маңызы уақыт өткен сайын арта беретіні даусыз. Өйткені жастайынан жетім қалып, ұлы Бабыр тәрбиесінде болып, жауынгерлік өмірдің ыстығы мен суығын басынан кешірген ойшыл еңбегінде өмір атты ғаламның тіршілік түйткілдері таразыланып, шынайы мазмұндалады. Әсіресе, жеке басы мен билік мүддесі үшін қайсыбір қатыгездіктен тайынбайтын адамдармен күресе жүріп, өзін-өзі тәрбиеледі. Жас мырзаның келбеті мен көзқарасы XIV-XV ғасырларда мемлекетаралық шиеліністер мен халықтық келіспеушіліктердің ең алғашқы легінде орнығып, ой-таным туған жері мен елінің шынайы болмысымен, тағдырымен астасып, табиғаттың ақиқат сырларында шындалды, даму межесінде нақтыланды. Десе де, ойшыл үшін рухани мүдде бәрінен жоғары тұрды, әрбір оқиғаға терең тарихи таным түсінігімен қарап, бағалап, кешіріммен қарай білді. Мұны Дулатидің өз сөзімен келтіре кетсек:

«Олардың қатыгездігінің шегіне жеткені соншалық, егер де менің «Хайдар» (Ержүрек) деген атымның мәнін ұғынатын болса (мен де өмір бар деген) әрине менің қамымды жеп, өздеріне өлім тілеген болар еді. Өлең: Сен жұмаққа бет алсаң, соңына ертіп халықты, кейбіреулер сен үшін дайындайды тамұқты.

Бірақ менің олар хақындағы ойым былай:

Сенің шерің һәм құсаң – уайым-қамым ол менің, қаталдықтың өзімен сүйеу болып келгенің. Көзің түсті – мен үшін соның өзі зор бақыт, «бұл да менің тұтқаным» деп білгейсің бір уақыт [5,41б.].

Жас мырза өзінше ізденуден, үйренуден тайынбайды, келбетті де қайсар тұлғалардың мәртебесін жан-тәнімен қызықтап, үлгі-өнеге тұтты. Тарих толған күрес, өмір де сол. Өмірдегі күресте адамның қабілет-қасиеті сынға түседі, пікір-таластар өрбитінін ескерсек, адам болмысының соған сай қалыптасып, ойшылдық қабілетінің артатыны сөзсіз.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің түркі өркениетіне қосқан үлесі ерекше зор. Ол Орталық Азияның, кейін Кашмир алқабының сол кездегі шаруашылығын, сауда-саттығын, мәдениетін жетілдіруде ерекше қызмет етті. Оның қаламына мал мен егін шаруашылығы, көшпелілік пен отаршылық, дала мен қала, өнер мәселелері жиі ілігіп, ондағы түрлі әлеуметтік топтар сараланып бағаланды. Әсіресе, ұлы қазақ хандарының болмысы, адамның кісілік қасиеттеріне қатысты терең ойлар айтылады. Сөздің мәнін түсініп, тоқтай білу, қайсыбір мәселені болмасын ақыл көрігіне салып, таразылау, сабырмен шешумәселесі қозғалады: Мысалы, ойшылдың қандай да бір тарихи оқиғаны суреттеуде болмасын ақылмен шешу қажеттігіне тоқталуы, аталы сөзге тоқтаудың, әруақытта болмасын үлкеннің ақылын алмаудың өкінішке соқтыратынын айтып отыруы философиялық мазмұнды байыта түседі. Дулатидің де заманы үстемдік пен күш көрсету, жеке пайдасын бәрінен жоғары қоятындардың, зұлымдықтың сойылын соғушылардың беделі үстем болды. Осындайлар ел бірлігіне іріткі салып, халықтың сеніміне күмән туғызды.

Шындығында, қатал тағдыр теперішін көріп жүріп, «Тарих-и Рашиди» секілді терең толғамдарға толы тарихи шежіре жазуға ешкімнің де тәуекелі де жетпес еді, жауапкершілік алмайтын еді. Бұл тек «Хайдар» атына сай Мұхаммед Хайдар Дулатидің қолынан келер ұлы іс еді. Ойшыл өз дүниетанымнда бақ пен байлық, атақ пен мансапқа қызықпай, өз ар-намысын бәрінен жоғары қойды. Қарапайым халқының мүддесін қорғады. Қаншама шабуылдар мен жорықтарға қатысып, қатал да білгіл қолбасшы бола тұра, үнемі жауынгерлермен санасып, солардың жанында болды, мұң-мұқтаждарын біліп, қолынан келгенінше ескеруге тырысты.

Мұхаммед Хайдар Дулати ата-бабаларымыз мекендеген кең-байтақ сахараның екі ғасырлық тарихын баяндай отырып, сол замандағы саяси-мәдени дамуымызға баға беріп, сол дәуірдің тарихи тұлғаларының адами болмысын суреттеп, әлеуметтік-философиялық ойтолғамдар жасаған. Осы себепті де, ғұламаны халқымыздың ойлау жүйесінде тарих философиясының негізін қалаушы деп толыққанды айта аламыз.

Биліктің жоқтығы қоғамда әлеуметтік тәртіптің жойылып, ел арасында араздық пен ылаңның күшеюіне, қан төгіске әкеліп соғуы мүмкін екенін жақсы білген Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» шығармасында мынадай жолдармен нақтылана түседі: «егер бұйрығына бағынуды барлық тұрғындары міндетті деп мойындайтын және оның жарлықтарын орындаудан бас

тартпайтын билеуші болмаса, онда кез келген елдің тәртібі мен тіршілігінің сөзсіз шырқы бұзылады»:

Билеусіз жаһан бассыз тәнмен тең,

Бассыз тән жолда жатқан шаңмен тең [5,576.].

Сонымен, Мұхаммед Хайдар Дулати қоғамда мемлекеттік биліктің болуын, ал өз кезегінде халықтың сол билікті мойындап, оған бағынуын мемлекет тіршілігінің алғышарты ретінде қарастырады. Дулати өзінің мұндай терең философиялық тұжырымдарын өзінің шығармаларында нақты тарихи деректермен негіздей отырып, өз ойының дәйектілігін көрсетіп береді.

Биліктің ізгі мақсаты – елдің тыныштығы мен әл-ауқатының артуы, әділеттіліктің орын алып, қоғамның өркендеп гүлденуі. Ол үшін адамдар арасында келісім, бірлік, достық пен ынтымақтастық болуы қажет. Дулати өзінің шығармасында тарихи тұлғалар арасындағы келісімге, достық пен бірлікке айрықша мән бере отырып суреттейді. Мәселен, әмір Хұсейін мен ұлы мәртебелі Сайыпқыранның өзара қатынасына тоқтала келіп ол былай деп жазады: «Олар... келісім арқауын уәделерімен және анттарымен бекітті және бұрынғы достық пен адалдықты іс-қимылдарының бірлігімен және келісімімен толықтырды.

«Тарих-и Рашиди» кітабында ғұламаның туған халқы мен жеріне деген ыстық ықыласы, толғаныс-сезімдері беріліп, бізге жетіп отыр. Және, өскелең ұрпағымыз бен жастарды ерлік пен батырлыққа тәрбиелеудегі арман-тілектері айқын байқалады. Дулати өзінің шығармаларында батырдың тұлғасын сомдап, жауына қаншалықты қатал мейірімсіз болса, бауырларына, еліне халқына, отбасына соншалықты мейірімді болып суреттеледі.

Жалпы адамзаттық рухани мәдениетке ортағасырлық түркілердің қосқан мәдени үлесі орасан зор. Адамзат философиясы сияқты қазақ философиясы да, өзіндік ұлттық ерешеліктеріне қарамастан, қоғамда рухани өмір шындығын бейнелеуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидің пәлсапалық ойларының қазақ өркениетіндегі орны мен мәні терең екендігі анық. Оларды терең танып, түйсіну – рухани өрісіміздің жаңа көкжиектерін ашып, бағдарлап, жаңаша мазмұндар сыйлайтыны даусыз.

Шындығында да, адамзат тарихында талай мәдениеттердің жаугершілік замандарда өзін-өзі қорғай алмай, дәрменсіздік көрсетіп, ассимиляцияға ұшырағандығы немесе мүлде жойылып кеткендігі қалың көпшілікке белгілі тарихи-мәдени фактілер деп айта аламыз. Ал сындарлы кезеңдерде тағдыр талқысына қанша ұшыраса да, әлемдік философияда, мәдениет көшінің қатарынан қалмай, өзіндік бет-бейнесін таныта білген қазақ философиясы, мәдениеті бүгінгі таңда да, өзінің өміршеңдігін танытып отыр [92,1876.].

Қазіргі уақытта әрбір ұлттың, халықтың мәдениеті мен руханиятының белгілі бір шегі, дербестік сипаты бар. Демек, дүние жүзінде қаншама халық пен ұлт болса, соншама мәдениет, руханият қалыптасатыны ғылыми дәлелденген. Осы себепті де, бүкіладамзаттық өркениет жайлы айтқанда, оны жекелеген мәдениеттердің құрылымдық жиыны деген түсінік оралады. Өркениет туралы да осы дұрыс тұжырым. Бұл туралы өз кезегінде халықтық

философияда да сан рет айтылып, тұжырымдалған. Осыған қатысты, қазіргі уақытта әрбір дербес мәдениеттердің құндылық сипаттары мен тарихи дәрежесі ғылыми пайымдалып, европалық немесе азиялық делінген сыңаржақ пікірлер күшін жоюда. Бүкіләлемдік дамудың жаңа ғасыр көгіндегі межесі тіпті Батыс пен шығыстың да шекарасын жоқ қылып жіберді дей аламыз. Бұл туралы Жапония, Үндістан, Қытай мен Шығыс Азия елдерін айтсақ та жеткілікті. Осыған байланысты, мәдениет пен руханиятқа қатысты бұрынғы тұжырымдар өзгеріп, жаңаша пайымдаулар жасалуда. Демек, көптеген ой-тұжырымдар астасып, өзара ұштасып жатыр. Әрбір ұлт немесе халық дербес болмысы мен танымын зерделеп, әлемдік мәдениеттегі үлестерін саралауға, жетістіктерін паш етуге ұмтылуда. Егеменді еліміздің әрбір тұлғасы да адамдық-қоғамдық болмысын өркениеттік негізде бағамдап, пайымдауды мақсат етуде. Бұл әрине, даму жолындағы жас мемлекетіміз үшін де басты қажеттілік, әрі басты рухани тұғыр екені сөзсіз.

Әрбір ел өз дамуында тек экономикалық-саяси тұрғыда ғана емес, рухани-әлеуметтік тұғырларды да қатар ескеру шарт. Олайболмағанда, андай мемлекеттің ертеңі жарқын бола алмайды. Бұл, әсіресе, жетпіс жылдан астам уақыт бодан ел болған, қилы замандарды басынан кешірген біздің халқымыз үшін өте қажет. Өткенімізді бажайлай отырып, жоғалтқанымыздың көп екендігін бағамдаудамыз. Осыған байланысты, ел саясатының басымдықтарының біріне мәдени мұраларды дамыту жайы алынғандығын айтып өттік. Бұл да, ұлттық тұғырымыздың, тәуелсіздігіміздің баянды болуының алғышарттарының бірі. Дегенмен,, қанымызда сақталған жалтақтық, басқа ұлттар ықпалының басымдығы, ана тіліміздің жайы, тағы басқа кедергілердің бар екендігін жасырмаймыз. «Ұлтшылдықтың мазмұны өркениеттік ізденістер арқылы айқындалады» [93,13б.], - деген академик Ғарифолла Есімнің сөзімен айтсақ, тарихтың әрбір парағын терең зерделеп, әрбір тарихи мәдени-тарихи мұраның ұлттық мәдениетіміз бен өркениетімізді дамытудағы, адамдық болмысымызды, ұлттық санамызды жетілдірудегі орнын бағамдаудың маңызы күн өткен сайын арта түсетіні даусыз.

Қазіргі уақытта еліміздегі ең дамыған отыз елдің қатарына ену жолындағы тәуелсіз мемлекетімізде – жүз елуге жуық ұлттар мен ұлыстардың бейбіт өмір кешіп жатқандығы да – саяси-рухани дамудағы басты тұғырлардың дұрыс болуынан деп санаймын. Әрине, соңғы уақыттарда кейбір ұлттар өкілдері тарапынан өрескел қылықтардың болып, арты ұлтаралық жанжалға соқтырғандығын да білеміз. Бірақ, бұл өткінші жағдайлар ғана.

Түркі халықтарында, оның ішінде қазақ халқында өркениеттік дамудың жоғары жетістігіне саналатын мәдени ескерткіштер өте көп. V-VII ғасырлардағы «Қорқыт ата», Қожа Ахмет Ясауи, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Жалаладдин Руми және тағы басқаларының көркем еңбектерінің өзін ерекше айтуымызға болады. Осылардың қатарында Дулати шығармашылығының өркениеттік сана қалыптасуындағы маңызы ерекше. Жаңа ғасырдағы түркілік өркениетке бүкіләлемдік өркениеттер секілді жаһандану өз ықпалын тигізуде. Жаһандану өз кезегінде әрбір өркениеттік

санаға әсер етіп, мәдени-тарихи құндылықтарға әсер етуде. Атақты үнді қайраткері Махатма Гандидің «Мен өз үйімнің өте әдемі, әсем болғанын қаламаймын, керісінше, мүмкіндігінше түрлі халықтардың мәдениеттері есіп тұрса деп ойлаймын. Бірақ, ешбір мәдениеттің ұлттық құндылықтарымыз бен мәдениетімізге нұқсан келтіруіне жол бермеймін» - деген тұжырымының бүгінгі уақыттағы маңызы артуда. Ұлы даланың ұлы перзенті, парасатты тұлға Мырза Дулатидің де туа бітті бойына дарыған зеректігі мен алғырлығы, өмір қиындықтарынан қалыптасқан батырлығы мен даналығы өмір жайлы, адам туралы пікірлерінде тұжырымдалып, көрініс табады. Халқымыздың күні бүгінге дейін жинақталған бай рухани және мәдени қазынасын біз ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан таразылай бастасақ, оның болашақта бүкіл әлемді елең еткізуі мүмкін ерекше қуаты, ең алдымен, философиялық дүниетанымдық астары өте терең сөз өнеріміз бен саз өнерімізде жатқанына көз жеткізер едік.

Қорыта айтқанда, жаһандану жағдайындағы ұлттық философиямызда ұлттар мен ұлыстардың жеке ерекшеліктері, мәдени ұқсастықтары мен мәдениеттер диалогы өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Басқаша айтқанда, тәуелсіз мемлекетіміздің әлемдік тарихтағы орны, мәдениет пен өркениетке қосқан үлесі мен рөлін жаңаша, қайта ойластыру қажеттілігі туындауда. Демек, Қазақстан тарихы оның жаңаша тарихы мен жаңа шынайылықтар тұрғысынан қаралуы қажет» [94] болуда. Әлеуметтік философияда тарих та қоғам секілді – әлеуметтік-материалдық әлем.

Осыған байланысты тарихи дамуда ұлттық ерекшеліктер сақталып, өз құндылығымен дараланып тұрады. Ұлттық тарихымыздың Геродоты саналатын Мұхаммед Хайдар Дулати ғұламаның тарихи еңбегінің маңызын саралауда, ұлттық тарих философиясын зерттеудің басты негіздерін айқындап алған жөн. Яғни, «Хақ жолындағылар тарихы» деп аталатын ұлы еңбегінде ойшыл ұлы хандар, олардың адамдық қасиеттері арқылы тарихи даму барысын сипаттайды. Демек, ұлттық тарихымызды философиялық зерттеуде ең алдымен ұлттық құндылықтар, рухани мұралар, ұлы тұлғалар шығармашылығы негізге алынуы тиіс. Концептуалдық негіз ретінде бүгінгі дамуымызда сүбелі үлеске ие тарихи оқиғалар, тарихи тұлғалар, өткеннің салауатын дәріптеу алынуы тиіс деп ойлаймын.

Мырза Хайдар Дулати шығармашылығы арқылы сөз зергері ретіндегі туа бітті қасиетін айқын көрсетіп берді. Ортағасырлық түркі халықтарына ортақ мұралар қатарында ойшылдың «Тарих-и Рашиди» кітабы мен «Жаһаннаме» әдеби туындысының ерекше аталуы түркілік дүниетаным кеңістігінің жан-жақты суреттеліп, әдеби-мәдени құндылықтарының тарихи сипатталуымен байланысты.

Философ-ғалым Г.М. Иманбекова да: «Сонымен ұлы ғалымның шығармашылығындағы философия негіздері қалай қаланды? Біріншіден, Дулати қазіргі ұлттық ойлау жүйесінің, тарихи философиясының бастамасын қалады. Қазіргі дегенде хронологиялық кестені емес, мағыналы мазмұнды айтамыз.

Екіншіден, Дулати тарихи философияны тек қазақ ұлтының рухани дүниесінде ғана емес, басқа Шығыс халықтарының дүниетанымдарына да орнықтырып, іргетасын қалап кеткен ұлы тұлға.

Үшіншіден, әлеуметтік қоғам тұрғысынан алғанда, бабамыз болашақ ұрпақтарға қазына боларлық өшпес рухани білім өлшемдерін қалдырды» [95,300 б.],-деген сауал қоя отырып, оны алдымен, ұлттық тарих философиясының негізін қалаушы деп бағалаған болатын.

Қорыта келе, Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарих философиясын ұлттық негізде зерделеуінің өзіндік ерекшеліктерін саралап өтетін боламыз. Оны екі тарапқа ажыраттық. Біріншісі, тарихты жазу әдістемесі, екінші жалпы тарих туралы пайымдаулары.

Бұл бір қырынан әдістеме болса, бір қырынан әдіснама да болып саналады. Ол шынайы тарихты жазудың өзіндік жаңа үлгілерін ұсынған еді.

1.Тарихты бейнелеудің ғылыми үлгісінде, сол халықтардың ділі мен дүниетанымына орай, рационалды теологиялық мәтін астарларын пайдалану. Ол дәуірде ислам дінін мойындаған халықтардың өткен өмірін баяндап отырған ойшыл, егер де, бұндай түсініктерді қоспайтын болса, оның тарихи жазбалары өртеніп те кетуі ықтимал еді. Сондықтан да бұндай еңбектердің бізге келіп жетуінің және сол халықтар арасында қастерленуінің бір сыры да осында жатқан сыңайлы.

2. Автор оқиғаны рационалды түрде баяндай отырып, оқиғаларға өз ойларын білдіре бермесе де, оған эмоционалдық реңктер жамап отырады. Бірақ бұл оқиғаны бұрмалауға жол береді деген сөз емес. Мәтіннің оқырманға деген тартымдылығын арттыра түседі.Ислам Жеменей де: «Енді бірде соғыс майданындағы жойқын да сұрапыл шайқастардың нәтижесін баяндай отырып, жеңіс күдіретін бір-ақ ауыз мисра(жалқы бәйіт) тармағына сидырса, келесіде айтылар ойды бірнеше бәйіттерді жалғастыра өріп, философиялық толғаныстарға шомып кеткендей болады,арасында шығыс халықтары,әсіресе,түркілер көп қолданатын канатты сөз мәйектері-афористік тіркестерді, мақал-мәтелдерді орнымен пайдаланып, шығарма шырайын кіргізе түседі.Бұлда орта ғасырлық қазақ қаламгерлерінің көркемдік эстетикалық талғамыныңжоғары екенін, поэтикалық әдістерді терең меңгерген тәжірибелі автордың өзіндік стилі қалыптасқандығына толық дәлел [63, 114 б.],-деп, оның тарихты баяндау стилінің өзіндік ерекшеліктерін атап өтеді.

3. Оқиғаларды баяндау барысында онда шамамен осынша жылдары немесе солай сияқты деген анықталмаған ұстанымдар айтылмайды. Ол сол дәуірдегі тарихи оқиғаларға сараптама жасап, өз ойын білдіре бермейді, нақты тарихи айғақтарды бірінен соң бірін тізбектей түседі. Сондықтан да оның еңбегіндегі тарихты оқыған сәтте, бір жылдың ішінде қаншама маңызды тарихи оқиғалар болғандығына көз жеткізе аламыз.

4. Мұхаммед Хайдар Дулати тек өткенді немесе өзіне дейінгі мұрағаттар мен жазбаларды зерттеуші емес, сол дәуірдің шындығын сипаттаушы. Оның тарихи жазбалары өзі өмір сүрмеген дәуірдегі және өзі өмір сүрген дәуірдегі

болып екіге бөлінеді. Бұл тұстағы анық ақиқат өзі өмір сүрген дәуірдегі тарихи айғақтардың шынайы екендігі. Бабамыз басқа халықтарға деген ішкі жағымсыз сезімін баяндай бермейді.

5. Оның тарихи мұрасы өз дәуіріндегі барлық оқиғаларды жіті бақылаудан құрылады. Ол әрбір кезеңдегі әрбір сәтті бейнелейді, тарихта ешқандай жанама болсын үрдерістерді тыс қалдырмайды. Сондықтан да да, оның мұраларында оқиғалар тізбегі тым көп. Осыған қарап, сол кезеңдерге аласапыран, соғыстар тым көп болған, оқиғалар жиілей түскен екен деген пікірлер туындайды. Бірақ шындығында, бұндай оқиғалар тізбегі тарихтың әрбір дәуірінде қайталанып отыр тәрізді, тек оны бейнелейтін тарихшылар кейбірін назардан тыс қалдырған сыңайлы.

Қорыта келгенде, Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарих философиясы бойынша ұстанымдарын талдай келе, оның өзі өмір сүрген қоғамдық дамуды жете сезініп, тарихи ахуалды жан-тәнімен түсінген тұлға, ойшыл еңбектеріндегі тарихи мәліметтердің бай қоры тәуелсіз Қазақстан тарихының әлі де болса көмескі тартып отырған «Тарих философиясының» өзекті мәселелерінің шешілуіне мол септігін тигізеді» [96, 46 б.], - деуімізге болады.

2.3 Мұхаммед Хайдар Дулати туындыларындағы адам және оның өмірінің құндылығы туралы толғаныстары

Түркі дәуірі мен өркениеті бірнеше жылдар бойы тарихшылар тарапынан еуропоцентристік көзқарастар тұрғысынан бағаланды. Түркі кезеңі негізінен ұзақ уақытты қамтиды. Олардағы мәдениеттің, оның ішінде, ғылым мен білім сияқты рухани мәдениеттің дамуы соңғы уақыттарда ғана өзінің оң бағасын алып келеді. Түркі халықтарындағы руханият өзінің эволюциясында әрбір кезең сайын жалғасын тауып отырды. Көн Сақ заманындағы Грек жеріне әйгілі болған Анахарсистен бастап, XIX-XII ғасырлардағы мұсылмандық ренессанс дәуіріндегі түркі ойшылдарының бір топ легімен жалғасын тауып, кейіннен, Алтын Орда және оның ыдырау кезеңіндегі ойшылдармен келіп сабақтасып, одан соң, түркі халықтары әр түрлі хандықтар мен жеке мемлекеттер құрып тұрған кезінде де руханияттық деңгейін паш етіп келді. Бірақ олардың кейбірі, парсы, араб халықтарына телінді.

Қазіргі таңда түркі халқының рухани деңгейі өзінің шынайы бағасын алған сәтте, олардың идеялары мен ашқан жаңалықтарын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу өзекті мәселелерді бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, ұлт руханияты мен ұлттық кодты қайта жандандыруға қарай бет бұрып, рухани жаңғыру қажеттігіне сәйкес рухани тұрғыдан өркендеу стратегиясын алға тартты. Шындығында, түркі дүниетанымы – өте күрделі мәдени-тарихи кеңістікті қамтығандықтан, қазіргі таңда түркі-қазақ халқының ойшылдарын жан-жақты зерттеп, оларды әр қырынан ашу қолға алынып келеді. Түркі халықтарына ортақ тұлғалардың еңбектері қазіргі түркі ғалымдарының одан әрі зерттеу нысанына айналып отыр. Оларды әлемге таныту мақсатындағы

бұндай зерттеулер заман талабынан туындаған рухани-мәден қажеттіліктердің бірі.

Бұндай зерттеулер өз кезегінде түркілік рухани құндылықтарды тұтастай жаңғырту мен «түбір бір түркі халқы» идеясының стратегиясына да сәйкес келеді. Кез-келген халықтың, ұлттың дербес мәдениеті болатыны заңдылық. Осы орайда, бүгінгі түркі тілдес халықтар мәдениетіндегі әрбір зерттеудің түркілік өркениеттің маңызын, әлемдік өркениеттегі үлесін жан-жақты бағамдауымызға мүмкіндіктер беретіні даусыз.

Түркі әлемінің тарихында бірнеше рет рухани сілкіністер болғандығы да рас. Түркі өркениеті адамзат тарихының бірнеше мың жылдық дамуында айтарлықтай үлес қосты. Олар материалдық және рухани мәдениет аясында өркениеттің өзіндік тамаша жетістіктерін, оның ішінде, өзіндік философиясын да әлемге паш етті. Отандық ғалымдар көшпелі дүниетанымда адам мен қоршаған ортаның, жалпы әлемнің өзара бірлігі, үндестігі, ұштаса даму қағидаты басты сипат алды» [97,68б.],-деп атап көрсеткен болса, Томас Гоббс сынды ойшылдар бастапқыда адамдар табиғи қалыпта өмір сүріп, «бәрінің бәріне қарсы соғысы» жағдайында болады, кейіннен осы қайшылықтар шегіне жеткен сәтте бірігіп өмір сүру туралы идеяға бәрі келіскендей болды»[98, 312б.], - деп конвенционализм қағидасын ұсынса, түркі халықтарының менталитетінде этикоцентризм мен батыс философиясы тұрғысынан айтсақ, экзистенциалдық мәселелер басты орынға шығарылды.

Түркі тарихы мен мәдениетін зерттеуші ғалымдарымыз, ежелгі тұран тайпаларының одағы, сақтар мен ғұндар және түріктер мыңдаған жылдар бойы Қытай, Үндістан, Еуропа халықтарына билік жүргізгендігін[99, 11б.],Байкал жеріндегі түркі қорғандарының таралуы сонау Дон мен Дунайға дейін созылып жатқандығын [100,158б.], қола дәуірінің басталуы Қарғалы жеріндегі мыс өндірістерінен туғандығын [101, 56б.],ғұндардың адамзат тарихындағы орны жаңа әлеуметтік-экономикалық формация феодализмді тудыруда прогрессивті роль атқарғандығын [102,216б.] дәйектеген.

Белгілі түркітанушы ғалым, атақты ақын Олжас Омарұлы Сүлейменов түркі мәдениетінің өзіндік жоғары деңгейі туралы баяндайды. Ол түркі халықтарының тарихи мұрасын зерттей келе, ауызша мәдениет қазіргі таңда ғылыми тұрғыдан бағаланбағандығын, жер бетінде халықтар жойылғанмен, сөздердің сақталатындығын атап өте отырып, оның белгі түрінде де көрініс табатындығын атап өтеді [103,17-18бб.].

Ж. Сарсенбаева түркілік дәуір мен қазақ халқының тарихи даму үрдістеріндегі жаһанданудың генезисін және ықпал еткен тарихи-әлеуметтік факторларды былайша топтап көрсеткен болатын:

- «Арилендіру – көне заман
- Түркілендіру – алғашқы бастау (б.э.б 1000 жылдардан бастап, б.э. 13 ғасырында дейін)
- Шыңғысшылдық – адаптацияландыру (13 – 15 ғасырлар)
- Исламдандыру – руханиландыра түсу (8-19 ғасырлар)

- Орыстандыру – деградацияландыру – прогрессивтендіру (18-20 ғасырлар)
- Қайта қазақтандыру – реставрация – ретнизация (1991 жылдан бастап)
- Ғаламдандыру – неоконструкция (XXI ғасырлардан бастап)[104,145б.].

Біз бұған Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүрген Алтын Орда мен оның ыдырау дәуірі және Қазақ хандығының құрылған кезеңін жатқызамыз.

Осыған орай, түркі мәдениеті мен философиясын зерттеу түркі халықтарының шынайы тарихы мен рухани әлемін әлемге паш ету үшін заман талабынан туған. Ал әрбір дәуір мен кезең шежіресін жасаушылар – ұлы тұлғалар десек, өткен тарих шежіресі мен дәуір шындығын ұлы ойшылдардың танымын, терең шығармашылығын зерделеу арқылы ұғынамыз.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектерінетарихи, саясаттану, әдебиет тұрғысынан жасалған зерттеулер аз емес. Атап айтқанда, «Тарих-и Рашидидің» қысқаша нұсқасын Elliot жазған «Үндістан тарихы авторлардың айтуынша» атты еңбегінен көре аламыз. Г.Г. Вильсон арқылы бізге жеткен «Moorcraft сапарманасы» атты кітапта 1822 жылы Moorcraft Мырза Хайдардың еңбегін пайдаланған [105, 38-41бб.].

Орыс ғалымы В.В. Веляминов-Зернов М. Хайдар келтірген деректерін қазақтар туралы зерттеулерінде қолданады [106,194б.]. XIX ғасырдағы қазақ ғалымы Ш. Уәлиханов та М. Хайдар Дулати туралы зерттей келе, оны өзінің этнографиялық еңбектерінде кеңінен пайдаланған [108,27б.].Отандық ғалымдар С. Ибрагимов, В.П. Юдин, М. Мингулов, Т.Султанов, К.А. Пищулина Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасына шолу жасайды [108,3-4бб.].

Өзбекстан тәуелсіздік алғаннан кейін сол елдің ғалымдары А. Урунбаев, Р.П. Джалилов, Л.М. Елифанов «Тарихи-и Рашиди» еңбегін парсы тілінен орыс тіліне аударды [109].1999 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Мұхаммед Хайдар Дулати: ойшыл, тарихшы, қолбасшы» деген тақырыпта конференция өткізіліп, ол туралы бірнеше мақалалар жарияланды. Одан соң М. Қожабекұлы өзінің «Мұхаммед Хайдар Дулати» атты кітабын жарыққа шығарды [110].

Сонымен қатар, «Тарих-и Рашиди» еңбегінің үзінділерін қазақ тіліне аударғандар да болды [111]. Т.Омарбеков, Ш. Омарбеков сынды ғалымдар бұл еңбектің деректерін пайдаланып, қысқаша шолулар жасады [112].

Философ Аманжол Қасабек: «М.Х. Дулати өзінен бұрынғы, заманындағы тарихи оқиғаларды объективті қарастырып, оларды эмпирикалық жүйелі түрде зерттейді. Осы ерекшелігі арқылы ол қазақ тарихи философиясын бастап береді. Оқиғалардың өзара байланыстылығы, ішкі даму логикасы, деректердің баяндалуы мен қолданылуы, олардың бағалануы Дулатидің шығармашылығында қазіргі тарих философиясына қойылатын талаптардың үрдісінен шығып жатады. Онысы кемшіліксіз де емес, ол өз заманындағы тарихи-әлеуметтік және ғылыми деңгейлермен өлшенуі тиіс. Дегенмен,

Дулати жалпы жоғары санада тарихи-философиялық тұжырымдар жасауды мұрат ретінде қалыптасу басында өмір сүріп, қызмет атқарды, қоғамдық ойдың дамуына, ұлттық философиялық білімнің мағынасын кеңейтуге үлкен үлес қосты. Ойлау дәстүрлерін жаңартуға, байытуға, тарихи өлшемді ескере отырып біршама еңбек сіңірді», -деп бағалайды [87,210б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидің түркі өркениеті ретіндегі тұлғалық болмысы мен ойшылдық ерекшелігі шындығында сан қырлы. Әрбір зерттеуші көзқарасында жаңаша түрленіп, мән-мазмұн иеленеді. Ойшыл жоғарыда айтып көрсеткен сабырлық, сенімділік, қайырымдылық жоғары абырой, т.б. этикалық қасиеттерді биік ұстанды. Өз кезеңінің талаптары мен рухани сұраныстарына байланысты мемлекеттің ішкі-сыртқы байланыстарына, күрделі жағдайларына ерекше назар аударып, бейбіт шешуге ұмтылды.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі туралы зерттеулерінде Б.Қалыбекова ойшылды «түркі тілдес халықтардың ойлау жүйесін жасады» деп бағалайды [113,80б.].

Дулати өз еңбектерінде Орта Азиядағы мемлекеттер мен халықтардың XV-XVI ғасырлар аралығындағы екі жүз жылға жуық тарихына шолу жасап, соның негізінде сол дәуірдегі қоғам өміріне, ондағы болған тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың іс-әрекеттеріне рухани және адамгершілік құндылықтар тұрғысынан баға беріп, терең әлеуметтік, философиялық тұжырымдар жасайды.

Ойшыл дүниетанымының кеңдігі ойшылдың өмір жайлы, адамның тіршіліктегі орны, қоғам дамуының ерекшелігін терең түйсінуге деген талпыныстарынан бастау алады. Ғұламаның көзқарасы, арман-мұраты мен қоғамдық-саяси, рухани мақсаты халық мәдениетінен нәр алады да, философиялық негізде адамгершілік пен ізгілікке айрықша мән беретін Шығыс мәдениеті арқылы толықтырылған. Дулати дүниетанымының өзегі – өмірдің өзі, ондағы адам мәселесі, тіршілігі болып табылады. Өйткені, Дулати тұлға ретінде дүниенің пайда болуы, адамның тіршілік ету мақсаты, қоғам дамуына бей-жай қарай алмай, ойланып-толғанумен болды.

Осы орайда, Мұхаммед Хайдар Дулати дүниетанымының қалыптасуын қазақ және шығыс мәдениеттері біртұтас дүние ретінде байытты, бұл оған жалпы адамзаттық құндылықтарға меңзеген түркі мәдениетінің шыңы болуға жағдай жасады. Дүниетанымның бір бөлігі, негізі халық мәдениеті болса, одан ойшылдың көзқарасы, ар-ождан мұраты, саяси мақсаты нәр алды, ал Шығыс мәдениеті оның дүниетанымын адамның өзін-өзі танып-білуімен, айналадағы ортаға эстетикалық көзқараспен толықтырылды. Өйткені, Шығыс мәдениетінде философиялық адамгершілікке, ізгілікке айрықша мән берілді.

Ең бастысы, Дулати дүниетанымының ойшылдық деңгейге көтерілуіне ислам дінінің ықпалы зор болды және ислам дінін таратуда ойшылдың бабалары Боладжы мен Худайдат ерекше қызмет етті. Бұл ойшылдың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің негізгі жазылу мақсатына да айналғанын автор өзі айтып өтеді.

Мырза Хайдар Дулати өз дәуіріне, қоғамына ықпалын жүргізе отырып, ең алдымен ұлтының, қарапайым халқының мүддесін жоғары бағалады. Адам баласының адамгершілігіне, ізгілікке құштарлығына ерекше мән беріп, кісілік мектебін қалыптастырды.

Қолбасшы, ел билеуші бола жүріп, үнемі халықпен бірге болды, халқына көмектесем деген ізгі ой ойшылдың көрегенділігін, данагөйлігінің негізін салды. Адамды – жоғары құндылық деп санаған ғұлама исламдық дүниетаным ықпалымен адамға жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету, мейірімділіктің еңбиік дәреже екендігін насихаттап, соны іс-әрекетімен үлгі етті. Ойшылдың жан сарайы, ішкі түйсігі үнемі жақсылыққа, ізгілікке ұмтылып, «біз неге осындаймыз, біз кіміз, адамдар қай бағытта дамып жатыр?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Қайсыбір саяси-әлеуметтік кереғарлықтың, шиеленістің кілдіні бейбіт келісімнен табуды жақтайды, әрбір халықтың этникалық ерекшеліктері мен мәдени құндылықтарын бағалауға шақырады.

Бұл орайда ғалымдар Т. Кенжебаев пен А. Пак: «Адамның ақыл-парасаты мен сана-сезімінің деңгейі, ой-өрісінің кеңдігі, алған тәрбиесі, рухани құндылықтары, менталитеті, дүниетанымы және қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы ойшылдың көңіліне сөзсіз әсер етті», - деген түйін жасайды [113,21б.].

Шындығында, Мырза Дулати - өзгермелі дүниені зерттеуші. Уақыт категориясына философиялық кең мазмұн бере отырып, өткеніміз бойынша қазіргіні анықтауға, қазіргі уақытпен келешекті болжауға болады деп санайды. Бұл пікір қазіргі заманғы «Экзистенциальная философия создавалась и создается теми, кто вкладывает самого себя, свои личностные переживания, радости и горести в философское творение, а не отстраняется, не пытается быть объективистским, супернаучным [115,35б.],-деп тұжырымдалған пікірмен үндес екені байқалып тұр.

Мұндай ғұмыр кешу туралы мәселелер еуроцентристік парадигмада емес, шығыстық-мұсылмандық және түркілік менталитет тұрғысынан сараланады. Дулати шығармаларындағы осындай іргелі мәселелерді бірі, батыстың терминологиялық философиясы бойынша айтқанда, экзистенциалдық ойтолғамдар, яғни, ғұмыр кешу философиясы.

Экзистенциализм арнайы ағым ретінде XX ғасырда Батыс Еуропада пайда болғанмен, оның түпнегізі мен өмірлік мәселелер туралы толғаныстар тым көне дәуірлерден бастау алады. Осыған ұқсас толғаулар шығыс елдерінде де, Батыста да кеңінен қолданыс тапқан еді. Ал XX ғасырдағы Батыс экзистенциализмі оған «экзистенцияны» арнайы атау ретінде ұсынып, талданатын мәселелерін жүйелеп берген еді. Атап айтқанда, олар психологиялық ұғымдарды философиялаумен айналыса отырып, таза онтологиялық мәселелерді әдіснама ретінде тандап алып, әрбір құбылыс пен танымға айрықша мән берді. Сондықтан біз, психологиялық процестерді осылайша философиялық айналымға енгізудің нәтижелерін «психофилософемдер» деп атауды жөн көрдік.

Бұлар, атап айтқанда, зерігу, қамқорлық, үрей, жатсыну және тағы басқалары. Сонымен қатар, олар іргелі онтологиялық мәселелерді де қозғап, оны адам болмысымен байланыстырды. XX ғасыр ойшылы, экзистенциалист Мартин Хайдеггер өзінің ілімін «Іргелі онтология» деп те атаған болатын. Дегенмен, экзистенциалистер адам өмірінің мәні мен мағынасына айрықша назар аударды. Мәселен, Альбер Камю ең басты философиялық мәселе «Өмір дегеніміз сүруге тұра ма?» болуы тиіс, қалғандары екінші жоспардағы мәселелер деген ой түйіндейді [116, 55-58бб.].

Демек, өмір мен өлім, өмірдің құндылығы, өмірдің өткіншілігі, өмірдің мәні, өмірдегі жалғыздық пен оқшаулық сияқты мәселелер де басымдылық бере толғанылады. Бірақ, түркі-қазақ философиясындағы экзистенциалистік сарындардың өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан, олардың айырмашылықтарын мынадай кесте бойынша ажыратуымызға болады.

2-кесте

Батыс экзистенциализмі	Түркі-қазақтардың өмір сүру туралы пайымдаулары
Экзистенциализм деген арнайы атау берілген	Арнайы терминдік атау жоқ
Экзистенциализмнің арнайы категориялық аппараттары құрылған	Ұғымдар түсініктер берілгенмен, арнайы категориялық-логикалық аппараттары құрылмаған
Экзистенциалистік ұғымдарды саралауда жіктеу бар	Экзистенциалистік ұғымдарды саралауда тұтастық бар
Өмір туралы толғаныста пессимистік сарындар бар (заброшенность, абсурд т.б.)	Өмір туралы толғаныста өмірді қимастық пен аңсау бар (жалған дүние, өткінші өмір және т.б.)
Өмір туралы идеяларда атеизм басым	Өмір туралы идеяларда мұсылмандық теологиялық аспектілер басымдау
Өмір реалды, өткір шындық және құр рационалдылықпен шешімін табатын мәселелердің жиынтығы	Өмір өткінші болғанмен, бірақ адамға шабыт пен жігер керек болғандықтан, оның әсемдігіне сүйсіну керек

Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектеріндегі өмірдің мәні турасындағы сарындар жоғарыдағы көрсетілген кестедегідей, екінші ерекшеліктер бойынша құрылады. Дегенмен, оның бұл бағыттағы идеяларын былайша жіктеп көрсетуімізге болады: мұсылмандық-теология негіздеріне сүйенген өмірдің мәні мен мағынасы, тарих философиясындағы адамзат эволюциясының мәні, шынайы өмір, өмірмәнді этика мен адамгершілік.

Мәселен, оның өмір туралы толғаныстарындағы исламдық-теологиялық аспектілер туралы Ислам Жеменей ойшылдың тарихи кітабында сол

уақыттағы тарихи-саяси, қоғамдық ахуал, ислам дінінің түркі тектес халықтарға рухани әсер-ықпалдарының айқын көрініс табатынын атап өткен болатын [63,126.].

Бірақ, исламдық теологияның рухани мәдениетке деген ықпалы тек құр схоластикалық бағытта өрбіген емес, ол өмірдің мәні, өлім мен өмір мәселелерімен ұштасып жатты. Діни-танымдық бағдар ислам өркениетіне де айтарлықтай ықпал етті де, ол шынайы өмірмен байланыстырылды: «адам дін үшін ғана емес, дін де адам үшін» деген тәрізді қағидалар басшылыққа алынды деп айта аламыз. Сондықтан да, Дулатидің өмір сүру философиясы діни бағытта да өрбіді. Осы себепті дін өзіндік дара көрінісін де сақтай отырып, оның тарихы қоғам тарихының бір қыры ретінде көрініс тапты.

Дін туралы пайымдауларға жүгінсек, ол кейде құдай мен дін туралы жеке философиялық пайымдаулар болса, кең мағынасында рухани мәдениеттің аясындағы философияның белгілі бір ауқымды саласы болып саналады да, мұнда натурализм, материализм, экзистенциализм, феноменология, прагматизм, позитивизм, лингвистикалық философия, психоанализ және тағы басқа әдіснамалық негіздердер қолданылады [117,126.]. Діни деп аталып кеткен экзистенциализм, негізінен алғанда, біржақты діни мен біржақты экзистенциализмді білдірмейді, ол адам өмірінің мәні мен мағынасынан дінді көре білудің әртүрлі парадигмаларын ұсынады.

Карл Ясперстің экзистенциализмі адам еркіндігі мен оның болмысы туралы толғаныстарға алып келгенмен, ол дінді адам болмысымен тұтастандыра қарастырады. Оның түсінігі бойынша, мифтегі жан мен құдай, сәйкесінше, философиялық тілде, экзистенция мен трансценденция деп аталады [118, 1076.]. Діни экзистенциализм негізінде «нақты философиясын» жасаған Габриэль Марсель адам өмір сүруінің іргелі ақиқатын іздеді. Адамның шынайы мәнін іздеуде дінге қарай бет бұрған Габриэль Марсельдің философиясы, зерттеушілердің пікірінше, адам мәніне қатысты өзіндік ұғымдық аппарат жүйесін жасады [119, 2006.].

Демек, Марсель адам болмысының дінге қатысты шынайылығы ғана емес, діннің де адам болмысына қызмет етуге арналған өзіндік шынайылығын паш етеді. Шектен тыс мағынасыздық пен өзін-өзі өлтіру еркіндігін шектеу еркіндігі, Марсель айтқандай, иелену қақпасынан шығатын махаббат, дін, шығармашылық және тағы басқалар арқылы емес, бос уақыттың болмауымен келіп шартталады, бұлар тек формалар ғана, ең бастысы зерігудің болмауы. Мысалы, діннің құлшылық салттары көп қызметті сипатта: олар – зерігуді болдырмау, адамның өзінің өзіне шектен тыс еркіндігін шектеу, сенімді құрметтеу арқылы өзін құрметтеу.

Дін адам болмысы мен өміріндегі мағынасыздықты сақтап қалудың құралдарының бірі деп түсіндірген Габриэль Марсельдің идеясы діни сенім бостандығы мен адам бостандығы арасындағы шекаралардың нақты үлгісі сияқты болып тұрады. Сондықтан да, бұл өмір сүру аймағы шектеулі де кең де емес, әлдеқандай бір кеңістік пен уақыт өлшемдеріне де бағына бермейді.

Осы тұста, біз, Мұхаммед Хайдар Дулатидің діни тұрғыдан талданған экзистенциалистік бағдарларының да өзіндік ерекшеліктерін көрсете аламыз. Ол өзінің идеяларын кейде құдай тылсымдығына басымдылық көрсету арқылы ұсынса, кейде, адам өмірінің мәнін оның құдай алдындағы дәрменсіздігі арқылы да түсіндіріп береді. Бұған «Тарих-и Рашиди еңбегіндегі» Саид ханның өлімі туралы баяндаған жолдарын мысалға келтіруімізге болады. Немесе «Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз» [5,451б.].

Габриэль Марсельдің экзистенциализміндегі дін адамның зерігуінің алдын алу болатын болса, Мырза Хайдар Дулатидің пікірінше, адам өмірінің мәні оның өлімі арқылы емес, о дүние мен құдай жаратқан пенделер мен тіршіліктің өлетіндігімен шартталады. Оның пікірінше, өлім аса бір үрейлі немесе әділетсіз емес, ықтиярлы да болып келеді. Өлім қайғылы болғанмен, ол болмай қоймайтын табиғи үдеріс емес, Алланың қалауымен жүзеге асады. Өзінің осы ұстанымына жүгіне отырып, Дулати өмір мен өлімді жыл мезгілдерін мысалға ала отырып түсіндіреді. Өмірдің шектеулігін, өмір мен өлімнің диалектикасын бұдан артық түсіндіру мүмкін емес деп ойлаймыз және Дулатидің өмірдің мәні туралы діни көзқарасы айқын байқалып тұр.

Адамның жер бетінде болуы мен өмір сүруін алған персонализм тұрғысынан негіздеген француз философы Эммануэль Мунье өзінің өмір сүрген қоғамы тұрғысынан діндегі адам мәселесімен қатар, «адам дағдарысы» деп түсінілген құбылысқа сәйкес, оны жеке адам қабілеті қызметінің дағдарысы, руханилықтың құлдырауы, бұқараны христиансыздандыру деп түсінді. Ол өз ойларын түйіндей келе, тұлғаның әмбебаптылық қырынан анықтады [120, 54б.].

Ал Дулатидің діни экзистенциалистік сарындағы идеяларында қоғамдағы тұлға ең абсолютті тұлға Құдайдың алдында бәрібір дәрменсіз. Сондықтан да ол қоғамдағы тұлғалардың өліміне жоқтау емес, өзіндік философиялық толғаулар арқылы келеді. Тұлға әлеуметтік болса, құдайдың таңдауындағы тұлға адами тілмен айтқанда, оның шынайы сүйіктісіне айналады. Сондықтан ол, діни тұлғаларға былайша сипаттама береді:

«Хазіреті Мұстафа сүйіктісі Құдайдың,
Ол жұртына көсем болған жаһанның
Көсем болған сайланып мұсылманда,
Сырлас етіп Әбубәкір Сыдықты да.
Келген соң исламның хақ жеңісі,
Омар болған бақыт тауып себепкері
Ар-ұят кені – Ибн Аффан тағы
Жүзінде ашылғандай тек гүлбағы» [41,61б.].

Дулатидің мұсылмандық теологиясында да өмірмәнділік мәселелер толғанылады. Бірақ ол кейде, құдайды мадақтау жырлары арқылы да адам өмірі туралы ой толғайды:

«Кұдыретті, қаһарлы кешірімді о бастан,
Кұпиянды оқитын көреген де дана асқан

Алам десе – алады, берем десе – береді

Не істесе де жаратқан, пенде дұрыс көреді [59,4526.].

Бұл идеядан туындайтын тұжырым: Құдай абсолютті ақиқат, ол дана, құдыретті, кешірімді сияқты сапаларға ие ғана емес, адамзат өмірінен тыс емес, адам баласының құзыретін билейтіндей ерікті. Құдайдың еркі адамның еркінен әлдеқайда жоғары тұрады. Батыстық пантеистер айтқандай, құдай табиғатпен тұтас немесе деистер тұжырымдағандай, ол жаратушы болғанмен, кейінгі адам өміріне араласа бермейді деген пікірлер айтылмады.

Адам өздігінен өмірдің мағынасын іздегенмен, бәрібір құдайдың әмірінен тыс бола алмайды. Бұл шумақтарда тағдыр мәселесі қозғалады. Шындығында, осы мәселе – шығыстық және батыстық философиядағы тартысты мәселелердің бірі. Ислам дінінде де бұл барынша күрделі мәселеле. Джабариттер мен кадариттердің тартысының негізгі идеясы бүгінгі күнге дейін түбегейлі шешімін таппаған мәселелердің болып отыр. Адам өз өмірін құруда, белгілі бір шешімдер жасауда, шайтанның ыңғайына еруге немесе ермеуге мүмкіндігі бар, екінші бір қырынан пешенеге жазылған тағдырды атқарушы субъект қана болып саналады.

Бірақ абсолютті фатализм орнықпаған, себебі, шарифатта былай істеуге болмайды, былай істеуге болады деген бағдарлау бар. Яғни, адамға шартты мүмкіндіктер берілген. Бірақ жауапкершіктер жоғары деңгейде, парыз бен о дүниедегі азаптан құтылу үшін орындалуы тиіс міндеттер де адамға жүктеледі. Адам осындай діни өмір салты мен императивтердің аясында тіршілік етеді. Мысалы, джабариттердің жалпы ұстанымы бір Жаратушының құдіретіне қайшы келетіндерді жасауға болатын болса, оның даналығы даналық деп атауға келмейді. Ал, Алланың даналығына қарсы іс-әрекет жасау еш мүмкін емес» [121,10б.], - дегенге саяды.

Әл-Ғазали бұл түйткілдерді былайша шешкендей болады: «Егер де перде ашылатын болса, сен адамның еркін ерікке мәжбүрленгендігін білесін, яғни, ол еркін таңдауға мәжбүрленген» [122, 220б.].

Мырза Дулати өз кезегінде бұл мәселенің анық шешімін ұсынады: «О, падишаның падишасы ХақТағала! Қалаған адамыңа патшалық бересің, қаласаң, одан қайтып аласың, ықыласың түскенге үйіп-төгіп байлық бересің де, қырыңа алғаныңды қор етіп қоясың. Игіліктің бәрі өз қолыңда. Сенің құдыретің бәріне толық жетеді» деген жолдар «адамның тағдыры құдайдың қолында» деген ұстанымға қолдау білдіреді [5, 39 б.]. Сондықтан да, адамның өмірі бір қарағанда өзінің еркіндесияқтыкөрінгенмен, адам Алланың жазмышына қарсы шықпайды, оны пенде, яғни, адам қашанда құп көруі тиіс. Жаратқанның ісі қашанда Хақ, бұлтартпас айғақ.

Дулати өз ойларын тек теориялық түрде ғана емес, тарихи оқиғалармен байланыстыра дәйектейді. Ол сол дәуірдегі соғыстар, жауынгерлік заман туралы баяндай келе, өзінің ерік философиясы туралы ойларын Жаратушы пәрменісіз ешнәрсенің болуы мүмкін емес деп тиянақтайды.

Жендеттер қаншама көп немесе қуатты болғанмен, Алланың еркі ғана бәрін айқындайды. «Бір тал шаш та қисаймайды.. қырық аяқтың бір аяғын да

кеміте алмайды» дегені тіптен, әлемдегі, өмірдегі іргелі құбылыстар мен табиғи апаттар, адам өлімі сияқты қоғамдағы іргелі оқиғалар ғана емес, тіпті бір тал шаштың түсуі сияқты құбылыстар да Алланың қалауымен болады деген пікірлері, Жаратушының бүкіл әлемге деген шексіз билігі мен еркін ашып беріп тұр. Оның пікірінше, адам еркі мен Құдай еркі арасында бәсекелестік болмайды, Құдай еркі адам болмысы мен өмірінің мәнін айқындайды деген сияқты тұжырымдар айтылып отыр.

Бұл бір қырынан табиғи эволюция дамуының еркі Құдайда екендігін сипаттайтын діни сипаттағы экзистенциализм болса, екіншіден, жауынгерлік, батырлық рух беретін идеология. Мұнда да Алланың құдыретін жауынгерлікпен, соғыстармен, тірі табиғатпен байланыста тұжырымдау стильдері анық байқалады.

Ол өзінің философиялық ойларын батыстық концепттер мен категориялар түрінде емес, кейде көркемдік тәсілмен де тұспалдап жеткізетін мәнерді таңдап алғандықтан, осы тұста, өмірдің мәні мәселесіне де имандылық тұрғысынан келеді және оны мынадай өзара байланысты күрделі стильдермен береді: Мәселен, «Күннің нұрлы болуы – біздің иманымыздың тазалығына, ал біздің тіршілігіміз күн нұрының шапағатына байланысты» [5,476.].

Бұл жердегі «Күннің нұрлы болуы» ол субъективті көңіл-күйден туындайтындығы туралы болса, оны обьективтендіру немесе «нұрлы» деп қабылдау үшін, алдымен, иман тазалығының қажет екендігі туралы ой түйіні бірінші тұжырым болса, екінші тұжырым: адамзат тіршілігі осы күннің нұрлы болуына байланысты. Үшінші тұжырым: иман тазалығы адамзат тіршілігін айқындайды. Төртінші тұжырым: Күннің нұрлы болуы мен адамзат тіршілігі өзінің иманынан туындап жатады. Сондықтан, «Нұрлы күн» әрбір адам үшін әр түрлі деңгейде, кейбір имансыздар үшін ол тіпті де нұрлы емес деген сияқты терең өмірдің мәні мен мағынасы туралы тұжырымдар айтылады.

Бұл бір қарағанда поэтика сияқты болғанмен, орамды тілмен жеткізілген философиялық идеялар болып саналады. Оның көркемдік тілмен жеткізу мәнерін зерттеушілеріміз мысалдар келтіре отырып, образды бейнелеу ерекшеліктерін былайша ашып береді. Бұл тұрасында шығармада жанын шүберекке түйіп жүрген, құралайды көзге атқан, ат құйрығын кесісті, кірпік қақпадық, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, тайға таңба басқандай, көңілдері су сепкендей басылды, шаш ал десе бас алған, қара қылды қақ жарған, төбесі көкке жетті» деген фразеологиялық тіркестердің кездесетіндігін, олардың тек ойшыл тұжырымдарының толыққанды жеткізілуіне қоса, поэманың көркемдік қуатын арттырып отырғандығын зерттеуші-ғалым ғылыми негіздеп береді [63,158б.].

Дулати идеяларындағы өмірлік толғаныстар, сонымен қатар, адамдарға абсолютті еркіндікті емес, жауапкершіліктерді де жүктеу қажеттігін атап өтеді. Адам өмірінің мағынасы таза ерік пен еркіндік емес, белгілі бір парыздармен де анықталуы тиіс. Мәселен, жауапкершіліктер туралы: адамның өзіне-өзі жауап беруі, отбасы алдындағы, қоғам алдындағы, халқы алдындағы және адамзат алдындағы, ал түпкі жауапкершілік – о дүниедегі жауапкершілік деп

ой түйіндесек, мұндай жауапкершіліктердің өлшемдері мен деңгейлері түркі-қазақ этикасында арнайы жүйеленіп көрсетілмесе де, әрбір кезең ойшылдарының идеяларында анық көрініс тауып отырды.

Мұхаммед Хайдар Дулати қоғам мен өзгелер алдындағы жауапкершіліктердің бірін – уәдеге тұру арқылы ашып көрсетеді. Бұл да адам еркіндігі мен жауапкершілігіне байланысты туындайтын мәселе, уәдеге тұру туралы ақынның өзіндік ерекше философиясы, оның теологиялық-этикалық тұрғыдан бере білуінде болып отыр. «Алланың қылышымен ойнамау» діни мәтіндерден көркемдік тілмен алынған үзінділер болғанмен, ол діннің қоғамдық қатынастарды реттеушілік қызметін де оңтайлы пайдаланып отыр.

Дулати адамзат пен ұрпақтар алдындағы жауапкершіліктердің бірін былайша этикалық тұрғыдан сипаттайды: «Кішілердің ізеті – тіл алу, ал үлкендердің ізеті – ілтипат көрсету болып табылады. Әдепке шақырып отыру – әруақытта үлкендердің міндеті, ал кішілер үлкендердің әдебіне бағынуы тиіс» [5, 366б.].

Осындай дәстүр түркі халықтарында мыңдаған жылдар бойы сақталған ұрпақтар сабақтастығының, дәстүр сабақтастығының басты кредосына айналған. Әдепке шақыру жай ғана құбылыс немесе адамның өз еркі емес, арнайы міндет деп санаған ойшыл, этикалық императивтердің ересектерге қатысты заңдылықтарын да белгілеп кеткен деп айта аламыз.

Ойшыл қашан да, түркі этикасы мен исламдық әдепті біріктірген, үндестірген болатын. Оның өмірлік мән мен өмір сүрудегі, адамдар арасындағы қатынастардағы өзіндік ұстанымдары қашанда қайырымдылықтарға негізделіп, жамандық жасаған адамға жақсылық жасау, басқаша ой-пиғыл мүлде ойламау қажеттігін айтады.

«Жамандыққа да, жақсылыққа да – жақсылық» қағидасы, әлемдік діндерде де кездеседі. Бірақ, оның еркінде болмау туралы идеясы бұл тұста өзіндік ерекшеліктерімен танылады. Демек, жамандыққа жамандық жасау адамның өз еркі емес, ал жақсылыққа жақсылық жасау –оның еркі және парызы болмақ. Дулатидің еркіндік философиясы осындай этика мен діни танымға келіп тоғысады.

Бірақ оның философиясы тек көнбістік пен альтуризмге арналған екен, бейтараптылық пен әрекетсіздікті насихаттайды екен деген пікір қалыптаспауы тиіс. Ол әлемде әділеттілік орнауы тиіс екендігін, әділетсіздікпен де күресу қажет екендігін де кей сәттерде атап өтіп отырады. Достықты бағалап, қастандық дегеннен аулақ болудың адамға күш-жігер беретіндігін саралайды.

Ол өзінің тағы бір афоризмінде Құдай алдындағы жауапкершілікті былайша сипаттайды: «Егер жаралған пенде осы дүниеден өзімен бірге Хақ Тағалаға деген сүйіспеншілігін алып кетсе, өтеуге дайын болуы керек» [5, 380б.]. Бұл да сұрауы бар өтем, парыз және міндет қана емес, әрі өмірлік жаза болумен қатар, о дүние емес, осы дүниедегі Құдайға деген сүйіспеншіліктің өмірмәндік мәселе екендігін айтып отыр. Сонда, жауапкершілік пен діни

экзистенциализм түптеп келгенде, Құдайға деген сүйіспеншілікпен келіп тоғысады. Бұл адам өмірінің шынайы мағынасы деген сөз.

Ол экзистенциализмдегі өлім мен өмір туралы мәселенің этикалық бір қырын былайша ашып береді: «Әділдің өлімі жақсы адамдар үшін – өлім, жаман адамдар үшін – өмір. Ал, заманның өлімі – жақсылар үшін өмір болса, жамандар үшін - өлім» [5,354б.].

Бұл көне Қытай афоризмдері тәрізді күрделі, әрі деңгейлер бойынша интерпретациялауға болатын нақты афоризм. Біріншіден, оның «Заманның өлімі» деп отырғаны сол дәуірдегі әділетсіздіктер мен қайшылықтардан құралған заман. Сондықтан да, осындай заманның келмесе кеткені жақсылар үшін тиімді, оңды, игілікті болса, сол әділетсіз заманға бейімделіп, сол заманды орнатып отырған жамандар үшін өздерінің де өлімі болып саналады.

Екіншіден, мұның діни астарлары да бар тәрізді. Егер заман, шынайы қоғам өлетін болса, жақсылар жұмақтан орын алады да, жамандар тозақтан орын тебеді. Сонда олар үшін, заманның өлімі, сәйкесінше, шынайы тозақ отына күй болып шығады.

Бұл афоризмнен осындай деңгейлерді көре аламыз. Әділ мен жамандарды қатар қойып, дилемма жасап отырған Дулати ойшыл экзистенциалдық мәселелерге этикалық тұрғыдан келеді. Жақсы мен жаман жай ғана этикалық немесе эмоционалдық құбылыстар емес, бір-бірімен тығыз байланысты онтологиялық мәселелер болып шығады.

Мырза Хайдардың игі жақсылардың өлімі туралы пайымдаулары да діни экзистенциалистік сипатта құрылады. Олардың өліміне қаншама қимастықпен қарап, қоштасса да, қиналса да, исламдық теологиялық философия арнасынан ауытқымайды және оны әр түрлі астарлы мағыналарда бере білген.

Ол өзінің тіршіліктің мағынасы мен өмірдің мәні туралы толғаныстарында әлемдік және қоғамдағы қарама-қайшылықтарды ашып көрсетеді. Оның түсінігінде бәрі бір қалыпты және бірінғай емес, қайшылықтар да орын алады. Оны зерттеуші ғалымдарымыз антонимдік контрастар деп көркемдік тәсіл ретінде бағалаған болатын: «Осындай тәсілмен «Зұлымдықтың ащы дәмі» мен «Дүниенің тәтті дәмі», «Тозақ терезесі» мен «Жұмақ есігі», «Ақиқат пен өтірік», «Қайғы мен қуаныш», «Ақ пейіл мен қара пейіл», «Жеңіс пен бақытсыздық», «Мұсылман мен кәпір», «Сағыныш пен жек көру», «ажырасу мен қауышу» т.б. әр алуан ағымдардың тіркесуі нәтижесінде антоним арқылы негізделген» [63,156б.].

Ол бұндай түсініктерді өзінің шығармасында бейнелеу арқылы қайшылықсыз қоғам болмайтындығын терең түйсіне біледі. Өйткені, ол әрі тарихшы болғандықтан, шынайы өмірдің ақиқатын көре біледі, өзінің өмірінде хандар мен сұлтандардың патшалығы, олардың жеңілісі мен жеңісі туралы баяндайды. Себебі, ол тек теоретик қана емес, өз өмірінің көргендері мен куә болғандары туралы осындай философиялық тұжырымдар жасайды. Мәселен, ол «жеңіс пен бақытсыздықты» өз басынан өткерген тұлға. Сондықтан да бұл құбылыстар мен сезімдердің мағынасын терең түйсінеді. Түйсініп қана қоймайды, оны көркемдік және философиялық тілмен жеткізе отырып, өзі де

өмір туралы тұжырымдар жасап, ойшыл ретінде оны халқына түсіндіруге тырысады. Заман шындығынан тыс бола алмаған, сол дәуірде өмір сүрген, әр түрлі қайшылықтар мен әділетсіздіктерді, бақытты сәттер мен әділеттіліктерде де көзімен көрген Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмір сүру философиясы – шындықтың айнасы, көшірмесі емес, нақ соның өзі деп айта аламыз.

Ол сондықтан, өмірдің аумалы-төкпелі екендігін де жырлайды. Оның ойынша, дүние мен заман бір қалыпты емес, тағдыр кейде адамды әуелі сынаққа салады, кейде кейіннен сынайды. Бұл әлемде бәрі де өткінші, байлық пен шаттық өмірдің арты қайғыға өтуі мүмкін немесе керісінше болуы да ықтимал екендігі туралы өмірмәнділік мәселе қозғаған Дулати жоқшылық пен тағдыр тауқыметінен кейін әйтеуір жақсы күндердің туатындығын айтады [5, 269 б.].

Сондай-ақ, өмірдегі бақытсыздық та бір кездерде уақыт келген сәтте қайтадан игілік пен қуанышқа да айналуы ықтимал екендігі туралы, өмір белестері туралы баяндайды:

«Жайқалып шығар жасылдың желіндегі
Қай-қай мұнды кешіріп көңілдегі» [123,60б.].

Мұхаммед Хайдар Дулатидің экзистенциалистік сарындағы өмір туралы толғаныстарының бірі – жалпы болмыс пен дүние, табиғат туралы болып та келеді. Ол бәрінің өткінші екендігі туралы толғанады. Бірақ бұл көп жағдайда кездейсоқ емес, кемеліне келген сәтте жүзеге асатындығын байыптап, поэтикалық толғамдармен өрнектейді.

Кейде оның өмір философиясы туралы толғаныстары еркін ойға да құрылады. Бірақ ол жалпы дүниеге, кейде өткінші өмірге, қоғамдағы әділетсіздікке деген өзінің риза еместігін де білдіріп отырады. Кейде шабытты өмірді қуаттаса, кейде өзінің назын да білдіреді. Өйткені, адам болмысы мен психикасы қашанда осындай күйде болатындығы – өмірмәнділік шынайылық. Мәселен, ол дүние әділетсіздігін «опасыздық» арқылы бейнелейді:

«Бұл дүние, опасыз ғой, әй, досым,
Қайда мейір болған опа әлгі, әй, досым...
Қылмады бұл жалғанда опа оларға,

Не жаздық сен де, мен де, әурелерде» [123,61б.],- деп Әбу Бәкір, Осман, Омар сынды ислам дінін насихаттаушылардың өмірін мысал келтіре отырып суреттейді.

М.Х. Дулатидің шығармашылығындағы ойшылдың ислам дініне негізделген ой-тұжырымдары мен ізгілікке толы идеяларын талдай отырып, атақты сұлтандар мен жанашыр адамдардың іс-әрекеттеріне берген сипаттамасының өзінен-ақ, ғұламаның имандылық пен діни ұстанымдарының тереңдігін аңғарамыз. Бір тарихи оқиғаны суреттеу барысында философиялық ойларға берілсе, кей жолдарда сөз зергері ретіндегі шығармашылық толғаныстарымен түйінделеді. Ой-тұжырымдарының барлығын Құран сүрелерімен, аяттарымен дәйектеп, замана жайын, игі әсер-ықпалды түйсіндіру арқылы исламдық дүниетаным жүйесін саралайды.

Әрине, бұған ойшылдың мұсылмандық негізде білім алып, соның негізінде ислам өркениетінің көрнекті тұлғасы болып қалыптасқандығын ескеру қажет. М.Х. Дулати ислам дінінің дүниетанымдық негіздерін құрайтын идеялар мен принциптерді саналы қабылдап, мойындады. Тарихи-әдеби туындыларында ойшыл тарихи оқиғалар желісінде әлеуметтік қатынастарды талдап, түсіндіреді.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірмәнділік дүниетанымдық ұстанымдарының бірі – әділдік. Ойшыл пікірінше, ақиқат – ислам дінінің ең негізгі қағидаттарының бірі және кез-келген қоғамдық дамудың да қозғаушы күші. Ақиқаттан бастау алатын ынтымақ, жан тазалығы мен адалдық, Отанға деген сүйіспеншілік пен батырлық, достықты құрметтеу, тағы да басқа имандылық иірімдері ойшыл туындыларында кеңінен сипатталған және келшек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар көзі деп қарастыруға болады. Отандық философияның көрнекті өкілдерінің бірі, ғалым Ж.Молдабековке жүгінсек: «Шындық – қоғамның тұрақты дамуының басты кепілі және исламның негізгі әлеуметтік принципі ретінде сипатталады. Ерлік пен елдік, Отаншылдық пен сүйіспеншілік, ынтымақ пен бірлік, жан тазалығы мен адал достық – бәрі де Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларынан орын алған, осының өзі – болашақ ұрпақтарымыздың бойына кісілік асыл қасиеттерді жинақтауға зор көмек беретін тәрбиенің бастау көзі. Жақсылық, әділеттілік, достық, махаббат сияқты әмбебапты кісілік қасиеттермен қатар, Дулати шығармаларында мұсылмандық, имандылық, сауаптылық, тәубешілдік, рақымдылық және тағы басқа құндылықтар жайлы айтылады [65, С. 126].

Бабырэнциклопедиялық білім иесі деп атаған Мырза Хайдардың әсіресе, ауыз әдебиетті көп оқығаны, оның «Жаһаннаме» поэмасынан да айқын аңғарылады. Өзін ақын ретінде танытқан бұл поэмасының көркемдігі туралы зерттеулер жазылып, ұлттық әдебиетке қосқан үлесі бағамдалды. Демек, қазақ ақын-жырауларымен де қабысып жатқан Дулатидің философиялық ойлары, дүниетанымы төл философиямыздың қалыптасуына рухани негіз бола алады деп айтуымызға негіз бар.

Бүгінгі таңда ғылымның қайсыбір саласы болмасын жас ұрпақты жаһандану жағдайында рухани қаруландыру, атсалысуға үйретуге ұмтылуда. Әсіресе, орта мектеп тәжірибесінде жеке тұлға дүниетанымының ерекшеліктерін ұғындырып, ұрпақ тәрбиесінде қолданудың үлкен және құнды тәжірибесі жинақталған. Жеке тұлғаның, оның ішінде, оқушы жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы теориялық және тәжірибелік тұрғыдан көкейкесті мәселеге айналуда. Олай болса, Мұхаммед Хайдар Дулати – жеке-дара ерекшеліктері бар, әлеуметтік ортадағы өзінің орны мен рөлін айшықтаған, өзгеге үлгі болар саналы әрекетпен айналысқан жеке тұлға. Оның дүниетанымының өзіндік қалыптасу ерекшеліктері болды.

Дулати өмір сүрген заманның көп қиындықтары болды. Бұл ойшылдың дүниетанымынан айқын аңғарылады. Дүниетанымдық ақиқаты, дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы

көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері, құндылық бағыттары деп қарастыратын болсақ, Дулати дүниетанымының негізгі кілті – ақиқат пен адам өмірінің мәнділігіне негізделеді екен.

Ойшыл танымын зерделеу арқылы оның өте сезімталдығын, ерекше құдіретке ие тұлға болғандығын байқаймыз. Өз кезеңіндегі тарихи оқиғаларды баяндау арқылы Мұхаммед Хайдар Дулати айнала қоршаған дүниемен өз түйсіктері арқылы байланысып, жан-жақты мәнін ашып бере алды.

Шетелдік журналда жарияланған мақаламызда: «The philosopher's warm feelings and ideas towards his people and homeland were written in the work Tarikh-I-Rashidi and passed through generations. Also there is clear intention and wish to instil the braveness to the youth. The great personality of DULATI proves the warrior nature of Kazakh people and their heroic traditions, clearly demonstrating the unique feature of our national classical heritage. M.Kh. Dulati's legacy has unique influence not only on the development of the world civilization but also on the development of such areas as national culture and arts, philosophy, education of the youth» [124, p. 432] деп атап көрсеткеніміздей, Дулати мұрасы – адамзаттың, ұлтымыздың дамуына, тәуелсіз еліміздің жас буынын тәрбиелеуге елеулі үлес қосатын рухани дүние.

Ойымызды түйіндейтін болсақ, бұл тарауда Мұхаммед Хайдар Дулатидің этикалық, өмірмәндік көзқарастары, оның тарих философиясының ұстанымдары зерделенді. Оның «Жаһаннаме», «Тарих-и Рашиди» туындылары тек поэтикалық шығарма немесе тарихи оқиғалардың тізбегі ғана емес, философиялық, саясаттанулық, әлеуметтанулық, тіпті психологиялық та мәселелер талданатынына сүйеніп, мәтінде моральдік көзқарастары да берілгендігін негізге ала отырып, ойшыл этикасының өзіндік ерекшеліктері мен төлтума ұғымдары таразыланды. Сондай-ақ, Дулатидің тарих философиясының төлтумалылығы туралы баяндалып, оның негізгі сипаттарын былайша жинақтап көрсеттік: эмоционализмнің де қолданылуы, тарихи айғақтардың молдығы және маңызды оқиғалардың таңдалып алынуы, теологиялық пікірлердің де астасып отыруы. Одан соң ойшылдың адам өмірінің мәні туралы экзистенциалистік көзқарастары кейінгі, XX ғасырдағы батыстағы экзистенциализм өкілдерінің идеяларымен салыстырылаланды.

ЗМҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТИДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ МАҢЫЗЫ

3.1 Түркі өркениеті және Мұхаммед Хайдар Дулатидің шығармашылық тұғырнамасы

Біз адамзат тарихына көз салсақ, кейбір ұлттар мен халықтардың тарих сахнасынан мүлде жойылып кеткендігін, ал кейбірінің белгілі бір халықтың құрамына сіңіп, олармен біте қайнасып кеткендігін, ал қайсібір этностардың

тарихи өткен өмірінде қаншама рет құлдыраса да, жойылуға аз-ақ қалса да, жаугершілік заманға тап болып, халқының санын тіптен азайтып алса да, әлі күнге дейін ұлт, мемлекет ретінде сақталып келе жатқандығымыздың куәсі боламыз. Біздің қазақ халқы осы соңғысына жатады.

Ақпараттарға жүгінсек, қазірдің өзіндік жер бетінде сәт сайын бірнеше тілдер мен халықтардың жойылып бара жатқандығынан хабардар боламыз. «Ол неліктен?» деген сауал туындайды, олардың кейбірі тіпті ешқандай соғыссыз да құрып бара жатқандығын білеміз.

Рухы биік кез келген халық өзінің жойылу сәтінде оған барынша қарсылық көрсетіп, өзін сақтап қала алады. Оның биологиялық, физиологиялық, психологиялық, саяси, әлеуметтанулық негіздері де бар.

Ұлттық қауіпсіздік, отаншылдық, бірегейлік – жай ғана сыртқы, ішкі саясаттың бағдарлары ғана емес, сол ұлттың жойылып кетпеуі мен өзіндік шынайы болмысын сақтап отырудың құралдары, ұлттың болуы мен болмауы туралы онтологиялық мәселе. Оларға біз кейінірек тоқталатын боламыз.

Ал ұлттық болмыстың құлдырауы мен бірегейсіздене бастағанда сол ұлт немесе этнос тарапынан бірнеше әрекеттер жасала бастайды. Л.Н. Гумилев айтқандай, пассионарлық ахуал өрши түседі. Өзі енгізген бұл түсінік турасында тарихшы ғалым Л. Гумилев жеке адамның белгілі бір мақсатқа жету белсенділігі мен сол мақсат жолындағы еңбектері, төзімділігі деп сипаттайды. Пассионарийлер деп атағандарын ерекше адамдар деп қарастыра келіп, әрбір кезеңде мұндай тұлғалардың болуы заңдылық және оның жиілігі этникалық жүйе белсенділігімен байланысты деп санайды [125].

Мұндай түсіндірмелерге тоқталар болсақ, біздің түркі-қазақ халқында да пассионарлық тек жағымсыз мағынада емес, жағымды сипатта да өрбігендігін көруімізге болады. Бұл түсіндірмеде Гитлер, Шыңғысхан сияқты билеушілер пассионар тұлғалар екендігін де атап өтеді. Ал біздің ел қорғаған батырларымыз игілікті істерімен елі үшін құрбан болуға дайын болды. Бұл түптеп келгенде, бір көсем батыр емес, тұтас батырлар институтының құрылуына алып келді және ол бірнеше жүздеген жылдарға созылды.

Сондай-ақ, психоанализ ағымында «қорғаныш тетіктері» немесе өзін-өзі сақтау инстинктісі деген бейсана қатпарларында орныққан «ережелер» бар. Ол әртүрлі тәсілдер арқылы адамның өзін сақтауы мен өзін қорғауының үнемі-үздіксіз сақталып отыратын психикалық жүйесі, ол өзін қашанда қорғап қалуға ұмтылып отырады, мейлі физикалық болсын, психологиялық, рухани тұрғыда болсын.

Ендеше, ой сүзгісінен өткізер болсақ, оны белгілі бір этносқа, ұлтқа көшірсек, ондай тетіктердің болуы заңды құбылыс. Кез-келген ұлт немесе этнос та өзін қорғауға ұмтылады, бірақ бұл үдеріс бейсаналы, әрі саналы түрде де жүзеге аса береді. Мәселен, 1932-1933 жылдардағы ашаршылық кезеңіндегі қазақстардың шет елге қоныс аударуы да осының айғағы. Егер тарихқа трагедиялық болжамдар жасасақ, Қазақстан жеріндегі қазақтар түгелдей дерлік жойылатын болса, онда шетелдік қазақтар аман қалып, болашақта қайтадан біртұтас этнос құрап, жер бетінде сақталып қалған болар еді.

Ұлтты сақтаудың негізгі тетігі – ұлттық рух. Ол жасампаз рух, рухтану деген сияқты ұғымдар арқылы өзінің мәнін толығырақ аша түседі. Ұлттық рух, рухтану төл дүниетанымымыз бойынша намыс, жігер, шабыттану және тағы басқа психологиялық мінез-бейнелерімен байланысты. Шындығында, осы ұлттық рух біздің халқымыздың өміршендігі мен мәңгілігін сақтайтын негізгі факторлардың бірі болып келгендігі жасырын емес.

Ұлттық рухты сақтаудың – тәуелсіз мемлекетіміз бен ел болып ұйыса бастаған қазақ даласы үшін де зор маңызды екендігі мемлекеттік саясаттың басты бағдарына айналды. Бұл тұрғыдан алғанда, ұлттық бірегейлікті одан әрі нығайтатын «Мәңгілік Ел», «Ұлы Дала елі», «Рухани жаңғыру» стратегиялық бағдарламалары қабылданып, жүзеге асырылып жатқандығы белгілі.

Дулатитанушы ғалымдар пікірінше, түркілік өркениеттің әрбір жетістігін талдау арқылы, ұлы тұлғалар шығармашылығы негізінде бүгінгі түркі тілдес халықтардың мәдениетінің бастауы түркілік дүниетанымда жатқандығын айтады. Осы себепті де, қазақ халқының мәдени-тарихи құндылықтарының толыққанды саралануы мн әлемдік өркениеттегі маңызын зерделеуде түркілік өркениетті жан-жақты зерттеудің мәні артады.

Мұхаммед ХайдарДулати көрсеткен географиялық кеңістікте бүгінде жүздеген мемлекеттер өмір сүруде. Егер біз Еуразия сахарасындағы өркениетті Ұлы Қыпшақ даласындағы өркениет дей келіп, Мұрад Аджидың пікірімен келтірсек, «Бұл мәдениетті печенегтер, бұлғарлар немесе басқалар қалыптастырды десек те, төркіні бір. Өйткені, далада түркі тілі үстемдік еткен. Ұла дала бір ғана түркілік мәдени дәстүрлермен өркендеген. Түркілік рухани құндылықтарды қалыптастырған» [126,С.84].

Түркілік өркениет «өмірдің әсер-ықпалымен» туындаған, өз мазмұн қуатымен дараланатын рухани мағынаға ие. Оны бүгінгі зерттеулер мен асыл ойлар керуені дәлелдеп беруде. Түркі дүниесіне ортақ ғұлама ғалымдарымыздың сүбелі ойлары мен тұжырымдары ғылыми сипатымен және терең философиялық қуатымен дараланып, әлемдік мәдениет пен руханиятта айрықша бағалануда [72, 36 б.].

Осы тұрғыдан келгенде, Дулати сынды түркі жұртына ортақ ойшылдар дүниетанымы мен шығармашылық мұрасы негізінде рухани-мәдени құндылықтарымыздың тарихи тамырын тереңдетіп, келешек дамуымызға бағыт-бағдар етудің қажеттілігі арта түседі.

Бүгінде Қазақстан – бабалар арманы болған тәуелсіз мемлекет. Аздаған уақыттың ішінде әлемдік аренада өз орнын белгілеп, дамыған мемлекеттер қатарына ену жолында мәңгілік елге айналу үдерісі жүзеге асырылуда.

«Мәңгілік Ел дегеніміз не?» деген сауалға нақты анықтамалар беріле бермейді, өйткені, ол аксиома іспеттес. Дегенмен, кейбір түсіндірмелерге қысқаша тоқталып өтуімізге болады.

Ғалым Ж.Сәрсенбаева: «...еліміз ұстанып отырған Мәңгілік Ел стратегиясы шарттары мен бағдарлары уақыт өзгере келе ұмтылатын, бір кездерде жоққа шығарылатын концепциялармен емес, барынша мәңгілік және тұрақты тұғырнамаға айналатын негіздер», -дей келіп, мәңгілік ел дегеніміз

өркениеттің озық үлгісіндегі, зайырлы, құқықтық еркіндікті жақтаған, еркіндікке ұмтылған, демократиялық мемлекет екендігін, бұл жолды таңдауымыз жайдан-жай еместігін, біздің тарихи жолымызда ұстанған басты тұғырымыз екендігін баяндайды [104,188б.].

Әрбір мемлекет пен халықтар, ұлттар мен этностар белгілі бір уақыт өткен сайын циклды түрде жаңғырып отырады немесе соны қалайды. Еліміздегі рухани жаңғыру бағдарламасының философиясы мен әлеуметтанулық-саясаттанулық ұстанымдары бүгінгі таңда кемелдене зерттеліп келеді. Біз осы орайда, түркілік рухани құндылықтар мен М.Х. Дулатидің осы үш тағанға қатысты қырларына тоқталып өтетін боламыз.

Мәңгілік елдің тарихи-танымдық қырлары туралы зерттеушілеріміз өз ойларын: «Көне түркілердің «Мәңгілік Ел» идеясы үш негізден тұрады: оның біріншісі – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгілік Ел» идеясы, екіншісі – Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» философиялық шығармасында, әсіресе, бұл идеяның теориялық-методологиялық тұрғыдан тиянақталуы және үшіншісі – Жүсіп Баласағұнның осы идеяны негіздеген «Құтты Білік» дастаны», - дей келіп, осылардың барлығында ел тұтастығы, бірлігі идеясының айтылатындығын, барлық күштердің кепілі – бірлік болу қажеттігін, кейінгі ұрпаққа бұларды аманаттау әрбір қазақтың аманаты екендігін, тәуелсіздік, азаттық идеясынан нәр алып жатқандығын пайымдайды [127, 56.].

Бұл тұста, негізінен Мәңгілік Ел туралы толғаған жазбалар мен ойшылдар нысанаға алынған. Дегенмен, Мәңгілік Ел идеясына басқа да түркі ойшылдарының қатыстылығын немесе сол ойшылдар тұжырымдары негізінде мәдени-рухани дамуға жаңаша серпін бере алатынымызды ұмытпаған жөн. Мәселен, Дулати қазіргі таңда негізге алынып жүрген Қазақ хандығының құрылуына қатысты жайттар бойынша қазақ ұлтының тарихын әріден бастап, тарихи айғақтар жазып қалдырған. Ол өз еңбегінің кейбір жолдарын «Зафарнамадан» алғандығын ескерсек, мынадай айғақтарды келтіруімізге болады.

«Содан барлық жұртшылыққа жақсы мен жамандық өздерінің іс-қимылының нәтижесіне байланысты екені белгілі болды. Сондай-ақ, «Құран» Кәрімнің мына аятына сай: «Бұл дүниеде кім жақсы іс істесе, оны өзінің пайдасы үшін істейді, ал кім жаман іс қылса, оның зиянын өзі тартады»[45-сүре,15-аят](кейін бәріңде Тәңірдің алдына барасындар) дегеніндей, Әзіреті Сахиб Қыран ол аймақтан өтіп, қазақ жұртыуәлаятына шабуыл жасады. Жеңімпаз әскердің жауынгерлері барлығын билік күйдіруші семсерінің қармақ жеміне айналдырды. Қазақ даласын талан-таражға салды. Ол жерде көптеген мал-мүлік пен олжаға қол жеткізді[128, 280-281бб.].

Осы тұста Шоқан Уәлихановтың «Қырғыз шежіресі» еңбегінде: «1932 жылы Әмір Темір Алтын Орда ханы Тоқтамысқа шабуыл жасағанда Қарақұмды мекендеген Алаша ханның ұрпақтары Әмет пен Сәметті дарға асып, өлтіргендігін айтады [129, 43б.].

Ал авторлардың Жүсіп Баласағұнды бөліп көрсетуі оның «Құтты білік» дастанында адам мен қоғам тірлігі туыстыққа, бірлікке, «кісіңді іздеуге»,

«тәнге ерік бермеуге», «нәпсі мен құмарлықтың күш алмауына», «иманды әлсіретпеуге» [3, 86 б.],- негізделгенде ғана мәңгілікке жететіні туралы ойына бағытталған деп ойлаймыз.

Сондай-ақ, Асан Қайғы бабамыздың «Жерұйықты» іздеуі де түптеп келгенде Мәңгілік Ел идеясымен келіп орайласады. Міне сондықтан да, түркі-қазақтық руханиятымыздың тарихындағы Мәңгілік туралы арнайы ой толғаған даналарымыз да бар, дегенмен, басқа да тарихи тұлғалар осы мәңгілік ел болуымыздың шарттарын құрап келгендігі сөзсіз. Бұл тұрғыдан алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулатидің еңбектері тарихымызды айшықтап жазғандығы және оның бүгінгі күнге дейін сақталғандығы аса маңызды. Өйткені, тарихтың шынайы ақиқатын білмей, Мәңгілік Ел туралы сөз қозғау өзіндік орнықты логикаға жеткізе бермейді. Бүгінгі таңдағы еліміз ұстанып отырған Мәңгілік Ел идеясы болашақ тарихқа бой сермейді, бірақ ол жалаң, фантастикалық, қияли, алдамыш, күдікті болашақ емес, өткен тарихты алғышарт ретінде қабылдайтын, бұрынғы өткенімізбен сусындайтын және сол арқылы сенімділік орнықтыратын уақыттың үш мезгілінің «өткен-бүгін-болашақ» тұтас үлгісі деп айта аламыз.

Белгілі ғалым Б.М. Сатершинов айтқандай, «Осылайша «өткен шақ – осы шақ» оппозициясы өзінің «осы шақ – болашақ», «өткен шақ – келешек» сынды модификацияларына ие болады» [130, 676.].

Демек, Мәңгілік ел мұраты постмодернистік пафос емес, ол – өткен мен болашақтың, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың, логикалық пен тарихилықтың бірлігінен құралған түркі-қазақ халқының өміршеңдігінің тұтас құрылған формуласы іспетті.

«Мәңгілік елдің қазіргі таңда басты жеті ұстанымы бар. Оларды сана малап айтатын болсақ, бірінші, ел тәуелсіздігі мен Сарыарқа төсіндегі Астанамыз. Екіншісі, қоғамымызда үстемдік етіп отырған ұлттық бірлік, бейбітшілік пен ұлтаралық келісім. Үшіншісі – зайырлы қоғам мен жоғары руханият, төртінші ұстыны – индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық дамуымыз. Ал, бесіншісі жалпыға ортақ еңбек қоғамы болса, алтыншысы тарих, тіл мен мәдениеттің үш тұғырлылығы, соңғы ұстыны – бүкіләлемдік мәселелерге қатысуымыз» [131].

Зерделей қарасақ, тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы – түркі халықтарының ортақ тарихи тағдырымен де тығыз байланысты. Қазіргі Қазақстандағы жергілікті ұлт қазақтардың тарихы, мәдениеті, тілі ортақ екендігі күмансыз, бірақ, ол бүгін ғана қалыптасқан елдік атрибут емес, көне замандардан бері сабақтасқан мұраттардың жиынтығы мен оның өміршеңдігінен құралған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-иРашиди» шығармасында Қазақ хандығының құрылуы мен оның бастапқы кезеңдері туралы айтылады, дегенмен, оның басқа да жазған тарихи оқиғаларының өзі көбінесе түркі халықтары арасындағы кикілжіңдер мен достық қарым-қатынастардан бастап, олардың тұрмыс-тіршілігі туралы баяндалады. Әрине, XIV-XV ғасырларда Алтын Орда ыдырап, оның құрамындағы түркі

халықтарының дифференциациялану кезеңі басталды, олар ірілі-ұсақты ұлыстарға бөлініп кетті.

Міне, Дулатидің бұл тарихи еңбегінде осы ыдырау үдерісі және оның субъектілерінің өзара қарым-қатынасы баяндалады. Бұдан нақты логикалық сауал туындайды: «Алтын Орда неліктен Мәңгілік Ел бола алмады?». Егер де бабамыздың осы тарихи еңбегіндегі оқиғалар тізбегіне назар салсақ, оған жауап ала аламыз: бірліктің болмауы, алауыздық, жеке билікке ұмтылу, басқыншылық, сыртқы жауларды ескермеу, тақ үшін талас және тағы басқа жағымсыз себептердің бәрі осы еңбекте баяндалған.

Бұл оқиғалар нені меңзейді? Әрине, біз мұны: «Өткеннен сабақ – болашаққа мақсат» деп қысқаша тұжырымдай аламыз. Мәңгілік Ел ел ішіндегі мұндай кикілжіңдерді жоққа шығарады, сондықтан, жоғарыда айтылып кеткен Мәңгілік Ел идеясының ұлттық бірлік, қоғамдық келісім мен бейбітшілік тұжырымының біз қарастырып отырған тақырыппен қаншалықты деңгейде байланысты екендігіне көз жеткізіп отырмыз.

Бүгінде ұлы даланың жеті қырына баланып отырған Ұлы жібек жолы түркілік өркениеттің кең қанат жайып, өркендеуіне, әлемдік өркениетке зор ықпал-әсерін тигізуге себепші болды. Осыған байланысты, түркілік өркениетті, сондай-ақ қазақ өркениетін «осьтік өркениет» деп бағалады. Ал, заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов болса, «дүниежүзілік мәдени ось» деп санаған болатын.

Мырза Хайдар Дулати – ел билеп, қаһарман қолбасшы, өткен дәуір шежіресін жазып кеткен ұлы тарихшы ғана емес, ұлы ғұлама, терең ойшыл. Оның ой-толғамдарынан кең байтақ сахараға тән дархандық, уақытқа үйлесімділік, жаңашылдық, тереңдік сезіледі. Әсіресе, ұлттық рухани тұлғаларымыздың әрбірінің ойлары Дулатидің көзқарастарымен өзара астасып, ұлттық тарихи-мәдени басымдықтарымызбен үндесіп жатқандығын байқаймыз. Ойшылдың ислам діні жайындағы пікірлері, түркілік дүниетаным жүйесіндегі діни ұғым-түсініктері терең зерделеуден өтті. Себебі, Дулати Бабыр сынды ұлы тұлғаның бай кітапханасынан сусындап, шығыстық мәдениетпен жете танысқан. Осы себепті де, тектілікті ту еткен бабаның кісілік, адамгершілік жайлы, адам өмірі туралы ой-толғамдарының тәрбиелік маңызы терең. Әсіресе, өскелең ұрпақты ел ертеңіне саналатын адамдық негізде тәрбиелеп, отансүйгіштік сезімдерін оятуға, ұлттық тарихымыздың терең қатпарларын толыққанды зерделеуге М.Х.Дулати баға жетпес үлесін қосты.

Әрбір арлы қоғам өз тектісін даралап, шығармашылығын терең зерделеу арқылы дамудың жоғары биігіне шығуға мүмкіндік алады. Осыған байланысты бүгінгідей өзгермелі қоғамда әр адамның тұлғалық негізде қалыптасып, имани ақыл мен даналыққа бастайтын тұжырымдарын зерттеп, бағалаудың жас мемлекетіміз үшін жаңа даму басқышы болумен қатар, жаңаша жетістіктер беретіні даусыз.

3.2. Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық дүниетанымының қазіргі заманғы өнегелік маңызы

Түркі өркениеті – кең байтақ дала кеңістігінде қалыптасқан күрделі сипаттағы мәдени-тарихи құрылым. Қазақ халқы да сол өркениеттен бастау алатын, әлемдік дамуға ұмтылған түркі тілдес халықтардың бірі. Батыстың үлгісімен айтқанда классикалық философиялық білім беретін университеттері, ешқандай философиялық мектептері болмаса да, қазақ – философиялық ойы өте тереңхалық. Көшпенділік өмір сүру салты әсерінен қоршаған ортаны өзінше зерделеу мүмкіндігіне ие болды. Ал, рухани құндылықтарының қалыптасуында жеке тұлғалардың ой-толғамдары мен шығармаларының маңызы зор. Осындай ұлы тұлға Дулати дүниетанымының мәдени-тарихи құндылықтарының да арнасы кең және маңызы терең, ол өз кезегінде қазіргі ұлттық ойлау кеңістігінің өзекті мәселелерін шешуге мол мүмкіндіктер жасайтыны даусыз. Бүгінгі таңда Мырза Хайдар сипаттаған көшпелі өміріміз бүгінгі таңда түбегейлі өзгерген. Дегенмен, рухани ойлау жүйеміз өзгермеді, Дулати заманындағы мәдени-тарихи құндылықтар күн өткен сайын бүгінгі ұрпақ тәрбиесі мен жалпы адамзаттың рухани дамуы үшін аса қажетті болуда.

Нақтырақ тоқталсақ, біріншіден, Дулати көзқарасы, арман-мұраты мен қоғамдық-саяси, рухани мақсаты халық мәдениетінен нәр алады да, философиялық адамгершілік пен ізгілікке айрықша мән беретін Шығыс мәдениеті арқылы толықтырылды. Ең бастысы, ойшыл дүниетанымы қос мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтары негізінде қалыптасып, адамдармен тығыз қарым-қатынаста болуымен және өмір теперішін көп көруімен ұшталып, кемелденді. Осы арқылы өзгенің өмірін толық түсініп, өзінің рухани ішкі «Менін» қалыптастыра алды. Ол «Хайдар» атына сай өмір сүрді, байлыққа қызықпай, ар-ожданын таза ұстап, жоғары абырой биігінде болды. Жер мен ел мүддесі үшін күрескен жауынгер сарбаздармен қоян-қолтық жүріп, ел-жұртының жай-жапсарын, мұң-мұқтажын біліп отырды. Яғни, ел басқаруға ұмтылған әрбір тұлға халық тағдырын өз тағдырым деп түсініп, оның талаптарына бей-жай қарамауға, бұқараның бақытты өмір сүруіне қажетті барлық жағдайды жасауға тырысуы тиіс. Түркі дүниесінің тағы бір ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің мемлекет басшысының туа біткен және өзі жеткен қасиеттері туралы ілімімен ұштасып жатқанбұл ұстанымның қазіргі заманда өзектілігі артып отырғаны еш күмән тудырмайды деп ойлаймыз [132, 190 б.].

Осында туындайтын екінші ерекшелік – ол билік басындағылардың болмысы, адамның кісілік қасиеттеріне қатысты терең ойлар айтты. Мырза Хайдар Дулати ел билігіне мансап үшін араласпай, қарапайым халықтың жайына, адамгершілік құндылықтарына ерекше назар аударды. Мемлекеттің ішкі-сыртқы саясатында бірлік, келісімге келуді баса басымдыққа санап, ел басқарып отырған жандардың парасаттылығы мен адамдық болмысына көп жағдайдың байланысты екендігін тәптіштей баяндайды. Оның өзі ел басқарған тарихи кезеңдегі тәжірибесінен қазір де үлгі алуға болады. Дулати хандардан сөздің мәнін түсініп, тоқтай білу, қайсыбір мәселені болмасын жан-

жақты пайымдап, сара көңілмен қорытуды талап етті. Басшының сенім, қайырымдылық, кеңпейілділік, жоғары мәртебелілік, абырой және тағы басқа адамшылық қасиеттері, рухани дүниесінің байлығы, ақыл-ойы мен парасатының тереңдігі, білімі мен дүниетанымының кеңдігі ол басқарып отырған қоғамның саяси-экономикалық дамуына тікелей әсер ететінін ойшыл жақсы түсіне білді. Оның пікірінше, бұл қасиеттерден ада басшы үстемдік еткен заманда оқшау үстемдік ету саясаты мен күш көрсетуді дағдыға айналдырады, қара күшіне сеніп, араздықта өз пайдасын күйттейтіндер, зұлымдықты жанындай жақсы көретіндердің заманы орнайды. Олар қастасумен талайға тор салып, жамандық пен өзімшілдікке бұрылады, көз тіккенді жанышқылаудан тайынбайды. Дулати ескерткен ел тоздыратын бүліктер, жүйке жұқартатын жіңішке тірліктер адамзат тарихында молынан кездесті, қазір де бар екені жасырын емес.

Үшіншіден, Дулати мемлекет ішіндегі және ұлттар мен әлеуметтік топтар арасындағы рухани-материалдық тұрақтылықты қалыптастыруға ұмтылды. Өзінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, мемлекет пен жалпы бейбіт өмірді қамтамасыз ететін азаматтық ұстанымдар ұсынды және іс жүзінде табысты жүзеге асырды. Билік тізгінін қолын алған көрегенді басшы Дулати өзара татулықты орнатуға және сырт мемлекеттермен бейбіт өмір сүру принциптерін орнықтыруға ұмтылды. Оның бұл бағыттағы қадамдары жақсы нәтижелерге жеткізгеніне тарих куә. Ол басқарған кезеңде қалалар экономикалық және мәдени жағынан гүлденіп, дамудың биік сатыларына жетті. Яғни, Дулати ойшыл ғана емес, теориялық пікірлерін практикалық тұрғыда жүзеге асырған басшы бола білді. Тарихи шығарманы жзу барысында ғұлама әлеуметтік-тарихи оқиғаларды саяси тұрғыда талдауымен ерекшеленеді. Өзі ел басқарғанда да, бейбіт келісімдер жасап, мәдениеттің гүлденуіне, мағыналы өмір сүру әдебін қалыптастыруды мақсат етті. Академик М.Қ. Қозыбаев атап көрсеткендей: «Ойшыл көшпелілер қоғамы мен өмір сүру салтын жан-жақты өзгермелі мазмұнмен қарап, олардың көшпелі тіршіліктен отырықшылыққа, даладан қалаға орналасып, тайпалар одағынан жеке мемлекет болуын қарастырып, тәптіштей баяндап беруімен құнды» [133,11 б.]. Бұл жетістіктердің негізінде көреген басшылық пен ұлтаралық татулықжатқаны күмәнсіз. Өткен тарихқа көз жүгіртсек, «Бірқатар мәдениеттердің ккптеген соғыстар мен жорықтардың, ішкі-сыртқы қақтығыстардың нәтижесінде мүлде жойылып кеткендігін» [134,126.] бағамдасақ, әртүрлі ұлттар мен ұлыстар келісімді өмір сүріп, басқа мемлекеттерге үлгі ретінде ұсынылып отырған Қазақстан үшін мұндай ұстанымдардың маңызы, әрине, артып келеді. Себебі, бұл саладағы мәселелер толық шешілді деп айта алмаймыз, әлі де жетілдіре түсетін тұстар баршылық.

Төртіншіден, ойшылдың шығармашылығында туған жерге, халқына деген ыстық сезімдері, толғаныстары, жастарды ерлікке тәрбиелеудегі арман-тілектері айқын байқалады. Б.К. Қалыбекова атап көрсеткендей, « Ойшыл өз шығармашылығында ерлік пен батырлықтың үлгісін, хас батырдың тұлғасын тұлғалап, жауына сондай қатал, ал өз халқы мен айналасындағыларға шексіз

мейірімді болып сипатталады. Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінде тәрбиенің барлық түрлері негіздері суреттеледі, талданады. Яғни, ең бастысы, патриоттық тәрбие, дене тәрбиесі, имандылық тәрбиесі, басқа да тәрбие түрлері ұштастырылып, сипатталады. Бұдан халқымыздың батырлықпен қоса, ізгілікке ерекше мағына беріп, жоғары бағалағандығын, ең бастысы жан мен тән тәрбиесі бірге берілуін түйсініп, мақсат етуі көрінеді» [113, 99 б.]. Сондықтан, Дулати мұрасын зерттеу мен қазақ қоғамында кеңінен насихаттаудың жас ұрпақ тәрбиесіне қосатын үлесінің мол екені сөзсіз.

Бесіншіден, Мырза Хайдар Дулатидің ұлы тұлғалық болмысының қалыптасуына әсер-ықпал еткен рухани арналардың ішінен түркілік көшпелі дүниетаным мен ислам діні, оның ішіндегі ханафилік мазхаб пен сопылық дәстүрді ерекше бөліп айтамыз. Қазақ өркениетінің де негізгі тұлғалары мен орта ғасырлық ойшылдар дүниетанымдық ойларында сопылық бағдардың негізгі мазмұн иеленгендігін, қазақ философиясымен тығыз ұштасып жатқандығын жан-жақты зерделеу қажет. Ойшыл да «Бір нәрсе айдан анық: кімде-кім ислам діні мен Мұхаммедтің заңына, жолына кедергі, шабуыл жасаса, ешқашан жеңіске жетпеген, ал оның дәстүрін сақтап, жолын қуған адамның күн сайын берекесі артқан» - деп бағалайды ол [5, 63 б.].

Мырза Дулати қайсыбір қоғамда болмасын діннің басты қозғаушы күшке ие екендігін айтады. Ғұлама пікірінше, Алла жолымен жүру – әрбір адамның міндеті. Және де, оған адалдығын құр сөзімен емес, ісімен дәлелдеуі тиістігін, әрбір иманды адам айналасындағыларға насихат айтып, оның пайдасының көп болатындығын айтып өтеді.

Алыстама сен Одан (Алладан), алыстама бір апта,
Бұзақылық көбейер, кетер болсаң жыраққа,
Қай кезде де бірге бол, басқаларға жолама,
Мейірбанды боласың, жақын жүрсең сен оған» [5, 445 б.].

Дулатидің бұл ескертуі Алла жолына түскен, бірақ сөзі мен ісі бөлек қазіргі діншілдер құлақ асатын жөні бар өсиет-ақ.

Ойшылдың жан-жақты дүниетаным иесі, парасатты жан иесі болуымен қатар, діни өресінің де биік деңгейін танып, саралауға болатын тағы бір үзінді:

Жалпы бүкіләлемдік өркениет тарихында эстетикалық, діни, ғылыми және этикалық құндылықтар жүйесі ажыратылады. Дулати шығармашылығында осы жүйелер терең пәлсапалық ойлармен көмкеріліп, сипатталған, сонымен қатар, оларды діни тұрғыдан баяндау басым. Тарихты баяндай отырып, сұлулыққа іңкәрлік, махаббат ұғымдарын да зерделеп, тұжырымдайды. Тіпті ел басқарушы мен халық арасында махаббат болмаса, мемлекеттің өркендеуі кедергілерге толы болатындығын айтады. Ойшыл пікірінше, махаббат – зор сезім, «Шынайы ғашық азаматтың махаббат үшін көрген тауқыметін шексіз байлық, жаңа зат деп санау қажет» [5, 43 б.].

Академик Ғарифолла Есім: «Бүгінгі өркениетте кеңінен өріс алған тобырлық мәдениет нәпсіні түп-тура тауарға айналдырды. Демек, нәпсімен бірге адамдар тауарға айнала бастады. Адам және оның нәпсісі тауар болып сатылып жатыр. Бұған барлық діндер қарсы, бірақ базарлық дүниетаным

ізгілік философиясын ығыстырып барады. Егер де бұл тенденция тоқталмаса, адамның азып-тозуы жаппай дертке айналып, адамдар өздерін - өздері соғыс майданында емес, мәдени өрісте-ақ өз-өзін жоюға мүмкіндікті толық жасап алмақ. Бұл шындық адамзатқа көне заманнан белгілі, алайда соның аса қарқынды кезі енді басталып отыр, яғни адам нәпсіні өте тиімді тауарға айналған заман өз күшіне енді. Оны тоқтатудың амалын кім айта алады, кім іске асырмақ? Бұл қазіргі заман сұрағы [135,13б.], – деп атап көрсеткендей, еркіндік үстемдік еткен қазіргі қоғамымызда дін мәселесіне ерекше ыждаһаттылықпен қарап, осындай ұлы тұлғаларымыздың ұлағатты ойларын үлгі-өнеге ету – ұрпақ тәрбиесінің өзекті мәселелерін шешудің басты кілті екені даусыз. Академик Әбсаттар Дербісәлі айтқандай, «Жаратушыдан үміті бар, санасы имандылыққа бет бұрған кез-келген адам тән тазалығымен қатар, руханилылықтың жоғары биігінде болуы тиіс. Зиялылық, тектілік пен тазалық, өз Отанын қалтқысыз сүю қасиеттерін бойына сіңірген, елінің келешегі үшін алаңдауы қажет. Болашақ жастарымызды да ұлты мен халқының текті тұлғасы болатын рухта тәрбиелеуіміз қажет»[136, 33 б.].

Алтыншыдан, Дулати өз шығармашылығында құранның ішкі мазмұны, адамды тәрбиелеудегі ролін ұғындыра отырып, ислам дінін дамытуға елеулі үлес қосты. Ислам – әлемдік діндердің ішінде адам болмысын тәрбиелейтін, оның ішінде сопылықтың ішкі рухани қажеттіліктерді өрістетуде арнайы ілім болып саналады.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінің басынан аяғына дейін әлеуметтік және моральдық-адамгершілік нормалардың ислам дінінің ережелеріне негізделгенін байқаймыз. Ойшыл шығармашылығында адам қасиеттеріне талдаулар жасалады. Оны исламдық негіздегі тұжырымдармен дәйектеп, түркілік дүниетанымдық ойлау жүйесімен өзара сабақтастыра береді.

М.Х.Дулати ислам мәдениетінің саналы тұлғасы болумен қатар, «Оның шығармаларының алғышарты ретінде дінге негізделген ұлттық келісім, қоғамдық қатынастардың әділдігіне, басшылардың мемлекеттік даналығына сенген, әлеуметтік және мәдени-психологиялық тұтастық аясында қалыптасқан рухани идеялар аталған» [137, С.62].

Мұхаммед Хайдар Дулатидің исламдық-тарихи философиясының негізгі тірегі – ақиқат. Бұл қай заманда болмасын, кез-келген қоғам үшін тұрақтылық кепілі заңдылық. Құранда да әділеттілікке көп көңіл бөлінген және Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде де ол терең мағынаға ие. Дулати әділдікті исламның басты әлеуметтік принципі сипатында қарастырады, әділдік жаратушының ең тамаша қасиеттерінің бірі, ол қоғам мүшелерінің барлығына да бірдей деген тоқтам жасайды. Хисар халқына моғолдардың көрсеткен зорлығын суреттей келе, Дулати өзінің кітабында мынадай қорытынды жасайды: «Бұл оқиғаларды баяндауымның мақсаты – билеушілер мен үстемдік жүргізушілерге адам өмірін де, мемлекетті де күйрететін зорлыққа жол бермеудің және мемлекет беріктігінің негізін құрап, өмірді нығайтатын әділеттілік орнатудың қаншалықты маңызды екенін көрсету» [5,315 б.].

Әділеттілік – жоғарыда айтқанымыздай, исламның басты әлеуметтік қағидаттарының бірі. «Әділетті» – Аллаһтың ізгі қасиеттерінің бірі. «Әділеттілік» қоғамның барлық мүшелеріне бірдей ортақ «Аллаһтың әділдігі» ретінде ұғынылады. Ал «Аллаһтың әділдігіне» сену исламның басты талаптарының бірі болып табылады. Құранда әділеттілік тақырыбына көп назар аударылады. Әділеттілік туралы Құранда көптеген аяттар берілген: «Әділетті болыңдар», «Әділдікте нық тұрыңдар...», «Аллаһ сендерге әділетті өкім етуді бұйырады... [138, С.91].

Ал Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде әділеттілік қағидаттары адамдар мен қоғамның өміріне қатысты нақтылық сипатқа ие болған. Әділеттілік туралы «дінде әділ болыңдар, адамдармен қарым-қатынаста өнегелі болыңдар» [139, С.312] делінген хадисте пайғамбарымыздың адамгершіліктің бастауы – әділеттілік екендігі, адамдардың да сенімін арттырып, қоғамдық үстемдіктің нығаюындағы маңызының зор екендігі тұжырымдалады.

Бұл хадисте Мұхаммед пайғамбар әділеттілік туралы адамгершілік тұрғысынан насихаттайды, өйткені істер мен әрекеттердегі әділдіктің адамдардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда зор тәрбиелік мәні бар, адамдардың әділдікке сенімін күшейтіп, қоғамдағы әділеттіліктің үстемдігін нығайтатынын баяндайды. Ойшыл биліктің негізіне әділеттілікті санап, өзінің философиялық ой-толғамдарының негізі етіп алады.

Әділ болсаң, халықтың көңілінен шығасың,

Пайғамбардың есігін қысылмай-ақ қағасың [5,886.].

Бұл жерде ислам дүниетанымының ықпалы айқын байқалады. Демек, «Біріншіден, Дулати жоғары лауазымды билеушілердің әділдігі мен билігін Аллаһтың ризашылығымен байланыстырады. Екіншіден, әділдікті ұстанған және өзінің қол астындағыларға қамқор болғандар Жаратушы Аллаһтың қолдауына ие болады. Үшіншіден, осы ойдың дәлелі ретінде Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне сілтеме жасайды. Егер осы мәселе бойынша ислам діни ілімдерінің ережелерінде «билік – Құдайдан» деген идея насихатталады. Сондықтан билікке бағынып, көнбістік таныту қажет. Тіпті «ислам» деген сөздің өзі араб тілінен аударғанда «бас ию, бойұсыну» дегенді білдіреді. Құранда билікке бағыну туралы былай дейді: Аллаһқа бас иіңдер және пайғамбарға бас иіңдер және араларыңдағы билікке ие болғандарға бас иіңдер» [139, С.315].

Құран мен пайғамбар хадистерінде басшыға бағыну, құрметтеу көп айтылады. Осы тұжырымдарды ойшыл да үнемі айтып, билеушілер мен данышпандар – Жаратушының жер бетіндегі елшісі, оларға бағыну мен айтқанын тыңдап, мойындау – мұсылманның парызы екендігін, оларға бағыну дегеніміз тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтау жолы екендігін айтады.

Әділетсіз билік ислам діни ілімінде үзілді-кесілді айыпталады және жол беруге болмайтын, адамдарға үлкен ауыртпалық әкелетін әрекет ретінде қарастырылады. Әділеттілікті ақиқаттылық пен шындыққа құрметпен қарау, зұлымнан бет бұру, ақысын иесіне қайтару, әрбір адамның ісі мен әрекетінде

әділетті шешім қабылдап, қиянатқа жол бермеу деп ұғындыра отырып, әділетсіз ұлттар мен мемлекет ұзақ жасамайтындығын дәлелдеп береді.

Жетіншіден, дүниедегі ең күрделі мәселелердің бірі – адам мен адам арасындағы қарым-қатынас. Оның жұмбағы мол, сыры терең. Осындай күрделі сипатқа ие дүниедегі ақ пен қара, жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен ізгілік, басқа да толып жатқан кереғар қасиеттер туралы Мұхаммед Хайдар Дулати де сан толғанған. Ойшыл тұжырымында адам ішкі жан дүниесінің, мәдениетінің негізгі көрсеткіші – қоршаған ортасы мен қоғамдағы адамдарға деген көзқарасы, қарым-қатынас жасау ұстанымы екен. Ойшыл үнемі өмір бар жерде өлімнің де бар екенін естен шығармайды, дүниенің алдамшы, өзгермелі екендігі туралы да баяндайды.

Дулати шығармаларынан сол замандағы құндылықтарды көреміз. Заман өзгерсе де, ар, ұят, адамгершілік, мейірімділік, кешірімділік, жан тазалығы, шынайылық сияқты рухани құндылықтардың өзгермейтіндігін айтады.

Бұл дүниеде жасаған жақсы қасиеттерінің, ілтипатыңның рахметі бір Жаратушыдан рақым болады деп сендіреді. Ойшыл ұғымында кешірім жасаудың да өзіндік реті бар. Бұны ойшыл былай деп береді:

Үш адамды сыртынан кінәлаудың жөні бар,

Ал кешіру – қателік, ол алдыңнан жолығар.

Үштің бірі – падишаһ, ұғасыздар мұны әлі,

Егер халық сорласа, тек сол ғана кінәлі! [5,511б.],- дейді.

Дулати адамға қайсыбір жағдайда болмасын нысана мақсатына жетуіне мүмкіндік беретін берік тұғырдың адамгершілік қасиет екендігіне шек келтірмеді. Оның философиялық, поэтикалық шығармашылығы осы қасиеттерді жандандыруға, асыл мұраттарды көнертпеуге бағытталады. Сондай-ақ, ғалым еңбегінде мазмұндалатын мәселелер бүгінгі біздің қоғамымыз бен тәуелсіз мемлекетіміздің саяси өміріндегі өзгерістермен үндесе келіп, қазіргі уақытымызбен үйлесіп жатыр.

Мырза Дулатидің пікірінше, адам халық үшін, халықтың ауыртпалығы мен қиыншылығын жеңілдету және әрқашан оның игілігі үшін қызмет етіп, жеке басының мүддесінен жоғары, өз тіршілігінен биік болуы тиіс. Ойшыл өзінің саналы өмірі мен шығармашылық күш-қуатын адамдық қасиеттерді биіктетуге, рухани дүниетанымын байытуға, жетілдіруге сарп етті.

Тәуелсіздік алғалы қоғамның діни ахуалы өзгерді. Алғашқы жылдарда түрліше ағымдардың үстемдік етіп, жастарымызды біраз жетегіне алғаны да жасырын емес. Соңғы уақытта халқымыздың бұрынғы құлдық психологиядан арылған санасы дінге қарай берік ойысып, имандылыққа бет бұрды. Жүз отызға жуық ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп жатқан елімізде дін бостандығы заңмен реттелген. Бүкіләлемдік діндер өкілдерінің кезекті құрылтайлары өткізіліп тұрады. Ал, ислам дінін негізге ала отырып, имандылыққа тәрбиелеу ісінде М.Х.Дулати сынды ортағасырлық ұлы дала перзенттерінің діни толғамдарын талдау, философиялық маңызын айқындау -бәсекеге қабілетті ең дамыған елдер қатарына енуге ұмтылған мемлекетіміздің рухани жаңғыру жолында мол нәтижелерге жетуінің басты талабы болып қала бермек.

3.3 Түркілік руханиятты және Мұхаммед Хайдар Дулати мұраларын қайта жаңғыртудың заманауи тетіктері және перспективалары

XXғасыр соңынан бастау алған әлемдік үдерістердің бірі – жаһандану. Жаһандану дәуірі басталған сәтте оған деген үш түрлі көзқарастар жүйесі қалыптасқандығын біз былайша жинақтап көрсете аламыз. Біріншісі – эмоционалды, екіншісі – рационалды, үшіншісі – бейтарап. Мұндай үш түрлі көзқарастар біздің еліміздің теориялық және көпшілік санасында да орын алды. Бірінші бағыттағылар көбінесе, оған деген жағымсыз көзқарастар ұстанып, әртүрлі фобияларды тудырды, атап айтқанда, жаһандану үдерісі АҚШ сияқты мемлекеттердің гегемониясына алып келеді, сондықтан да ұсақ және экономикасы мен ұлттық рухы әлсіз мемлекеттер жойыла береді деп санаса, рационалды бағдарды ұстанғандар бұл үдерісті аса жақтаған да, терістеген де жоқ, бұл болмай қоймайтын жалпыадамзаттық үдеріс, оның жағымды да, жағымсыз жақтары болуы мүмкін екендігі сияқты ой-тұжырымдарға келіп тоқталса, бейтарап қатынаста көбінесе индефферентизм басым болды.

Осыдан біз қарастырып отырған мәселеге байланысты ахуалдар туындап шығады. Бірінші ұлттық қауіпсіздікті басты орынға шығарушылар, оның ішінде рухани-мәдени қатерлерді маңызды деп санаушылар ұлттың өзіндік қорғаныш тетіктері арқылы ұлттық бірегейлікті сақтап қалу қажеттігі туралы өздерінің іргелі ойларын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан да дәлелдеді. Бұл тұста, 1995-2005 жылдар аралығында жаһандану қатері аса қауіпті деп түйсінген бағыттар да болды. Олардың бірі қайта қазақтандыру саясатымызды одан әрі күшейтіп, сырттан келген жағымсыз мәндегі, біздің ұлттық құндылықтарымыз бен дүниетанымымызға сай келмейтіндерді сүзгіден өткізу керектігін баса айтса, келесі бір ғалымдар тобы, бұл жаһандану іргелі беталыс, тек біз бүкіл түркі дүниесінің бірлігі арқылы ғана бірегейлігімізді сақтай аламыз деген ұстанымда болды.

Мәселен, философ-ғалым А.Тайжановтың мына тұжырымы жаһандану қауымдастығының мегатенденциясында бұндай субынтымақтастық өзіндік маңызды қызметтерін атқарып және еліміздің этноболмысын өз деңгейінде сақтап тұра алатындығын дәйектеумен бірге, сырттан таңылған жағымсыз беталыстарға да берілген жауап: «Ендігі жерде ғаламдасу заманында біз үшін түрікшілдікпен қоса, тұраншылдық та қажет. Ол түркілердің бірігу идеясына негізделеді. Түркішілдік – саяси мұрат болса, оны жүзеге асыру тәсілі – билікке қол жеткізу. Осы себепті де, басты сенім мен көзқарас әруақытта өзгермейді, бұл жерде саясат – құбылмалы сипатқа ие» [140, 5б.].

Немесе А. Құсайынұлы мен Р.Башарұлы атап өткендей: «Жаһандану жағдайында негізінен үш түрлі (Батыстық, Еуразиялық, Шығыстық) мәдени құндылықтардың бақ сынасар кезі келді. Түрік жұрты өзінің рухани, мәдени құндылықтарын түгендесе ғана өз келбетін сақтап, әлемдегі ұлы халықтар қатарында болады. Қазірдің өзінде түрік жұрты сан жағынан ұлы халықтардың

санатына кірді. Ұлы халыққа тән барлық түрік жұртына ортақ ұлы түрік тілін түзу, сөйтіп оны Еуразиялық кеңістіктің мемлекеттік тілі деңгейіне жеткізу, одан асып, әлемдік халықаралық тілдер қатарына қосу – ХХІ ғасырдағы жалпытүріктік мәдени ұлттық идея болып санаға енуі тиіс» [141, 36.],- дегентұжырымдары да жаһандану жағдайындағы этнобірліктерге ұмтылуды қуаттайтын тенденцияны құптау болып саналады.

Түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғырту тек жаһандану мен ұлттық қауіпсіздік қатерлерінен ғана құралмайды. Ол біріншіден, түркі мәдениетінің еуроцентристік көзқарастардан арылып, әлемге танымалдығымызды, тарихи өткен жолымыздың мыңдаған жылдық сабақтастықтар арқылы жалғасып келе жатқандығын мақтанышпен атап өтіп, жастардың бойында отаншылдық сезім қалыптастыруына ықпал ететін бастапқы алғышарттар.

Екіншіден, түркілік рухани құндылықтарды қайта таразылау тек біздің халқымыз ғана емес, тіпті еуропалық басқа да мемлекеттердің ғалымдары үшін де қызғылықты. Дегенмен, бұл тұста бір айта кететін жайт, бас елдің ғалымы біздің түркілік ділді соншалықты деңгейде түйсіне алмайды, тек сырттан ғана пайымдаушы болса, біздің ғалымдарымыз сол тарих қойнауымен, әдеби тілде айтсақ, біте қайнасады.

Ол үшін, алдымен, түркі өркениетінің жетістіктері мен мәдениетінің өміршендігін алдымен өзіміз терең түйсінуіміз керек. Оны отандық ғалымдарымыз ерекше атап өтіп, оны барша ғылыми және көпшілік қауымға да ұсынып келеді. Бұл хақында ғалым Қ. Бейсенов жоғарыда аталған еңбегінде «Еліміздің тәуелсіздікке бет бұрған өтпелі кезеңінде ұлттық философиялық дүниетанымды кешенді түрде зерттеу үшін қолайлы жағдайлар туып отыр. Осы мүмкіндіктерді толық пайдаланып, түркі тектес халқының етек-жеңі жиналмай жатқан философиялық санасын, көшпелі өмір салтының рухани кеңістігінде бастары қосылмай тарыдай шашырап жатқан ғақылиятты ой маржандарын жинақтап, арнайы ғылыми жүйелерге түсіре отырып, Мұхаммед Хайдар Дулати кезеңіндегі ақын-жыраулардың, ойшылдардың және т.б. философиялық сананың қайталанбас ерекшеліктеріне арқау болған рухани құбылыстар ретінде көрсету – бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Сондықтан, сол кездің өзінде де, көкірек көзі ашық, көңілі ояу, эпсаналық ой кешуге бейім тұрған Мұхаммед Хайдар Дулати сөз өнерінің философиялық, танымдық тағылымын өте жақсы білген. Біздің заманымызға сан ғасырлар қойнауынан халық зердесі арқылы келіп жеткен шығарманың философиялық астарын ашып көрсету – бүгінгі күнгі ұлтжанды философ ғалымдардың қасиетті парызы»[58, 86б.], - деп тұжырымдаған болатын.

Дүниежүзілік өркениеттердің ірісіне саналатын Орта Азияда үстемдік еткен дәстүрлі көшпелі түркілік дүниетанымның басты қағидаттары мен ерекшеліктерін ғалымдар Н.Аюпов пен Ә.Нысанбаев өз зерттеулерінде былайша даралаған болатын:

«-Батыс пен Шығыс мәдениеттерін жалғастырып, саудамен қатар, рухани өзара алмасуды жүзеге асырып тұрған керуен жолдардың бойына орналасқан орталықазияның мәдени ареалының ашықтығы және әмбебаптылығы;

- табиғат философиясымен, өмір философиясымен, дүниетанымның әлеуметтік-этикалық сипатымен, экзистенциалдық сипатымен ерекшеленетін, батыстық мәдениеттегі линиялық бағытпен салыстырғанда, уақыттың циклдік (айналмалы) сипатымен ерекшеленетін түркі фәлсафасының дәстүршілдігі;

- дүниетанымдық идеялар мен философиялық ойлардың сан ғасырлар бойы «қорытпа қазаны» болып келген түркі мәдениетінің қалыптасуы мен дамуының жағымды бір қыры ретіндегі синкретизм;

- ұлттық ерекшелік пен архетипикадан басқа шектеулік пен жабықтыққа төзбейтін, ұжымдық, халықтық санаға терең бойлайтын түркі фәлсафасының халықшылдығы, батыстық дәстүрде философтар мен данышпандар қуғындалса, түркі мәдениетінде халық даналығын бойына жинап қорыта білген ойшылдар үлкен құрметке ие болды;

- түркі тілдес халықтардың ойындағы діни синкретизм және дүниетанымдық бағдардағы діндарлықтың басымдылығы. Түркілерде тәңіршілдік алдыңғы орында тұрғанымен, олардың мәдени тарихынан зороастризмнің де, буддизмнің де, манихейдің де іздерін аңғаруға болады. Қатаң монотеистік ислам дінінің өзі бұл аймақта таза ортодоксальды күйінде тарала қоймады. Түркі халықтарының діни дүниетанымның дәстүршілдігі, оның жоғары синкреттілігі исламның түркілік реңге боялуына ықпал етті;

- түркі тілдес халықтарда философия Батыстағыдай университеттік типте емес, эпикалық дастандарда, көркем прозада, даналық және өсиет кітаптарында, поэзия мен фольклорда бой көрсетеді;

- түркілердің өмірқамындағы табиғатпен үндестік олардың дүниетанымында натурфилософиялық мәселелерді алдыңғы орынға шығарады»[142,С.4].

Бұлардан басқа да көптеген ғалымдар ата-бабаларымызға саналатын түркілерді жағымды тұрғыдан өте жақсы сипаттап, ежелгі сақ, ғұн, қыпшақ тайпаларының философиялық ойлау жүйесінің жоғары шегінде болғандығын, мәдениет пен рухани өрлеуге ерекше назар аударғандығын атап айтады [143, 56.].

Ежелгі түркі қалаларын, түркілердің тұрмысы мен қызметін жан-жақты зерттеп, әлемдік деңгейде көрсете білген отандық тарихшы К.М. Байпақов: «Түркілердің астрономия саласындағы жетістіктері де әйгілі болған. Олар негізгі планеталар мен жұлдыздар қозғалысын жетік біліп, олардың әрқайсысына жеке-жеке ат қойып белгілеген. Көне түркілердің ай календары, жыл қайыру жүйесі болған. Көне түркілер аспан денелерінің қозғалысына қарап, ауа райын, жыл маусымдарының қандай болатынын күні бұрын анықтап, саяхатшылар керуен жолын айқындайтын болған. Көне түркілер геометрия, математика ғылымдарынан да біршама хабардар болып, оны су жүйелерін салуға, күрделі ғимараттар, қарауыл төбелер тұрғызуға пайдаланған. Түсті металды, түрлі минералды еріту әдістерін, шөптердің емдік

қасиеттерін білген. Тас, құмды ерітіп, шыны кесе жасаған. Түрлі металдардан қару-жарақ, тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауды түркі шеберлері жақсы меңгерген» [144, С.77], - деп тұжырымдайды. Зерттеушілер Қ. Рахметов пен Қ. Аманжоловтың түркі дүниесін зерделеудегі бұрынғы құлдық психология ұстанымы туралы айта келіп, «Кеңес заманындағы «пантюркис» деген сойқан сөз «халық жауы» деген мағынада қолданылып, Отан сүйер, ұлт сүйер есіл ерлердің басын жұтқандықтан, ежелгі ел екенімізді ұмытып, Ресейдің қол астындағы әтегі жоқ тексіздер», «жазуы жоқ, сызуы жоқ, жабайылар» болып шыға келдік. Өз негізімізден, өз дәулетімізден өзіміз жерідік, өз байлығымыздан өзіміз бездік, ертеректегі елдігімізден, ата-баба мұрасынан аттонымызды ала қаштық» - [145,36.], -деп тұжырымдайды.

Бүгінде жүргізілген көптеген зерттеулер нәтижесінде түркі халықтарының кең-байтақ далада көшпелі ғұмыр кеше жүріп, қорғағандығы, ерекше жауынгер халық болғандығы, түркі өркениетінің зор жетістіктері, шебер әдеби ескерткіштердің авторы, өте ертедегі руналық жазудың иегері болғандығы дәлелденді. Ежелгі түркі поэмалары мен тасқа жазылған жазбалардың оқылуы ХІХ ғасырдың аяғына таманғы әлемдік шығыстануда керемет оқиға ретінде бағаланды. Бұл жаңалықты ашқан Н.Ядринцев, А. Гейкель, В. Томсен, В. Радловтар әлемдік өркениеттің дамуына өте қомақты үлес қосты. Бұл жазулар тек жазбалар ғана емес, поэтикалық көркемдік жазу үлгілерін әлемге танытты. Ежелгі руналық түркі жазбаларында қырықтан астам бүгінгі қазақ рулары мен ұлыстарының аттары аталады. Олардың әлемдік мәдениеттегі рухани, көркемдік мән-мағынасының тереңдігі тек тәуелсіздігімізге қол жеткізгеннен кейін ғана ескерілуде.

Ендеше, түркілік рухани құндылықтарамызды жаңғырта түсіп, оны ұрпақтарымызға және әлемге әйгілеудің өзіндік ұстанымдарын былайша тиянақтай аламыз. Бірінші өлшемде, оны қайта түлетудің теориялық әдіснамасы, екінші өлшемде тәжірибе жүзінде қандай маңызды істер атқарылуы тиісті екендігі, үшінші өлшемде, цифрлы Қазақстан жағдайында қандай жаңа технологияларды қолдануға болатындығы.

Түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың біз ұсынғалы отырған әдістері – жалпы жұмыста қолданылатын әдістер мен әдіснамалардан басқаша, бұл түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртудың әдістері мен келешектегі перспективті бағдарларын ұсынатын жалпылама тәсілдер. Академик Ғарифолла Есім әрбір қоғамның дербес қасиеттері мен құндылықтарын танудың белгілі бір өлшемдерінің болатындығын, соның ішінде компаративистикалық тәсілдің сапалық ерекшелігі болатындығын айта келіп, «Компаративистика аналогиялық сананы қажет етпейді, керісінше, ол әр нәрсенің тоң болмысына талдау жасайды. Бізге өркениеттік сананы зерттеуде қажет методологиялық принцип осындай болмақ. Әр нәрсені өз болмысында өзіне тән мазмұнында тану компаративистиканың үлесіндегі іс»[146,46.],- деген тұжырымы да жаңа әдіснамалар қажет екендігін тиянақтап беріп тұрғандай.

Біріншіден, тарихи-логикалық тұрғыдағы интегративтік. Бұл тек қана жеке бір тұлғаны немесе оқиғаны зерделеумен ғана шектелмейді, ол үшін сол дәуірдегі және оған дейінгі мен кейінгі дәстүрлер мен дүниетанымның тұтас келбетін қарастыру. Егер де біз кез-келген дала данышпанының философиясын зерттейтін болсақ, оны тек оның өзі емес, өмір сүрген дәуірі, замандастары, сол кезеңдегі қоғамдық-саясми ахуал, сонымен қатар оған дейінгі тарих пен кейінгі өмір салттар тұтасымен қарастырылуы тиіс. Бұл бір қырынан алғанда, диахрондық пен синхрондық арқылы жалпы шынайы әлемді ашуға қарай бет бұратын болса, екінші бір қырынан пәнаралық байланыстар арқылы интегративтік әдіснаманы қолдайды. Мысалы, біз қарастырып отырған, Мұхаммед Хайдар Дулатидің дүниетанымын зерделеу үшін алдымен, сол кездегі тарихнаманы меңгеріп алуымыз керек. Біз тарихты органикалық тұтастық деп нық сеніммен айта алмасақ та, ол оқиғалар тізбегінің сабақтастығынан таймайды.

Дулати мұраларын қайта жаңғырту тек оның өзі ғана емес, басқа да түркі ойшылдары туралы мағлұматтар бере алады, сәйкесінше, түркілік рухани құндылықтарды қайта жаңғыртуды біз бұл тұста синкретті түрде қарастыратын боламыз.

Мұны «Тарих-и Рашиди» шығармасындағы түркі өркениеті мәселелерін қарастыру барысында Дулати тұжырымдары өзі тектес Қожа Ахмет Ясауи, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн секілді түркі тілдес халықтарға ортақ ойшылдардың ойларымен үндесіп жатқандығынан-ақ айқын аңғарамыз. Ойшыл өз шығармашылығында сөз өнерінің күдіреті, ел басқару тәжірибесі туралы жаза келіп, сол дәуірдің, өткен заманның мәдениеті мен тарихи шежіресінде сүбелі орны бар тұлғалар жайында жаңа деректер қалдырады. Әсіресе, бізге әдеби туындыларымен, жауһар жырларымен таныс Әлішер Науаи, Әбдірахман Жәми, Лутфи, Сайфи секілді ақындар туралы кең сипаттаса, бізге мүлде бейтаныс Ахи, Хилали, Биннай, Жалайри, Шейх Ахмед, Ахли, Наргиси, Хажри, Әмір Мұхаммед Салих, Шаһиди, Шухуди, Гулхани, Гулшани, Пайами, т.б. да өз заманындағы өркениетте өзіндік орны бар екендігін бағамдаймыз.

Мырза Дулати осылармен қатар, жұмбақ құрастыру мен кітапты түпнұсқасынан көшіру өнерлері туралы мазмұндайды. «Сол заманда нәсх және нәсталих секілді жазу түрлері кеңінен таралады. Мұндай құбылыс бұрын ешқашан болған емес. Әлгі нәсх және нәсталих жазу түрін ойлап тапқан Әмір Әлі Тебризи. Ол Әмір Темір заманында өмір сүрген. Оның шәкірті Маулана Жафар еді. Ол барлық жазу түрлерін білгендіктен барлығына да ұстаз болған. Алайда, шәкірттерінің ішінде айырмашылық бар еді. Мәселен, сулс, нәсх, рика, мухаккаке, райхан жазу түрлерінде Маулана Абдолла ашпаз оның шәкірті болған. Ал, Хафиз-и Фута, Маулана Мұхаммед катиб-и Самарқанди және басқа каллиграфтар Маулана Абдолланың шәкірті болған. Басқа көркем жазу иелері осы топтың шәкірттері еді» [5,228б.], - дейді.

Екіншіден, Дулати шығармаларын зерттеуде герменевтикалық-феноменологиялық тәсілді де қолдану оңтайлы. Біздің ғылыми

қауымдастықта, философиялық қауым ортасында да, бұл тақырып зерттелген, ендеше басқа бір тақырып таңдауымыз қажет деген сияқты пікірлер жоқ емес. Бір түркі ойшылының немесе жалпы түркілік құндылықтарын әртүрлі ғылым тұрғысынан зерттеуге болады. Мәселен, Дулатидің педагогикасы, психологиясы, өмірбаяны және т.с.с. Дегенмен, оның еңбектерін бір ғылым аясында бірнеше мәрте және әрқилы деңгейде интерпретациялауға болады. Мысалы, оның философиясының өзінен де бірнеше диссертациялық жұмыстар жазуға болады. Абайдан да осындай бірнеше іргелі туындылар жарық көрді. Ендеше, Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиясынан да бірнеше туындылар дайындауға болады. Олар констатациялар немесе симулякрлар емес, оның еңбектерінің мәнін жан-жақты аша түсетін руханиятымызды қайта жаңғыртудың өзіндік игілікті талпыныстары болмақ. Герменевтика да бір жақты түсіндірмелерді қаламайды, феноменология да зерттеушінің ішкі сана сезімінен туындаған қасаң қағидаларға бағына бермеу керектігін атап өткен болатын.

Сонымен қатар, біз көбінесе, көне дәуірдің ғылыми емес таным аймағындағы дүниетанымның тұтастанған форматы ретінде түсінілетін руханиятымызды ажыратып алуға құштарлығымыз мүмкін еуроцентристік көзқарастар мен логоцентризмнің әсері де шығар. Түркі дүниесіндегі рухани мұралар тек бірізді қатаң логоцентризмге бағына бермейді, туындыда, әсіресе, миф, поэтика, дін, философия, әдебиет т.б. жинақталған түбірлестіктерін анық байқалады. Феноменология оны сырттан емес, сол халықтың ділі негізінде қарастыратын болса, онда шынайы дүниетаным толығырақ ашылар еді деп айта аламыз. Бұл түркілік дүниетанымды сырттан емес, өз ішінен бағамдауға жол аша алады. Демек, Дулатидің еңбектері де осындай мәнерде жазылған. Мысалы, әл-Фараби мұрасын қайта зерделеу барысында оның трактаттарының бастауларындағы діни ұстанымдарды алып тастап, тек рационалистікке ғана басымдылық беріп келе жатқанымыз жасырын емес, оны ажыратпасақ, онда феноменологиялық редукция тұрғысынан, ену деңгейінде де оның бар мағынасы ашылған болуы ықтимал дей аламыз.

Нақтырақ айтқанда, біз әл-Фарабиді қалай түсініп отырғандығымызды баяндаймыз, мәселе әл-Фарабидің сол кезде әлемді қалай түйсінгендігін әл-Фарабидің көзімен қарау керектігінде болып отыр. Тек әл-Фараби ғана емес, барлық түркі кейінгі қазақ ойшылдарының дүниетанымын зерделеуде осыны басшылыққа алуымыз керек.

Олай болса, біз қарастырып, отырған Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» шығармасы бір қарағанда соғыстар мен билікке таластардан тұрады, ал сол кезең үшін мұндай туындылар бүкіл түркі және әлем жұртының жалпы табиғаты мен тұтас бейнесін білдіреді. Әрине, оның бұл еңбегінде рухани мәдениет пен жетістіктер, кітапханалар мен медреселер, қаланың материалдық сәулеттілігі және тағы басқалар айтыла бермейді, дегенмен, онда тарихты түсіндіру барысында немесе оқиғаларды сипаттауда діни ұстанымдар кіріктіріледі. Сондықтан да оның туындыларын қайта жаңғырту кезінде, еуроцентристік көзқарас былай тұрсын, тіпті қазіргі

заман тұрғысынан емес, сол кездегі Мұхаммед Хайдар Дулатидің дүниетанымы тұрғысынан қарау керек.

Үшіншіден, құрылымдық-функционалдық тұрғыдан келуіміз қажет. Бұл тұста, бүкіл түркілік руханиятты алдымен өзіндік бір сабақтасқан тұтас жүйе ретінде қарастыруымыз қажет. Біз қарастырып, зерттеп отырған әрбір түркі ойшылдарының арасында бейнебір сабақтастық пен байланыстар жоқ сияқты болып көрінеді. Біз олардың тұлғалық болмысын жеке-жеке қарастырамыз. Себебі, шындығында да, олардың еңбектерінде өзінен бұрынғы өткен ойшылдар туралы мағлұматтар аз кездеседі немесе замандастары да бір-бірі туралы сөз қозғамайтын да жағдаяттар кездеседі. Мәселен, Ыбырай Алтынсарин (шын аты – Ибраһим, 1841-1889) мен Абай (Ибраһим) Құнанбаев екеуінің еңбектерінде де бір-бірінің идеялары туралы айтылмайды десе де болады.

Бірақ діл мен дін ортақтығы, дүниетаным бірлігінен бәрібір алшақ кете алмайсың. Осыған орай, А. Машанов, А. Көбесов сынды тұлғалар әл-Фараби мен Абай мұрасының арасындағы сабақтастықты ғылыми логикалық тұрғыдан дәйектеп берген еді [31]. Сондай-ақ, Мұхаммед Хайдар Дулатидің де педагогикасы, саяси ілімдері, тарихшы екендігі зерттеліп отыр. Отандық психологияның көрнекті өкілі Қ. Жарықбаев оның еңбектеріндегі психология мен педагогикалық қырларын саралай келе, оны дала табиғатына сай қазақ халқының мінез-бейнелері мен хандардың, билердің психологиясы да баяндалғандығын алға тартады [147]. Осыдан түйіндейтін ой, алдымен түркі халықтарының рухани мұрасы тұтас құрылым, оның ішінде, кез-келген тұлғаның жан-жақты қыры бар, өйткені, ортас ғасырлық араб-мұсылмандық ренессанс кезеңіндегі энциклопедизм мүлде жоғалып кеткен жоқ, кейіннен де көрініс тауып отырды. Сондықтан да, түркі-қазақ халқындағы тұлғаларды тек біржақты қарастыруға болмайды. Демек, сол ойшыл тұлғаның өзінің идеялары да құрылымданған жүйе және сол қоғамда белгілі бір қызметтер атқарады.

Мұхаммед Хайдар Дулати да алдымен тарихшы, одан соң саясаткер, ақын, философ, теолог, жастайынан суретші, қолөнерші және т.с.с. Демек, оның шығармашылығын зерделеп, қайта жаңғырту мақсатында да құрылымдық тәсіл мен оның әрбір саладағы қызметтерін ашып көрсету маңызды. Ол тек Дулати ғана емес, барлық түркілік ойшылдарды зерттеудің және оның еңбектері мен ашқан жаңалықтарын паш етудің әдіснамаларының бірі болмақ.

Модернизациялау. Бұл салада кейбір түркі халықтарының аспаптарын немесе музыка әуендерін, билері мен қолөнерін және тағы басқаларын модернизациялауға болады. Мәселен, «фольклор» қазіргі таңда қазақтың домбырамен тартылатын күйлерін электронды домбыра арқылы орындап, оған басқа да аспаптарды қосып, синтездеген. Ал рухани мұра ойшылдарының идеяларын өзгертіп, модернизациялауға болмайды. Тек қана қазіргі заман үшін де өзекті болып келе жатқан идеяларының сол дәуірден тамыр тартқандығын және ол ахуалды қалай шешкендігін мысалға алып, оңтайлы үлгісін қолдануымызға ғана жол ашылады.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің әділ билік, салт-дәстүр мен отаншылдықты сақтау сияқты идеялары бүгінгі күнге дейін өзекті күйінде қалып отыр. Сонымен қатар, инновациялық технологиялар арқылы ғылым мен білімді игеру бойынша да жұмыстар жасалуы тиіс. Қазір кітапханаларды «Цифрлы Қазақстан»бағдарламасына орай, электронды форматтарға көшіріп жатыр. Бірақ олар да толықтай емес болып отыр. Мәселен, бабамыздың «Жаһаннаме» дастанының электронды форматы ғана емес, кітап түріндегі нұсқасы да аз данамен жарық көрген.

Келесі кезекте, түркілік рухани құндылықтарды одан әрі жаңғырту барысында туындауы ықтимал немесе туындап отырған мәселелер тізбегін ұсына аламыз. Оған қоса, осы ахуалдардың шешімін нақты ұсынып алуымыз да қажет.

Біздіңше, мынадай маңызды және күрделі тұстары бар сияқты:

- ұмыт болған немесе жоғалып кеткен құндылықтарды еске түсіру мен қайта өңдеу. Қазіргі таңда Фараб қаласынан шыққан отыз шақты Фарабилер табылды. Олардың көпшілігінің дерлік еңбектері сақталмаған. Демек, анаологиялық түрде, Мұхаммед Хайдар Дулатидің де осы екі еңбегінен басқа туындылары мүмкін болған шығар? Міне, осындай жоғалған немесе ұмыт болған құндылықтарды қайта қалпына келтіру аса маңызды және шешімін табуы-таппауы екіталай. Осы оқиғаларға байланысты Ж. Мадалиева өз ойын былайша түйіндейді: «Өкінішке орай, тарихта біздің алыс бабаларымыз жайлы ақпарат өте аз, ал ғасырлар тереңінен жеткен шағын мәліметтер өткен тарихты толығымен сипаттай алмайды. Ең бастысы түркі тілі, дін тілі, ғылым-білім тілі, мемлекет тіліне айналды»[148,340б.].

Мәселелердің тағы бір шоғыры – түркі мемлекеттері мен автономиялары бірнешеу болғандықтан кейбір тарихи тұлғаларды әрқайсысы өздеріне меншіктеуге деген ұмтылыстар. Кейінгі уақыттарға дейін түркі халықтары дифференциалануын жалғастырып, әртүрлі хандықтар құрып, әрқайсысы өз алдарына жеке отау тікті. Бұл үдерістің өзі бірнеше ғасырларға созылды. Бірақ олардың кейбірі тарих сахнасынан мүлде жоғалып та кетті. Мысалы, Қырым, Астрахань, Сібір хандықтары мен Ноғай ордасы. Ал кейбірі сақталып қалып, бүгінгі күнге дейін өздерінің бірегейліктерін жалғастырып келеді. Осыған орай, түркі халықтарына ортақ ойшылдар немесе тарихи мұралар жөнінде әрбір түркі ұлысы оларды өздерінің ата-бабалары санағысы келеді. Мәселен, Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университеті, елімізде де Қорқыт ата, Йасауи, Дулати, әл-Фараби атындағы университеттер бар.

- түркілік ұлыстардың құндылықтар жүйесінің әртүрлілігі мен олардың кейіннен өзгеріп кетуі. Мәселен, түркілік жазу мен олардың сөздік қорлары сан ғасырлар бойы өзгерістерге ұшыраған. Мысалы, көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі қазір өлі тіл есебінде, дегенмен, қазіргі түркі халықтары тілдерімен туыс екендігі дәлелденген. Ресейдегі, оның шығыс солтүстігіндегі халықтар будда немесе шамандық дәстүрлерді ұстанса, оңтүстіктегі түркі халықтары ислам дініне сенеді. Дулати туындыларында исламдық сенімнің

көріністері өте анық байқалады және ол кездегі халықтардың исламды қабылдағандығы да күмәнсіз болып шығады.

- түркі халықтарында тек экономикалық қана емес, рухани бірліктің, тұтас руханияттың жүйелі құрылмауы. Бұл, түркілік рухани ынтымақтастықтың, оның ішінде, ғылыми қауымдастықтың өзара тығыз қарым-қатынаста, әлемдік деңгейдегі ғылыми бағдарламалар мен арнайы ортақ ғылыми-зерттеу институттарының құрылмауы. Егер де түркі дүниесінде мемлекетаралық ресми ғылыми жобаларды жүзеге асыратын орындар құрылса, ол іргелі жобалар арқылы өзінің тиімді нұсқаларын ұсынар еді. Әрине, бұндай ұйымдар жоқ емес, бірақ, «Түркі даласының ойшылдары» атты іргелі жобада әрбір тұлға бойынша жеке секциялар жұмыс жасауы тиіс деп ойлаймыз. Мәселен, біздің қазақстандық бір-екі ғалым «Фарабитануда», енді біреулері «Йасауитануда», келесі біреулері «Дулатитануда» бірнеше жылдар бойы онлайн арқылы болса да хабарласып, іргелі жұмыстар жүргізу керек. Қазіргі әлемді жайлаған пандемия адамзат бұрын-соңды кездеспеген сұмдық жағдайлармен қатар, адамдар арасындағы онлайн байланыстың жаңа мүмкіндіктерін де ашты, соны жақсы пайдалануымыз қажет. Оған тек Түркия мен Қазақстан сияқты бірді-екілі мемлекеттер ғана емес, ерікті түрде бірнеше мемлекеттің ғалымдары жұмыла кіріссе игі еді. Әрине, түркі өркениетінің өзекті мәселелері бойынша халықаралық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар әр елдерде, мысалы, Түркия, Өзбекстан, Қазақстан мемлекеттерінде өткізілді. Бұдан аталған мәселені әрі қарай зерделеуге деген белсенділік өздігінен азая беретіндігі де шындық, бірақ, оған жол бермей, қайта жандандыру қажет.

Сонымен, түркі халықтарының руханиятын одан әрі бірлесе отырып жаңғырту институты құрылатын болса, оның жұмыс жасауының негізі етіп мынадай жалпы мақсаттар үлгісін ұсынамыз: түркілік руханияттық интеграция; көкейкесті мәселелері мен құрылған перспективті бағдарды ұстану және оны реті келгенде жаңартып отыру, интерэтникалық рухани коэволюционизмді нығайту барысында нақты нәтижелерге үнемі қол жеткізіп отыру, рухани құндылықтарымызды одан әрі жаңғыртудың футурологиялық жобаларын құру және оны іске асыру және тағы басқалары.

- рухани құндылықтардың өзіндік ішкі қайшылықтарының кездесуі, мәселен, көне түркілік наным-сенімдер мен ислам діні арасындағы қайшылықтардың туындауы, түркі мемлекеттерінің саяси ұстанымдарының, діни сенімдерінің тұтастай біркелкі еместігі.

- түркілік өркениет тарихы аясындағы оның көшпелі немесе отырықшыл халық болғандығы туралы бүгінгі ғылыми дискурстың нақты бір шешімге келмеуі. «Көшпелілер өркениеті», «Аттылы көшпенділер өркениеті» деген сияқты атауларға байланысты, кейбір ғалымдар түркі халқы көшпелі болмаған деп санайды, осыдан, «жартылай отырықшы, жартылай көшпелі», «жазда жайлауға, қысқа қыстауға» деген сияқты келісім тудыратын түсініктер пайда болды. Оған қоса, түркі даласында қанша шаһарлардың болғандығы, Ұлы жібек жолының құрылғандығы, т.б. тарихи айғақтар куә. Дегенмен, қазіргі

Якутия, Бурятия, тіпті Монғолия қазақтарының көпшілігі әлі де көшпелі өмір сүреді. Ал Түркия сияқты мемлекеттер қала мәдениетінің әлемде де жоқ биік заңғарына көтеріліп келеді. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармалары ғана емес, Қорқыт ата кітабы, «Оғызнаме», т.б. дастандарында да көшпенділіктен гөрі отырықшылықтың, қалалық мәдениеттің сарындары басым түсіп отырады.

Яғни, Сәбетқазы Ақатайдың түйіндеуінше: «Көшпелілердің рухани өмірі мен дүниетанымы кездейсоқ ұғымдардың тізгін бермес жүйесіз сапырылысқан жиынтығы емес, керісінше ғылым тілінде көшпелілік деп орныққан біртұтас қондырғылық идеялық үрдіс ретіндегі мәдени құбылыс»[149,280б.].

Осындай түркілік рухани құндылықтарды одан әрі жаңғыртудың теориялық мәселелері мен туындауы ықтимал және шешімін табуы тиіс мәселелерді ұсына отырып, Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың мұраларын жаңғыртудың мынадай тәжірибелік қырларын ұсынғымыз келеді:

1.Түркі өркениетінің рухани құндылықтарын сараптап, жүйелеп, таразылаған соң оларды өз деңгейінде, қоғамдық талаптар мен сұраныстарға сай қайта жаңғырту – күрделі мәселелердің бірі және практикалық сипат алатын іс-тәжірибе. Мәселен, түрік азаматы Заим Көк осы шараның нақты іске асуының қарапайым тұрмыстық жағын қалай отырып, түркі тектес халықтар бір-бірінен ұлттық мәдени құндылықтарымен алмасудың рухани дамуымызға жаңаша сипат беретіндігін айта келіп: « Мәселен, қазақтар тек домбыраға бағынышты болмай, саз, кемеңше, сияқты аспаптарды Түркиядан, дутарды түркмендерден, ал тарды әзірбайжандардан алсын»[150,2б.], - дейді.

Мұндай тәжірибе алмасу түркі халықтарының өзіндік төлтума болмысы мен бірегейлігін жою емес, рухани жақындасудың бір өркениетті үлгісі болып келеді. Мәселен, Қазақстанда тұратын көп ұлттар да бірнеше жылдан бері өздерінің рухани мәдениеттерін жаңғырту үстінде, бірақ халықтар арасындағы ассимиляция мүлде байқалмайды.

2.Түркі өркениетінің рухани тұлғаларын халқымызға, түркі жұртына және әлемге көпшілік қоғамдық сана деңгейінде паш етудің бір құралы – өнер. Атап айтқанда, әдебиет, саз, мүсін, бейнелеу, кино, театр және тағы басқа өнерлер түркілік ойшылдарды нысанға алуда. Әрине, елімізде бұндай шаралар жоқ та емес, бірақ оған осы аталған өнер түрлерінің барлығы игілікпен кіріссе деген ұстаным туындайды. Мәселен, түркі-қазақ халқының тұлғалары туралы көркем, деректі фильмдер түсіріліп те жатыр, сондай-ақ, келесі кезекте, Мұхаммед Хайдар Дулати және басқа да түркі даласының ойшылдары жөнінде де деректі, көркемфильмдер, мультфильмдер түсірілуі керек деп санаймыз.

2. Қазір елімізде осы кезеңдегі «Танымал 100 тұлға», «Қазақстанның танымал ғалым тұлғалары», «100 жаңа есім» және тағы басқа жинақтар шығарылып жатыр. Бірақ, көне тарихтағы данышпандардың есімдері мен өмірі, еңбектері туралы тұтас жинақ әлі жарық көрген жоқ. Осыған орай, «Түркі даласының 100 данышпаны» атты энциклопедиялық жинақ шығарып, оны кезеңдерге бөліп көрсеткеніміз абзал. Бұл тұрғыдан алғанда, тек қазақтардың ғана емес, бүкіл түркі жұртындағы ғалымдарды жинақтап

беруіміз қажет. Мәселен, Осман империясы тұсындағы ғалымдар, Хорезмшах кезіндегі ойшылдар, Бурятиядағы халық аузындағы даналар және тағы басқалары. Ол түркі тілдерімен қатар, ағылшын тіліне аударылуы тиіс. Бұл да іргелі ғылыми жоба түрінде жүзеге асуы тиіс рухани жаңғырудағы ізденісті қажет ететін мәселе екені даусыз.

3. Мектепте де, университетте де оқытылатын тарих пәнінде данышпан тұлғалар әрбір түркі халқы бойынша жеке-жеке айтылады. Шындығында, б.э.б. Анахарсистен бастап, XX ғасыр басына дейінгі ірі ойшылдарымызды элективті курс ретінде оқытқан дұрыс деп санаймыз. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «Дулаттану» ғылыми-зерттеу орталығының қолға алған «Дулаттану» атты электив курсы тек гуманитарлық бағыттағы мамандықтарға ғана емес, барлық мамандықтарда оқытылуы қажет. Мәселен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Фараби және қазіргі заман» атты курс өткізіледі және ол басқа да отандық жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары үшін біліктілікті жетілдіру курсы болып та саналады.

Бұл тарауда Мұхаммед Хайдар Дулати еңбектерінің қазіргі заманғы маңызы пайымдалды. Ол еліміздің саяси-әлеуметтік даму бағдарлары болып белгіленген бірқатар стратегиялық бағдарламалар мен негізгі мемлекеттік даму ұстанымдарымен байланыстыра қарастырылды. Сонымен қатар оның мұраларының келер ұрпақ үшін қаншалықты маңызы бар екендігіне тоқтала келе, оның мұрасын одан әрі зерделей түсудің теориялық және тәжірибелік жақтары ұсынылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыстың зерттеу мақсаты мен міндеттеріне, ғылыми болжамына негізделіп жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысымыздың барысында жинақталған мәліметтерді талдай келе, мынадай қорытынды жасаймыз.

1. Түркілік дүниетаным кеңістігі – терең мағыналы, қайталанбас өркениеттік жетістіктері бар, өзіндік тарих пен әлемді танудың әдіс-тәсілдері біріккен құрылым.

Жетпіс жыл бойы бодандықтың құрсауында болып, бірсарынды өмір кешкен, ұлттық ұғымдарымыз көмескіленіп, саяси тәртіп пен белгілі талаптарға үйреніскен біздің қазір халқымызды құлдық психологиядан оятып,

елең еткізген, өткенімізге терең үңіліп, өзіндік бірегейлігімізді бағалауға жеткізген бостандығымыз бен тәуелсіздігіміз бар. Мемлекетіміздің егеменділігі, ұлттық сана-сезімнің өсуі тарихи, мәдени және рухани дәстүрлердің өркендеуіне жағдайлар туғызып қана қоймай, оларды іске асыруға мүмкіндіктер туғызып отыр.

2. Диссертацияда Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларын талдауға қажетті алғышарттарға баса назар аударылып, әлемдік тарих философиясы, ондағы субъективтілік пен объективтілік туралы пайымдаулар таразыланып, ұлттық тарих философиясының жалпы бағдарлары көрсетілді, оның өзіндік әдіснамасы және ұлттық тарихты зерделеудің төлтума ұстанымдары ұсынылды. Атап айтатын болсақ, еуроцентристік көзқарастардан арылу, аңыздар мен әпсаналарға және ондағы оқиғаларға сүйену, аналогиялық түрде тарихты жазған жеке тұлғалардың пікірлеріне сыни көзқараспен қарау, «Тарих генетикасы» деп атауға болатын ХХІ ғасырдағы қалыптасқан жаңа ілімді қолға алу, ұлттық тарихнаманы зерделеу тек қана өткен заманымыздағы соғыстарды сипаттап қана қою емес, қазіргі заманғы және болашақ ұрпақтардың санасына жағымды өнегелік үлгі қалыптастырудың деңгейімен өлшенетін негізге алу, ұлттық тарих философиясын негіздеудің әлемдік ғалымдарға сүйенетіндей айғақтары да бар екендігі, ауызша мәдениеттің өзіндік ерекшелігін ескеру, эстетикалық қағидаттарға сүйену және тағы басқалары. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһаннаме» еңбектері түркі өркениетінің жазбаша тарихының тамаша үлгілері екені атап көрсетілді.

3. Дулатидің өзіндік тұлғалық болмысы мен шығармашылық бағдарының алғышарттары, өмір сүрген ортасы, «Тарих-и Рашиди» мен «Жаһаннаме» туралы баяндай келе, олардың негізгі мазмұны талданып, ерекшеліктері көрсетілді. Ел билеушілердің ұрпағы бола тұра, Дулатидің ғылыммен айналысуды, әсіресе, түркі халқының тарихын келер ұрпаққа жазып қалдырып кетуді өзіне-өзі міндеттегенін негізге ала отырып, тұжырымдар тиянақталды. Мұхаммед Хайдар Дулати батыстың ойшыл ғалымдары сияқты «кеңседе» емес, өмір майданында жүріп, өзінің тәжірибесінен туындатқан философиялық ойларының маңызы көрсетілді.

4. Мұхаммед Хайдар Дулатидің негізгі философиялық ой-толғамдар жүйесінің құрылуының алғышарттары зерделеніп, басты бағыттары: оның мұсылмандық теологиясы, экзистенциализмі, этикасы мен эстетикасы, әлемнің құрылымы туралы космологиялық пайымдаулары, шешендік өнері, тарих философиясы айқындалды. Дегенмен, соның ішінде, өмір мәнділігі хақындағы көзқарастары мен этикалық пікірлеріне ерекше тоқтала отырып, талдаулар жасалды. Батыстың осы бағыттағы ойшылдары мен Дулатидің негізгі ілімдері арасындағы ұқсастықтар мен өзіндік төлтума айырмашылықтарын салыстыра отырып, ажыратылды. Нәтижесінде, Дулатидің өзіндік философиялық ой-толғамдарындағы түркілік өркениеттің тарихи және рухани құндылықтары мен дәстүрлер зерделенді.

5. Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарих философиясы жеке қарастырылып, әлемдік тарихшылар мен тарих философтарының деңгейімен салыстырылды

және өзіндік ерекшеліктері ұсынылды. Атап айтқанда, тарихты бейнелеудің ғылыми үлгісінде, сол халықтардың ділі мен дүниетанымына орай, рационалды теологиялық мәтін астарларын пайдалану, оқиғаларға эмоционалдық реңктер жамап отыруы, оқиғаларды баяндау барысында нақтылық, дәйектілік, дәлдік, объективтілік принциптерін ұстануы, сол дәуірдің көзі көрген шындығын да сипаттаушы екендігі, тарихи кезеңдегі әрбір сәтті бейнелеп, тарихта ешқандай жанама үдерістердің болмайтынын түйсініп, тыс қалдырмағандығы зерделенді.

6. Дулати мен көне түркі дәуірінің ойшылдарының тарихи-философиялық дүниетанымының қазіргі Қазақстандағы «Мәңгілік Ел», «Ұлы Дала тарихы», «Рухани жаңғыру» және тағы басқа стратегиялық өрлеу бағдарларымен байланысы туралы тың ұстанымдар тұжырымдалды. Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарихты жазып қалдырған еңбектерінің оның өткен мен бүгінді және болашақты сабақтастырып тұрған туындылар екендігі, оларда ұсынылған идеяларда отаншылдық пен жершілдік рухтың көрініс табуы, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы тарихшылдық ұстанымының сәйкес келуі, «сананың ашықтығы» үлгісінің көне дәуірлердегі Жібек жолы негізінде стихиялы түрде болса да орныққандығы сияқты ерекшеліктер тиянақталды.

7. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығын зерттеу тек бір диссертациялық жұмыспен шектелмейді, осыған орай, оның рухани мұраларын одан әрі жаңғырту жалпы түркілік руханиятты қайта түлету стратегиясы аясында қарастырылып, оның перспективті жобалары ұсынылды, феноменологиялық, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы, модернизациялау сияқты теориялық-әдіснамалық қырлары көрсетілді.

Қорыта келгенде, Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық дүниетанымында түркі өркениетінің қоғамды, шығармашылық күштер мен адам әлеуетін арттыратын тарихи-мәдени құндылықтарының ешқайсысы сырт қалмаған. Ойшылдың тарихшы ретінде өткен өмір шежіресін баяндаумен қатар, адам құлқы мен эстетикалық қағидаттары, әдет-ғұрып, тарих, діл, дін, мәдениет пен әдебиет турасындағы терең философиялық тұжырымдары – осының дәлелі. Өз кезінде өнерді ерекше құрметтеген Мұхаммед Хайдар Дулати өзі өмір сүрген кезеңнің қарапайым адамынан бастап, ел билеушісінің өміріне дейін жан-жақты пайымдайды. Өзі ел басшысы болған ойшыл мемлекеттің тұрақтылығы мен халықтың берекелі тұрмысы ең алдымен билікті жүргізушілерге тікелей байланысты екенін, өзара татулықты, келісімді берік ұстаған, көршілес елдермен достық қарым-қатынаста болған патша үлкен абырой-беделге бөленетінін жақсы ұғынды, сондықтан сенім, қайырымдылық, кеңпейілділік, жоғары мәртебелілік, абырой секілді рухани құндылықтарды жоғары ұстады. XVI ғасырда өмір сүрген Дулати тарихи заман сұраныстарына сай, елінің ішкі және сыртқы қайшылықтарына баса назар аударып қана қоймай, оларды шешу жолдарын қарастырды. Бүгінгі таңдағы жас ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адамзаттық мәдениетті, адами қасиеті мол терең түсінетін шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы. Сондықтан қазіргі қоғамымыздың

қажеттілігіне орай, Дулатидің болмысы мен дүниетанымдық қырлары – болашақ тұлға қалыптастырудың негізгі бағдарына айналуға лайық. Осы тұрғыдан алғанда, Мұхаммед Хайдар Дулати туралы кинофильмдер түсіру қажеттігі, «Түркі даласының 100 данышпаны» атты жинақ шығару, «Дулатитану» электив курсы енгізу, ақпараттар жүйесіндегі отаншылдық пен елінсүйгіштік хақындағы толғамдарын оқу-тәрбие үдерісіне қолдануды негіздеу, оның еңбектеріндегі төлтума идеялар негізінде антология құрастыру және тағы басқа ұсыныс-пікірлер берілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.А. Ұлы даланың жеті қыры // Егемен Қазақстан. - 2018, 21 қараша
2. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2012, 12 сәуір
3. Мөңкеұлы Мұрат. Еділді келіп алғаны // Он ғасыр жырлайды. - Алматы, 2006. – 408 б.
4. The Tarikh –I Rashidi of Mirza Muhammad Haidar Duglat. A history of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed with commentary, notes and map

by N.Elias. The translation by E.Denison Ross. London, 1895,1898 (Patna, 1972; Delhi, 1986)7

5. Дулати М.Х. . Тарих-и Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 614 б.
6. Хайдар М. Мирза Мұхаммед Хайдар Дуглат в персидских источниках. – Алматы, 2010
7. Встреча с индийским ученым <https://www.kaznu.kz/ru>. 17.12.2019
8. Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о касимовских царях и царевичах. – Спб., 1864. – 547с.
9. Дулатитану белестері. Тараз: Тараз университеті, 2018. – 238б.
10. Мұхаммед Хайдар Дулати: ойшыл, тарихшы, жазушы, қолбасшы. // Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. - Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 519б.
11. Қазақстан және Орталық Азия: Тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері. // Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларының IV Халықаралық оқулары материалдары. –Тараз. ТарМУ, 2001. - 391б.
12. «Жаңа жаһандық шындық және тарихи сананы жаңғырту мәселелері // Халықаралық дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2019
13. Әкім Ж. Қазақ идеясы. Түркі өркениеті негізінде. – Алматы: Өлке, 2006. –232б.
14. Оспанов С. Арғытектану негіздері. – Алматы: Арыс, 2009. – 424б.
15. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 293 б.
16. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013.-527 б.
17. Философиялық сөздік. Редкол: Р.Н. Нұрғалиев. Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М. Әбділдин және т. б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525б.
18. Ұлы Даланың жеті қыры және қазақ философиясының өзекті мәселелері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары.- Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 512 б.
19. Аташ Б.М. Жалпы адамзаттық тарихи прогрессті зерттеудің мәселелері: философиялық талдау // «Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, 2018, 11-12 мамыр.
20. Касымжанов А.Х., Кодар З.М., Куранбек С.А., Кабылова А.С., Мурзалин Ж., Атымтаева К.М., Омаров Е.С. Портреты. Степь глазами извне. От Геродота до Гумбольдта. – Алматы, 2000. – 148 с.
21. Берлібаев Б. XX ғасырға дейінгі ұлттық тарихи білімнің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2007. –184б.
22. Лосев А.Ф. Философия имени / Самое само: Сочинения. — М.: ЭКСМО-Пресс, 1999. — 1024 с.
23. Толысбай К. Асан Қайғы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 284 б.
24. Философия және мәдениеттану: Оқу құралы / Құраст. Ж. Алтаев, Т. Ғабитов, А. Қасабеков. – Алматы : Жеті жарғы, 1998. – 272б.

25. Әбсадықов А. Алтын тамыр немесе Қойшығара Салғараұлы және қазақтың жаңа тарихи танымы // Қостанай таңы. –2010. – № 6.
26. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. – Алматы: Білім, 1994. –480 б.
27. Шпенглер О. Закат Европы / пер. вступ. статья А.П. Дубалова. - Новосибирск: Наука, 1993. – 584 с.
28. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994
29. Монтескье Ш.Л. О духе законов / Избранные произведения. Т.2 – М.: 1955
30. Таирова Б.Л. Шоқан және көшпелілер танымы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2018. – 204 б.
31. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
32. //https://otvet-master.ru (22.08. 2019).
33. Құранбек Ә.А. Қазақ мәдениетінің философиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 216б.
34. Нұрышева Г.Ж. Өмірдің мәні: философиялық–антропологиялық талдау. – Алматы: Инжу-Маржан, 2011. – 347 б.
35. История философии: Энциклопедия. – Мн.: ИнтерПресСервис; 2002. – 1376 с.
36. Боров Ю.Б. Эстетика. – М., Высш. шк., 2002. –511с.
37. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
38. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. Новый диалог человека с природой. – М.: Прогресс, 1986. – 432 с.
39. Джабариттер <https://lektsii.net/3-29781.html> (08.10.2019)..
40. Мөңкеұлы М Ай заман ай, заман-ай... // Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық Құрастырушы М. Мағауин, М. Байділдаев.- Алматы, 1991. –Т.1. – 384 б.
41. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
42. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986. –196 б.
43. Қорқыт ата кітабы. Түрік тілінен аударған Ысқақов Б. – Алматы: Жазушы, 1994. – 160 б.
44. Молдабеков Ж.Ж. Төлтуманың рухани бастаулары // Проблема духовности в современном мире. Сборник материалов международной научно-теоретической конференций, посвященной 70-летию К.Ш. Шулембаева. 16-17 марта 2007 года. КазНПУ им. Абая, ИФиП МОН РК, АСНК, Алматы: СаГа. – 2007. – 560с.
45. Тойнби А. Постигание истории. - Москва: Айрис-Пресс, 2002. – С.640
46. Кішібеков Д.К. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. Алматы: Ғылым, 1999. – 200 б. 48-57бб.)
47. Омар Хайям. Рубайлар. <https://massaget.kz/forum> (05.11.2019).
48. Қазыбек М. Ғалым таныған ғұлама. Зерттеу. – Тараз: Сенім, 2018. – 240б.
49. Салғарин Қ. Қазақтар. – Алматы, 1995

50. Сімаділ Ұ., Мұсабекқызы А. Тоғызыншы ғаламтордың құпиясы // Ана тілі. – №1 (1521). – 56.
51. Аймұратов С.Б. Қазақ мәдениеті және ежелгі жазба ескерткіштері: рухани философиялық сабақтастық // «Тарихи сананы жаңғырту аясындағы қазіргі заманғы гуманитарлық білім мен ғылымның жаңа көкжиектері»: Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018.- 551 б.
52. Абай. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1993 – 318б.
53. Назарбаев Н.Ә. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан. – 2003, 29-қараша
54. Қазақ совет энциклопедиясы. 12-том. – Алматы, 1976. – 580б.
55. Молдабеков Ж.Ж. Заманның келбеттенуі және оған тарихи талдау // Мұхаммед Хайдар Дулати. Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 1999. – 519бб.
56. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (әлеуметтік-философиялық талдау): Филос. ғ.д.... дисс – Алматы, 2000. - 320 б.
57. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті. – Алматы: Desart. el, 2003. – 129 б.
58. Бейсенов К. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақиятты ой кешу үрдістері. – Алматы: 1994. – 210 б.
59. Мұхаммед Хайдар Дулат. Құрастырушы Қойгелдиев М. – Алматы: ҚазАқпарат, 2015. – 494 б.
60. Нұрмұратов С. Түркілік дүниені түсінудегі руханилық мәселесі// Қазіргі заманғы руханилық мәселесі. – Алматы: СаГа, 2007. – 560 б.
61. Қалыбекова Б. Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларындағы адам мәселесі. – Алматы, 2014. – 132б.
62. Қасқабасов С. XV-XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті (Компендиум). Алматы: Әдебиет және өнер институты, 2005. – 64 б.
63. Жеменей И. Мырза Хайдар Дулат (1499-1551) – тарихшы-қаламгер. – Алматы: Зерде, 2007. – 360 б.
64. Арынғазина Б. Қазақ философиясындағы адам мәселесінің қалыптасу үрдістері // Ізденіс. – 2004. - № 3. – 111-112 бб.
65. Молдабеков Ж.Ж. Историческое и гуманистическое мировоззрение М.Х. Дулати // Мысль. – 2000. - №1. – С.126.
66. Мырзабеков Ж.Е., Амиркулова Ж.А., Мейрбеков Т.П. М.Х. Дулати шығармашылығындағы этикалық көзқарастың өзіндік ерекшеліктері және оның тарихи сабақтастығы // Ясауи университетінің Хабаршысы. – 2020. - №1, -42-51бб..
67. Золотая середина <https://ru.m.wikipedia.org/wiki.14.07.2019>].
68. Носова Т.Е. Философско-педагогические аспекты боевых искусств Востока.: автореф.... канд. филос. наук. – Архангельск, 2006.- 19с.

69. Гаджикова К. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат. Алматы: Қазақстан, 1989.-158б.
70. Аймұратов С.Б. Ахмед Иүгінекидің дүниетанымы. – Дисс....филос.ғыл.канд. – Алматы, 2004. –127б.
71. Менлибаев Қ. Патриотизм және ұлтаралық қатынас мәдениеті // Ақиқат. – 2000. - № 12. – 3-7 бб.
72. Мырзабеков Ж.Е., Нұрышева Г.Ж., Амиркулова Ж.А., Домбайчи М.А. М.Х.Дулати шығармашылығындағы ұлттық тарих философиясын зерделеудің концептуалдық негіздері // Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2020. - №2.
73. Мусаева Н.Р. Философия.. Оқу құралы. – Шымкент: ОҚМУ, 2006. – 185б.
74. Хвостов В.М. Теория исторического процесса: Очерки по философии и методологии истории. - М., 2009
75. Гобозов И.А. Введение в философии истории. – М.: Теис,1999.–363с.
76. Аблеев П.В. История мировой истории. –М., 2005
77. Walsh W. H. Philosophy of history. N. Y., 2009. 211p
78. Докинз Р. Самое грандиозное шоу на Земле. Доказательства эволюции. The Greatest Show on Earth: The Evidence for Evolution. [Richard Dokinz]. Переводчик Дмитрий Кузмин. – Corpus, 2012, 528 с.
79. <http://www.elarna.net/> . (24.12.2019. 2014)
80. Kenny Anthony. Modern dunyada felsefe. Turkey, 2018. - 340s.
81. Ахметова С.О. О тюркского мира. // Мысль. – 2017. - №3
82. Садри М. Тюркская история и право. Казан: Фен, 2002. - 288с.,
83. Касымжанов А.Х. Стелы Кошо Цайдама. – Алматы: Printing Systems, 1998. – 113 с.
84. Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті. Мәдениет – ұлттың болмысы. Культура – сущность нации. – Алматы, 1998. – 420 б.
85. Сейдімбеков А. Сонар. – Алматы: Жалын, 1989. – 349б.
86. Добльхофер Э. Знаки и чудеса. – М., 1963. - С.487
87. Қасабек А. Тарихи-философиялық таным. – Алматы: ҚазГЗУ, 2002, 264б.
88. Дербісалиев Ә. Ислам және заман. Алматы: Дәуір, 2003. – 560 б
89. Әбдезұлы Қ. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһан наме» дастанының тарихи-танымдық және көркемдік құндылығы // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. - 2007,. №2. - 107-111бб.
90. Бейсембиев Т.К. О восточных рукописях в индийских собраниях. [Beisembiev T.K.] // Известия АН КазССР. Серия общественных наук, 1990, №3. - С.33-39
91. Молдабеков Ж. Мыслитель и гуманист М.Х.Дулати // Мысль. - 2000. - № 1. - С.70-74.
92. Омаров Е. Казахская цивилизация в контексте мирового исторического прогресса. – Алматы: Қайнар университеті, 2003. – 220с.
93. Есім Ғ. Адам-Зат. – Астана: Фолиант, 2002, 312б.

94. Булекбаев С.В. Тюркский вклад в мировую культуру и цивилизации: монография. – Алматы: BAVIS систем, 2016. – 316 с.
95. Иманбекова Г.М. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди» еңбегіндегі философиялық ойлар // М.Х.Дулати және түркі әлемі. IX Дулати оқулары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Тараз, 2016. – 287 б.
96. Нұрышева Г.Ж., Мырзабеков Ж.Е. Мұхаммед Хайдар Дулатидің философиялық дүниетанымындағы түркі өркениетінің мәдени-тарихи құндылықтары //Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2017. -№3 (61).
97. Муфтиев Н., Аташ Б., Мошанов С. Қазақ философиясы. – Алматы: ҚазҰУ, 2014. – 144б.
98. Гоббс Т. Левиафан, или материя, форма и власть государства церковного и гражданского // Антология мировой философии : в 4 т. – М., 1969 – 1972. – Т. 2. – 312 с.
99. Рене Груссе. Империя степей. ТОО: Санат, 2003. –112с.
100. Окладников А.П. Открытие Сибири. М.: Молодая гвардия, 1979. – 203с.
101. Черных Е. Эпоха бронзы начиналась в Каргалах // Знание сила. – 2000, № 8.–С.45-57.
102. Бернштам А.Н. Очерки истории гуннов. Л., 1951. – 216 с.
103. Сулейменов О. Азия. Алматы: ОФ Литературный -Альянс, 2013. - 88 с.
104. Сарсенбаева Ж. Жаһандану: теориясы мен тәжірибесі (Монография). – Алматы, 2019. – 225 б.
105. ГаффариФерд А.А. Мырза Хайдар Дұғлат «Тарихи-и Рашиди».-Тегран: Мирас Мәктуб, 2004. – 861б.
106. Дербісәлі Ә. Қазақ даласының жұлдыздары.-Алматы : Рауан, 1995. – 238б.
107. Валиханов Ч. Избранные произведения . Вступ.статья А.Х. Маргулана.-М: Наука, 1937. – 414с.
108. Жолдасбайұлы Сәйден. М.Х. Дулати ХҮ-ХҮІ ғасырлардағы Қазақ хандығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000
109. Хайруллаев М.М. Мағнавият Юлдузлари. – Ташкент: Әбдолла Қадири, 1999. –160б.
110. Қожабекұлы Б. Мұхаммед Хайдар Дулати. – Алматы: Ататек, 2000. – 312 б.
111. Қазақ прозасы. Хрестоматия. 10 Том. Парсы тілінен аударғандар: И. Жеменей, М. Қазыбек. – Алматы: Ғылым, 2001. – 564б.
112. Омарбеков Т. Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.-388б.
113. Қалыбекова Б. Ортағасырлық түркі ойшылдарының адам мәселесін талдаудағы М.Х. Дулати шығармаларымен үндестігі // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. – Алматы, 2006. - №1.- 78-81бб.

114. Кенжебаев Т., Пак А. Величие жизни и деятельности Мухаммеда Хайдара Дулати // Высшая школа Казахстана. – 1998. - № 6. – С. 20-22, 21 б.
115. Соловьева Г.Г. Творчество Абая в экзистенциальном контексте мировой философии // «Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының рөлі мен маңызы» атты дөңгелек үстел материалдары. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 304б.
116. Камю А. Миф о Сизифе. Эссе об Абсурде» пер. Руткевича в изд. «Сумерки богов», М.: Политиздат, 1989. – 215с.
117. Религиоведение: Учебное пособие и учебный словарь-минимум по религиоведению. Под ред. проф. И.Н. Яблокова. – М.: Гардарика, 1998. – 403с.
118. Гайденко П.П. Человек и история в свете «Философии коммуникации» К. Ясперса // Человек и его бытие как проблема современной философии. – М.:1978. – 205с.
119. Чухина Л.А. Проблема человека в религиозной философии.- Дисс.док.филос.наук. – Рига,1983. – 393с.
120. <http://rumagic.com/ru>
121. Идибеков Н. Этика Насреддина Туси в свете его теории свободы воли. – Душанбе: Дониш, 1997. – 90с.
122. Аль-Газали. Воскрешение наук о вере/Пер.с. араб., иссл. И коммент. Науминка В.В. – М.: Наука, 1980. – 266с.
- 123.М.Х. Дулати. Жаһаннаме / Аударып, түсініктеме жазған Ә. Дербісәлі. - Алматы, 2007. - 413б
124. Zhambul Myrzabekov, Gulzhikhan Nurysheva, Zhamyliya Amirkulova, Mehmet Ali Dombaуsı, Meirhan Spanov. The problems of existentialism in the works of Muhammad Khaidar Dulati. Опси́он, Año 35, Regular No.90-2 (2019): 420-433 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385.
125. Пассионарлық <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
126. Аджи М. Полюнь половецкого поля. Москва, 1994 . – С.214.
127. Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік» ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық. – Астана: Фолиант, 2013. – 320б.
128. Шарафеддин Әли Иәзди. «Зафарнама». Ташкент: 1972. – 1240 б.
129. Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы:Қазақ университеті. 1991. – 272б.
130. Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291б.
131. Мәңгілік Елдің 7 басты құндылығы // <https://www.inform.kz/2622292>
132. Әл-Фараби және қазіргі заман /Ғ.М.Мұтанов және т.б.– Алматы :Қазақ университеті, 2014. – 239 б.
133. Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 369 б.
134. Карашин Ә. Халықтық философияға бетбұрыс //Ақиқат. – 2003. - № 3. – 12 б.
135. Есім Ғ. Нәпсі //Қазақ әдебиеті. – 2000. -№33.

136. Дербісәліев Ә. М.Х. Жақсыдан қалған жәдігер //Ақиқат. - 2001. - № 3. – 33 б.
137. Мингулов Н. Мухаммад Хайдар Дулат / Великие ученые Средней Азии и Казахстана. – Алма-Ата, 1965. – С. 62-64.
138. Коран пер. с арабского акад. И.Ю. Крачковского. Предисл. к изд. – Москва, 1963.
139. Хадисы Пророка / Пер. и коммент. Иман Валерии Пороховой. – 3-изд., перераб. и доп. – М.: Рипол Классик, 2003. – С. 312
140. Тайжанов А. Ғаламдасу: Түркілік таным мен тағылым // Жалын, 2007, №8. – 2-9 бб.
141. Құсайынұлы А., Башарұлы Р. Жаһанданудағы ұлттық идея // Президент және халық.- №5 (075), 2 ақпан, жұма, 2007.- 3б.,
142. Нысанбаев А., Аюпов Н. О тюркской фальсафе. Тюркское мировоззрение и ислам. // Тюркская философия: десять вопросов и ответов. Алматы: КИЦ ИФиП МОН РК, 2006. – С. 5 – 76.
143. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002.- 206б.
144. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути = The medieval towns of Kazakstan along the Great Silk road / Байпаков К. М. – Алматы : Ғылым, 1998 . – 212 с.
145. Рахметов Қ. Аманжолов Қ. Түркі халықтарының тарихы. Алматы, 1996.
146. Есім Ғ. Сана болмысы. Саясат пен мәдениет туралы ойлар. – Алматы: Эксито-Верена, 1994. – 272 б.
147. Жарықбаев Қ.Б. Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499-1551) тәлім-тәрбиелік идеялары // Қазақстан және Орталық Азия: тарих, қазіргі уақыт және болашақтағы дамудың көкжиектері. IV Дулати оқулары материалдары. – Тараз: ТарМУ, 2001. – 382б.
148. Мадалиева Ж. Қазақ мәдениеті түрік-мұсылман контексінде // Шулембаевские чтение. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию доктора философский наук, профессора К.Ш. Шулембаева. 2-4 марта 2012. – Алматы: КазНПУ им. Абая. – 407 с.
149. Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті // Мәдениет – ұлттың болмысы. Культура – сущность нации. – Алматы, 1998. – 420 б.
150. Заим Гөк. Түркі халқының тіл, дін, мәдениет салаларында жақындасу үрдісі және алға қойылған үлкен мақсат // Түркі әлемі газеті, 2012. - №2 (118)